

«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
НАО «ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН»

**АКАДЕМИК Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының*

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

---

**МАТЕРИАЛЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ АКАДЕМИКА А.Х. МАРҒУЛАНА  
И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ  
КАЗАХСТАНА**

**Павлодар, 2023 ж.**

УДК 001(069)  
ББК 72  
М 43

**Жалпы редактор:** Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Б.С. Есенгельдин.

**Жауапты редактор:** Зерттеулерді қолдау департаментінің директоры Б.А. Байдалинова

**Под общей редакцией:** Члена правления – проректора по научной работе Есенгельдина Б.С.

**Ответственный редактор:** Директор департамента по поддержке исследований Байдалинова Б.А.

**М 43 Жаңа қоғамдағы жастар әлеуеті: білім және ғылым сапасы:** атты XVIII халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. = **Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки:** материалы XVIII Международной студенческой научно-практической конференции.– Павлодар: ППУ имени Әлкей Марғұлан, 2023-427 б.-қазақша, орысша

**ISBN 978-601-267-744-7**

«Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасы және Қазақстандағы тарих ғылымының өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинаққа кірді.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге және оқушыларға арналған.

В сборник вошли материалы Международной научно-практической конференции «Научное наследие академика А.Х. Маргулана и актуальные проблемы исторической науки Казахстана».

Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, докторантов, магистрантов, студентов и школьников.

**ISBN 978-601-267-744-7**

© Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті , 2023 ж.

**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС**

**ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**

## НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИКА А.Х. МАРГУЛАНА

*Н.Е. Кузембаев*  
*К.и.н., ассоциированный профессор*

Научная деятельность академика А.Х. Маргулана многогранна и уже неоднократно привлекала внимание специалистов историков, археологов, этнографов, филологов, фольклористов и музееведов. Такой интерес к исторической личности не случаен, он основан на изучении вклада ученого в развитие целого спектра наук в Казахстане. В первую очередь академик известен своими археологическими и филологическими исследованиями, посвященными памятникам материальной культуры Сарыарки и Южного Казахстана, героическому эпосу и образцам казахского фольклора собранным исследователем в экспедициях. Во вторую очередь это этнографические исследования по изучению материального наследия казахского народа и исторические работы, посвященные проблемам локальной истории и историческим личностям.

В настоящем докладе мне бы хотелось обратить внимание на неочевидные вещи, которые ранее вскользь затрагивались исследователями, но не стали объектом специальной работы. Мы имеем в виду педагогическую деятельность ученого по воспитанию научных кадров для исторической науки Казахстана.

Будущий корифей исторической науки родился 11 мая 1904 года в селе Акбеттау Баянаульского района Павлодарской области. Начальное образование получил в сельской школе. В конце 1919 года поступил на курсы повышения квалификации учителей в Павлодаре, а в 1920 году после окончания вернулся в родную деревню и работал учителем в школе. В 1921 году поступил в Семипалатинский педагогический техникум (ныне Педагогический колледж им. М. Ауэзова г. Семей Восточно-Казахстанская область) и успешно окончил его в 1925 году. одно из первых средних заведений того времени. Возглавлял техникум Абикей Сатпаев – дед Алькея по материнской линии. По-видимому, он и оказал благотворное влияние на будущего ученого. Получение классического среднеспециального педагогического образования дало основу для занятий с талантливой молодежью и способствовало раскрытию их научного потенциала в полной мере.

Будучи научным руководителем Центрально-казахстанской археологической экспедиции с 1946 года по 1974 год, ученый воспитал целую плеяду видных ученых. Многие из них защитили кандидатские и докторские диссертации под руководством академика. По некоторым сведениям, под руководством ученого было защищено более 50 докторских и кандидатских диссертаций.

Ученики защитившие свои диссертации под руководством академика А.Х. Маргулана внесли крупный вклад в развитие исторической науки в Казахстане. Так накопление, систематизация и анализ археологических материалов в 60-е годы XX века позволил написать и успешно защитить диссертационные работы по археологии. М.К. Кадырбаев подготовил диссертацию «Памятники кочевых племен Центрального Казахстана (VII в. до н.э. - VI в. н.э.)» (Алма-Ата, 1959), а Ф.Х. Арсланова написала диссертацию на тему «Археологические памятники Среднего Прииртышья» (Алма-Ата, 1963). Археологу М.К. Кадырбаеву удалось открыть ранее неизвестную Тасмолинскую археологическую культуру, названную им по одноименным памятникам в урочище Тасмола в Экибастузском районе. Археолог Ф.Х. Арсланова изучила сотни средневековых памятников кочевников Прииртышья и фактически заложила фундамент для дальнейшего изучения кимеко-кыпчакского и золотоордынского периодов в Казахстанском Прииртышье.

В 70-х годах были написаны и успешно защищены диссертации по этнографии казахов и уйгуров. Так, Г.М. Исхаков защитил диссертацию «Этнографическое изучение уйгуров Восточного Туркестана русскими путешественниками (вторая половина XIX в. Ч.Ч. Валиханов, Н.М. Пржевальский, Г.Е. Грумм-Гржимайло, М.В. Певцов, В.И. Роборовский)» (Алма-Ата, 1970), Г.А. Муканова «Молочное хозяйство казахов в дореволюционный период: (Историко-этнографическое исследование)» (Алма-Ата, 1970), М.С. Муканов «Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза» (Алма-Ата, 1972), С.Н. Акатаев Культ предков у казахов и его этногенетические и историко-культурные истоки (Алма-Ата, 1973). В эти же годы не оставалось вне поля зрения академика и востоковедение. Историк и археолог С.М. Ахинжанов под руководством ученого написал свою диссертацию «Кипчаки и их политические взаимоотношения с Хорезмом в XI - начале XIII вв.» (Алма-Ата, 1973).

На наш взгляд изначально академик А.Х. Маргулан был сосредоточен на изучении материальной культуры страны по археологическим материалам как наиболее презентабельным и надежным

источником. Занятие археологией было наиболее безопасным для ученых в советский период и не грозило политической расправой со стороны руководства страны. Поэтому археологи защищали свои диссертации одними из первых у академика А.Х. Маргулана.

Накопление этнографического материала было дополнительной целью комплексных экспедиций и было менее масштабным как по территории, так и по количеству участников. Ослабление цензуры и политического давления дало возможность изучать темы, связанные с материальной и духовной культурой казахов без опасения обвинений в национализме. Поэтому этнографические исследования осуществлялись позднее. На наш взгляд аналогичная ситуация сложилась в написании исторических работ.

Анализ научно-педагогической деятельности ученого привел нас к выявлению следующих принципов:

Определение темы диссертационного исследования на актуальную научную проблему.

При определении темы диссертации учитывать наклонности диссертанта, его способности и возможности.

1) Большинство тем диссертаций связаны с полевой археологической или этнографической работой, либо работой с архивными материалами.

2) Сбор материала диссертанты осуществляют самостоятельно в процессе практической работы под руководством научного руководителя.

3) Написание диссертации — это сочетание большой практической и теоретической работы.

Таким образом, следует констатировать, что педагогический талант академика А.Х. Маргулана в полной мере реализовался в создании собственной научной школы в археологии, этнографии и истории на основе привлечения местных кадров. Тем самым был создан фундамент для последующего развития целых научных направлений в исторической науке.

Благодарю за внимание!

## ДАЛА КЕЗГЕН ДАНЫШПАН

*А.Ж. Кудабаяев*

*Торайғыров университеті, г. Павлодар*

Ықылым заманнан бері қай елдің елдігін, халықтың халықтығын танытатын белгілерінің бірі – маңдайына біткен талантты перзенттерін қадірлей, қастерлей білуі. Тарихи дамуда, ұлттық аядан шығып, әлемдік өркениетте өз орнын тапқан ғұламалармыз қаншама. Біздің мақсатымыз осы ата-бабаларымыз қалыптастырған мәдени құндылықтарды өркениетке сай одан әрі дамытып, олар қалдырған жәдігерлерді жас ұрпақтың санасына сіңдіру үшін, оны ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің гуманистік үрдістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыруымыз керек. Өнердің қандай түрі болмасын, ол қашан да әлеуметтік ізгілікке қызмет ету арқылы өседі, марқаяды, ұлы мұрағаттарға жетелейді. Сондықтан біз келер ұрпағымызға өрелі азаматтық сана мен биік рухани мәдениет қалыптастырамыз десек осы рухани дүниелерімізді жан-жақты терең зерделеп, шын жүрегімізбен қабылдай білуіміз керек. Бұл тек бүгінгінің ғана емес, ертеңгінің де алдында жауап беретін терең азаматтық парыз.

Барыңды бағалай білу ата-бабалардан қалған рухани мұраларды қалдырмай жинап, асылындай ардақап, көзінің қарашығындай сақтап, ақыл-таразысына тартқанда ғана, өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы-бүгінгіге сабақ болмақ. Ал осыны жүзеге асыру, ол-елін сүйген, ұлтын сүйген ЖҮРЕКТІҢ, болашағым сәулесі болсын деген ТІЛЕКТІҢ бірлігін биік мақсат арнасына үсіре білгенде ғана жүзеге асатын салиқалы іс. Бұл келешек ұрпақтың ойына өріс беру мақсатында жасалатын кемелді шаралар. Қазіргі кездегі қоғамның рухани құндылықтарының және ұлттың қайта жаңғыру тұсында өткен рухани жәдігерлерімізді қазіргі әлемдік өркениет тұрғысынан қайта пайымдап, зерделеу келешек ұрпақтың тарихи санасын дұрыс қалыптастырып өзін-өзі тануына, өзін өзгеге танытуда, барын байыпты бағалауына себепкер болатыны анық. Өткендегіміз-бүгінгінің, бүгінгіміз ертеңгінің мұрасы, оның сыры мен сымбатына қанығу қай ұрпақтың болсын парызы. Тарих пен тағдырдың арасы үнемі байланыста. Өйткені, баршамыздың тағдырымыздан тарих құрылады, ал тарих баршамыздың тағдырымызды қалыптастырады.

Өз өлкесінің тарихын білмеген, өз мәдениетінің жәй-күйіне жаны ашымайтын адам, бүкіл ел тағдырына шын ниетімен қинала қояры

неғайбыл?! Олай болса, тарихи-мәдени мұраға жаны ашу-жас ұрпақты әрбір саналы азаматты отаншылдыққа, шынайы патриотизм мен гуманизмге баулудың ең тиімді де, ең ықпалды жолы. Мұрагер бола білмей тұрып, өз отаны үшін күресшілдіке, жасампаздыққа қол жеткізу қиын. Осы рухани мұрамызды жан-жақты зерделеп, бізге жеткізген асыл перзенттеріміздің бірі Әлкей Хақанұлы Марғұлан.

Ол – қазақ халқының этникалық тарихын, заттық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Оның осындай жан-жақты білімнің иесі болуына Ленинградта оқып жүрген кезіндегі ірі ғұламалардан алған білімі болып табылады. Соның ішінде әсіресе Орта Азия тарихы мен археологиясы жайында академик В.В. Бартольдтің, Индия фольклоры мен өнері туралы академик С.Ф. Ольденбургтің, араб тарихи әдебиеті туралы Н.Я. Маррдың, Орта Азиядағы түркі халықтарының әдебиеті жайында академик А.Н. Самойловичтің лекциялары, сонымен бірге академиктер В.В. Струве, Б.Я. Владимирцов, И.И. Мещаников, В.Л. Щербаның және Е.Э. Бертельс, С.Е. Малов, Б.М. Эйхенбаум сияқты белгілі ғалымдардың мазмұнды лекциялары Ә.Х. Марғұланның жан-жақты, терең білім алуына көмектесіп, ғылымға деген өлшеусіз құштарлығын оятты. Ол тек студент болып ұстаздарының дәрісін тыңдаумен ғана шектелмей, өзі де ғылыми-зерттеу жұмысына қызу кірісе бастады.

1. Тағдыр ғалымның маңдайына қазақ еліне мол рухани мұра қалдырған, небір елден ерекше, күрделі тұлғалы, тағдырлы адамдармен кездесуді жазған екен. Бала кезінде Мәшһүр Жүсіптің, Жаяу Мұсаның, Имантайдың алдында отырып, батасын алған. Әлкей Хақанұлы: «Менің ғалым болып қалыптасуыма өскен ортамдағы адамдар әсер етті, олар: Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Хәкім Иманбеков, Жағыпар Секербаев және Жаяу Мұса», - дейтін.

2. Ғалымның дүниелік ұғымы мен танымы, жан-жақтылығы ешкімге ұқсамайтынын байқаған Әбікей Сәтбаев Семейдегі педагогикалық техникумға жолдама береді. Семейде оқып жүрген кезінде Әлкей Марғұлан Мұхтар Әуезовпен танысып, онымен бірге Абай атамыздың туған жеріне барып, баласы Тұрғұлмен жүздеседі. Осы сапарында ол біраз этнографиялық мәліметтер жинайды.

3. 1926 жылы ұйымдастырылған Қазақстан мен Алтайға академик Ферсменмен профессор Руденконың басшылығымен болған экспедицияға Әлихан Бөкейхановтың айтуымен қатысады. Академик Руденко лагерьде жүріп техника ғылымдарының докторы атағын алған ірі ғалым.



4. Әлкей Хақанұлының Алаш Ордашыларға деген пейілі, ниеті өте дұрыс болған. Ол айдаудан келген Мағжан Жұмабаевтың үйіне барып, қолынан келгенше көмек көрсеткені осының айғағы. Сол кездегі КНБ-ның жазуларында Әлкей Хақанұлы туралы жазғанда Мағжан шығармаларын ынтыға оқитын адам деп баға берілген. Осы туралы жан-жақты айтқан Шото Рустовеллидің «жолбарыс терісін жамылған батыр» атты шығармасын қазақшаға аударған, ақын Хамза Абдуллин еді.

5. Сақтар мәдениеті Андрон мәдениетінің заңды жалғасы екенін дәлелдеп берді. Беғазы-Дәндібай мәдениеті осы екі мәдениеттің арасында дәнекерлік рөл атқарғандығы ғылыми тұрғыда дәлелденді.

6. 5 томдық Қазақ КСР тарихының авторларының бірі болды.

7. Шоқан қаламнан туған 300-дей шығармасын тауып, оларға ғылыми редакция жасап, соның нәтижесінде ғұлама Шоқан туралы 300 беттік өмірбаяндық кітап жазып шықты.

8. Қазақ халқының рухани мұрасында өшпестей із қалдырған. Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Мұхит туралы жазған еңбектері әлі күнге дейін өз бағасын жоғалтқан жоқ.

9. Ә. Марғұлан «Шоқан мен Манас» атты монографияны жазуға қыруар еңбек сіңірді. Бұл жұмыста Әлкей Хақанұлы қырғыз эпосы «Манастың» әртүрлі нұсқаларын салыстыра отырып зерттеудің нәтижесінде оған ғылыми талдау жасап, Ш. Уәлихановтың «Манасты зертеуге» қосқан үлесін де анықтап, нақтылай түсті. Абай туралы жинаған мол мағлұматты, деректер мен мақалалар осы күнге дейін терең жан-жақты зерттелмей келеді. Олардың көпшілігі архивтен жиналған дүниелер, сондықтан ұлы Абай туралы Марғұлан деректерін жеке кітап қылып жариялау келер ұрпақтың мойнында.

**АКАДЕМИК Ә. Х. МАРҒҰЛАНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН  
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІНДЕГІ  
ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР**

*Е.К. Абеуова*

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Margulan Centre*

**Аннотация**

В представленной статье показаны результаты научно-исследовательских работ, выполняемого на базе Павлодарского педагогического университета в рамках внутривузовского проекта «Научное наследие А.Х. Маргулана в духовном возрождении казахского народа».

**Ключевые слова**

История, археология, научное наследие А.Х. Маргулана.

**Annotation**

The presented article shows the results of research work carried out on the basis of Pavlodar Pedagogical University within the framework of the intra-university project «Scientific heritage of A.H. Margulan in the spiritual revival of the Kazakh people».

**Keywords**

History, archeology, scientific heritage of A.H. Margulan.

2022-2023 жылдар аралығында Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті базасы негізінде «Ә. Х. Марғұланның қазақ халқының рухани жаңғыруындағы ғылыми мұрасы» атты университетішілік ғылыми зерттеу жұмыстары орындалуда.

Жобаны іске асыру қазақ халқының рухани және материалдық құндылықтарын бірлікте кеңінен таныстыру мүмкіндігін ашады. Бүгінгі таңда Ә.Х. Марғұланның ғылыми негізделген еңбектерін кеңінен танымал ету қажет, өйткені марғұлантанудың мемлекеттік идеологиялық бағдарламаны қалыптастыру үшін қолданбалы маңызы бар, сондай-ақ академиктің еңбектерінде қазақтың ұлттық сана-сезімін қалпына келтіру және халықтың рухани жаңғыруының негізі қаланғанын тағы да атап өткен жөн. Бұл жобаның мақсаты Ә. Х. Марғұланның ғылыми мұрасы негізінде қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің өзара

байланысын зерттеу болып табылады. Оның жаһандану және қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында қазіргі әлемде бәсекеге қабілетті ұлтты дамыту үшін қазақ халқының рухани негіздерін жаңғырту, өзіндік ерекшелігін және мәдени ұлттық кодын сақтау үдерісіндегі маңызын ашу.

Ә. Х. Марғұлан - ғасырлар бойы халық тарихының жасырын құпияларын ашқан. Қазақстан бойынша батыс шекараларынан (Сарайшық қалашығы), бүкіл Орталық Қазақстан арқылы солтүстік-шығыс және шығыс шекараларына (Шыңғыстау, Тарбағатай таулары) Отанымыздың оңтүстік шекараларына (Шу, Сырдария, Қаратау жағалаулары) дейін ондаған мың шақырым жүріп өткен. Ол қола дәуірінен бастап ерте көшпенділерден кейінгі орта ғасырларға дейінгі жүздеген материалдық мәдени ескерткіштерді, ежелгі түркі тайпаларының мекендейтін жерлерін ашып, сипаттады, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, шежіресін және архитектурасын да зерттеді. Сонымен қатар бірнеше тілдерді қатар меңгере отырып, сан қырлы дереккөздермен жұмыс жасаған.

Ғылымда тарих ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы, ҚазКСР ҒА академигі, профессор, ҚазКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, қазақстандық археология және этнография мектебінің негізін қалаушы Ә. Марғұланның өмірі мен қызметін жариялау бойынша іргелі еңбектер жоқ. Сондықтан академик, ғұлама ғалым Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеу, оның өмірі мен қызметіне байланысты материалдарды жүйелеу жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Сол себепті жұмыс тобы құрылып, оның басшылығында, ғылыми кеңесші ретінде академиктің ұрпағы Данель Әлкеевна Марғұланмен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Ол кісімен Павлодарға арнайы келген сапарында интервью жазылып, жоба бойынша жұмыс жоспары талқыланды.

Ең алдымен, Әлкей Марғұлан Павлодар Ертіс өңірінің тумасы болғандықтан, ғалымның туған жерінде оның мұрасы қалай насихатталып жатқаны анықтау болды. Сол себепті Павлодар облысының музейлерінде экспозициялар, музей қорлары зерттелді. Сонымен қатар, Баянауыл ауданы Құндыкөл ауылының мектебінде Ә.Х. Марғұлан музейі, Екібастұз әкімшілігіне қарасты Марғұлан ауылының Ә.Х. Марғұлан мектебіндегі музейлер қарастырып, онда қойылған заттар, көрсетілген көрмелер фотосуретке түсіріліп, қосымша ақпараттар алынды.

Нәтижесінде музейлер мен қорларды зерделеу барысында тіркелген академиктің жеке заттары Д. А. Марғұланның жеке басымен берілгенін

атап өткім келеді және олардың саны 60-тан асады. Жеке заттарымен қатар, ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын фотосуреттер де жетерлік, олардың түпнұсқалары 100-ден асады. Сонымен қатар, қосымша материалдар да анықталды, олар газет-журналдар, естеліктер, кітаптар және т.б. Жалпы Павлодар облысы бойынша академик Ә.Х. Марғұланның өмірі мен қызметін насихаттайтын 5 музей-экспозициялар жұмыс жасайды, және сол жерлерде қойылған заттар, көрсетілген құжаттар мен материалдар, археологиялық артефактілер теңдесі жоқ құнды жәдігерлер қатарында.

Зерттеу жұмысының маңызды бағыттарының бірі академик Ә.Х. Марғұланның жеке мұрағатымен жұмыс жасау. Ол үшін Алматы қаласына іссапар ұйымдастырылып, Данель Әлкеевна Марғұлан рұқсатымен Ә.Х. Марғұланның жеке мұрағатын зерттеу жұмысы басталды. Әрине, ғұлама ғалымның жеке мұрағаты баға жетпес құнды деректер болып табылады, оның қолжазбалары, археологиялық ескерткіштердің сызбалары, жоспарлары, далалық экспедициялар бойынша қалдырып кеткен естеліктер және т.б. Материалдардың көптігіне байланысты, қысқа уақыт аралығында жеке мұрағатты зерттеу мүмкін емес, сондықтан жұмыс әлі жалғасуда. Бірақ бірінші барған сапарымыз оңымен болып, қызықты ғылыми материалдарға қол жеткіздік. Ең алдымен археологиялық зерттеулерде, дәстүрлі әдістемеге сәйкес, ең маңызды бөлімдердің бірі зерттеу жұмыстарының барысында салынатын сызбалар мен жоспарлар, артефактілердің суреті және т.б.

Археолог Ә.Х. Марғұланның жеке мұрағатында өзі зерттеген археологиялық ескерткіштер бойынша сызбалар мен жоспарлар сақталған, көп жылдар бойы адамның қолы тимеген бұл құжаттардың сақталуы қанағаттанарлық деңгейде. Кейбір құжаттарда ескерткіш атауы, масштабтары көрсетілген, тіпті топографтың есімі де берілген. Ал кейбір сызбаларда ешнәрсе жазылмаған, тек суреттер ғана берілген (фото 1,2).

Бірақ бүгінгі тағда ең қызықты, құпияға толы құжат болып табылатын бір карта анықталды. Оны Әлкей Марғұланға егде жасқа келген қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы, Ұлы Отан соғысында даңқы шыққан стратег және тактик, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы арнайы өзі жазып, сызып қолына табыстаған екен (фото 3). Бұл құжатқа биыл тура жарты ғасыр толып отыр, яғни 1973 жылдың желтоқсанында Әлкей Марғұланға берілген. Карта Шымкент облысының 1972 жылғы әкімшілік территориясын көрсетеді. Бұл картада Бауыржан Момышұлы өз қолымен:

*«Таразыда Тастария,  
Сайрамдағы Сансызбай,  
Арыстанда Албарбарыс,  
Жуалыда Жолбарыс,  
Түркістанда Түйменбап» – деген сөздер бар біздің елде, сол*

*сөздердің тарихтары терең, астарлары жер астында (археология) жатқан болар» - деп картаның басты бетіне жазып қойған. Ал картаның артқы бетіне сызба мен оның қысқаша анықтамасын келтірген, яғни ата-бабалары бойынша ақпарат берілген. Картада Б. Момышұлы «Ақтас», «Қоңыртөбе», «Жанжер» зираттарын көрсетіп, ол жерлер «Құлый» руының жерлері, бірақ олар 300 жылдай ол жерлерді пайдаланбайды деп жазған. Себебі Б. Момышұлы бабалары (Имаш, Әділ, Әжі, Бахтия, Үсен) «Жаңа бейіт» деген жерде соңғы үш ғасырда жерленген екен (фото 4). Сонымен қатар Тараздағы көне атауларға мән беріп, кейінгі кездегі елді басқарған билеушілерге жеке-жеке тоқталған, тіпті ол билеушілердің ұрпақтары сол кезде 80 жастан асқандарын айтып, олардың есімдерін арабша жазып қалдырған. Жазбаның соңғы абзацын арабша келтірген (фото 5). Және жазбаның соңында Бауыржан Момышұлы өз қолтаңбасын қойды.*

Бұл құжаттың бүгінгі таңда тарихи маңызы өте зор. Себебі 60-тан асып, 70-ке таяу кездегі екі тау тұлғаның арасындағы қарым-қатынасы, туған жеріне, тарихына деген ықыласы сезіліп тұр. Жер атаулары мен батыр бабалары бойынша ақпаратпен бөлісе отырған Бауыржан Момышұлы Әлкей Марғұланға әрі қарай зерттеуге, тарихты зерделеуге, жаңа мағлұматтар алуға қолқа салып отырғандай.

Қорытындылай келе, Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасын зерттеу толығымен аяқталған жоқ, академик, зерттеушінің сан қырлары кешенді зерттеу жұмыстарын талап етеді. Алдағы уақытта ғалымның бізге жеткен құнды мұрасы толығымен зерттеліп, тарихымыздың жаңа парақтары ашылуына септігін тигізеді деген ойдамыз.

## ҰЛЫЛАР МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАҒАН

*С.Сүтжанов*

*Әдебиетші-ғалым, Әлкей Марғұланның атындағы  
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

Ұлылар мұрасын игере білу ең алдымен кешегі тағдыр-тарихымызды терең тану үшін сол арқылы бүгінгіміздің мәнін жете парықтауымыз үшін керек. «Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді», - дейді алаштың ардақты азаматы Қошқе Кемеңгеров.

Баянауыл өңірінде туып, ерте есейген Әлкей болашақта ұлтқа тірек болып, халқын кемел келешекке сүйрер алаштың арда ұлдары: Мұхтар, Қаныш, Жүсіпбектермен бірге өсті. Кешегі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп мұраларын рухани азық етті. Ленинградта оқып, дана Шоқан өткен жолды көрді. Осылайша көкірегін оятып, санасын сан ойға сабытқан Әлкей көп білетін әмбебап ғалымға айналды. Тарихи шежіренің, сәулет өнерінің, заттық мәдениеттің көзден таса, көңілден ұмыт болып қалған есекерткіштерін бүкіл саналы өмірінде ерінбей іздеумен болды. Бұған ғұлама ғалымның шығармашылық ғұмырнамасы нақты дәлел болмақ.

Әдебиет тарихының көмескі мәселелерін айқындауда Әлкей Марғұланның ғылыми еңбектерінің маңызы айрықша еді. Оның дәйекті ұсыныстары әдебиет тарихын тануда әрі жалпы қазақ әдебиетінің ақтандақ беттерін ашып, айқындауда аса зор ықпал етті [1].

Әсіресе, әдебиет тарихының көмескі мәселелерін айқындауда 1959 жылы өткізілген ғылыми-теориялық конференцияның маңызы айрықша болды. Бұл конференцияда қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар ұсыныстар айтылды. Ол ұсыныстар әдебиет тарихын тануға әрі жалпы қазақ әдебиеттануына кедергі болып келе жатқан проблемалардың бетін ашып алуға ықпал етті.

М.Ж.Көпейұлының әдеби мұрасы жайында баяндама жасаған І.Жарылғапов болсын, не басқа баяндамашылар (Ә. Марғұлан, Е.Ысмайлов, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Кәрібаев, Б.Кенжебаев) болсын, бері дерлік оның творчествосының құндылығын, әсіресе, халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін аса зор бағалады. Әрине, шығармаларының идеялық қайшылығы бар деп саналған М.Ж.Көпейұлының әдеби мұрасы талас тудырмай қойған жоқ. Ол туралы қилы кереғар пікірлер айтылғанмен, сайып келгенде, барлық ой-тұжырымдар бір арнаға тоғысқандай болды.

Конференцияда қорытынды сөз сөйлеген М.Әуезов баяндамаларды қорытындылай келіп, әдеби мұра және оның зерттелуі жайында толғақты мәселелер төңірегінде өз ой-толғамдарын ортаға салды. Әдебиет тарихының бірнеше күрделі де күдікті мәселелерін шешуге Мұқаңның сөзі шешуші әсер етті. Мәселен, өзгесін айтпай-ақ, өзіміз сөз етіп отырған Мәшһүр Жүсіптің әдеби мұрасы туралы топшылауларын алайық. Әр нәрсеге тереңнен толғанып, ой жүздіріп алып қана байыбына баратын ғұлама М.Ж.Көпейұлы туралы баяндама жасаған, жарыссөзге шыққан сыншыларға сын-ескертпелерін айта келіп, былай дейді: «Мәшһүрдің ұзақ өміріндей шығармашылық жолының да талай-талай кездері болған. Соны ескерту қажет еді. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға жақындаған. 1905 жылғы патша манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтық заңды жайлар. Мұндай кездерін мінеудің қажеті жоқ» [2]. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезов Мәшһүр қолжазбаларының құндылығын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегін ерекше атап өтеді.

Шынында бұл конференция XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы әдебиеттің бірсыпыра өкілдерінің творчествосын танып білуге аз да болса жол ашты. Солардың бірі – М.Ж.Көпейұлы еді. Ол тірісінде репрессияға ұшырамаса да, оның әдеби мұрасына көп тосқауыл қойылды.

Ал Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби процесте М.Ж.Көпейұлының да атқарған рөлі айрықша болатын. Ол – қазақтың сөз өнеріне өшпес із қалдырған көрнекті тұлғаларымыздың бірі. Әдебиетіміздің тарихын зерттеуші-сыншы ғалымдарымыздың көпшілігі оны осы кезеңнің белді де белгілі өкілдерінің бірі деп танылды. Ақын, ағартушы, тарихшы, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы ретінде ол туралы М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Қ.Бисенбиев, Ә.Қоңыратбаев, И.Жарылғапов, Ы.Дүйсенбаев, М.Бөжеев, Д.Әбілов және т.б. әр ой-пікірлер білдіріп отырған.

М.Ж.Көпейұлы туралы уақыттың талғам-талабына қарай әр кезде әр түрлі пікірлердің болғаны рас. Алайда оның кестелі өлеңдері мен келісті ойларын, әсіресе, халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін ешкім жоққа шығарған емес.

Бажайлап қарасақ, Мәшһүр Жүсіп туралы алғаш мақала жазып, өзінің әділ пікірін айтқан адам – академик Әлкей Марғұлан [3]. Оның Мәшһүр өмірбаяны мен творчествосы жетік білуі сол өлкеде туып-өскендіктен де болса керек. Жастайынан оның өлеңдерін жаттап, атағына тәнті болған ғалым өзінің аталмыш еңбегінде ақынның шыққан тегі, өскен

ортасы, шығармашылығы туралы мол мағлұмат береді. Сонымен бірге, Көпейұлы діни ортада тәрбиеленгендіктен «діншіл молдалардың әсерінен жуық арада шыға алмады» деп, ақын шығармаларында діни сарынның орын алу себебінің сырын да ашып айтады.

Бір айтарымыз, зерттеушінің Мәшһүр Жүсіп араб, парсы халқының тарихын, философиясын жақсы білген, химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан хабары болған деуі шындыққа әбден жанасады. Себебі, ол қалдырған көп мұраның ішінде әр алуан ғылым саласынан мағлұмат берерлік ой-тұжырымдардың жиі кездесетіні бұған толық дәлел.

Сонымен, ғалым Көпейұлы шығармаларына ортақ басты кемшіліктерді атай келіп, жазушының халық мұңын мұндап, өткір де улы тілімен сын айта білгенін, өкімет өкілдерінің жауыздығын, арам ниетін, батыл әшкерелегенін ерекше көрсетуге ниеттенген.

Жалпы алғанда Ә.Марғұланның жоғарыда аталған тарихи мұралар жөнінде жасалған тұжырымдары бүгінгі жағдайда одан ары дамыта зерттелуге лайық дүниелер екені анық. Олар қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктерін аша түсуге көмектеспек. Қорыта айтар болсақ, Ә.Марғұланның артына қалдырған мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында жалпы мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашаққа қызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Ә.Марғұлан шығармашылығын, сондай-ақ тарих ғылымының белгілі бір саласымен ғана шектеп қарастыру қателікке ұрындырады. Өйткені, ғылымның өзі тарихи процестерді жан-жақты өзара салыстыра, ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан. Сондықтан да ол археологиялық ескерткіштерді тарихи-жазба деректермен, тарихи жазба деректерді аңыз-жырлармен, аңыз-жырларды алдыңғы екеуімен байланыстыра зерттеген.

Ғұлама ғалымның қазақтың тарихы мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосқанына ақындар да бағалап, пайымдай білді. Сөзіміздің соңын көрнекті ақын Ғафу Қайырбековтің Әлкей Марғұланға арналған өлең жолдарымен аяқтасақ:

Білмейтін байдан ба, жарлыдан  
Дүниеге туып бір қалды ұлан  
Туды да «білім» деп салды ұран –  
Ашылып кең сарай алдынан-  
Жас – бала – Әлкей Марғұлан



Жер – көктің тарихын қамтыған  
Талай теңдерді шындаған,  
Шешем – деп тосыннан «салды лаң»  
Халайық боп қалды таң бұған –  
Жас жігіт – Әлкей Марғұлан.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Марғұлан А. //Советская историческая энциклопедия. – М: Сов.энц.-я. Под. ред. Е.М. Жукова, 1973-1982. –476 стр.
2. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. –А., 1959, ҚМКӨБ, 556-б.
3. Марғұлан Ә. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. // Қазақ әдебиеті, №2, 5 қаңтар, 1940 ж.

**ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН:  
ТҰЛҒА, ҒАЛЫМ, ОЙШЫЛ**

**ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН:  
ЧЕЛОВЕК, УЧЕНЬИЙ, МЫСЛИТЕЛЬ**

## ОҚУШЫЛАРҒА (СТУДЕНТТЕРГЕ) АТАУЛЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҮШІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР МЫСАЛЫНДА ОҚЫТУ

**Алпамыс М.А.**

*студент Павлодарского педагогического университета,  
г. Павлодар,*

**Умаров А.А.**

*научный руководитель: докторант исторических наук,  
г. Павлодар*

**Аннотация:** Математикалық білім беруде жасанды интеллект (AI) және машиналық оқыту (ML) алгоритмдерін қолдану математиканы қалай оқытатынымызды өзгерте алады. Жасанды интеллект және ML алгоритмдері әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес келетін жекелендірілген оқу процесін қамтамасыз ете алады және оқушыларға қиындықтарды жеңуге көмектесетін мақсатты қолдауды ұсына алады. Бұл мақалада математикалық білім беруде жасанды интеллект пен ML қолданудың ықтимал артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады және осы саладағы кейбір ағымдағы зерттеулер талқыланады.

**Түйінді сөздер:** жасанды интеллект, машиналық оқыту, математика, семантикалық жүйе

**Аннотация:** Использование алгоритмов искусственного интеллекта (AI) и машинного обучения (ML) в математическом образовании может изменить то, как мы преподаем математику. Алгоритмы искусственного интеллекта и ML могут обеспечить персонализированный процесс обучения, который соответствует индивидуальным потребностям и способностям каждого учащегося, и предложить целенаправленную поддержку, которая поможет учащимся преодолеть трудности. В этой статье рассматриваются потенциальные преимущества и проблемы использования искусственного интеллекта и ML в математическом образовании, а также обсуждаются некоторые текущие исследования в этой области.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, машинное обучения, математика

**Abstract:** The use of artificial intelligence (AI) and machine learning (ML) algorithms in mathematical education can change how we teach mathematics. Artificial intelligence and ML algorithms can provide a personalized learning process that meets the individual needs and abilities of each student, and offer targeted support to help students overcome difficulties. This article discusses the potential benefits and challenges of using artificial intelligence and ML in math education, and discusses some current research in the field.

**Keywords:** artificial intelligence, machine learning, mathematics

### **Кіріспе:**

Математиканы оқытудың дәстүрлі тәсілі мұғалімнің жетекшілігімен сыныптың болуын қамтиды, онда оқушылар әмбебап нұсқаулар алады. Алайда, бұл тәсіл шектеулі болуы мүмкін, өйткені студенттер әртүрлі қабілеттерге ие және әртүрлі қарқынмен үйренеді. Жасанды интеллект және ML алгоритмдері әр оқушының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, оқуға жеке көзқарасты қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, бұл алгоритмдер оқушылар қиындықтарға тап болатын аймақтарды анықтауға және қиындықтарды жеңуге көмектесу үшін мақсатты қолдау көрсетуге көмектеседі.

Математикалық білім берудегі жасанды интеллект пен ML артықшылықтары:

Жасанды интеллект және ML алгоритмдері математикалық білім берудің көптеген артықшылықтарын қамтамасыз ете алады. Жекелендірілген оқыту ең маңызды артықшылықтардың бірі болып табылады, өйткені бұл алгоритмдер оқу материалдарын әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімдей алады. Бұл студенттерге өз қарқынымен және олар үшін ең тиімді түрде оқуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл алгоритмдер нақты уақыттағы кері байланысты қамтамасыз ете алады, студенттерге қателерді тез анықтауға және түзетуге көмектеседі және белгілі бір салаларда қиындықтарға тап болған оқушыларға мақсатты қолдау көрсетеді. Жасанды интеллект және ML алгоритмдері мұғалімдердің уақытын оқытудың басқа аспектілеріне бағыттау үшін босату арқылы бағалау сияқты күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруы мүмкін.

Ресурстарға шолу: оқытуды жекелендіру және оқушыларға атаулы қолдау көрсету үшін математикалық білім беруде жасанды интеллект пен Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану.

"Орта мектепте математиканы оқытудың адаптивті жүйелері: Көп жағдайлық зерттеу" Чен және басқалар (2020) - Бұл зерттеу Қытайдағы орта мектеп оқушылары үшін адаптивті Математиканы оқыту жүйесінің дамуы мен тиімділігін зерттейді. Зерттеу көрсеткендей, адаптивті оқыту жүйесі оқушылардың математика нәтижелерін және оқуға деген көзқарасын жақсартуда тиімді болды.

"Математикалық талдауды оқытудың интеллектуалды жүйелері: мета-талдау" Ролла және басқалар (2017) - бұл мета-талдау колледж студенттеріне математикалық талдауды үйренуге қолдау көрсетуде

интеллектуалды оқыту жүйелерінің (ITS) тиімділігін қарастырады. Зерттеу its оқу нәтижелерін жақсартудың және жеке оқушыларға қиындық тудыратын аймақтарды анықтаудың тиімді құралы болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Партасарати мен Сундарамның "Learning Analytics көмегімен тапсырмалар жиынтығын жекелендірілген генерациялау " (2019) - бұл зерттеу математикадан жоғары сынып оқушыларына арналған жеке тапсырмалар жиынтығының генераторының дамуы мен тиімділігін зерттейді. Зерттеу жекелендірілген тапсырмалар жиынтығы Оқу нәтижелерін жақсартуда және жеке оқушыларға қиындық тудыратын аймақтарды анықтауда тиімді болуы мүмкін екенін көрсетеді.

"Машиналық оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, математика курстарында оқушылардың үлгерімін болжау" Хосрави және т.б. (2020) - Бұл зерттеу математика бойынша оқушылардың үлгерімін болжау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, оқушылардың моделін әзірлеуді зерттейді. Зерттеу көрсеткендей, студенттік модель қосымша қолдауды қажет ететін студенттерді анықтауда тиімді болды.

"Интеллектуалды оқыту жүйелеріндегі Машиналық оқыту тәсілдері: әдебиетке жүйелі шолу" Рехман және басқалар (2021) - бұл жүйелі әдебиетке шолу интеллектуалды оқыту жүйелерін дамытуда машиналық оқытуды қолдануды зерттейді. Шолу білім беру контекстінде машиналық оқытуды қолданудағы тенденциялар мен мәселелерді анықтайды.

"Математикалық білім берудегі жасанды интеллект және оқыту аналитикасы: қазіргі тенденциялар мен болашақ бағыттарға шолу" Бликштейн және басқалар (2020) - Бұл мақалада математикалық білім беруде жасанды интеллект пен оқыту аналитикасын қолданудағы ағымдағы тенденциялар мен болашақ бағыттарға шолу берілген. Мақалада жекелендірілген оқытуды жақсарту және жеке оқушыларға қолдау көрсету үшін осы технологиялардың әлеуеті көрсетілген.

Тұтастай алғанда, бұл ресурстар оқушыларды жекелендірілген оқу тәжірибесі мен атаулы қолдауды қамтамасыз ету арқылы математикалық білім беруді жақсарту үшін жасанды интеллект пен Машиналық оқыту алгоритмдерінің әлеуетін көрсетеді. Бұл зерттеулер адаптивті оқыту жүйелерінің, интеллектуалды репетиторлық жүйелердің, жекелендірілген тапсырмалар жиынтығының және оқушылардың жеке оқу нәтижелерін жақсартудағы модельдеудің тиімділігін растайды. Бұл ресурстар осы

технологияларды өздерінің математикалық оқу орындарына енгізуге мүдделі оқытушылар мен зерттеушілерге пайдалы болуы мүмкін.

Математикалық білім берудегі жасанды интеллект және машиналық оқыту мәселелері:

Артықшылықтарға қарамастан, математикалық білім беруде жасанды интеллект пен ML қолданумен байланысты кейбір мәселелер бар. Ең маңызды мәселелердің бірі-деректердің құпиялылығы, өйткені оқушылардың деректерін жинау және талдау құпиялылық пен қауіпсіздік мәселелерін тудыруы мүмкін. Біржақтылық-бұл тағы бір мәселе, өйткені жасанды интеллект пен ML алгоритмдері белгілі бір оқушы топтарына, егер олар біржақты деректерден үйренсе немесе біржақты алгоритмдерді қолданса, біржақты болуы мүмкін. Сонымен қатар, білім беруде жасанды интеллект пен машиналық оқыту жүйелерін енгізу қымбатқа түсуі мүмкін, ал кейбір мектептерде немесе округтерде бұл үшін ресурстар жетіспеуі мүмкін. Техникалық қиындықтар жасанды интеллект пен ML жүйелерін енгізу және техникалық қызмет көрсету кезінде де туындауы мүмкін.

Математикалық білім берудегі жасанды интеллект және ML саласындағы ағымдағы зерттеулер:

Қазіргі уақытта зерттеушілер математикалық білім беруде жасанды интеллект пен ML алгоритмдерін қолдану мүмкіндігін зерттеп жатыр. Бір зерттеу жасанды интеллект алгоритмдерін қолданатын жекелендірілген оқыту жүйесі дәстүрлі сыныптағы оқумен салыстырғанда оқушылардың математикадағы үлгерімін 28% жақсартқанын көрсетті. Тағы бір зерттеу математикадағы оқушылардың жетістіктерін болжайтын ML алгоритмін қосымша қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтау үшін пайдалануға болатынын анықтады. Зерттеушілер сонымен қатар математикалық білім беруде жасанды интеллект пен ML қолданудың этикалық салдарын зерттейді және біржақтылықты азайту жолдарын зерттейді.

Математикалық білім беруде семантикалық желілерді қолдану білімді ұсыну оқытудың маңызды аспектісі деген идеяға негізделген. Когнитивті жүктеме теориясына сәйкес, адамның жұмыс жады шектеулі және оқу процесі жаңа ақпаратты жұмыс жадынан ұзақ мерзімді ақпаратқа айналдыруды қамтиды. Когнитивті жүктеме теориясы оқуды жеңілдету үшін бөгде когнитивті жүктемені азайтудың және өзекті когнитивті жүктемені арттырудың маңыздылығын көрсетеді.

Семантикалық желілер - бұл күрделі ұғымдарды құрылымдық және мағыналы форматқа ұйымдастыру арқылы бөгде когнитивті жүктемені азайта алатын білімді ұсыну әдісі. Ұғымдарды түйіндер түрінде, ал

қатынастарды шеттер түрінде ұсына отырып, семантикалық желілер оқушыларға тақырыптың дәйекті психикалық моделін құруға көмектесетін білімнің визуалды және интуитивті көрінісін ұсынады.

Математикалық білім беру контекстінде семантикалық желілер оқушыларға математикалық ұғымдардың өзара байланысын және математиканың әртүрлі салалары арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. Мысалы, семантикалық желі туынды ұғымын түйін ретінде, ал көлбеу, тангенс сызығы және өзгеру жылдамдығы ұғымдарын онымен байланысты түйіндер ретінде көрсете алады. Осы ұғымдар арасындағы байланысты зерттей отырып, студенттер туынды ұғымдар мен оның қолданылуы туралы тереңірек түсінік қалыптастыра алады.

Семантикалық желілер сонымен қатар жаңа ақпаратты бар біліммен ұйымдастыру және біріктіру құрылымын қамтамасыз ету арқылы жаңа білім алуға ықпал ете алады. Мысалы, есептеудің жаңа тұжырымдамасын үйрену кезінде студенттер жаңа тұжырымдаманың психикалық моделін құру үшін байланысты ұғымдар мен олардың өзара байланыстарын анықтау үшін семантикалық желілерді қолдана алады.

Сонымен қатар, семантикалық желілер студенттерге тапсырмадағы тиісті ұғымдар мен қатынастарды анықтауға және оларды мәселені шешу үшін қолдануға көмектесу арқылы проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал ете алады. Мысалы, математикалық талдау мәселесін шешуде студенттер сәйкес ұғымдарды және олардың туындылар, интегралдар және шектер сияқты өзара байланыстарын анықтау үшін семантикалық желілерді қолдана алады және оларды есепті шешу үшін қолдана алады.

Жалпы, математикалық білім беруде семантикалық желілерді пайдалану студенттерге математикалық ұғымдардың үйлесімді психикалық моделін құруға, жаңа білім алуды жеңілдетуге және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектесетін перспективалы оқу стратегиясы болып табылады. Бөгде когнитивті жүктемені азайту және пайдалы когнитивті жүктемені арттыру арқылы семантикалық желілер математиканы оқытуды жақсартып алады.

### **Қорытынды:**

Математикалық білім беруде жасанды интеллект пен ML алгоритмдерін қолдану Математиканы оқыту тәсілін өзгертуге қабілетті. Жеке оқыту және атаулы қолдау оқушылардың үлгерімін жақсартады және қызықты әрі тиімді оқу процесін қамтамасыз етеді. Жасанды интеллект пен ML жүйелерін енгізуге қатысты кейбір мәселелер болса да,

қазіргі зерттеулер осы мәселелерді шешу жолдарын зерттеп, жасанды интеллект пен ML-ді математикалық білім беруде өміршең құралға айналдыруда.

***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Nian-Shing Chen. Effect of the flipped classroom on the mathematics performance of middle school students // Educational Technology Research and Development – 2020. – Т. 68. –№12.

2. Wayne Holmes. Artificial Intelligence in Education. Promise and Implications for Teaching and Learning. – Center for Curriculum Redesign – 2019.

3. Ashok Panigrahi. Use of artificial intelligence in education // The Management Accountant Journal 55(5):64-67, 2020.

4. Sergio Miranda. Personalized Learning in Mathematics // Journal of E-Learning and Knowledge Society 11(1):25-4, 2015.

**ИНФОРМАТИКАДАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ  
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

***Қаиыржанова М.М.***

*Павлодарский педагогический университет  
имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар,*

***асс.профессор, к.п.н. Асаинова А.Ж.***

*Павлодарский педагогический университет  
имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар,*

***Аннотация.***

*Мақалада информатикадан білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және дамыту жолдары қарастырылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын негізгі даму бағыттары херттелген.*

***Кілттік сөздер:*** *Кипчакское ханство, Казахское ханство, кочевая государственность.*

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп



отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады [1].

Функционалдық сауаттылық - бұл адам қызметінің әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін алған білімі мен тәжірибесін пайдалану мүмкіндігі. Бұл адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау және оған мүмкіндігінше тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті.


Жеке тұлғаның оқу, түсіну, қысқа мәтіндер құрастыру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындау қабілеті ретіндегі қарапайым сауаттылықтан айырмашылығы,

Функционалдық сауаттылық - бұл белгілі бір мәдени ортада тіршілік әрекетін жүзеге асыру үшін ең аз қажет деп саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, дағдылар деңгейі.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген.

### Функционалдық сауаттылық мазмұны



Сурет 1. Функционалдық сауаттылық мазмұны

Функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұндай жүйе әлемдік тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізіледі. Олар ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі. Ұлттық жүйе арқылы бағалау – жыл сайын өтетін оқу жетістіктерін ішкі бағалау мен Ұлттық бірыңғай тестілеу. Халықаралық бағалау жүйелері – PISA (Programme for International Student Assessment), TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) және PIRLS сияқты халықаралық зерттеулер.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын негізгі даму бағыттары (PISA-ға сәйкес):

- \* оқу сауаттылығы;
- \* жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- \* математикалық сауаттылық;
- \* қаржылық сауаттылық;
- \* шығармашылық ойлау;
- \* жаһандық құзыреттер.

Оқу бағдарламаларындағы өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарауды талап етеді. Қорытынды аттестаттауды өткізудің тапсырмалары мен форматы, PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің, сондай-ақ SAT тестінің құралдарымен ұқсастығы бойынша функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарды қоса отырып, ҰБТ мазмұны және т.б. қайта қаралатын болады.

Орта білім берудің әрбір деңгейінде (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің) репрезентативтік іріктеу негізінде білім алушылардың дағдыларын меңгеру срезі енгізіледі. Функционалдық сауаттылықты бағалаудың басымдықтары математикалық, жаратылыстану-ғылыми, оқырман және компьютерлік сауаттылық болады.

Қазақстандық оқушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне, сондай-ақ Қазақстанның PIAAC қатысуы жалғасып келе жатыр. Жекелеген мектептерді объективті және тәуелсіз бағалау үшін қазақстандық білім алушылар жыл сайын PISA-based Test for Schools қатысады.

2018 жылы өткізілген 16 елдің (Curriculum Content Mapping, ЭЫДҰ жобасы шеңберінде) оқу бағдарламаларын талдау қорытындылары бойынша қазақстандық білім беру мазмұнында мынадай құзыреттер кеңінен ұсынылған: сыни ойлау, проблемаларды шешу, деректермен жұмыстағы сауаттылық, болжау, АКТ-сауаттылық, жаһандық құзыреттер, білім алушылардың проактивтілігі, топтық жұмыс, рефлексия және ынтымақтастық. Бұл ретте қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік және есептеуіш ойлау неғұрлым аз дамытылатын құзыреттер болып табылады.

Орта білім мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Білім беруді дамыту саясатын іске асыру қолжетімділік пен инклюзивтілікті қамтамасыз етуге, барлық деңгейлерде білім беру сапасын арттыруға, функционалдық сауаттылықты дамытуға, үздіксіз білім беруді қамтамасыз етуге және еңбек нарығының ағымдағы сұраныстарына да, сондай-ақ болашақ экономикаға да сәйкес келетін кадрларды даярлауға бағытталған.

Білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған жаңа кезеңі үздіксіз білім беруді қамтамасыз етуді және басталған өзгертулердің қисынды аяқталуын көздейтін болады, бұл білім саласындағы мынадай қағидатты өзгерістерге алып келеді:

*жаңа модель негізінде тәрбиелеу* – өзін және айналасындағы әлемді білу, шығармашылық, қарым-қатынас, адамдарға, қоғамға өз қажеттілігін түсіну қуанышын сезінетін білім алушыны педагогикалық қолдау моделі;

*тұратын жеріне және әлеуметтік мәртебесіне* байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруге (тірек мектеп, құзыреттілік орталықтары, "цифрлық мұғалім", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

*сапалы білім беру инфрақұрылымының* тапшылығынан қазіргі заманғы санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз етуге;

*педагог кадрлардың тапшылығынан педагог орны үшін* бәсекелестікке (педагогикалық мамандықтарға түсу үшін үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, жұмысқа конкурспен қабылдау, ісін жаңа бастаған педагогтерді сертификаттау және т. б.), педагогтің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге, тағайындау, ротациялау және аттестаттау арқылы білім берудегі сапалы менеджментке;

*оқытудың дәстүрлі бағдарламаларынан* білім алушыларды болашаққа дайындауға (білім беру мазмұнының құндылық аспектісін өзектендіру, оқу бағдарламаларының жаһандық құзыреттіліктерді, эмоционалды зияткерлікті, сыни ойлауды, білім алушылардың кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылығы негіздерін қалыптастыруға бағытталуы; оқытуды бейіндік саралау және даралау, оқыту бағыттарын таңдаудың кең және икемді мүмкіндіктері арқылы);

*қазақстандық білімнің жергілікті фокусынан* сыртқы нарықтарда қазақстандық білімнің және оның түлектерінің қажеттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға (білім берудің жүйелілігін, сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз ету, инклюзивтілік, барлығы үшін сапалы білім беруге тең қолжетімділік, үш жоғары оқу орнын зерттеу университеттеріне трансформациялау, ел аумағында шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары мен өкілдіктерін ашу, қазақстандық жоғары оқу орындарының ғылыми және академиялық дамуын күшейту және т. б.);

*сыртқы бақылаудың қатаң әдістерінен профилактикаға бағытталған* профилактикалық-алдын алу шараларына, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама нормаларының құқық бұзушылық жасау себептері мен жағдайларын жою үшін ұсынымдар беру;

*білім беру ұйымдарының* қызметін қатаң бақылаудан білім беру сапасын жүйелі қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасында қазақ тілін оқытудың әдістемесін жетілдіру және жалпы мемлекеттік жүйесін қалыптастыру. Мектеп – колледж – ЖОО – қызмет көрсету сатылары бойынша мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлері айқындалып, қалыптастырылады және үздіксіз білім қамтамасыз етіледі.

Орта білім берудің мазмұны академиялық білімді, функционалдық сауаттылықты дамытуға, кең ауқымды жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы керек. Пәндер бойынша оқу

бағдарламаларын оқыту мақсаттары арқылы іске асырылатын оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми, цифрлық сауаттылықты дамыту үшін зерттеу, практикалық және шығармашылық тапсырма-жинақтары базасы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған оқулықтар мен оқу құралдары, зертханалық жұмыстар жинақтары, виртуалды зертханалар, математикалық модельдеуге арналған симуляциялар, математикалық есептерді орындау процестері туралы оқыту бейнересурстары әзірленуі керек.

"Сабақты зерттеу" және "іс-әрекеттегі зерттеу" арқылы мектептерде оқыту және білім беру тәжірибесі жақсаратын болады.

"Информатика" даярлау бағыты бойынша бағдарламалау, робототехника және 3D-принтинг бөлімдері қосу арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары өзектілендіріледі. 7 – 9-сыныптарда "Информатика" пәні бойынша оқушыларға бағдарламалау тілін таңдау мүмкіндігі беріледі (C/C++, Python, Delphi, Lazarus).

Информатика пәні бойынша олимпиадалар республикалық деңгейде әр түрлі бөлімдер бойынша өтеді. Мысалы, АКТ, графика, дизайн, мәліметтер базасы, логика, ақпарат теориясы, есептеу техникасының тарихы, робототехника және т.б.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Білімділер порталы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру - сапалы білім кепілі/ Омирбаева Майгуль Рымбековна <https://bilimdiler.kz/bastaush/23526-okushylardyn-funkcionaldyk-sauattylygyn-arttyru-sapaly-bilim-kepili.html>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>

# ИНФОРМАТИКАДАН «SCRATCH» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМУЫНДАҒЫ АРНАУЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

*Сейтқазы М.Р.*

*Жаратылыстану жоғары мектебі,  
Информатика ББ магистранті*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада бастауыш мектептегі цифрлық сауаттылық сабақтарында жобалық іс-әрекеттерін пайдалану мүмкіндігі қарастырылады. Оқыту процесін тиімдірек және қызықты етуге көмектесетін интерактивті тапсырмалары келтірілген. Балалар көңілді, өз еңбектерінің нәтижесінен қанағаттануды сезінеді, оны басқа оқушылар оқу үшін пайдалана алады. Осылайша, бастауыш сынып оқушылары Scratch сабақтарын оқып, бағдарламаны пайдалану бойынша білімдері мен дағдыларын жетілдіреді.*

***Тірек сөздер:** Scratch ортасы, ақпараттық-коммуникациялық технология, цифрлық оқыту ресурсы*

***Аннотация.** В этой статье рассматривается возможность использования проектной деятельности на уроках цифровой грамотности в начальной школе. Рассмотрены примеры интерактивных задач, которые помогут сделать процесс обучения более эффективным и увлекательным. Дети чувствуют удовлетворение от результатов своего труда, которые другие ученики могут использовать для учебы. Таким образом, учащиеся начальной школы изучают уроки Scratch и совершенствуют свои знания и навыки по использованию программы.*

***Ключевые слова:** среда Scratch, информационные и коммуникационные технологии, цифровой образовательный ресурс*

***Annotation.** This article discusses the possibility of using project activities in digital literacy lessons in elementary school. Examples of interactive tasks that will help make the learning process more effective and fun are considered. Children feel satisfaction from the results of their work, which other students can use for their studies. Thus, elementary school students learn Scratch lessons and improve their knowledge and skills in using the program.*

***Keywords:** Scratch environment, information and communication technologies, digital educational resource*

## **Кіріспе**

Қазіргі ақпараттық қоғамда бағдарламашы мамандығы сұранысқа ие және жоғары жалақы алады. Бірақ мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, өзін-өзі дамыту маңызды фактор болып табылады, өйткені ақпараттық технологиялар үнемі дамып келеді, күн сайын жаңа нәрсе пайда болады, бағдарламалау барған сайын танымал бола бастады. [1]

Шетелдік сарапшылар неліктен балаларға бағдарламалауды үйрету керектігі туралы көптеген дәлелдер келтіреді. Маңызды аспект – математикалық аппаратты пайдалану, яғни математикалық дағдыларды визуализациялау немесе, мысалы, Scratch қосымшалары үшін бағдарламалау тапсырмаларын орындау арқылы, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту [2].

Бағдарламалау технологияларының дамуы қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оларды өңдеу технологияларын практикалық зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, өңдеу орталарының мүмкіндіктерінің өсуімен бірге олардың күрделілігі артады, нәтижесінде оларды зерттеудің күрделілігі өседі, бұл бағдарламалауды оқытуда технологиялық бейімділіктің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Көптеген зерттеушілердің жұмыстары арнайы оқыту орталарының көмегімен бағдарламалауды оқыту мәселесіне арналған. Атап айтқанда, А.Г.Гейн, Н.В.Макарова, А.П.Шестаковтың еңбектерінде визуалды модельдер арқылы бағдарламалауды оқытудың әдістемелік аспектілері ашылады, А.П.Одинцова, Т.В.Софронова, А.А.Тарасова еңбектерінде – геометриялық модельдеу; А.В.Бобровскаяның, Л.В.Кавурконың, И.Г.Обойщиковаң еңбектерінде – білім беру бағдарламалау орталарында математикалық модельдеу; Д.Д.Бычкова, П.В.Кийко, И.В.Паболков, И.А.Теплицкий, Л.Н.Шенгелия еңбектерінде оқу компьютерлік модельдеудің интегративті рөлі көрсетілген.

### **Нәтижелер, талқылау**

Педагогикалық технология – дара тұлғаны қалыптастыруға педагогикалық ықпалдарды ұйымдастыру қажеттілігінен туындаған өзара байланысты процестер. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік жоспары, ұлттық үлгісі қалыптасуда. Осыған орай, оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологиялары пайда болуда. Бүгінде елімізде білім беру ошақтарында 50-ден астам педагогикалық технологияларды теориялық және ғылыми қолданбалы бағыт тұрғысынан жазылған зерттеулерді арқауы етіп, оларды оқыту үрдісін жетілдіру бағытында қолдану мәселелерімен отандық ғалымдар: Д.М.Жүсіпбалиева, Б.Ә.Әбдікәрімұлы, М.С.Мәлібекова, Г.Қ.Нұрғалиева, Қ.Қабдықайырұлы, Ж.А.Қараев, Ш.Т.Таубаева т.б. өз зерттеулерінде қарастырған, педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін нақтылау қажеттілігін айқындай түсуде.

Жоба әдісі-педагогикалық технология, нақты білімдерді біріктіруге емес, оларды қолдануға және жаңаларын алуға бағытталған. Оқушының

қандай да бір жобаларды құруға белсенді қатысуы оған әлеуметтік - мәдени ортада адами қызметтің жаңа тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді. Яғни бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына арналған «Scratch» бағдарламасын оқытуға арналған электронды оқыту ресурсы туралы айтамыз.

Scratch – бастауыш және орта мектеп оқушыларына арналған визуалды оқиғаға негізделген бағдарламалау ортасы. Бұл тілді құрудың мақсаты бағдарламалау тәжірибесі жоқ балаларға императивті, объектілі-бағытталған және көп ағынды бағдарламалаудың негізгі принциптерін үйренуге мүмкіндік беру болды. Бұл тіл бастапқы бағдарламалау тілі ретінде пайдалануға ыңғайлы, өйткені жобаларды жасау өте оңай, ал алынған дағдыларды Python және Java [5] сияқты тілдерде қолдануға болады, өйткені Scratch құрамында:

- процедуралық типтегі тілдер үшін стандарт: келесі, тармақталу, циклдар, айнымалылар, деректер типтері (бүтін және нақты сандар, жолдар, логикалық сандар, тізімдер – динамикалық массивтер), жалған кездейсоқ сандар;

- объектілі-бағытталған құралдар: объектілер (олардың өрістері мен әдістері), хабарламаларды беру және оқиғаларды өңдеу;

- интерактивті құралдар: объектілердің бір-бірімен, пайдаланушымен өзара әрекеттесуін, сонымен қатар компьютерден тыс оқиғаларды өңдеу (қосылған сенсорлық блокты пайдалану);

- параллельді орындау құралдары: үйлестіру және синхрондау мүмкіндігімен параллельді жіптерде объектілерді іске қосу әдістері;

- қарапайым пайдаланушы интерфейсін құру [3].

Өзірлеушілер Scratch-ті балалар жасаған кейіпкерлер өмірге әкелетін, балаларға арналған әңгімені жүзеге асыру, содан кейін ғана бағдарламалауды үйрену болып табылатын әртүрлі ойындар, әңгімелер жасау ортасы ретінде орналастырады. Сондықтан студенттерге арналған тапсырмалардың жақсы нұсқасы сыныпта оқушылар өз идеяларын жүзеге асыра алатын және бағдарламалауды үйренетін ойын-сауық және тәрбиелік тапсырманы қою болады.

Мектептерде «Бағдарламалау және алгоритмдеу» бөліміне ерекше көңіл бөлінеді. Ол бүкіл оқу бағдарламасының шамамен 1/3 бөлігін алады және мектеп оқушылары үшін айтарлықтай қиындықтар туғызатын тақырыптардың бірі болып табылады. Сондықтан тілді таңдаған кезде бағдарламалау ортасын алгоритмдеудің қарапайымдылығына, көрнекілігіне және нақты құрылымына назар аудару керек.



Бастауыш мектеп оқулықтарын талдау (Қадірқұлов Р.А., Рысқұлбекова А.Д., Берістемова Н.Қ., Сағымбаева А.Е., Ермұхамбетова М.А., Бидайбеков Е.Ы., Нұрмұханбетова Г.Қ., Гаипбаева У.А.) Scratch базалық білім берудің оқу жоспарындағы информатика курсында міндетті тақырып болып табылады, сондықтан «Scratch ортасында бағдарламалау» бөлімі ерекше назар аударады.

Бастапқыда Scratch жасаушылар оны 8-16 жас аралығындағы балалар үшін арнайы әзірледі. Дегенмен, оқи алатын, санай алатын және тінтуірді пайдалана алатын 6-7 жастағы балалар да қарапайым жобалар жасай алады.

Осы ортада оқыту әдістемесі бойынша Scratch жасаушылардың әдістемелік әдебиеттері мен ұсыныстарын зерделей отырып, курстың мазмұндық желісі цифрлық сауаттылық пәнінің 1-4 сынып оқулықтарындағы оқу бағдарламасы 1-кестеде көрсетілген.

Цифрлық сауаттылық пәні бойынша әрбір оқулықта көріп отырғанымыздай, тұтас бір бөлім Scratch бағдарламалау тіліне арналған. Бірақ, өкінішке орай, әрбір оқулықта теориясы мен интерактивті тапсырмалары бар цифрлық білім беру ресурсы бола бермейді.

Scratch бастапқыда балаларға арналған, ол кәсіби бағдарламалауда қолдануға болатын элементтерді қамтиды және одан әрі маңызды бағдарламаларда одан әрі дамыту үшін негізгі бағдарламалау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалау ортасын зерттеу кәсіби бағдарламалау тілдерін одан әрі дамыту үшін базалық платформаны дайындауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптарға арналған цифрлық сауаттылық бойынша ұсынылған цифрлық білім беру ресурсының құрылымында үш негізгі блокты бөліп көрсетуге болады. Бұл Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жасалған оқу бағдарламасы бойынша теориялық материал. Екінші бөлім оқу материалын тексеру мен меңгеруге арналған практикалық тапсырмалардан тұратын оқулықтың практикалық бөлімі. Үшінші блок тест тапсырмаларын ұйымдастыру арқылы шеберлік деңгейін тексеруге бағытталған. Негізгі блоктардан басқа, Мазмұны, Кіріспе, дереккөздерге сілтемелер берілген.

Электрондық оқу құралын әзірлеуге арналған бағдарламалық құрал ретінде ArticulateStoryline бағдарламасы қарастырылды. Информатика бойынша электронды оқулық интерфейсін құру кезінде көрініс тапқан осы бағдарламаның негізгі ерекшеліктері сипатталған. Ал:

- бір слайдта көп беттік ақпарат көлемін орналастыру үшін айналдыру аймағын пайдалану,
- белгілі бір ақпаратқа назар аудару қажеттілігін көрсететін мұғалімнің бейнесі ретінде дайын кейіпкерді пайдалану,
- графикалық нысандарды Zoom Picture функциясы арқылы іске қосу мүмкіндігімен кірістіру,
- Оқыту ресурсының беттері арасында ауысу және тестілік бақылауды ұйымдастыру үшін батырмаларды, Checkbox және радио батырмаларды пайдалану,
- слайдта орналасқан материалға қосымша ақпарат немесе түсініктеме беру үшін маркерлерді пайдалану,
- бейнелерді көру үшін бейне және дыбыс қосу.


Бұл электронды оқыту құралдарын әзірлеуде көптеген артықшылықтары мен мүмкіндіктері бар көп функциялы редактор [3]. Осы бағдарламадағы жұмыс принципі Microsoft PowerPoint бағдарламасында жұмыс істеу принциптерін еске түсіреді [6].

ArticulateStoryline бағдарламасында жасалған бастауыш сыныптарға арналған цифрлық сауаттылық оқулығының интерфейсін қарастырайық. Қолданылатын бағдарламаның 1-суретке сәйкес оны басқалардан ерекшелендіретін ерекшелігі берілген. Бұл бағдарламада электрондық оқу құралдарының беттерінде кітап беттеріндегі нұсқаулық ретінде немесе нұсқаулық ретінде пайдалануға болатын дайын таңбалардың үлкен жиынтығы бар. нұсқаулық арқылы оқу материалын көрсететін мұғалімнің бейнесі.



*Сурет 1- Интерфейс*

Articulate Storyline-дің тағы бір ерекшелігі-маркерлердің болуы. Бұл әртүрлі суреттері бар кішкентай белгішелер. Маркерлер 10-ға бөлінеді:маркер кескінінің тақырыбына байланысты блоктар: Navigation (Навигация), Help (көмек), Office (кеңсе), сандар (сандар), Media (Медиа), құралдар (құралдар), Feedback (Кері байланыс), Social (қоғам), Industry (өнеркәсіп), Charts (диаграммалар). Тінтуірді маркерге апарған кезде 2-суретке сәйкес қалқымалы мәзір пайда болады, ол қосымша ақпаратты көрсете алады, мысалы, терминнің анықтамасы, берілген мәселенің шешімі немесе біздің жағдайда командаларға түсініктеме.



Сурет 2 - Маркерлер


Зерттеу міндеттерінің бірі бастауыш мектеп жасындағы оқушылар арасында жалпы орта білім беретін мектепте информатика сабақтарында әзірленген электрондық оқу құралы сынақтан өткізу болды. Апробацияның мақсаттары: оқулықта теориялық ақпаратты ұсыну немесе практикалық және тест тапсырмаларын құрастыру кезінде қателерді анықтау, пайдаланудағы қолайсыздықтар, анықталған кемшіліктерге байланысты оқулық материалын түзету, уәждеме деңгейінің жоғарылау дәрежесін анықтау әзірленген электронды оқыту құралын қолдана отырып оқытуды ұйымдастырудағы оқушылар.

Алдын ала электронды оқыту құралының техникалық жағын тестілеу және оны орнату жүргізілді.

4 сынып оқушыларына арналған Информатика бойынша оқулықтың апробациясы 2021-2022 оқу жылында Павлодар қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілді.


Scratch бағдарламасын зерттеу үшін 4-сыныпқа арналған электронды информатика оқулығын әзірлеу қажеттілігі бірқатар себептерге байланысты туындады, олардың бірі қағаз оқулықтың ұсынылған оқу материалының жетілмегендігі болды.

Scratch бағдарламасында жұмыс істеген кезде оқушылар әрдайым сценарийлерде айнымалыларды құру және пайдалану туралы көптеген сұрақтар қойды. Электрондық оқу құралында мен осы тақырыпқа толығырақ тоқталдым.



Сурет 3 - Айнымалылар

Оқушыларға алдымен теориялық материал блогын оқып үйренуге шақырылады, онда тек осы тақырыптың теориялық түсіндірмесі ғана емес, сонымен қатар спрайттың берілген координаттар бойынша қозғалуының нақты мысалдары 4-суретке сәйкес, содан кейін 5-сурет пен тестке сәйкес практикалық тапсырмаларды орындауға кірісу керек. Кезінде сынақтан электрондық оқу ресурсының маңызды анықтауға көмектеседі, ол жеңе тапсырмаларына осы тақырып бойынша.



*Сурет 4 – Тест тапсырмалары*

Электрондық оқыту құралын әзірлеу кезінде практикалық бөлімді ұйымдастыруға басты назар аударылды, өйткені бұл оқушылардың ынталандыру деңгейін арттыруға және зерттелетін тақырып бойынша негізгі жұмыс дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін практикалық жаттығулар.

### **Қорытынды**

Жоба әдісі-өз қызметінің зияткерлік өнімін жылдам алатын оқушыларға ғана емес, сонымен қатар педагогтарға қызықты, өйткені оқу жобаларын дайындау және жоспарлау оларға өз пәні шеңберінде, сонымен қатар аралас пәндер мен ақпараттық технологиялар шеңберінде үнемі өз бетімен білім алуға мүмкіндік береді.

Информатиканы жобалық оқыту технологияларын қолдану процесінде информатиканы оқыту нәтижелері информатиканы оқыту процесінде осы технологияларды қолдану мақсаттарына тиімді қол жеткізуін куәландырады.

Апробация әзірленген оқу материалдарын пайдалану оқу міндеттерін шешу біліктілігінің даму деңгейін арттыру мүмкіндігін көрсетті.

Жобалық қызметті қолдана отырып әзірленген оқу материалдары оқушылардың білім сапасын арттыруға қызмет етеді.

Оларды шешу арқылы оқушыларда логикалық ойлау, есте сақтау және креативті ойлауы дамитын болады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

1. Денисова Л.В. Проектная деятельность школьника в среде программирования Scratch / Л.В. Денисова, В.А. Дженжер, В. Рындак //Оренбург. 2009.

Режим доступа: <https://sites.google.com/site/orenscratch/nasirazrabotki>. - Название с экрана.

2. Денисова Л.В. Среда Scratch в практике учителя начальной школы / Л.В.Денисова, В.О.Дженжер // Начальная школа. 2012. - № 5. С. 31-35.

3. Пономарев М. В., Рожина И. В. Обучение программированию младших школьников в среде программирования Scratch // Актуальные вопросы преподавания математики, информатики и информационных технологий. Екатеринбург: Уральский государственный педагогический университет. 2018. № 3. С. 276-281.

4. Скретч (язык программирования) // Wikipedia. URL: <https://googl.ru/5c90> (дата обращения: 17.04.2019).

5. Буйлов О. Articulate Storyline: электронное обучение со вкусом. [Электронный ресурс] / – Режим доступа: <https://ra-kurs.spb.ru/info/articles/?id=81>

6. Коломина А., Буйлов О., Брюханов И. Как создать электронный курс с помощью Articulate Storyline. [Электронный ресурс] / – Режим доступа: <https://levellab.ru/blog/articulate-storyline>, 2020.

7. Цифрлық сауаттылық. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық / Р.А.Қадірқұлов, Ә.Д.Рысқұлбекова, Н.Қ.Беристемова. Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2021 – 132 бет; суретті.

8. Цифрлық сауаттылық. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сынып оқушыларына арналған оқулық. /Ж.У.Кобдикова, Г.А.Көпеева, Ә.Ә.Қаптағаева, А.Ф.Юсупова- Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2021.- 80 бет.

9. Цифрлық сауаттылық. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-сынып оқушыларына арналған оқулық / Р.А.Қадірқұлов, Г.К.Нұрмаханбетова, У.А.Ғайыпбева. Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2022 – 120 бет; суретті.

10. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған оқулық. /Ж.У.Кобдикова, Г.А.Көпеева, Ә.Ә.Қаптағаева, А.Ф.Юсупова- Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019.- 144 бет.

## **КОНСТРУКТОР AUTOPLAY MEDIA STUDIO КАК ЭФФЕКТИВНАЯ ПЛАТФОРМА ДЛЯ СОЗДАНИЯ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ШКОЛЕ**

***Шестопалова А.В.***

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей  
Марғұлана, г. Павлодар*

**Аннотация.** В статье рассматриваются актуальные вопросы применения цифровых образовательных ресурсов в образовательной среде. Предложена платформа с помощью, которой педагог, не обладающий навыком программирования, может разработать качественный ресурс для урока или целого курса.

**Ключевые слова:** цифровой образовательный ресурс, физика, AutoPlay Media Studio

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру ортасында цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың өзекті мәселелері қарастырылады. Бағдарламалау дағдысы жоқ мұғалім сабаққа немесе бүкіл курсқа сапалы ресурс жасай алатын платформа ұсынылады.

**Түйін сөздер:** сандық білім беру ресурсы, физика, AutoPlay Media Studio

**Abstract.** The article deals with topical issues of the use of digital educational resources in the educational environment. A platform is proposed with the help of which a teacher who does not have programming skills can develop a quality resource for a lesson or a whole course.

**Keywords:** digital educational resource, physics, AutoPlay Media Studio

В настоящее время в Республике Казахстан идет становление системы образования, ориентированной на вхождение в мировое информационно-образовательное пространство. Этот процесс вносит коррективы в содержание образования, методы и технологии обучения. Информатизация общества способствует автоматизации и интеллектуализации всех видов человеческой деятельности, созданию информационной среды социума. От профессионализма, компетентности, интеллектуального и творческого потенциала будущего педагога зависит качество подготовки, уровень образованности и воспитанности подрастающего поколения. Перед школой стоит задача подготовки компетентной личности в области таких современных инновационных технологий, как информационно-коммуникационные технологии.

В трудах Е.В. Михеевой, В.А. Юрьева, С.В. Симоновича поднимаются вопросы, связанные с процессом внедрения информационных технологий. [1] И.Г. Захарова, В.Ф. Шолохович, А.В. Смирнова рассматривают необходимость внедрения информационных средств обучения в учебный процесс. [2] Ш.А. Абдраман, Б.Г. Бостанов, В.М. Амирбаев, Е.А. Спирина и другие исследовали вопросы использования ИКТ в образовании. Другие казахстанские ученые такие, как А. Аймухамбетов, Г.А. Абдулкаримова, [3] М.Р. Нургужин, Ж.М. Абилов занимались исследованием проблем развития информатизации образования. Г.З. Адильгазинов, Н.А. Минжанов, Г.О. Тажигулова работали над структурой и содержанием процесса обучения с применением цифровых технологий. Электронные и мультимедийные обучающие программы достаточно распространены в настоящее время. У истоков рассмотрения данной проблемы и создания электронных учебников стояли такие казахстанские ученые, как Г.К. Нурғалиева, Д.М.

Джусубалиева. Разработкой вопросов современных информационных технологий обучения в системе образования, применение E-LEARNING, виртуального обучения в вузе занимались Керимбаев Н.Н., Исмаилова Р., Лященко М.С. [4]

При рассмотрении понятия «информационные технологии» в контексте образовательной системы, можно выделить несколько его значений:

1. Средство для работы с информационными ресурсами;
2. Инструмент отбора и обработки новейшей информации при изучении исследуемого предмета, объекта или процесса.

Информационная технология рассматривается И.Г. Захаровой, [2] как новейшее средство передачи знаний, инструмент восприятия информации и средство развития личности. Информационная технология рассматривается В.Ф. Шолохович [3] в качестве отрасли дидактики, относящейся к средствам обучения, а именно-средства информатизации образования. Е.В. Михеева объединяет информационные технологии в обучении с программно-техническими средствами в единый процесс по обеспечению качества образовательного процесса с целью уменьшения его трудоемкости.

Современные информационные технологии, внедряясь в образовательное пространство, изменяют культуру как самого учебного заведения, так и роль обучаемого и обучающегося в учебном процессе. Следует отметить, что современный образовательный процесс строится с применением информационных технологий и цифровых образовательных ресурсов. Преподаватели стоят перед широким выбором программных продуктов, которые доступны для широкого круга пользователей.

Так как информатизация является одним из приоритетных направлений модернизации отечественной системы образования, то разработка и внедрение электронных образовательных ресурсов в образовательный процесс является актуальной научно-методической задачей. [5] Помимо многочисленных интернет-ресурсов, электронных учебников и приложений, все более актуальной становится разработка именно цифровых образовательных ресурсов по конкретной теме или разделу. Главное отличие ЦОР от традиционного учебника заключается в том, что оно дополняет процесс обучения разнообразными возможностями компьютерных технологий, а именно комплексом мультимедийными возможностями. Это позволяет сделать процесс обучения наиболее продуктивным и интересным для обучающихся. [6]



Все это позволяет педагогу донести информацию, по изучаемому предмету, в увлекательной форме и, тем самым, увеличить эффективность образовательного процесса, а также способствует реализации принципа непрерывного образования. [5]

Цифровые образовательные ресурсы (ЦОРы) - это представленные в цифровой форме фотографии, видеофрагменты, статические и динамические модели, объекты виртуальной реальности и интерактивного моделирования, картографические материалы, звукозаписи, символные объекты и деловая графика, текстовые документы и иные учебные материалы, необходимые для организации учебного процесса.

Использование качественных цифровых образовательных ресурсов в системе образования делает ее значительно эффективнее за счет того, что открываются возможности: [6]

1) организации разнообразных форм деятельности обучаемых по самостоятельному извлечению и представлению знаний;

2) применения всего спектра возможностей современных информационных и телекоммуникационных технологий в процессе выполнения различных видов учебной деятельности, в том числе, таких как регистрация, сбор, хранение, обработка информации, интерактивный диалог, моделирование объектов, явлений, процессов, функционирование лабораторий (виртуальных, с удаленным доступом к реальному оборудованию) и другие;

3) привнесения в учебный процесс наряду с ассоциативной прямой информации за счет использования возможностей технологий мультимедиа, виртуальной реальности, гипертекстовых и гипермедиа систем;

4) объективной диагностики и оценки интеллектуальных возможностей обучаемых, а также уровня их знаний, умений, навыков, уровня подготовки к конкретному занятию по предметам общеобразовательной программы, соизмерения результатов усвоения материала в соответствии с требованиями государственного образовательного стандарта;

5) управления учебной деятельностью обучаемых адекватно интеллектуальному уровню конкретного обучающегося, уровню его знаний, умений, навыков, особенностям его мотивации с учетом реализуемых методов и используемых средств обучения;

6) создания условий для осуществления индивидуальной самостоятельной учебной деятельности обучаемых, формировать навыки

самообучения, саморазвития, самосовершенствования, самообразования, самореализации;

Для создания ЦОР существует множество платформ. К числу таких конструкторов ЦОР можно отнести программу AUTOPLAY MEDIA STUDIO.

AutoPlay Media Studio - программное обеспечение для быстрой разработки приложений. Он идеально подходит для создания чего угодно, от автозапуска CD / DVD / USB-меню и утилит до игр и интерактивных мультимедийных приложений - в комплекте с web-интерфейсом, подключением к базе данных, воспроизведением видео и многим другим.

Ключевые особенности AutoPlay Media Studio [7]:

- в конструктор входят уже готовые шаблоны для оформления меню с различными кнопками для запуска программ, воспроизведения звуков, печати файлов, открытия Интернет-сайтов;
- конструктор позволяет также добавлять в проект любой контент – аудио, видео, flash-анимации, текст;
- приложение, которое создали с помощью AutoPlay Media Studio, на итоговом этапе будет представлено в виде объектной модели. Эта модель состоит из группы отдельных страниц, наподобие того, как это реализовано на Интернет-сайтах;
- расширить возможности AutoPlay Media Studio можно также при помощи дополнительных модулей — плагинов. С их помощью можно автоматизировать различные задания, которые вы выполняете в конструкторе чаще всего. Например, можно быстро создавать анимированные меню, дерево каталогов, базу данных, а также управлять ими;
- Готовый проект может быть представлен в виде архива или сохранён отдельной папкой на жёстком диске;
- встроенная проверка орфографии. Эта опция работает с объектами Label, Paragraph и Button. Полная версия программы содержит большое количество подключаемых словарей, с помощью которых AutoPlay Media Studio делает проверку орфографии во время набора текста;
- пользователь AutoPlay Media Studio дополнительно получает доступ к видео-презентации, профессиональным элементам контента, круглосуточной технической поддержке и многим другим сервисам.



**Рис.1** Главная страница созданного сборника задач для учащихся 7 класса по физике



**Рис.2** Практическая часть учебного пособия

Таким образом, можно выделить следующие задачи, решаемые в ходе использования информационных средств обучения:

1. Способствуют формированию информационной культуры обучаемых, и, как следствие, развитие общей культуры деятельности личности.

2. Повышают качество образования, формируют положительную мотивацию.

3. Меняют форму организации обучения через сочетание традиционных методов и средств обучения в сочетании с информационно-коммуникационными технологиями (ИКТ).

При обучении школьников важно использовать педагогические возможности, предоставляемые информационными технологиями, цифровыми образовательными ресурсами. В заключении можно выделить следующие дидактические принципы, на которые должен опираться учитель в своей работе по использованию дидактических принципов: адаптация к индивидуальным особенностям и возможностям обучающихся; реализация диалога и обратной связи; компьютерная визуализация. Таким образом, информационные средства обучения предоставляют большие возможности для развития интеллектуального потенциала личности, расширяют технические возможности представления информации и учебного материала.

#### *Литература:*

1. Михеева Е.В. Информационные технологии в профессиональной деятельности: учебное пособие для студентов профессионального образования / Е. В. Михеева. - 7-е изд., стер. Москва: Издательский центр «Академия», 2008. - 384 с.

2. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. — Москва: Издательский центр «Академия», 2003. – 192 с.

3. Шолохович В.Ф. Дидактические основы информационных технологий обучения в образовательных учреждениях. [Электронный ресурс]: - <https://www.dissercat.com/content/didakticheskie-osnovy-informaci-obucheniya-v-obrazovatelnykh-uchrezhdeniy>.

4. Сарсекеева Ж.Е., Акильбекова А.С., Сарсекеева Н.Е. Информационные технологии как условие развития интеллектуального потенциала обучающихся // Международный журнал прикладных и фундаментальных наук - Москва: Издательский центр «Академия», 2003. – 192 с.

5. Каракозов С.Д., Рыжова Н.И., Уваров А.Ю. Трансформации учебного процесса в цифровой образовательной среде: современная образовательная информатика // Информатизация образования: теория и практика: сборник материалов международной науч.-практической конференции / под общ. ред. М.П. Лапчика. Омск: Изд-во ОмГПУ, 2016.

6. Фрадкин В. Е. Методические основы использования ИКТ в обучении физике / ИКТ в предметной области. Часть V. Физика: Методические рекомендации / под ред. В.Е. Фрадкина. – СПб, ГОУ ДПО ЦПКС СПб «Региональный центр оценки качества образования и информационных технологий», 2010. – С. 6–20.

7. <https://www.delphitech.kz/software>

**ДЕРЕКТАНУ, ТАРИХНАМА  
ЖӘНЕ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
ИСТОРИИ, ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ,  
ИСТОРИОГРАФИИ**

**АКАДЕМИК Ә.Х.МАРҒҰЛАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ  
ДЕРЕККӨЗДІК МАҢЫЗЫ  
(Ә. Марғұланның Қорқыт туралы зерттеулері негізінде)**

**Хамитова М.А.**

*Центрально-азиатский университет, г. Алматы  
marvan59@bk.ru*

***Аннотация.** Академик А.Х. Марғұлан еңбектерінің деректанулық маңызы туралы, сондай-ақ материалдық құндылықтармен қатар материалдық емес рухани мәдени мұраны зерделеу қажеттілігі туралы мақала, өйткені бұл мемлекеттік және ұлттық өзіндік сананың дамуына ықпал етеді, қазақстандық қоғамның өзін-өзі анықтауына әсер етеді, білім мен мәдениетаралық өзара түсіністікті нығайтады.*

***Түйінді сөздер:** Академик А. Х. Марғұлан; деректану, рухани мәдениет; материалдық емес мәдени мұра; Қорқыт; фольклортану.*

***Аннотация.** Статья об источниковедческом значении трудов академика А.Х.Марғұлана, а также о необходимости изучения нематериального духовного культурного наследия наряду с материальными ценностями так как это способствует развитию государственного и национального самосознания, влияет на самоопределение казахстанского общества, укрепляет образованность и межкультурное взаимопонимание.*

***Ключевые слова:** Академик А.Х. Марғұлан; источниковедение, духовная культура; нематериальное культурное наследие; Қорқыт; фольклороведение.*

***Summary.** An article about the source study significance of the works of Academician A.Kh. Margulan, it is also devoted to the problem of “intangible cultural heritage”. On the necessity of studying the intangible cultural heritage of spiritual as well as material values, as it contributes to the development of the state and national consciousness affects the self-determination of Kazakh society, strengthens education and intercultural understanding.*

***Keywords:** Academic A.Kh. Margulan; the source study; spiritual culture; intangible cultural heritage; Korkyt, folkloristics.*

Академик Әлкей Марғұлан өткен ХХ ғасырдың басында-ақ материалды мұрамен қатар, материалдық емес мәдени мұраға ерекше көңіл бөліп, тереңінен зерттеу, оны қорғау, келешек ұрпақ санасына жеткізу мәселесі қазақстандық қоғамның өзін-өзі айқындауына, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің нығаюына, білімділік пен мәдениетаралық түсіністіктің нығаюына терең әсер ететінін терең түсінді. Өз кезегінде академик Ә.Х. Марғұлан қазақ халқының, оған туыстас халықтарға тән көне, ежелгі жыр-аңыздарға тиянақты да терең ғылыми талдау жасап, қазақстандық жазушы, ғалым Жайық Бектұровтың сөзімен айтсақ, «небір шиеленіскен түйіндерді шешіп, босаң арқан

арқауларды ширатып, желі-көгеннің бұршақтарын көбейтіп, қазықтарын тереңірек қағып кетті». Ыждаһатты зерттеулер нәтижесінде: «Ғасырлар бойы ежелгі Қазақстанды мекендеген көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар туғызған барлық мәдени құндылықтардың ішінде ең жақсы сақталғандары халықтық эпос және ою-өрнек, ал сәулет өнері ескерткіштері, тас мүсіндер секілді басқа да көне ескерткіштер із-түзсіз жоғалды немесе бізге олардың тек сынықтары және қорғандар мен мұнаралардың қираған орындары ғана жетті» – деп жазды Ә.Х. Марғұлан [1, 75-б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклортану, эпостану салаларында көптеген еңбектер жазылды. Дегенмен, ауыз әдебиетінің көне кезеңдеріне, ондағы мәдени мұралардың түп төркініне тереңдеп бару, оларды тарихпен, археологиямен, этнографиямен, өнермен, жалпы оларды бар салаға қатысы бар ортақ рухани құндылық ретінде қарастыру мәселесін алғаш рет көтеріп, осы тұрғыда мол ізденістер жасап есепсіз қазына, байлық тастар кеткен ғалымның бірі де бірегейі де көрнекті ғалым Ә. Марғұлан [2]. Осы орайда, Ә.Марғұланның «Ежелгі жыр-аңыздар» атты монографиялық еңбегі зерттеушінің тарихшы, этнограф, археолог, өнертанушы, филолог ретіндегі жан-жақтылығын айқын байқатады. Бұл еңбекте халықтың, түркі тектес халықтарға ортақ рухани, әдеби, мәдени мұралар тек әдебиеттану тұрғысынан ғана емес, елдің рухани құндылығы ретінде терең талданады. Ғалым фольклорды, жалпы сөз өнерінің архаикалық көне кезеңін жеке қарастырып, далалық ойды даналық дәрежеге жеткізіп, халқымыздың ғасырлар бойы жасалған рухани дүниелерін әлемге танытып, осы зерттеулері арқылы мойындатқаны да мәлім. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізіміне енген: наурыз, айтыс, құсбегілік, қазақтың киіз үйі, Қорқыт ата, қобыз, қобызда күй орындау дәстүрі, бақсы сарыны, қазақтың зергерлік өнері, тері өңдеу, Қыз Жібек, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырлары, т.б. Әлкей Марғұлан зерттеуінен ерекше орын алған құндылықтарымыз [3, 385-386].

Қазіргі кезде Ә.Х. Марғұланның этнотарихи тәсілін пайдаланып, оған қоса жаңа ізденістер арқылы ежелгі тарихи жыр-аңыздардың, шежірелердің тарихи маңыздылығын қайта қарап, оларды қазіргі заманға лайықты тұрғыдан талдап жаңадан табылған жазба және заттық деректермен салыстырып қазақ халқын қалыптастырған сақ, үйсін, оғыз, түрік, қыпшақ тайпалардың бұрын соңды ашылмаған ақтаңдақ беттерін ғылыми тұрғыдан толықтыруға болады. Ол үшін, біріншіден далалық жыр

аңыздарды, шежірелерді тарихшылар, ауыз әдебиетшілер, этнографтар бірлесе отырып, бір бағытта кешенді түрде зерттеулер қажет.

Әлкей Хақанұлының рухани мәдени мұраны зерттеуде және дереккөздік маңызы ерекше зерттеулерінің қатарында Қорқыт бабамыз туралы зерттеу еңбектері ерекше мәнде. Ә.Х. Марғұлан «Қорқыт бұрынғы ғалымдар мен ақындар есінде» атты ғылыми – зерттеу еңбегінде: Қорқытты бірінші рет таң қаларлық әдемі сөзбен ғылым жүзіне келтірген арабтың географы Истахри (Х ғ.). Бүгінде тарихи заманның биік ойшысы Қорқыт жырау туралы түрлі тілде көптеген мәліметтер жиналса, олар ескі түркі, парсы, араб жазуларынан алынған. Солардың ішіндегі ерекше көзге түсетіндері атақты тарихшы Рашидаддиннің Қорқыт, Оғыз, олардың ұрпақтары туралы жазып кеткен жолдары. Олардың әлі күнге басылмаған кейбір тараулары Стамбулдың Топқапы сарайында сақтаулы тұрғанын, ол – «Жами-ат- тауарих» шығармасының бөлімі екенін жазды [6, 156-б.]. «Жами-ат-тауарихты» жақсы пайдаланып көркейте жазған Хафиз Аброй («Мужмала-ат-тауарих»). Ә.Х. Марғұлан жазуында Қорқыт туралы Рашидаддин әдемі пайдаланған көптеген аңыз-әңгімелерді кейін Абылғазы да келістіре жазып қалдырған.

Ғалымның зерттеу еңбектерінде Қорқытты есте қалдырған ұлы данышпандардың бірі – «өзбектің шайыры» Мир Әлішер Науаи. Халық ортасында айтылатын «Қорқыт» пен «Оғыз-наме» аңыздарын тамаша жазып кеткен ойшының бірі – Әбубәкір ибн Абдулла ибн Айбек Дудари. «Оғыз-намедегі» «Дәу қиясы» қазақтың ауыз әдебиетінде көп тараған мифтердің бірі және ол «Қорқыт кітабында» аңыз болған «Төбе көз» ағызына келіп тіреледі.

Атап өтетін ерекше мәселе, ол ғалымның Қорқыт туралы зерттеулерінде Қорқыттың тарихи адам екенін жазуы. Ол VII–X ғасырларда Сыр бойын мекендейтін Қаңлы ұлысының бір тобы оғыз руы қияттарынан шыққан. Ол кезде бұрынғы қаңлының қаңлы-қыпшақ, я оғыз-қыпшақ аталып, олардың астанасы Сырдарияның жағасындағы Жанкент деген қала болған. Қорқыттың туып-өскен жері – осы Жанкент, қазіргі Қазалының шығыс жағында 50-60 шақырым тұрады-деп анық көрсетеді. Тарихи жазулардың мезгеуінше Қорқыт VII–VIII ғасырларда билік құрған Оғыз ханмен замандас. Сондықтан Оғыз ханның әңгімесі жүрген жерде Қорқыттың жыры бірге жүреді.

Ә. Марғұлан зерттеулерінде: Қорқыттың толық жырын қазақ пен түрік бұрын жақсы білсе де, кейін ұмытып, оның тек атын, істеген ісін, аңыз болып айтылатын әңгімесін ұмытпаған. Қорқыттың толық жыры ескі



оғыз тілінде ғана байқалады. Қорқыттың күйші, тарихи адам екені араб жазушыларына ғана емес, оның жыршы, музыкант, философ екені грек жазушыларына да белгілі. X ғасырдағы Рум (Византия) патшасы Константин Қырмызы «Мемлекет басқару» кітабында Қорқытты «пешене қыпшақтарының ел ағасы»- дейді. Константиннің бұл сөзі Мәжәнидің «Мустафат-ул-Ахбар» кітабында Оғыз хан туралы айтқаны дәл келеді -деп жазады.

Қорқыт бейнесін әсерлі көрсететін – оның өлімге дауа іздеп, ажалға қарсы тұруы екені белгілі. «Қорқыттың өлімге қарсы тапқан дауасы, халық эпсанасының дәріптеуінше, ол мәңгі ағып жатқан өмір бұлағындай, сайраған қобыздың үні болатын. Қобыздың үні, музыканың күйі, қобыз оның мәңгілік серігіндей болады,- деп жазды Ә. Марғұлан [7, 204-б.]. «Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі» атты еңбегінде Ә.Х. Марғұлан: «Қазақ аңыздарында Қорқыт қазақтың күй атасы, қазаққа ән, күй, музыка үйретуші. Халық музыкасында Қорқыттан қалған мұраның ең тамашасы «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңірі биі». Бұларға музыка мен философия қосылып ұласады. Қорқыт сарынында күйші өзінің ата-бабасын еске түсіреді, өткен замандағы ерлік дәуірді асқақтата толғайды, келешекке, ізгілікке үндейді. Қорқыт музыкасын Қазақстан өлкесінде ғасырлар бойы сақтап келген бақсы-жыраулар. Шоқанның (Шоқан Уәлиханов) айтуынша, олар – әрі ақын, әрі музыкант, әрі сәуегей, оның үстіне емші. Шоқанның пікірі Рашиддиннің Қорқыт туралы айтқандарына өте үндес». Ғалымның бұл ойларын қазақ музыкасын зерттеуші өнерпаздардың көбі жақтаған [6, 212-б.].

Ә. Марғұлан жазуында, Қорқыт туралы қазақ халқы айтатын қария сөздер Еуропа әдебиетіне өткен ғасырдың ортасынан бері қарай белгілі бола бастаған. Олардың кейбір ұшқындарын ең алғаш жарыққа шығаруға ой бөлген ғалымдар – Ш. Уәлиханов, В.В. Вельяминов-Зернов, П.И. Лерх, Л. Герн, Л. Мейер, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, тағы басқалары. Қорқыт туралы кейбір ғалымдардың жарияланбаған пікірлері хатпен жазылған мәлімет түрінде Ғылым академиясының архивінде сақтаулы. Оның бірі– В.В. Бартольдтің 1891 ж. Берлиннен В.Р. Розенге жазған хаттары. Бұл хаттардың мазмұнынан академик В.В. Бартольдтің Қорқыт мәселесіне осы жылдардан бастап қызыға түскені байқалады. («Деде Коркуд» әңгімесі, оғыздардың ескі сөзі. Дрезден қаласында таныстым, тегіс көшіріп алу мақсатым бар).

«Осы Дрезденде сақталған «Китаби Деде Коркут» жырын түрік тіліне бірінші рет аударған мұғалім Рифат, одан кейін қазақтар мен

түркімендерде айтылатын көп қария сөздерді толығынан кіргізіп жаңадан басып шығарған Стамбул университетінің профессоры Орхан Шайық [4, 145-б.]. Ватикан мен Дрезден нұсқаларын бірдей қамтып, бірінде жоғын бірінен толықтырып жаңадан бастырған Мухарем Ергин. Орхан Шайықтың анықтауынша Қорқыт ата халықтың шайыры, музыкада сарын тартатын қобызшы, қазақтарға музыка үйретуші ұстазы, олардың рухани санасында ұлы сәуегей, қазақ бақсыларының пірі, әрі ұстазы, табынатын тұлғасы»-деп жазды Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде.

Қорқыт әфсанасы мен «Оғызнаме» хикаясын зерттеген француз ғалымдары – Паул Пеллио, Е. Блоше, П. Ру, неміс ғалымдары Н.Ф. Ди, М.П. Хутсма, И. Хейн, Ф. Бабингер, С. Броккельман, итальян ғалымы Э. Росси. Бұл ғалымдар Қорқыт пен Оғыздың шыққан заманын, ол кезде Сыр бойын қоныстаған оғыз бен қыпшақтардың географиясын, тарихын, халық аңыздарын, қария сөздерін, өнерін, нақыл мен мақал сөздерін, ел басқаратын адамдарын (төре, тегін, жабғу), олардың халыққа көмек көрсеткен алыптарын әңгіме етіп, Қорқыт туралы ғылымға көп жаңалық қосты. Қорқыт жырында кездесетін ант ішу, қарғыс айту, алғыс айту, ой сананың ашық сипаты, әсіресе ақсақалды қарт адамның алғыс айтуы ұлы жиында кездеседі. Қазақ аңыздарындағы дана Қорқыт халықтың кемеңгер ұстазы, ақылшы батагөй, кеңес беретін данасы. Мұны қазақтар «Қорқыт ата», «Қорқыт әулие» деп атаған. Баласыз ата, панасыз жас, шөгіп қалған бейбақ, бәрі оның аталық панасына келіп, тыныс алып, оның ақылымен, кеңесінен қуат алады. Дана Қорқыт мезгіл-мезгіл сәуегейлік айтып, ілгеріде не болатындығынан хабар береді. Толғау жырларымен, өсиет сөздерімен халықты ойға түсіріп, нақыл сөздерімен оларды адасудан сақтанып, дүниеге сын көзімен қарауға тәрбиелейді [4, 148-б.].

Музыкашы Р.А. Пфеннигтің бақылауынша қобыз ежелгі заманның музыка аспабы болса, бақсы сол заманның асқан ақыны, музыканты. Қазақ музыкасын зерттеушілердің ойынша да кейбір бақсылар шын мағынасында «дарынды музыкант әрі ақын, әрі актерлік ролін атқарған». Ежелгі бақсы – жыраулардың бір тобы «абыз» деп аталған (Нысан абыз, Құрманбай абыз, т.б.). Бұлардың ерекшеліктері ескі заманның хаттарын, тасқа жазылған, ағашқа, теріге түсірген жазуларын оқи білген, сөздерін тани білген. Абыздар бір жерде отырмайды, ылғи тау-тасты аралап, тасқа жазу түсіріп, ескі жазуларды оқып, жирен атқа мініп, ел қыдырып, қобыз тартып, сарын айтып, сәуегейлік құрып жүретін болған. Бұл дәстүр әсіресе Алтайда, Тарбағатайда, Ертіс бойында көбірек сақталған. Алтайда жирен

атқа мініп, қобызбен күй тартып, сарын айтып жүретін қарияларды «Жиренше», не «Сары абыз» деп атаған.

«Қобызды аққуға ұқсатып жасаудың зор тарихи мәні бар», – деп жазды Ә.Х. Марғұлан. Біріншіден, халықтың сұлулықты сүйетін ой-санасы бойынша, қудың дауысы – жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үн. Екіншіден, аққу қазақтардың ерекше қадірлейтін киелі құсы, оны еш уақытта атып өлтіруге болмайды, су бетінде жүзіп жүрген аққуды көрсе, қуанып, сүйсіне қарайды. Мүмкін, тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуға тиіс [4, 199–200-бб.]. Қобыздың ең ескі түрі – Ұлытаудың теріскей баурайында бір ғажайып мүсін таста сақталған. Екінші бір түрі Қарқаралы аймағында, Дегелең тауының бір алабында VI–VIII ғғ. мүсін тасқа қиып түсірілген. Қобызды үйеңкі ағашынан жасайтынын қазақ пен Алтай елінің аңыздары өте жарқын түрде суреттейді. Қазақтың ескі дәуірдегі қобызының формасы аққудың бейнесіне ұқсайды, мойыны ұзын, құйрығы сопақ, ұзынша келген, аққудың құйрығы сияқтанып тұрады. Сырт жағынан қарағанда аққудан ешбір өзгешелігі жоқ. Сол сияқты бір – екі қобызды музыкатанушы Болат Сарыбаев Алтай қазақтарының ішінен тапқан [6, 217-б.]. Қорқытпен байланысты қазақтың күй-аңыздары мәдениет мұрасының ең күрделі түрінің бірі. Қобыз өзінің тарихи-музыкалық қасиетін XIX ғасырдың ортасына дейін сақтап келді. Бірақ жырдың сюжеті, қобызды шалқыта тарту үлгісі атақты Жанак ақын өлген соң ұмытыла бастаған. Жанак қобыздың көрікті үніне қосып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын күніренте тартып бергенде, Құнанбай оған үлкен сый тартады. Қаратаулық атақты күйші Ықылас, оның Жаппас Қаламбаев, Дәулет Мықтыбаев секілді дәстүрін жалғастырушылар болды [6, 220-б.]. Ә. Марғұлан 1946 ж. Көктас өзені бойында отырған «Тасты» совхозында Ықыластың үйінде болады. Кішіпейіл қартаң әйел – Ықыластың келіні қарсы алады. Үйдің жоғары уығында Ықыластың қобызы ілулі тұрады. Келіні «Біз Алматыға апарып, халыққа таныс етейік» деген сөзге көнбейді. Қобызды бермек түгілі келген адамға ұстатпайды да екен. Ол кісінің айтуынша Ықылас жапан түзді жақсы көрген әрі ақын, әрі күйші, әрі аңқұмар кісі екен. Ойға, толғанысқа түскен кезде үйінде отыра алмай, қобызын алып, су басына, не ағаштың түбіне барып, күй тартады. Мұның бәрі ерте замандағы Қорқыттан қалған дәстүр [4, 201-б.]. Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Ол атақты шешен, ел басқарушы, онымен қатар дүлдүл жырау, күйші, бірінші рет қобыз жасаушы, қазақ музыкасының атасы.

Осы орайда, Академик Ә.Х.Марғұланның Қорқыт тақырыбын зерттеуде көптеген түрік ғалымдарымен біріге жұмыс жасап, Қазақ-түрік ғылыми байланыстарына қосқан зор үлесін де атап айтамыз. Жазушы ғалым Орхан Шайк Гөкяй, академик, тарих профессоры Тұнжер Байқара, ғалым Емел Есиндермен хат жазысып, әсіресе Қорқытты зерттеу мәселесінде ғылыми тұрғыда пікір алысып, ой бөлісіп тұрған. Мысалы академик Ә.Марғұлан архивінде Орхан Шайк Гөкяйдің тоғыз хаты: оның ішінде, мысалы, 1969 жылы 26-желтоқсанда, 1972 ж. 11-шілдеде, 1972 ж. 8-қазанда Ыстамбұл қаласынан жазған хаттары, Емел Есиннің: 1973 ж. 9-қыркүйегінде Ыстамбұлдан, 1974 ж. 18-сәуірінде Анкарадағы Түрік мәдениетін зерттеу институтынан, 1975 ж. 29-қыркүйекте Цюрих қаласынан жазған үш хаты; профессор Тұнжер Байқараның: 1970 ж. 5-қарашада, 1971 ж. 6-маусымда, 1973 ж. 18-сәуірде Ыстамбұлдан жазған үш хаты сақталған.

Сонымен қатар 1972 жылдың желтоқсан айында Халықаралық Алтай конференциясының Бас хатшысы Президент Ахмет Темірдің Ә.Марғұланға жазған ресми хатында 1973 жылдың 21–26 қазанында өтетін Халықаралық Алтай конференциясына шақырған. Келесі хатта Түркология конгресінің уақыты өзгергенін, яғни 1973 жылдың 15–20 қазанында өтетінін хабарлап, түрік және ағылшын тілдерінде шақырту хатын жолдаған.

Тағы бір ресми хат академик Ә.Марғұланға 1976 жылдың сәуір және мамыр айларында «Түрік тарих қоғамы» кітапханасынан келген. Хаттарға кітапхана директоры Михин Ергеннің қолы қойылған.

1982 жылдың 20–25 қыркүйегінде Ыстамбұл университетінің Түркология институтында өтетін «Түркітанушылардың Төртінші халықаралық съезіне» де шақырту алған. Ресми хатқа Бас хатшы Президент профессор Мухаррем Эргин, институт директоры Түркітану профессоры Садегтин Булук қол қойған. Бұл хаттардың әрқайсысы екі туысқан ел ғалымдарының берік достығының куәсі- құнды деректер.

Рухани байлық жер көкірегінде емес, ел көкірегінде сақталуы тиіс. Бүгінгі жаңа дәуір тынысын сезінуде ұлттық құндылықтарға ерекше мән беру басты мақсатымыз. Ата-бабаларымыздың тарихқа қалдырған мәдени мұраларының тамырына үңілу, танылған дүниелерімізді толықтыру, көмілген қазыналарды ашып алумен қатар, өнер туындыларын жаңа белестерге өрбіту міндетіміз. Рухани мәдениетіміз көп нәрсені айқындайды. Үнемі мәдени өркендеудің арқасында ғана өркениетті елдер қатарына қосыла аламыз. Өркениеттің үрдістердің тенденциясы мен мәнін

ашу ауқымды мәселе. Бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі қазақ өркениетін әлемдік өркениет құндылықтарымен үйлестіру.

Халықтың рухани мәдени байлықтарын қалпына келтіре отырып ұлттық байлыққа ұмтылдыруға ізгілікті еңбек етуіміз керек. Тарихи мұраларды түгендеуді мемлекет тұтастығының символына айналдыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі.

#### **Әдебиет:**

1. Марғұлан А.Х. О характере исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Каз ФАН СССР, Сер.историч. – Алматы, 1946 – № 2 – С. 75–81.

2. Пірәлиева Г. Әлкей Марғұлан және шоқантану мәселелері. /Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттанушылары. Шымкент.- 2010.

3. Хамитова М.А. Әлкей Марғұлан және мәдени мұра /Ғылыми танымдық зерттеу. Проф. Х.М.Әбжановтың жалпы редакциясымен. Алматы: Орхон баспа үйі, 2019.-488 б.

4. Марғұлан Ә.Х. Қазақтағы қорқыт аңыздарын дәстүр етушілер.// //Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 143–156-бб.

5. Билял А.Б. Академик Ә.Х.Марғұлан еңбегіндегі қазақ халқының жыр – аңызының этнотарихи мұрасы // Көшпенділер өркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: ЭКО, 2004. – 269 б.

6. Марғұлан Ә.Х. «Ежелгі жыр аңыздар».1 том, А., «Алатау», 2008 ж.

7. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи - әдебиеттік зерттеулер атты докторлық диссертация. 3том, Алматы, «Алатау», 2008ж. - 488б.

## **ЭВАКУАЦИЯ СОВЕТСКИХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ**

**Батталов А.Б.**

*КГУ «СОШ №27», г. Павлодар*

*e-mail [adil130382@mail.ru](mailto:adil130382@mail.ru)*

***Аннотация.** Статья посвящена проблеме эвакуации советских детей в Казахстан в годы Великой Отечественной Войны. В работе показаны количество переселившихся детей. Дается анализ исторических источников по изучаемой проблематике.*

***Ключевые слова:** эвакуация, фронт, гражданское население, дом малютки, детские приемники.*

***Аннотация.** Мақала Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңестік балаларды Қазақстанға эвакуациялау мәселесіне арналған. Мақалада қоныстанған балалардың*

саны көрсетілген. Зерттелетін тақырып бойынша тарихи дереккөздерге талдау жасалады.

**Түйінді сөздер:** эвакуация, майдан, бейбіт тұрғындар, сәбилер үйі, балалар үйлері.

**Annotation.** the article is devoted to the problem of the evacuation of Soviet children to Kazakhstan during the Great Patriotic War. The paper shows the number of resettled children. An analysis of historical sources on the subject under study is given.

**Key words:** evacuation, front, civilian population, baby house, children's homes.

1. Обоснование темы исследования, формулирование задач, показ степени изученности предмета. На этом этапе определяется объект исследования, формулируются гипотезы исследования, выдвигаются цели и задачи.

2. Источниковедческий анализ, который включает в себя описание и характеристику источника, его историю, анализ содержания и структуры текста, выявление авторства и цели создания источника, исследование источниковой базы.

3. Выявление намеренной и скрытой информации, ее систематизация и последовательный анализ. На этом этапе проводится интерпретация содержания источника, выявление основных и второстепенных фактов, оценка достоверности источника.

4. Выводы о возможном использовании данного источника для реконструкции исторической действительности. На этом этапе делаются выводы о значимости источника для исследования, его применимости для реконструкции исторической действительности, а также выявляются возможности его использования в будущих исследованиях.

Таким образом, основная структура источниковедческого исследования должна сохраняться, несмотря на возможные изменения в зависимости от конкретного источника и задач исследования. Можно сказать, что электронным источникам присущи особые свойства отражения исторической информации.

Развитие информационных технологий и сети Интернет привели к возникновению новых форматов источников, которые ранее не были

известны. Индивид как участник событий, часть социума, воспринимает окружающий мир сквозь сложные механизмы человеческой психики: верований, убеждений, моральных норм и т.д., что значительно затрудняет анализ содержания источника, требуя от исследователя привлечения дополнительных источников информации для определения степени объективности представленных в онлайн-формате данных. Электронному источнику можно дать следующее общее понятие, используя принцип целеполагания, применяемый для характеристики письменных источников [3, с. 446]: это такие исторические источники, функцией которых является установление межличностной коммуникации в эволюционном и коэволюционном целом. Критерием обособления источника выступает содержание устанавливаемых им коммуникационных связей. Применительно единицы электронной информации – это изучение взаимосвязи информационного содержания посредством гипертекстовых ссылок как вкладываемых авторами или редакторами значений в используемые понятия.

Использование новых форм исторических источников способствует развитию у учащихся исторической эрудиции. Учащиеся узнают о различных исторических событиях, персонах, культурных явлениях и т.д., которые не всегда могут быть освещены в учебниках. Работа с документами даёт возможность расширить кругозор учащихся и развить их интерес к изучению истории. Учащиеся узнают о том, как люди в прошлом боролись за свои права и свободы, какими методами они пользовались, какие были последствия их действий.

Введение документов в преподавание истории имеет множество преимуществ, которые позволяют формировать у учащихся метод исторического знания, развивать критическое мышление и историческую эрудицию, а также способствуют формированию гражданской позиции.

#### ***Литература:***

1. Сексебаева Г.А. Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты: монография – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 272 с.
2. Алимгазинов К. Современные технотронные источники: информационный анализ исторических гипертекстов. Монография. – Алматы: Елтаным, 2014. – 348 с.
3. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории: Учебное пособие / И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – Москва: Изд-во РГГУ, 1998. – 701 с

## НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ РЕПРЕССИЙ В ОТНОШЕНИИ РАСКУЛАЧЕННЫХ ПО МАТЕРИАЛАМ АРХИВОВ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

*Аманова А.С.*

*Павлодарский педагогический университет  
им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, [amanova803@mail.ru](mailto:amanova803@mail.ru)*

**Аннотация.** Мақалада Павлодар облысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі өңірлік комиссияның халықтық көтерілістер мен наразылықтар, бай, кулак, орта шаруа мен шаруалар, мәжбүрлі босқындар, күштеп ұжымдастыру құрбандары, дайындаушы және басқа да саяси науқандар жөніндегі бірінші ғылыми-зерттеу жұмыс тобы мүшелерінің қызметі көрсетілді. Ғалымдар зерттеген кезеңнің хронологиялық шеңбері ХХ ғасырдың 20-30 жылдарын қамтиды. Мақалада кеңес мемлекетінің саяси қудалауының негізгі белгілері, мұрағат материалдары мен құжаттарын зерттеу барысында анықталған фактілер көрсетілген. Автор қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша ұсынысты дайындау барысында зерттеушілер тап болған мәселелерді келтірді.

**Түйінді сөздер.** Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтай жөніндегі комиссия, кулактардың мүлкін тәркілеу, мұрағаттық құжаттар, босқындар, ашаршылық.

**Аннотация.** В статье представлена деятельность членов первой научно-исследовательской рабочей группы по народным восстаниям и протестам, баям, кулакам, середнякам и крестьянам-шаруа, вынужденным беженцам, жертвам насильственных коллективизации, заготовительных и других политических кампаний Региональной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий Павлодарской области. Хронологические рамки изучаемого учеными периода охватывают 20-30 годы ХХ века. В статье показаны основные черты политических гонений советского государства, факты, которые выявлены в ходе изучения архивных материалов и документов. Автором приведены проблемы, с которыми столкнулись исследователи в ходе подготовки рекомендации к реабилитации жертв репрессий.

**Ключевые слова.** Комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, раскулачивание, архивные документы, беженцы, голод.

**Annotation.** The article presents the activities of the members of the first research working group on popular uprisings and protests, bayas, kulaks, middle peasants and sharua peasants, forced refugees, victims of forced collectivization, procurement and other political campaigns of the Regional Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression of the Pavlodar region. The chronological framework of the period studied by scientists covers 20-30 years of the twentieth century. The article shows the main features of the political persecution of the Soviet state, the facts that were revealed during the study of archival materials and documents. The author presents the problems faced by researchers during the preparation of recommendations for the rehabilitation of victims of repression.

***Keywords.** Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression, dispossession, archival documents, refugees, famine.*

На основании Указа Президента Республики Казахстан К. Токаева от 24 ноября 2020 года «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий» в Павлодарской области создана Региональная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, основной задачей которой является полная юридическая и политическая реабилитация жителей Павлодарского региона, ставших жертвами политических репрессий. В составе Региональной комиссии созданы рабочие группы по трем направлениям, в которые вошли ученые-историки, архивисты и краеведы.

Изучением участников народных восстаний и протестов, раскулаченных баев, кулаков, середняков и крестьян-шаруа, вынужденным беженцам, жертв насильственных коллективизации, заготовительных и других политических кампаний занимается первая научно-исследовательской рабочей группой Региональной комиссии. Члены рабочей группы в течение двух лет изучают документы архивов Павлодарской области. В ходе научно-исследовательской работы выявлены жертвы насильственных коллективизации, заготовительных и других политических кампаний большевистско-сталинской власти в отношении крестьянства.

Анализ архивных документов показал внеправовой характер осуществления этапов коллективизации в регионе (конфискация, лишение избирательных прав, выселение, ликвидация кулачества как класса и т.д.). По административным репрессиям следовали политические гонения на граждан по решению «собрания бедноты», аулсовета, сельсовета, райисполкома, горисполкома, окрисполкома.

В данном контексте отметим основные черты политических гонений советского государства, факты которые выявлены в ходе изучения архивных материалов и документов (протоколы допросов, обысков, справки об отбывании наказания, списки изъятых вещей, фотографии из следственных дел, копии приговоров, документы, изъятые при аресте как вещественные доказательства, воспоминания, справки о реабилитации и др.) Государственного архива Павлодарской области и Специального государственного архива Департамента полиции Павлодарской области:

- ложные, вымышленные обвинения;



- жестокое обращение с подозреваемыми (чаще всего выявленным по слухам и доносам), включая изощренные физические пытки, которые применялись с целью добиться признания в сокрытии излишков хлеба;
- заочный характер вынесения приговоров внесудебными органами;
- «упрощенный порядок» рассмотрения дел судебными органами без соблюдения правовых норм;
- вынесение приговоров подавляющему большинству арестованных не судами, а (антиконституционными) внесудебными органами, часто специально создаваемыми для проведения отдельных государственных кампаний («тройки», «комиссии» и др.).

Таким образом, массовые политические гонения в административном порядке – это репрессии без предъявления индивидуального обвинения, применявшиеся, в большинстве случаев, по формальным групповым признакам, в нашем случае по социальным. Изученные документы находятся в материалах государственных ведомств, которые велись в связи с отдельными кампаниями и менее полны и точны, чем материалы по «индивидуальным репрессиям». Репрессии «в индивидуальном порядке» практически всегда сопровождалось соблюдением (хотя бы только на бумаге) следственной и (квази)судебной процедуры. На каждого арестованного заводилось отдельное следственное дело. Статистический учет по таким делам велся органами госбезопасности систематически и по единообразной (хоть и время от времени менявшейся) форме.

Для подтверждения факта раскулачивания в годы коллективизации по документам Государственного архива Павлодарской области основанием служат списки кулаков и баев, списки лиц, лишенных избирательных прав, содержащиеся в документах окружных и районных исполнительных органов. В списках указаны фамилия, имя, отчество (если имеется), социальная группа, имущественное положение, содержится информация о конфискованном имуществе. Статья, срок и характер осуждения указаны не во всех документах.

Однако следует учесть, что данные списки не являются исчерпывающими. В большинстве районных исполкомов подобные документы были утрачены в процессе делопроизводства и на хранение в госархивы не поступили.

Сложность изучения региональных материалов 1920-1930 гг. связана с административно-территориальными делениями, которые происходили в указанный период. В январе 1928 года был образован

Павлодарский округ из волостей Павлодарского и Семипалатинского уездов Семипалатинской губернии и части Петропавловского уезда Акмолинской губернии в составе 9 районов. Павлодарский округ на основании постановления ВЦИК от 23 июля 1930 года ликвидирован и введено районное деление. С ликвидацией округа все окружные организации прекратили свою деятельность. Районные организации, подчинялись непосредственно республиканскому центру. В областном архиве наиболее полно подобные документы составлены лишь по Павлодарскому району. Документы более раннего периода сохранены не в полном объеме, которые не могут быть основой для подачи лиц для рекомендации к реабилитации.

Материалы Павлодарского уезда содержатся в фондах Центра документации новейшей истории (г. Семей), работа по изучению данных фондов затруднена ограничением финансирования научных командировок членов рабочей группы.

Выявленные и изученные данные по «массовым» репрессиям, которые имеются в материалах фондов судов и прокуратуры, представленные в основном в статистических отчетах, позволяют нам определить, сколько людей каждый год было арестовано по какому обвинению. Изучая цифры арестованных, под этим углом зрения, мы видим, что органы безопасности арестовывали людей не только по политическим обвинениям, но и по обвинениям в контрабанде, спекуляции, хищениях социалистической собственности, служебно-должностных преступлениях, убийствах, и т.д. Для того, чтобы реально выяснить наличие или отсутствие политического мотива в каждом отдельном случае, необходимо изучение конкретного дела, что невозможно практически, т.к. личные дела кулаков, баев, середняков и крестьяне-шаруа, подвергнутых массовым политическим репрессиям, хранятся в Центральном государственном архиве Республики Казахстан. Мы вынужденно имеем дело не с конкретными делами, а с документами в виде списков, отчетов, справок, сводок, информации и др. По мере изучения данных материалов члены рабочей группы вносят сведения о лицах, подвергнутых политическим репрессиям, в развернутую таблицу, предложенную членом республиканской рабочей группы С.А. Жакишевой. В перспективе, когда будет сделан свод архивных данных, на региональном уровне (Павлодарской области) будет установлено процентное соотношение репрессированных по возрасту, полу, национальности, уровню образования и т.д.

Просмотренные документы и материалы фондов Государственного архива Павлодарской области и Специального государственного архива Департамента полиции Павлодарской области имели гриф «совершенно секретно», поэтому смеем полагать, что есть основание для пересмотра соответствующими органами вышеозначенных людей для их полной реабилитации. В делах имеется информация о неправомерных действиях органов советской власти, о местах их высылки, о количестве конфискованного скота, при этом следует учесть, что подсчет велся по характеристикам, имеющимся в просмотренных документах. Не во всех документах четко прописаны категории, поэтому сложно вести подсчет. Сведений о реабилитации / нереабилитации по некоторым лицам не имеются.

По категориям беженцев, предложенными руководителем республиканской рабочей группы К.Н.Балтабаевой, членами рабочей группы на сегодняшний день выявлены из числа населения следующие категории, вынужденных покинуть пределы Казахстана: беженцы от голода 1931-33 гг., участники крестьянских восстаний конца 20-х – начала 30-х годов, верующие и представители духовенства, подвергнутые гонениям и репрессиям по религиозному признаку в колониальный и советский периоды, беженцы от политических репрессий советов и злоупотребления властью в ходе проведения различных массовых насильственных кампаний (хлебозаготовки, гужевая повинность, мясозаготовки, закрытие мечетей, силовое оседание, коллективизация).

Анализ документов свидетельствует о том, что несмотря на усиление откочевок и развивающейся эпидемии, местные органы не в состоянии были приостановить откочевки, бороться с эпидемиями и оказать действительную помощь голодающим. Запрещено было официально говорить, что есть голод и смертные случаи на этой почве. В рассекреченных архивных документах имеются неполные сведения о голоде и беженцах, которые были дополнены источниками устной истории в ходе историко-этнографических экспедиций.

В результате экспедиции в районы области были проведены опросы людей старшего поколения (их детей), краеведов и тех, кто помнит имена репрессированных родственников и земляков, также мог указать интересующие нас места массовых захоронений. В ходе поездок в районные центры изучены материалы в районных архивах, где учеными выявлены документы, характеризующие исполнение на местном уровне указов, директив центральных органов власти. Подготовлена

интерактивная карта мест захоронений жертв политических репрессий и голода в Павлодарской области. Продолжая поисковую работу, сформирован список долгожителей Павлодарской области, с целью проведения опроса и сбора материалов устной истории. Так как долгожители являются непосредственно свидетелями тех событий, представленная ими информация рассматривается как ценнейший материал, дополняющий архивные источники. В результате бесед с местными краеведами определена группа информаторов, в лице вернувшихся из Китая и Монголии репатриантов (қандастар), для сбора информации по беженцам, вынужденным покинуть пределы Казахстана в 1916-1930-е годы.

Таким образом, выявленные членами группы лица (кулаки, баи, полуфеодалы (середняки) и крестьяне-шаруа), которые по политическим мотивам были подвергнуты в административном порядке выселению, лишению избирательных прав, конфискации имущества, привлечению к принудительному труду в условиях ограничения свободы рекомендованы к реабилитации.

Изученный и проанализированный на сегодняшний день архивный материал выявил проблемы с определением жертв административных репрессий, конкретно, на раскулаченных без высылки, т.е. лишенных домов и имущества и переселенных внутри своих регионов во время коллективизации. Необходимо учесть не только детей, согласно действующему законодательству, но и других членов семьи. Практически никого из «лишенцев» уже нет в живых, но для многих потомков факт реабилитации их родных кажется важным. Для нас же реабилитация этих людей важна как факт восстановления исторической справедливости.

## **XVIII Ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ЕРТІС-БАЯН ӨҢІРІНЕН ШЫҚҚАН БАТЫРЛАРДЫҢ ЕЛШІЛІК- ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕГІ ҮЛЕСІ**

***Бегембет Т.М., Елемесов Ә.Қ.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., [alibek-ele@mail.ru](mailto:alibek-ele@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Атаулы мақалада жерлес батырларымыз Қанжығалы Бөгенбай, Сырым Малайсары, Олжабай батырлардың көршілес Қытай, Жоңғар, Ресей мемлекеттерінің билеушілері мен қолбасшыларымен арадағы келіссөздерге, даулы мәселелерді шешуде ел қамы үшін оңтайлы қызметтер атқарғандығы жөнінде мәселелер зерттеледі.

**Кілт сөздер:** дипломатия, қазақ-жоңғар қатынастары, қазақ-қытай қатынастары, саяси қызметтер, батырлар институты.

**Аннотация.** В данной статье исследуются вопросы о том, что наши земляки-батыры Кинжыгалы Бөгенбай, Сырым Малайсары, Олжабай батыры занимали оптимальные для страны должности в переговорах с правителями и командирами соседних китайских, Джунгарских, российских государств, решении спорных вопросов.

**Ключевые слова:** дипломатия, казахстанско-джунгарские отношения, казахстанско-китайские отношения, политические службы, институт батыров.

**Annotation.** This article examines the issues that our fellow countrymen-batyr Kizhygaly Bogenbai, Syrym Malaysary, Olzhabai batyr occupied optimal positions for the country in negotiations with the rulers and commanders of neighboring Chinese, Dzungarian, Russian states, resolving controversial issues.

**Keywords:** diplomacy, Kazakh-Dzungarian relations, Kazakh-Chinese relations, political services, batyr Institute

Елінің тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының біртұтастығын, жерінің бүтіндігін армандаған қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде жоғары деңгейге көрініп отырды. Қазақ-жоңғар соғысқан, аласапыран заманда қазақ хандығын саяси-дипломатиялық дамуы үшін, ер жүрек жерлес батырларымыздың да ерлігі мен қатар елшілік-мәмілегерлік еңбектері аз болмады.

Қазақ батырлары жайлы мәліметтер келтіріп, өз бағасын беріп кеткен зерттеушілер аз болмаған, солардың қатарында И.Г. Андреев [1], Е.К. А.И. Левшиннің [2], Ш.Уәлиханов [3] еңбектерін атап өтуге болады.

Белгілі зерттеуші К. Мейендорф Орынбордан Бұхарға барған сапарында жинаған материалдарлының жазбасында қазақтарды негізінен ақсақалдар, билер, батырлар, сұлтандар мен хандар басқарады дей келе: «... батырами называют людей храбрых, справедливых и предприимчивых, во время войны это наездники», - тұжырымын беріп кеткен [4].

XVIII-XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамына тән батырлар институтының зерттелуіне елеулі үлес қосқан зерттеушілер ретінде Е.Б. Бекмаханов [5] еңбектерін айрықша атауға болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар институтының зерттелуінде тәуелсіздігіміз алғаннан кейінгі жылдары К.Л. Есмағамбетов [6], Ж.Қ. Қасымбаев [7], И.В. Ерофеева [8] - еңбектерін атап өтуге болады.

К.Л. Есмағамбетов еңбектерінде ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ батырлары, олардың тархандық құқықтары туралы шет елдік зерттеушілердің еңбектері талданған. Ж.Қ. Қасымбаев еңбектерінде патша үкіметінің қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының салдарлары ұлт-азаттық күрестер, қазақ жеріндегі орыс-қазақ әскерлерінің тарихы мәселелері қарастырылады. К.Л. Есмағамбетов қазақ қоғамына тән батырлар институтын «қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан, күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс», деп өз бағасын беріп өтеді [6].

Жерлес батырларымыздың ерліктері мен даналықтарын зерттеуге үлес қосқан жергілікті өлкетанушыларымыз бен ғалымдарымыз аз емес. Солардың қатарында алғаш тәуелсіздігімізді алып, тарихымызды бүтіндей бастаған тұста Жеңіс Марданов, Т. Енсебаев, А.Бәделханұлы, Е.Жүсіпов, Ж.Артықбаев, Ә.Жәнісов т.б. атауға болады.

Жерлес батырларымыздың ішінен қазақ хандығының саяси тарихында ерекше орны бар батырлар қатарында Қанжығалы Бөгенбай, Сырым Малайсары, Олажабай батыр, Жасыбай батыр, Уақ Баян батырларды атаймыз. Солардың елшілік қызметтерде көрінген Бөгенбай, Малайсары, Олажабай батырлар.

Бөгенбай Ақшаұлы (1690-1775) 1690 жылы Сырдарияның жағасында дүниеге келген. Бөгенбай батыр Абылайхан тұсындағы танымал әскери қолбасшылардың бірі. Бөгенбай батырдың елі Қанжығалылар ХҮІІІ-ХІХ ғ. Ерейментау, Баянауыл өңірінде, Шідерті, Өлеңті өзендері бойына қоныс тепкен [9, 24 б.].

Бөгенбай батыр Абылай ханның кеңесшісі бола отырып, жеке тапсырмаларын орындап отырған. Әсіресе Қытаймен алғашқы дипломатиялық қатнастар орнатуда үлкен орын атқарды. Ә.Жәнісовтың пікірінше Бөгенбай батыр Қытайға елшілік мақсатымен 3 рет барады.

Алғашқы елшілікке байланысты Ә.Жәнісов Бөгенбай батыр болу керек деп болжайды. Бұл елшілік 1757 жылы наурыз айында қытай қолбасшысы Дадлику бастаған Абылайға жіберген 11 адамдық елшісіне, Абылай хан көп кешікпей 7 адамнан тұратын елшілікті қытай қолбасшысы Фу Дэ-ге жібереді. Бұл елшіліктің мақсаты қазақ-қытай арасындағы соғысты тоқтату бойынша алғашқы қадамдар болатын.

Екінші елшілігі 1757 жылы күзінде қазақ-қытай соғысы аяқталған тұста, ресми елшілікті бас сардар болған Бөгенбай батыр бастап барады. Қытай генералдарымен, богдыханымен келіссөзді қазан айында қытайдың жазғы ордасы Жы-хы жеріне барып, кейін Ежен ханмен бірге Пекинге

барып келіс-сөздер жүргізеді. Елшілік мақсаты екі ел арасында бейбіт қарым-қатынастар орнату, сауда-саттықты дамыту, Тарбағатайға қайта қоныстану т.б. мәселелер болды. Елшілік өз мақсатына жетіп, қазақтар Тарбағатай өңірін қоныстануға рұқсат алады.

Үшінші елшілік 1759 қазақ-қытай байланыстарын дамыту үшін Қытай елшілігін басқарып барған. Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр Абылай ханның сенімді серігі, дипломат боғандықтан Қытай және Ресей секілді екі алпауыт империя арасындағы байланыстарда Абылай ханның саясатын қолдап отырған [10, 15 б.].

Қазақ елі тарихында Сырым Малайсары Тоқтауылұлы атақты батыр, елші, мәмлегер, тархан, қоғам қайраткері, дәулетті бай Бәсентиін руының басшысы «старшыны», қол бастағн қолбасшы ретінде танылған тұлға болып танылады.

XVIII ғ. бірінші жартысында халық арасында Абылайдың алғашқы жақтастарының бірі болған Малайсарының беделі өскедігі жайлы «Абылай манына әр- түрлі партиялар топтасты. Солардың арасында азаттық партиясын Малайсары басқарды», - деген мәлімет Шоқан жазбасында келтірілген. В.А. Моисеев пікірінше XVIII ғ. 40 жылдары Қалдан Серен саясатынан туындаған «қалмақ» бағытын жақтаушылар тобының партиясын Малайсары бастаған. Тарихта Абылайдың тұтқынға түсіп, 1741-1742 жылы жүргізілген келіссөздер барысында босатылғаны белгілі. Тұтқынға түскен Абылайды қалмақ қолынан босатып алуда Қазыбек би мен Малайсарылар бастап барған елшіліктің маңызы зор. Осы оқиғаға қатысты кейбір деректерді орыстың Абылайға келген елшісі капитан Яковлев жазып алады. Деректі айтушы Бөгенбай мен Жәпек батырлар. Бөгенбай қазаққа да, оның сырт көршілеріне де белгілі батыр - қолбасшы, ал Жәпек атығай руынан, Абылайдың сенімді нөкері, тұтқында бірге болған, тағдыры бір адамдар. Олардың баяндауынша Қалдан Серенге қазақтың тоқсан жақсысы Әбілмәмбет баласы Әбілпейізді аманатқа /Абылайды босату үшін/ алып келгенде Қалдан қатты ашуланса керек. Оның түсінігінде Абылайды босату үшін қазақ елі өзінің басты - басты адамдарының балаларын қалмақ ордасына түгел беруі керек еді. Қазақтың игі жақсылары осы сәтте қантарылып, үндемей қалғанында қонтәжіге жауапты Малайсары береді: «у нас и в Россию со всех родов в аманаты не требуют, а ты де хочешь быть больше Великорусского государства». А.И.Яковлевтің жазуына қарағанда әңгіме осылай болған - мыс.

1741 – 1742 жж. Абылайды тұтқыннан қайтару жөнінде жүргізілген келіссөздер барысында қалмақ жағын жақтағаны үшін, Қалдан-Серен Малайсарыға 1743 жылы тархан атағын берген [11, 93 б.].

1739-1742 ж. қалыптасқан саяси жағдай талабы бойынша, жоңғар ықпалын шектеу және Абылайды тұтқыннан босаттыру шараларын дипломатиялық тәсіл арқылы жүзеге асыру мақсатында Олжабай батыр Толыбайұлы 1742 ж. Әбілхайыр бастаған қазақ билеушілерінің бірі есебінде Арғын тайпасы атынан Ресей мемлекетіне қарауға ант береді. Елші ретінде Олжабайдың 1749, 1761 ж, 2 рет Орынбор қаласына жіберілуі де оның қазақ билеушілері, үшін сенімді адам болғанын, әрі Ресей мен Жоңғар хандығы үшін елеулі тарихи тұлғаға айналғанын аңғартады.

Жоңғарлармен, қытайлармен болған шайқастарда ерлік көрсеткен қаһарман бейбіт өмір уақытында өз руының шаруашылығының қамын ойлаған азамат ретінде танылады. Бұған Олжабайдың Едіге бимен бірлесіп, 1761 ж. Екатеринаға жазған өтініш хаты дәлел болады [12]. 1769 ж. Олжабай батыр мен Отаршы би Абылайдың жіберуімен Улясутайға саяси мәселелер бойынша барады [13].

Қазақ қоғамындағы батырлар институтының атқарған функциялары олардың дәстүрлі қоғамының саяси элитасының ажырамас бір бөлігі болғанын көрсетеді. Батырлар институты қазақ қоғамындағы әскери істің, мемлекеттік басқарудың және мәдени дамуға елеулі үлес қосқан әлеуметтік институттың бірі болды. Батырлар институтының тарихи ролі мен маңызын тек қана әскери тұрғыдан зерделеу дұрыс емес. Батырлардың қазақ қоғамының саяси-қоғамдық, маңызына ерекше назар аудару қажет. Әрине, тек қана жерлес батырларымыздың елшілік қызметтерімен шектелу аздық етеді және толық қамды зерттеу болды деп айтуға ертерек. Алдағы уақытта тек қана өлкеміздің батырлары ғана емес, қазақ хандығының саяси сахынасының дамуында елшілік, саяси қыметтерін үлес қосқан жалпы қазақ батырларын қамту біз үшін парыз болып қала бермек.

#### ***Әдебиет:***

1. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998. – 280 с.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2 бас. - Алматы: Жазушы, 1985. - 258 б.  
Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. - М.: Наука, 1975. - С. 180.



4. Бекмаханов Е.Б. К вопросу о социальной природе батыров // Вестник АН КазССР. - 1947, №8.
5. К. Есмағанбетов. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз. // Қазақ тарихы, 2007, -№4, 65 бет.
6. Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств в XVIII первой четверти XIX вв. - Т.3.: Хан Жантөре (1789-1809). - Алматы: «Білім», 2001.- С. 301
7. И.Ерофеева: Институт батыров - это исключительно казахский феномен <http://www.centrasia.ru/newsA.php?>
8. Халқының батыр ұлдары: Кереку-Баян өңірінің батырлары бойынша мақалалар мен материалдар жинағы / құраст. Ә.Қ. Елемесов. – Павлодар : Кереку, 2008. – 182 б.
9. Ә.Жәнісов Қанжығалы Бөгенбайдың Қытайға елшіліктері [Мәтін] / Жәнісов Ә. // Қазақ тарихы. - 2006. - №6. - Б. 29
10. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. III том. Деректер мен мұрағаттық құжаттар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 180 б.
11. Жамбыл Омари. Малайсары Тархан XVIII ғасырдың ұлы тұлғасы Павлодар, 2007, -277 б.
12. Е.Қ. Жүсіпов Мәшһүр-Жүсіп – тарихшы. (Оқу құралы) С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2002, -178 б.

## **ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ҚУҒЫН-СҮРГІН САЯСАТЫН ӨЛЖЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУ**

**Болат С.А., Аманова А.С.**

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., [sanimb02@mail.ru](mailto:sanimb02@mail.ru), [amanova803@mail.ru](mailto:amanova803@mail.ru)*

***Аннотация.** Мақала діни ұйымдарға қатысты большевизмнің негізгі идеологтарының көзқарасы негізінде Кеңес өкіметі орнаған тұстағы дінге көзқарастың өзгеруіне арналған. Тарихтағы осы кезеңді өлжетану сабақтарында талдауға дәстүрлі методикалар мен жаңа әдіс-тәсілдер ұсынылады.*

***Кілтті сөздер:** политикалық репрессия, мемлекет, шіркеу, сенім, дінсіз саясат, кеңестік билік.*

***Аннотация.** Статья посвящена изменению отношения к религии в период установления советской власти, на основе взглядов основных идеологов большевизма в отношении религиозных организаций. К анализу этого периода в истории предлагаются традиционные методики и новые методики на уроках краеведения.*

***Ключевые слова:** политические репрессии, государство, церковь, вера, нерелигиозная политика, советская власть.*

***Annotation.** The article is devoted to changing attitudes towards religion during the establishment of Soviet power, based on the views of the main ideologists of Bolshevism in relation to religious organizations. To analyze this period in history, traditional methods and new methods are offered in the lessons of local history.*

***Keywords:** political repression, state, church, faith, non-religious politics, Soviet power.*

Еліміздегі мемлекеттік бағдарламаның дінтану сабағын енгізудегі негізгі мақсаты жастардың қиын сәттерде дербес, жан-жақты салмақталған шешім қабылдауына қажетті сыни тұрғыда ойлау машығын қалыптастыру болуы тиіс. Осы білімдерді қолдана отырып, әлемдік дәстүрлі діндер мен радикалды діни ұйымдарды ажырата алады. Алға қойылған мақсат жастар мен жасөспірімдердің діни сауаттылығын дамытуға: арбау әрекеттеріне қарсы тұру мен залалсыздандырудың жеке мінез-құлықтық алгоритмін қалыптастыруға, адамгершілік және этикалық құндылықтары бар, отаншылдық пен толеранттылықты қалыптастыратын әлемдік және дәстүрлі діндердің, дәстүлі емес діндердің негіздерімен танысуға ықпал етеді.

Бұнымен қоса дін тақырыбының тарихтағы жағдайын қосымша өлкетану сабақтарында да талқылайды. Онда қаралатын басты тақырыптар төмендегідей болады, себебі Кеңес үкіметінің діни саясаты, Кеңес Одағында өмір сүрген Орта Азиялықтардың, оның ішінде қазақтардың діни өмірі зерттеушілерді де, қарапайым оқырмандарды да қызықтырады сөзсіз.

Кеңестік билік өзінің алғашқы он жылында саяси шарттарға байланысты исламға қатысты жұмсақ саясат ұстанды. Мысалы, ол кезеңде Орыс православ шіркеуіне қарағанда ислам дінінің жағдайы салыстырмалы түрде біршама жақсы болды. Бірақ он жылдай уақыт өткен соң исламға да, басқа діндегілерге де қарсы тікелей шабуыл басталды және дінге қарсы жаппай үгіт-насихат әрекеті күшейтілген болатын. Бұл ғылыми зерттеу жұмысында сол кезеңде Кеңестік Қазақстанда 1929-1941 жылдарда жүргізілген дінге қарсы саясат жөнінде, дінге қарсы ұйымдардың жұмысы мен дінге қарсы шабуылдар туралы баяндаймыз. Кезеңнің ерекшелігі, бұл жылдары Кеңес Одағында дінге қарсы шабуыл қатыгездікпен жасалды. Дінге қарсы ұйым мен баспасөздің қызметі күшейтілді. Дінге қарсы ұйым мен баспасөзге мемлекет пен партия барлық жағынан қолдау көрсетті. Осылайша, мемлекет пен партия дінге, оның ішінде исламға қарсы күш біріктіре отырып әрекет етті. Ол кезеңде дінге

қарсы мұражай да жұмыс жасады. Діни қызметкерлердің көпшілігі қысым көріп, ғибадат орындары тәркіленді және жабылды.

Кеңестік кезеңде мемлекеттік тұрғыдан дін әрбір адамның жеке мәселесі болғанымен, коммунистік партия көзқарасы бойынша дін бір коммунистің тіпті бір адамның өмірінде орын алмауы қажет нәрсе болатын. Кеңес үкіметінің тарихында мемлекеттің діни саясатының әр кезеңінің өзіндік ерекшелігі болды. Мысалы, Қазан төңкерісінен кейін алғашқы он жыл ішінде мұсылмандардың жағдайы салыстырмалы түрде жаман болмады деуге болады. Мысалы, тарихшы S. Erşahin, большевик төңкерісінен Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Орта Азиядағы Исламмен күрес және аймақтағы дінге қарсы әрекетті екі кезеңге бөледі:

I кезең 1917-1928 жылдар. Бұл кезең де өз ішінде үш кезеңге бөлінеді:

1. Соғыс коммунизмі кезеңі (1917-1920 жылдар).
2. Бірқалыпты кезең (1920-1924 жылдар).
3. Исламға қарсы күреске дайындық кезеңі (1924-1928 жылдар).

II кезең 1928-1941 жылдары Исламға қарсы идеологиялық және нақты шабуыл ұйымдастырылған кезең» [1, 103 б.].

Осыған байланысты В. И. Лениннің «Партиялық бағдарлама туралы баяндамасында» айтқан сөздерін еске түсіру де жеткілікті. Оның айтуы бойынша РКП(б). VIII съезінде Оның айтуынша, «әлі күнге дейін өз моллаларының ықпалында жүрген қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен сияқты халықтарға», ерекше назар аудару керек, «бұл ұлттың дамуын күту керек, себебі, пролетариаттың буржуазиялық элементтерден дифференциациялануы сөзсіз».

В. И. Ленин еңбекші мұсылмандардың сеніміне ие болуды ерекше атап өтті, «бір емес, бірнеше рет сенімін жаулап алу; біз империалист емес екенімізді дәлелдеу, біз бұл бағытқа көнбейтінімізді көрсету керекпіз» [2, 15 б.]

1918 жылы 20 қаңтарда РКФСР ХКК-нің «Ар-ождан, шіркеу және діни бірлестіктер туралы» жарлығында діннің мемлекеттен бөлінетіндігі, мемлекет территориясында сенім бостандығын шектейтін немесе белгілі бір діннің артықшылығына жол беретін заңдар мен ережелердің қабылдануына тиым салынатындығы, әрбір азаматтың кез келген дінді ұстану немесе ұстанбау еркіндігінің бар екендігі, діни ант берудің алынып тасталатындығы айтылған. Мектептің мемлекеттен бөлінетіндігі, жалпы білім беретін мемлекеттік, қоғамдық және жеке оқу орындарында діни білім беруге тиым салынатындығы, азаматтардың дінді жеке түрде үйрене

немесе үйрете алатындығы, барлық шіркеу және діни бірлестіктердің жекеменшік иелену құқығының жоқ екендігі, Ресейдегі шіркеу және діни бірлестіктердің бүкіл мүліктері халықтық меншік болып жарияланатындығы көрсетілген [3, 18 б.].

1918 жылдың 23 қаңтарында «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі» жөніндегі декрет де қабылданды. Кеңес үкіметінің осы декреті мен 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданған «Діни бірлестіктер туралы» шешімі дінге қатысты Кеңес мемлекетінің негізгі заңнамалық қайнар көзі. Ал 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданған құжат болса мемлекеттің дінге қарсы саясатының қатаюына негіз болды [4, 10 б.].

Аталған саясаттың ең айқын көрінісі 1919 жылдан бастап орталықта «Революция и церковь» журналы мен «Безбожник» газеті шығуымен байланысты. 1925 ж. «Безбожник» газетінің достары қоғамы құрылды. Осылайша КСРО-да атеистік қозғалыстың ұйымдық құрылымдары қалыптасты. Сол жылы «Безбожник» газетінің қолдаушылар қоғамы КСРО Құдайсыздар одағы болып қайта құрылды. Оның құрамына елдің барлық дінге қарсы ұйымдары кірді. Құдайсыздар қоғамының жұмысына танымал ғылым және мәдениет қайраткерлері тартылды. Олардың ішінде Н.К. Крупская да бар еді. Е.М. Ярославский «Безбожник» газеті мен «Антирелигиозник» журналының редакторы және Құдайсыздар одағы орталық кеңесінің тұрақты мүшесі болды. 1929 жылы Кеңес Одағы Құдайсыздар одағының II съезінің шешімімен бұл ұйым Жауынгер құдайсыздар одағы (ЖҚО) деп аталды. Дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарында Жауынгер құдайсыздар одағы маңызды рөл атқарды [5, 125 б.].

Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен дінге көзқарас өзгерді. Орталықтан шеткері орналасқан Қазақстанда дінмен күрестің кеш келгені сияқты, діни ұйымдардың қайта қалпына келіп, жұмысын бастауы да кештеу жүзеге асты. Себебі дінмен байланысы болғаны үшін адамдарды қудалау жұмыстары соғыс басталған алғашқы жылдарда Қазақстанда әлі де болса жалғасып жатқан болатын.

КСРО-да дінге қысымның азаюының бірнеше себептері болды. Біріншіден, оккупацияда қалған аймақтарда оған дейін жабылған шіркеулерді фашистік Германияның қайта ашып, діни әдебиеттердің таратылуы, діни ұйымдар жұмысының қайта жандануы себеп болды. Мемлекет пен дін арасындағы ара-қатынастың реттелетіндігін, дін еркіндігі мен ұлттық діни ағымдардың дамуын қамтамасыз ететіндігін дәлелдеді. Басқыншыл фашистердің болжамынша, осы әрекеттер арқылы

КСРО-да большевиктердің беделі түсіп, түрлі діни бағыт өкілдері арасында көтеріліс басталып, мұсылмандар осы тұрғыдан құқығы ең көп шектелген халықтар ретінде алғашқылардың бірі болып, көтеріліске шығуы тиіс еді. Дегенмен, соғысқа КСРО халқының бірігіп қатысуы ол ойды теріске шығарған болатын.

Екіншіден, дінге қарым-қатынасының өзгеруі себептерінің бірі, КСРО-ның сыртқы саясатымен де байланысты болды. 1943 жылы өткен Тегеран конференциясында екінші майданды ашуға Англия мен Францияны көндіру үшін, КСРО-да діни еркіндікті қалпына келтіруі керек еді. Сталин демократиялық мемлекеттерде көп мәселенің шешімі қоғамдық пікірге байланысты екендігін жақсы түсінді. Көп ұзамай одақтастардың талаптары қанағаттандырылды[6, 70 б.].

Үшіншіден, КСРО-да дінге көзқарастың жұмсаруының негізгі себебі ішкі факторларға да байланысты болды. Соғыс жылдарында фашизмге қарсы халықты біріктіру үшін шіркеулердің қалыпты жұмыс жасауына жағдай жасала бастады. Елге төнген қауіптен қорғану үшін діндарлық адамдардың дүниетанымына қарамай, ортақ жауға күш біріктіретін негізгі құралдарының біріне айналуы тиіс еді. Діни ұйымдардың да отансүйгіштік ұстанымы, соғыстың алғашқы күндерінде ақ байқалды. ОПШ Мәскеу және Коломна митрополиті Сергей, православиелік христиандарға Отан алдындағы қасиетті борышын орындауға шақырған үндеу жариялады.

Ал осы жағдайдағы өлкеміз Ертіс өңірі туралы айтатын болсақ, көненің көзін көрген ақсақалдарының айтуынша Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғаны айтылады. Анықталған мұрағат деректерінде XX ғасырдың 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды.

Алайда саясат күшіне енген сәтте Казрайкомның Бюросы 20 бағыттан тұратын шешім қабылдайды. Ол БКП(б) Қазревком бюросының мұсылман діни қозғалыстарына қарсы күрес шаралары туралы 1927 жылы 8 маусымда қабылданған қаулы болатын[7, 27 б.].

Жалпы мектептегі өлкетану сабағында тарихты оқыту өте жауапты іс. Өлке тарихын оқыту сапасы ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін зор маңызға ие. Кез келген екпін белгілі бір тарихи оқиғаның, фактінің, процестің экспозициясы оқушының өзінің өткенін қалай қабылдайды және ол қалай қазіргі уақытта өзін орналастыруына

әсер етеді. Осыны ескере отырып зерттеулер жүргізгенімізде дінге қарсы саясат өз өңірімізде қалай жүргізілгені айтыла бермейді.

Мұндай бағдарлама барысындағы сабақ кезінде бағдарламаға қатысушылар радикалды діни ағымдардың «тобыры мен пайғамбары» рөлінде, сол сияқты деструктивті діни арбаушылықты залалсыздандырудың қарапайым және тиімді тәсілдеріне жаттыға алатын еді.

Сабақты қызықтыру үшін бірнеше оқыту тәсілдерін қолдану қажет. Мысалы,

- көрініс құру
- бейнежазбалар көрсету
- презентация дайындау
- топ-топқа бөліп ойын ұйымдастыру

Жоғарыдағы әдіс-тәсілдерді қолданған кезде топтағы барлық оқушы атсалысатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Бұл тәсілдердің барлығын дәстүрлі методика ретінде қарастыра аламыз. Ал қосымша әдіс ретінде «Ауызша тарихты» айтуға болады. Бұл әдіс бойынша осы ауқымды дінді қанау саясатын осы уақытты басынан кешірген, не жақындары өткен өлкеміздің молдасымен сұхбаттасамыз. Алынған жауаптар бойынша, оның өмірбаянын оқушылармен талқылап, тақырыпты ашамыз. Жалпы өлкетану сабағындағы дәл осылай сабақ тақырыптарына көрініс қою бәрі үшін өте әсерлі болары анық.

Осылайша, өлкетану сабағында оқушыларға дін қызметкерлеріне қатысты кеңес өкіметінің қуғын-сүргін саясатын дәріптеу, оқыту арқылы олардың отансүйгіштік қасиеттерін арттыра аламыз. Сондай-ақ, тәуелсіз Қазақстандағы өзіміздің асыл дініміз ислам дінінің қадір-қасиетін бағалаймыз. Ата-бабаларымыздың бізге қандай қиындықпен алып келген жерлерін, аманатын қорғауға деген сезімдерін оятамыз.

#### ***Әдебиет:***

1. Erşahin S. Türkistan'da İslam ve Müslümanlar / S. Erşahin. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 2007. – 342 s.
2. Аширов Н. Эволюция ислама в СССР / Н. Аширов. – М.: Политиздат, 1973. – 152 с.
3. Преодолевая религиозное влияние ислама: сб. док. и матер. / сост. И.Н. Бухонова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Джағфаров, М.К. Кайргалиев, К.С. Мурзанов. – Алматы: Казахстан, 1990. – 254 с.
4. Мухтарова Г.Д. Ислам в Советском Казахстане: проблемы изучения источников / Г.Д. Мухтарова // Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби. Серия История. – 2006. – №2. – С. 10–14.

5. Садыкова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918–1953 жж.): филос. докт. (PhD) ... дис. / А.М. Садыкова. – Алматы, 2015. – 201 б.

6. Джунусбаева А. М. Государственная религиозная политика в годы Великой Отечественной войны в Казахстане / А.М. Джунусбаева // Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби. Серия История. – 2014. – № 1 (72). – С. 69–74.

7. Из истории ислама в Павлодарском Прииртышье. 1919-1991 гг. Сборник документов. Сост. Болтина В.Д., Шевелева Л.В. – Павлодар, 2001. – 498 с.

## **XVIII-XIX ҒҒ. ОРЫС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРІНІҢ ОБРАЗЫ МЕН ТҰРМЫСТАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Әлиәқбар А.Б., Ракишева Г.К**

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
Павлодар қ., [aliakbar.ainur@mai.ru](mailto:aliakbar.ainur@mai.ru)*

***Түйіндеме.** Мақалада қазақ халқы қыздарының XVIII-XIX ғғ. аралығындағы орыс ғалымдарының деректеріндегі образы мен тұрмыстағы алатын орны туралы қарастырылған. Зерттелген мәселелер бойынша талдау жасалады.*

***Кілттік сөздер:** қазақ қыздары, образ, орыс ғалымдары.*

***Аннотация.** В статье девушки казахского народа в 18-19 вв. Рассмотрен образ и место в жизни в данных российских ученых. Проводится анализ изученных вопросов.*

***Ключевые слова:** казашки, имидж, российские ученые.*

***Annotation.** In the article the girls of the Kazakh people in the 18-19 centuries. The image and place in life in the data of Russian scientists are considered. The analysis of the studied issues is carried out.*

***Key words:** Kazakh women, image, Russian scientists.*

Бүгінгі қоғамда қазақ қыздарының тәрбиесі, сыртқы келбеті, киген киімі, тұрмыстағы атқаратын міндеттері туралы және т.б. мәселелер үлкендер арасында сынға алынуда. Ата-әжелеріміздің әңгімелерінен бүгінгі күн мен өз заманындағы кезең жастарын салыстыруларды естиміз. Осыған орай дәстүрлі қоғамдағы қазақ қыздарының сипаты қандай болғандығы туралы мәселе алға қойылып тұр.

Мәселені зерттеудің хронологиялық шеңбері Қазақ хандығының Ресей бодандығына кіргеннен бастап, яғни XVIII ғ. екінші ширегі мен XIX ғ. аяғына дейінгі уақытты қамтиды. Осы уақыт аралығында орыстың тарихшылары, географ және әскери инженерлері халқымыздың тұрмыс-

салты, тарихы жайлы көптеген жазбаша деректер қалдырды. XVIII ғасырға дейінгі кезеңдерде Қазақ-Ресей дипломатиялық қатынастары туралы жазбаша деректер бар болғанымен халқымыздың тұрмысы жайлы деректер кездеспейді. Оның үстіне Мәскеу қаласында жаппай өрттер болу себебіне байланысты, көптеген мәліметтер жоғалды деп айтуға болады.

Алғашқы зерттеушілердің бірі болып жергілікті халықтың тарихы ежелгі сақ тайпаларынан бастау алады деп жазған П.И. Рычков «Описание города Оренбурга» (1744 ж.) «Краткое известие о татарах и нынешнем состоянии тех народов, которых в европе под именем татар разумеются» (1745 ж.). еңбектері, жалпы тарихи мәліметтерге бай. П.И. Рычковтың кейбір еңбектеріне сүйене отырып қазақ халқының сол уақыттағы тұрмыстық жағдайы, жануарлар әлемі, діни наным-сенімдері және т.б. туралы зерттеулер жасаған, молдовандық грек Х.Барданес еді. Ол академик Фальктің тапсырмасы бойынша Петербурдан қазақ өлкесіне 1771 жылы аттаған болатын. Оның «Киргизская или казацкая хараграфия» атты еңбегі ұлттық этнографияға бай ерте деректердің біріне жатады.

Сібір мен Орта жүздің шекарасында 50 жылдай өмір сүрген әскери инженер, капитан И.Г.Андреев 1785-1790 жж. аралығында қазақ халқын ауқымды этнографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде «Описание Средней орды Киргиз-Кайсаков» атты еңбегі 1790 жылдардың аяғында жарық көрді. Келесі тарихшы ғалым, қазақтың «Герадоты» атанған А.И. Левшин маңыздылығы жағынан кем емес «Описание орд и степей казахов» атты еңбегі 1832 жылы басып шығарылды.

И.Г.Андреевтің айтуынша «қазақ әйелдері бала тәрбиесіне қабілетті, шаруаға икемді деп сипаттайды. Отбасында қыз баланы тәрбиелеу, ер баланы тәрбиелеуден кем емес, тіпті жанұяның тектілігін сақтау үшін ерекше көңіл бөлген».[1,85б.].

Осы мақалада қыз баланың көрінісінен бастап, әйел адамның көрінісі, неке кию ерекшеліктері, тұрмыстағы міндеттері жайлы айтып өтеміз.

Жас өспірім жастағы қыздардың образына келетін болсақ. Олардың әйелдерден ерекшелігі шашы бір емес, жіңішке жеті немесе тоғыз өрім салып жүрген, көпшілігі бастарын жаппайды, пейілдері дұрыс, инабатты болған. Жас кезінде олар киіз илеп, оны ою өрнекпен әрлеу ісімен айналысады деп сипаттайды И.Г.Андреев. Бастарына барқыт немесе баршыннан жасалған, шеті құндыздың терісімен көмкерілген, ерлердің бас киіміне ұқсас бөрік киген. Оны алтын немесе күміс тоғамен, оқа және маржантастармен әшкерелеген.



Аталмыш ғалымның байқауынша бойжеткен қыздар шашына екі кей кезде үш өрім салады, оның екеуі иықтарының алдынан жіберіп, әртүрлі салпыншақтармен іледі немесе бас киімінің жанына бұйралап түйіп қояды, ала үшіншісін бархытпен қаптап, арқасына жібереді. Арасында үшінші өрімге бау, шашақ және т.б. салады. Бұдан басқа шашты әшкерелеуге келтін болсақ.

Домалақ сақинадағы жібекпен әшкереленген ұзындығы өкшесіне дейін жететін қылауыштар ілген. Сонымен қоса шаштарын маржан тастармен және ташкенттіктерден алатын алтын әртүрлі күміс түйіндіктермен сәнденген.

Ал Христофор Борданестің айтуына қарасақ, «аяқ киімі үлгілері ерлердіңкіне ұқсас және шапандар мен шекпендер киген. Сонымен қатар әйелдер киетін шапан әртүрлі жендер мен көмкеріліп тігілген. Кез келген әйел мен қыздың жеке және жіптерге арналған және басқа ұсақ-түйек бар сөмкесі болды, қолдарында үш жұртын білдіретін үш сақиналылы білезік киген, сондықтан көптеген үш немесе төрт түрлі саусақта болады «узюк» деп атайды. Сонымен қатар, барлық әйелдерде айна болды. Қыздар да, кейбір әйелдерде әрлеуіш бояуларды қолданды, бояуды пайдалану үшін қолдарымен пайдаланса, ал кейбіреулері шөптің тамырын қыз-тамыр деп аталатын шөпті қолданды. Олар тек мереке күндері немесе басқа да атаулы күндері әрленіп жүрді»[2,112б.].

«Әйелдердің жейделері мен қыздардың жейделері кішкентай жағалы етіп тігіледі, түймелері шағын дөңгелек түймелер болады, олардың жендері саусақтарының ұзындықтарының ұзындығына дейін жетеді. Көйлектің астынан әйелдер мен қыздар бос шалбарлар кейді, автордың атауы бойынша «штан» деп аталады»[3,175б.]. Сонымен бірге қазақтар қызды болашақ ана ретінде және отбасының ұйытқысы ретінде тәрбиелеуі зерттеушілердің қыздарын ерте жастан тігін тігу, киіз басу өнерін үйретуінен байқалады, қазақ қыздары 15-16 жас шамасында тұрмыс құруға дайын және қабілетті болған. Қазақ қоғамында отбасы мен қоғам өмірінде қыз мен әйелдердің алар орны ерекше екенін бала тәрбиесі мен үй шаруаларының барлығын өз жауапкершілігіне алғанын және ұйымдастырғанын біле аламыз. Сонымен қоса бала тәрбиесінде үлкен жауапкершілікті өздеріне алатынын емізулі баласының өзін қарай жүріп, тіршілікті де басқаратынын «кішкентай басасын кеудесіне теріден жасалған ілгімен бірге бірелі жалғыз тастамай алып жүреді» деген сипаттамадан ұғамыз.

Қазіргі тарихшы-этнологтардың көзқарасы бойынша дәстүрлі қазақ қоғамдағы қыз-келіншектердің рөлі қашанда өзекті мәселе болған. Әсіресе жас ерекшеліктеріне байланысты образы ерекшеленіп отырды, мысалы, жасөспірім қыздар басына тақия киген болса әрі қарай бұрымы мен шашбауы мен жас ерекшелігін шашындағы өрім санына байланысты біліп отырған. Тағы да ескеретін жайт орта жастағы әйелдердің жаулық таққандығын және оның тағылу деңгейі арқылы оның отбасыдағы дәрежесін біле аламыз. Қазақ қоғамы сонау XVI ғасырдан қоғамның әрбір әлеуметтік топ мүшесін өзіне тән ерекшелік пен қамти алды және олардың өз бостандығы мен құқығын қорғай алды. Бұл негізде хандық дәуірдегі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдарындағы жер дауы, жесір дауы секілді мемлекеттік мәселелерде әйелдерің қоғамдағ орны мен маңызының жоғары екенін айқындайды.

Қазақ қоғамында әркез әйел тағдыры өзекті де ауқымды тақырып бола беретініне М. Дулатұлының прозалық шығармалары да арқау болды. 1910 жылы оның «Бақытсыз Жамал» атты романы жарық көрді. Бұл роман жазушының шығармашылық жолындағы ірі табыс қана емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі елеулі көркем туынды болды. «Бақытсыз Жамал» қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман еді. Міржақып осы шығармасы арқылы бұдан кейін жазылған Т. Жомартбаевтың "Қыз көрелік", С.Көбеевтің "Қалың мал", С.Торайғыровтың "Қамар сұлу", т.б. романдарына жол ашты. Бұлардың бәрі де сол кезектегі аса маңызды әлеуметтік мәселеге арналды, қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдайы туралы баяндады.

«Қамар сұлу» - өзінің тақырыбы мен мазмұны жағынан әлеуметтік роман. Жазушы қазақ әйелінің теңсіздіктегі жай-күйін роман оқиғасының негізіне алып, сол арқылы өз дәуірінің қоғамдық шындығын әлеуметтік тұрғыда талдайды. Қоғамдық топтардың Қамар тағдыры туралы әр түрлі түсінігін, әрекет тіршілігін жан-жақты суреттей отырып, шығарма идеясын өзі өмір сүрген қоғамның негіздерін сынауға бейімдейді. Қалын малға сатып, шалдардың жас қыз алуын, әлділердің әлсіздерге зорлығын, халықтың қараңғыдағы қапас тіршілігін өткір сынайды. Сол негізде феодалдық-патриархалдық салт-сананың күйреуін және оны ұға алмай отырған елдің надан мінез-кұлқын әшкерелейді.

Ал, «Қыз көрелік» романы қазақ қыздарының бас бостандығы туралы күрделі жанр жазылған көлемді шығармалардың бірі. Автор XX ғасырдың басында көп қозғала бастаған тақырыптың өзіне дейін әңгіме

болмаған жаңа қырынан көрсеткен. Әдетте, бұл тақырып қыздардың қалың малға, ескі әдет-ұрыпқа қарсылығы күресімен қабаттаса баяндалады. Қыз көрелік романында осы тақырып проблематикасы мүлде басқа: енді қыз таңдап жүрген мырзаларды қыздың өзі таңдауы керек деген принциптер бар екендігі баяндалған. Басты идея бостандық проблемасы.

Бұл романның өзгерген проблемасы саяси-құрылымдық және әлеуметтік-экономикалық жағынан күрт өзгерістер бар екендігін көрсеткен. XX ғасыр басындағы әдебиеттің дамуына әйел теңдігі тақырыбын сол кезеңдегі жазушылар екі концепциясы бар бірі ескілік әдет - ғұрып әрі күшті, жастардың махаббат еркіндігіне жетуге мүмкіндігінің болмауы жете алмау жолын трагедия етіп көрсетсе, екіншісі заман өзгеріс үстінде екендігін - өз еріктері үшін бел шешіп күресе білген жастар мақсатына жетуіне болады деген оптимистік үлгідегі туындылар бар.

Қорытындылай келе, қай дәуірде болмасын қазақ қоғамда әйел теңдігі мен алатын орны ерекше және маңызды актор болып табылады. Сонымен қатар, қандай ұлтты алсақмта әйел затының қоғамның айшықты бір бөлігі айнасы екені бәрімізге мәлім. Қоғамның қандай даму деңгейінде екенін айқындайтын және ұлттың намысты болуына себепкер аналарымыз бен қыз-келіншектеріміздің өзіне сай абыройы мен ар-ұятының болуы тікелей байланысты. Қазір де қоғамның ауыр дертінің бірі күрмеуі шешілмей отырған мәселе өскелең ұрпақтың өз ұлтымыздың салт-дәстүрін емес басқа ұлт өкілдерінің өмір сүру салтына еліктеуі қоғам үшін алаңдатарлық жайт. Осы орайда, қазіргі жастарға айтар кеңесім қазақтың салты мен дәстүрі біз үшін асыл құндылық және осы бабалар аманатын болашақ ұрапағымызға қаз-қалпында жеткізу мен дәріптеу бабалар алдындағы азаматтық борышымыз. Ата-баба салт дәстүрін заманға қарай жаңашалап, ұстану оны ұрпақтан ұрпаққа дәріптеу керек-ақ нәрсе.

#### **Әдебиет:**

1. Востров В. В. Муканов М. С. Родоплеменной состав и расселение казахов [Текст]: (конец XIX - начало XX). - Алма-Ата "Издательство "Наука" Казахской ССР", 1968.- 255 с.
2. Красовский М. Область сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики. Спб., 1868. 428. С.
3. История Казахстана у русских источниках XVI-XX веков IV том Алматы «Дайк-Пресс», 2007.- 375 с.
4. История Казахстана у русских источниках XVI-XX веков V том Алматы «Дайк-Пресс», 2007.- 625 с.

## ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

**Жумагулова Қ.Б., Назаров Е.Ж.**

Қазақстан Республикасының ұлттық музейі, Астана қ.

[karshyga\\_JB@mail.ru](mailto:karshyga_JB@mail.ru)

**Түйіндеме:** Мақалада Қазақ хандығы мен жоңғар хандығы арасындағы қарым-қатынас жайында кеңінен баяндалады. Қазақтар мен жоңғарлар арасындағы байланыстардың тарихы тереңде жатыр. Екі ел де көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан олардың арасында қақтығыстар да жиі болып тұрған. Сол себепті тарихшылар еңбектеріндегі қазақ- жоңғар байланыстары жайлы мәліметтер кеңінен қарастырылды. Аталмыш тақырып негізінде тарихнамалық мәліметтер беріледі.

**Кілт сөздер:** Қазақ, жоңғар, ойрат, елші, мұрағат, қарым- қатынас, тарихнама.

**Аннотация:** В статье подробно описываются взаимоотношения между Казахским ханством и Джунгарским ханством. История взаимоотношений казахов и джунгар глубока. Поскольку обе страны занимались кочевым скотоводством, между ними часто возникали конфликты. Именно поэтому широко рассматривались сведения о казахско-джунгарских отношениях в трудах историков. Историкографическая информация дается на основе упомянутой темы.

**Ключевые слова:** казах, джунгар, ойрат, посол, архив, взаимоотношения, историография.

**Annotation:** The article describes in detail the relationship between the Kazakh Khanate and the Dzungar Khanate. The history of relations between the Kazakhs and the Dzungars is deep. Since both countries were engaged in nomadic pastoralism, conflicts often arose between them. That is why information about the Kazakh-Dzhungar relations was widely considered in the works of historians. Historiographical information is given on the basis of the mentioned topic.

**Key words:** Kazakh, Dzhungar, Oirat, ambassador, archive, relationship, historiography.

Бүгінгі күнге дейін қазақ-жоңғар байланыстарының тарихнамалық мәселесін кешенді түрде қарастырған көлемді еңбектер жоқ. Екі ел арасындағы қарым-қатынастарға арналған еңбектер бар, бірақ қазақ-жоңғар қатынасы тарихын зерттеушілер екі ел аралық қатынастар уақыт өте келе әр түрлі сипаттар алғанын, өзара жауласудың шығу себептерін және екі халық арасындағы бейбіт кезеңдердің болған, болмағанын анықтауға әрекет еткен. Қазақ хандығы мен көршілес Жоңғар хандығы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан тарихындағы екі ғасырға созылған жаугершілік кезеңдердің бірі. Екі ел арасындағы тарихи жағдайлар Ресейлік шығыстанушы ғалымдарды қатты қызықтырған болатын. Қазақ

жеріне арнайы жіберілген зерттеуші ғалымдардың жазып қалдырған еңбектері қазіргі кезеңде құнды деректер көзі болып табылады.

Қазақ-жоңғар қарым-қатынасына байланысты жазылған арнайы еңбектердің бірі Ресей шығыстанушы ғалымы И.Я. Златкиннің 1983 жылы Мәскеуде жарық көрген «История Джунгарского ханства 1635-1758 гг.» еңбегі [1]. Еңбекте Жоңғар хандығының құрылған уақытынан бастап құлдырауға дейінгі аралықтағы саяси-тарихи оқиғалар зерттелген. Еңбек моңғол деректері, Сібір жылнамалары Ресей мұрағат құжаттары негізінде жазылған. Сондай-ақ еңбекте моңғол, неміс, тибет зерттеушілерінің: Ш. Бира, Я.И. Шмидт, Л.С. Пучковский, П.С. Савельев және т.б. жұмыстары қолданылған. Автор моңғол тайпасының құрамындағы «ойраттарды» Жоңғар хандығының негізгі одағы ретінде қарастырып, «ойрат» терминінің пайда болуы, ел ретінде қалыптасуы, саяси-тарихи оқиғаларға байланысын рет-ретімен баяндаған. И.Я. Златкин «Алтан Тобчи», «Шара Туджи», «Эрдэнийн Тобчи» сияқты моңғол жылнамаларындағы саяси-тарихи оқиғаларды салыстыра отырып сол кезеңдегі жалпы ойраттардың қоғамдық құрылысы, әлеуметтік-саяси жағдайы, ішкі-сыртқы байланыстарын аталмыш еңбектерге сүйене отырып берген. Автор XVIII-XX ғғ. 50-жылдарына дейін жарық көрген тарихшы ғалымдардың аса құнды деректері мен мұрағат құжаттарын пайдаланған. Сонымен қатар, автор жоғарыда көсетілген деректерді салыстырмалы түрде баяндап қоймай өзіндік ой-пікірін жазған.

М. Тынышпаевтың 1925 жылы «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегі жарық көрді [2]. Қазақтардың тарихы, мәдениеті, тұрмысы, қазақ руларының шежіресінің білгірі көшпенді халықтардың өзара байланысына көп көңіл бөлді. Оның монографиясында қазақ-жоңғар қарым-қатынасына арналған жеке мақала бар, ол «Ақтабан шұбырынды» («Қазақтардың зор апаты мен зор жеңістері») деп аталады. Ол онда қазақтардың басынан өткен апаттардың себептерін, олардың күш біріктіріп, жоңғарларды қалай жеңгенін, өз жерінен қалай қуылғандығын баяндайды. М. Тынышпаев мақалалары екі халықтың арасындағы қатынастардың кейбір көріністерін зерттеу үшін құнды материал болып табылады.

Сондай-ақ Р.Б. Сулейменов, В.А. Моисеев авторлығымен «Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая)» атты еңбегінде XVIII ғ. 30-40 жылдарындағы екі ел арасындағы тарихы, әлеуметтік, саяси, қоғамдық жағдайы қарастырылған [3, 32-53б.]. Қазақ-жоңғар соғыстарының себеп-салдарлары, тарихы, Абылай ханның саяси

рөлі анықталған. Еңбек ресей мұрағат құжаттары және қытай деректері негізінде жазылған.

1990 жылы «Из истории международных отношений в Центральной Азии» атты еңбегінде ғалым И.В. Ерофееваның «Русско-джунгарские отношения в 40-х гг. XVIII в. и Казахстан (посольство К. Миллера)» атауымен зерттеуі жарық көрген [4, 43-82б.]. Жинақта автор XVIII ғ. 30-40 жылдардағы Ресей империясы құрамына енген қазақ руларының этникалық тарихы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, мәдениеті, әлеуметтік, саяси тарихы, шекаралас Жоңғар, Хиуа хандығы, қарақалпақ және арал өзбектері арасындағы байланыстары майор К. Миллер «күнделігі» негізінде баяндаған. Автор күнделіктегі құнды мәліметтер майор К.Миллердің шебер келіссөз жүзгізу нәтижесінде жазылғанын айтады.

Х. Досмұхамедов, Ресейдің жаулап алушылық саясаты қазақ жерін Азияға еңдей кіру кезінде алғы шеп ретінде пайдалану болды деп есептеді. Қазақ өлкесінің біржола «Ресейге бағынуын» ол XVIII ғасырдың аяғы - XIX ғасырдың басындағы қазақтардың ұлт-азаттық күресінің жеңіліс табуы салдарынан болды деп санады. Ол Әбілхайыр және ру ақсақалдарының шағын тобы патша өкіметімен сөз байласуға барып, елді бодандыққа алуға мәжбүр етті деп есептеді. Х. Досмұхамедов қазақтардың Ресей мемлекетіне бағыну актісіне халықтың негізгі бұқарасының қатыспағанын келіссөз үрдістеріне Кіші жүз бен Орта жүз руларынан біркелкі өкілдер болмағанын мысалға келтіре отырып дәлелдеді. Х.Досмұхамедов очеркінде де осы тақырып қозғалған, оның айтуынша, қалмақ қыздарына тек үйленіп қана қоймаған, олар үшін хандар мен батырлар арасында дау-дамайлар да болған [5].

2005 жылы С.А. Едилханованың «Казахско-джунгарские взаимоотношения в XVII-XVIII веках (Некоторые историографические аспекты проблемы)» монографиясы қазақ-жоңғар байланыстарын зерттеудің бір шама жаңа құрылымын ұсынған еңбек [6]. Автор екі ел аралық мәселелерді зерттеудің жемісі тарихнамалық зерттеудің іске асырылуымен байланыстырады. Сондықтанда да аталмыш еңбекте кейбір тарихнамалық мәселелер көтерілген. Автор революцияға дейін зерттеулерді топтастырып зерттеулер жүргізген. Еңбекте қазақ жоңғар заманындағы билердің, батырлардың, ауыз әдебиет нұсқаларындағы мәліметтер ескеріліп қолданылған.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде жарыққа шыққан еңбек «История Казахстана в западных источниках XII-XX вв.» [7, 226-240б.]. Бұл еңбекте Жоңғар мемлекетінің құрылуы,

хонтайшылары, басқару билігі туралы баяндалған. XVII ғ. 30-50 жылдарындағы жоңғар хонтайшылары арасындағы билік үшін күрестері, мемлекеттің басқарылуы, көршілес мемлекеттерге жасаған жорықтары айтылған. Батур, Галдан, Цебан Рабдан хонтайшыларының хандықты басқаруы, мемлекет аралық байланыстары, сыртқы саясаты, жаугершілік шабуылдары баяндалған.

Қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі С.М. Мұқановтың «Қазақ жерінің тарихы» атты еңбегінде «Жоңғар шапқыншылығы» деген атаумен тақырыпша берілген [8, 11-13б.]. Еңбекте жоңғарлардың ұлан-байтақ жайылымдары мен су көздерін басып алу мақсатында Қазақстанға енуі, қан төгіс қақтығыстардың нәтижесінде, қоныс мекендердің талқандануы жайында мәліметтер бар. Жоңғарлардың қазақ даласына енуі XVII ғ. бас кезінен бастап, 1727 жылға дейінгі тарихи оқиғалар берілген. XVIII ғ. 1723 жылы халыққа ерекше ауыр тигені «Ақтабан шұбырынды», үш жүзден шыққан Бөгенбай, Наурызбай, Тайлық, Қабанбай сияқты халық батырларының біріккен күшті құруға кіріскені жайында, алғаш рет бір тұтас жасаққа бірігіп, 1727 жылы Торғай даласының оңтүстік-шығысында жоңғарларға күйрете соққы бергені, ал ұрыс болған жер «Қалмақ қырылған» атанғаны жайында қысқаша үстіртін мәлімдеме беріп өткен. Дегенменде, С.М.Мұқановтың еңбегінде қазақ-жоңғар байланыстары жайында толақанды мәлімет берілмеген.

Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарына байланысты мәліметтер К.Данияровтың «История Абылай хана государственного деятеля, полководца, дипломата, политика» атты еңбегінен алуға болады [9, 43-56б.]. Автор аталмыш еңбекте үш жүздің басын біріктірген қазақ ханы Абылайдың қазақ еліндегі рөлін жан-жақты баяндайды. Сонымен қатар, Жоңғар хандығына қарсы күрестегі, оның ұстанған саясаты, соғысу тактикасы айтылған. Жоңғар хандығына қарсы күресте Жәнібек, Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай сынды батырлардың ерең еңбектері жайында мәліметтер бар.

Екі ел арасындағы қарым-қатынас әр бағытта зерттелуде. 2007 жылы «Қазақ ұлт қозғалысы» атты жинақ басылып шықты [10]. Құрастырушысы профессор М.Қ. Қойгелдиев. Аталмыш еңбекте Қазақстан территориясында жер үшін, ел үшін болған ұлт қозғалыстары ұсынылған. Қазақ-жоңғар қарым-қатынасы мәселесіне байланысты мәліметтер бар. XVII ғ. I ширегінен бастап XVIII ғ. 20 жылдарына дейінгі екі ел арасындағы саяси, әскери оқиғалар баяндалған. Жоңғар хандығының

қонтайшысы Батур билік басына келген уақытта соғыс әрекеттері жиелей түскені, яғни басты күрес жер мәселесі екені айтылады. Тәуке хан тұсында қол біріктіріп жоңғарларға қарсы күйрете соққы беріп тәуелсіздігін сақтап қалды. Сөйтіп, Жоңғар хандығына қарсы халықтың қол біріктіріп ұлт үшін күресуі, осы күнгі тәуелсіздіктің дәлелі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттеріндегі ақтандақтарды жазу басталды. Солардың алғашқылары болып қазақ-жоңғар арасындағы байланыстарды зерттегендердің бірі тарих ғылымының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаев. Ж. Қасымбаевтың 1993 жылы «Қазақ тарихы» журналында жарық көрген «Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер» атты мақаласында қазақтардың Ресейге қосылу кезіндегі тарихи оқиғаларды шынайы жазуға, яғни қазақтардың Ресей империясына өз еркімен қосылудың басты бір себебі шығыстан төнген жоңғарлардың ықпалын айтып өтті [11, 24-28б.]. Қазақ-жоңғар хандықтары арасындағы тарихи оқиғаларды баяндағанда, екі елді салыстыра отырып қарастыру керек дейді. Ж. Қасымбаев өз мақаласында сол кездегі қазақ және жоңғар халықтарының жалпы саны, экономикалық жағдайы, шаруашылығы және соғыста қолданған қару-жарақтары жайында баяндайды. Жоңғарларда қару-жарақ дайындайтын шеберханалардың болғаны айтылған. Ж. Қасымбаевтың мақаласында екі ел арасындағы қақтығыстардың пайда болу себептері жер мәселесі екендігін айтып өтті. Сонымен қатар, қолданған қару-жарақ түрлері, зеңбіректердің болғаны, олардың дайындалуы жайында айтылған. Зеңбіректерді дайындауды тұтқынға түскен швед офицері Иоган Густав Ренат атымен байланыстырады. Ренат жоңғар елінде бірнеше зауыттар салуға басшылық жасаған. Осындай мәліметтер тарихшы Экрем Каланның 2009 жылы «Ақиқат» журналында жарияланған «Қазақ-жоңғар қатынасының саяси қырлары» [12, 43-48б.] атты мақаласында кездестіреміз.

Ж. Қасымбаевтың аталмыш тақырыпқа байланысты 2005 жылы «Отан сақшысы» газетінде жарық көрген келесі мақаласы «Жоңғар шапқыншылығы» деген атаумен жарияланған. Аталмыш мақалада Ж.Қасымбаев қазақ хандығы құрылғаннан бастап XVIII ғасырдың 50 жылдарына дейін екі ел арасындағы жаугершілік қарым-қатынастың сауда-саттық, жайылым жерлерге байланысты болғанын баяндаған [13, 7б.]. Ол сол кезеңде билік еткен қазақ хандарының жоңғарларға қарсы шапқыншылық әрекетін, Жоңғар хандығының біріккен тайпаларының шабуылдарын, оның қазақ халқына әкелген зардаптарын қысқаша



мәлімдейді. Сонымен қатар, екі ел арасында болған қақтығыстардың нақты болған жерін, уақытын, қатысушы күштердің әрекетін және қандай ханның тұсында болғанын жазды.

«Кенес тарихнамасындағы қазақ-жоңғар мәселесі» деген атаумен Кәмен Мамыровтың мақаласы жарияланды. К. Мамыровтың мақаласы тарихнамалық тұрғыда қазақ тілінде алғашқы жазылған зерттеулердің бірі. Автор, қазақ-жоңғар мәселесімен айналысқан кеңестік авторлардың еңбектерін саралай отырып, қазақ-жоңғар байланыстарының қазіргі кезде зерттеуді қажет ететін тарихи кезеңдердің бірі екенін айтып өтті [14, 22-26б.]. Аталмыш мақалада кеңестік зерттеуші ғалым А.П. Чулошников өзінің еңбегінде екі ел арасындағы соғыстың шығу себептері мен барысы жайында баяндаған, ал В. Бартольд «Жетісу тарихының очеркі» еңбегінде жоңғар мемлекетінің күшеюі мен құлдырауы толық сипатталса, С.Асфендияров, М.П. Вяткин, Л. Лебедев, А.Ф. Миллер сияқты көрнекті тарихшылардың еңбектерінде жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың кейбір өзекті мәселелері көрсетілгені жайында баяндады. Қазақстанда Ғылым Академиясы құрылғаннан кейін, маманданған тарих институты мен шығыстану бөлімі ашылғаннан соң, Қазақстан тарихын зерттеудің жаңа бағыты басталды. Көптеген тарихшы ғалымдар қазақ халқының сыртқы саясаты мен басқыншыларға қарсы, ұлт-азаттық көтерілісін терең талдау қажеттігін түсінді. Кеңестік тарихшы ғалымдар Х.Г. Айдаров, Н.Г. Аполлова, В.А. Мойсеев, В.Я. Басин, И.Я. Златкин, Ш.Б. Чимитдоржиевтің еңбектеріндегі қазақ-жоңғар қарым-қатынасына байланысты басты мәселелерді, қазақ халқының Ресей империя құрамына қосылуы, екі ел аралық әлеуметтік-экономикалық құрылымы, әскери құрамы толығымен сипатталған. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпқа байланысты жарық көрген еңбектердің барлығы дерлік орыс немесе басқа тілдерде жарық көргендігі, ал қазақ тілінде жазылған еңбектердің аз екендігін атап өтті. Болашақта жазылатын тарихи еңбектерде қазақ халқының жоңғар феодалдарына қарсы күресте, сол дәуірде өмір сүрген би-шешендердің, ақын-жыраулардың толғаулары мен жыр-дастандарын пайдалану керек екендігін айтады.

«Ақиқат» журналында 1992 жылы В.И. Моисеевтің «Қазақ-жоңғар қатынастыры (орыстың архивтік құжаттарында)» атаумен мақаласы жарияланған [15, 58-63б.]. Мақалада Мәскеу мен Орынбордың мұрағат бөлімдерінен алынған құжаттар қысқартылып ықшамдалып берілген. Мұрағат құжаттарында қазақ хандары мен жоңғар билеушілері арасындағы өзара қақтығыстар мен қарым-қатынастары жайында

мағлұмат бар. Сонымен қатар, қазақ-жоңғар соғыстарының қыр-сыры жан-жақты баяндалған, патша үкіметінің екіжүзді саясаты жайында хабар береді. Қорытынды құжаттарда 9 наурыз 1745 жылғы мұрағат дерегінде «Семей бекінісіндегі қазақ саудагерлерінің қазақ билеушілері мен жоңғар феодалдары арасындағы өзара қарым-қатынастары туралы хабарынан» екі ел арасындағы кейін орныққан кейбір қатынастар сипатталады. Мақалада жарияланған мұрағат құжаттары екі ел арасындағы қарым-қатынас жайында біраз құнды мәліметтер береді.

М.С. Ноғайбаевтың авторлығымен «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің тәуелсіздік кезеңінде зерттелу мәселелері» [16, 100-102б.] атты мақаласы қазақ-жоңғар байланыстары жайында мағлұмат береді. Тарих ғылымы тұрғысынан жазылған еңбектерді талдай келе екі топқа топтастырған. Бірінші топқа қазақ-жоңғар соғысы кезеңінде ерлігімен ел есінде қалған батыр-бабаларымыздың жеке басының өмірбаяны мен ерлік істеріне арналған мақалаларды жатқызған. Мұндай мақалалар қазақ-жоңғар соғысының барысын, ерекшеліктерін айқындап келешек ұрпақты Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде зор жұмыс атқармақ. Екінші топқа қазақ-жоңғар соғысының тарихнамалық мәселелері мен деректік негіздеріне арналған еңбектерді топтастырды. Мақаланы қорыта келе автор аталмыш тақырыпқа байланысты зерттеулердің аз екендігін, қазіргі таңда тарих саласындағы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі екенін айтып өтті.

Тарихшы А.Тұрдалиев өзінің «Қазақ-қалмақ қатынасы: жауласудан басқасын білеміз бе?» мақаласында екі халық арасындағы бейбіт қатынасты зерттеу керектігін қатаң ескертеді [17, 17-21б.]. Аталмыш мәселені зерттеушілердің есімдерін атай отырып, тарихи оқиғаның зерттелмеген тұстарына көңіл аударады. Ол қазақтың «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек» эпостары мен қалмақ соғыстарының арасындағы байланыстарды көрсетеді және Г.К. Конкашпаевпен қатар «Қызыл кеніш», «Діңгек» сияқты архитектуралық ескерткіштердің қазақ-қалмақ тарихына қатысты екендігін айтып, этникалық өзара әсердің болғанына назар аударады.

Жалпы қазақ-жоңғар қарым-қатынастары мәселесі біршама зерттелген. Жарық көрген еңбектер тарихи құнды деректер негізінде қарастыруға болады. Қарастырылған еңбектерде екі ел арасындағы мәселелерге байланысты біршама мәліметтер алуға болады. Бірақ, әліде зерттеуді қажет ететін тақырыптың бірі болып қала бермек. Сондай-ақ

заманауи зерттеушілердің еңбектерін тегістей қолға алып тарихнамалық талдаудан өткізу аса маңызды.

**Әдебиет:**

1. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758) II. издание. - М.: Наука, 1964. - 482 с.
2. Тынышпаев М. История казахского народа. - Алматы: Санат, 1997. - 224с.
3. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). - Алма-Ата: Наука, 1988. - 144 с.
4. Из истории международных отношений в Центральной Азии: сред.века и новое время / ред. Исхаков Г.М. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. - 184 с.
5. Досмұхамедов Х. Аламан. - Алматы. Жазушы, 1991. - 256 с.
6. Едилханова С.А. Казахско-джунгарские отношения в XVII-XVIII веках: некоторые исторические аспекты проблемы /С.А. Едилханова. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 161 с.
7. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв.: пер. с франц. /Р. Груссе. - Алматы: Санат, 2005. - 335 с.
8. Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы / Мұқанов М.С. - Алматы: Атамұра Қазақстан, 1994. - 80 б.
9. Данияров К. История Абылай хана - государственного деятеля, полководца, дипломата, политика /под ред. Б.М. Канапьянова. - Алматы: Жибек жолы, 1998. - 96 с.
10. Қазақ ұлт қозғалысы /құраст. проф. М.Қ. Қойгелдиев. - 5 том: - Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 344 с.
11. Қасымбаев Ж. Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер // Қазақ тарихы. - 1993. - №2. - Б. 24-28.
12. Қалан, Э. Қазақ-жоңғар қатынасының саяси қырлары [Мәтін] / Э. Қалан // Ақиқат. -2009. - № 6. - С. 43-48 б.
13. Қасымбаев Ж. Жоңғар шапқыншылығы // Отан сақшысы. - 2005. - 3 желтоқсан. - №47. - Б. 7.
14. Мамыров К. Кеңес тарихнамасындағы қазақ-жоңғар мәселесі //Қазақ тарихы. - 1994. -№3. - Б. 22-26.
15. Моисеев В. Қазақ-жоңғар қатынастары орыстың архивтік құжаттары // Ақиқат. - 1992. - №7. - 58-63.
16. Ноғайбаев М.С. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрсінің тәуелсіздік кезеңінде зерттелу мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. - 2002. - №1(24). - Б. 100-102.
17. Турдалиев А. Қазақ-қалмақ қатынасы: жауласудан басқасын білеміз бе? // Ақиқат. - 1996. - №5. - Б. 17-21.

## Ә. ДИВАВТЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАРЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

**Суюханова К. Б.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қ. Астана*  
**[suyukhanova.00@inbox.ru](mailto:suyukhanova.00@inbox.ru)**

**Аннотация.** Ұсынылып отырған мақалада қазақ халқының фольклорлық мұрасынан елеулі орын алатын, этнограф, фольклорист Әбубәкір Диваевтың дара өмір жолы мен қазақ халқына орны толмас асыл қазынасының тізбегін құрастырған еңбектері жайлы сөз қозғалады. Әбубәкір Диваевтың қазақ ауыз әдебиетіне қатысты жинаған шығармашылығымен қатар, қазақ халқының этнографиялық жазбаларына өзінше жаңа дем бергенін атап көрсету – бүгінгі таңда өзекті мәселе.

**Кілт сөздер:** этнография, фольклор, ориенталист, поэзия, зерттеу, жанр, архив.

**Аннотация.** В представленной статье рассказывается о творчестве этнографа, фольклориста Абубакира Диваева, занявшего значительное место в фольклорном наследии казахского народа и составившего для казахского народа цепочку незаменимых драгоценных сокровищ. Помимо собранных Абубакиром Диваевым произведений, относящихся к казахской устной литературе, актуален вопрос о том, что именно он дал новое дыхание этнографическим писаниям казахского народа.

**Ключевые слова:** этнография, фольклор, востоковед, поэзия, исследование, жанр, архив.

**Abstract.** The presented article tells about the work of the ethnographer, folklorist Abubakir Divayev, who occupied a significant place in the folklore heritage of the Kazakh people and composed a chain of irreplaceable precious treasures for the Kazakh people. In addition to the works collected by Abubakir Divaev, which are related to Kazakh oral literature, there is an actual question about the volume that exactly ten gave new breath to the ethnographic writings of the Kazakh people.

**Keywords:** ethnography, folklore, orientalist, poetry, research, genre, archive.

Қазақтың ауыз әдебиеті, фольклор шығармашылығы өзінің қайталанбас мұрасымен ерекшеленеді. Мыңдаған жылдар тарихы бар қазынаға бай мол мұрамызды қағаз бетіне түсіріп, жүйелеп саралау жолында біршама ғалымдарымыз тер төкті. Орыс этнофольклор зерттеушілерімен қатар, орыс ғалымдары да қазақ халқының этнографиясын, ұлт тарихының белгілі шығармаларын жинақтауда, әр түрлі ғылыми талдаулар мен зерттеулер жүргізді. Осындай ел мұрасын жинауға бар ғұмырын арнаған, қазақ жұртына ерен еңбегін сіңірген атақты фольклорист, этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев. Ол жинаған, халық ауыз әдебиетінің онша мәлім емес үлгілерімен қатар бұрын өз ана

тілімізде жарық көрмеген біршама этнографиялық жазбалары бүгінгі күнге дейін біздің фольклорымыздың баға жетпес асыл рухани мұрасына айналып отыр. «Әбубәкір ақсақал – қазақ қырғыз елімен қаны бір болмаса да, жанын бір қылып, шамасы келгенінше еңбек қылған адам. Қырық жыл бойында арымай, жапанда жатқан, қазақ-қырғыз елін шет жұртқа танытқан адам, қырық жыл қазақ-қырғыз елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған адам.» деп, Мағжан Жұмабаев өзінің 1923 жылы жазған мақаласында, Әбубәкір Диваевқа жоғары баға берген. Мағжан Жұмабаев, Диваевтың қырғыз-қазақ елімен рулас болмаса да, жанын бір қылып, түбі бір түрік баласындай, башқұрт ұлтынан бола тұра, еліміздің төл әдебиет мұраларына жанашыр болып, өмір жолын сарп еткендігін баса назар тұтқан. Расында, Әбубәкір Диваев еңбектері бір адам ғұмырына татырлық. Қырық жыл бойына қырғыз-қазақ жол-жұрасын жинап, оны орыс тіліне аударып, орыс халқының газет-журнал беттеріне жариялатып, мұрамызды күллі елге таныстырған.

Аса көрнекті ғалым, фольклоршы әрі этнограф Ә.Диваевтің қазақ халық әдебиетінің асыл мұраларын жинап, жариялап, зерттеу ісіне қосқан үлесі ұшан теңіз. Ол жинаған фольклорлық мұралар бүгінгі күні баға жетпес рухани байлығымызға айналуда.

Әбубәкір Диваев 1856 жылы 19 желтоқсанда Орынбор қаласында башқұрт шаруасының отбасында дүниеге келген. 16 жасында Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөліміне оқуға түсіп, оны 1876 жылы бітіріп шығады да, Түркістан өлкесінің Ташкент қаласына әскери қызметке жіберіледі. Кейін ол Сырдария губерниясының генералы Скобелевтің тілмашы болып қызметін ауыстырады. 1883 жылдан бастап, ол фольклорлық, этнографиялық материалдарды жинап, зерттеумен айналысады.

Сырдария губерниясының генерал губернаторы Н.И.Гродеков 1884 жылы қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының ауыз әдебиетін жинауға кіріседі. Бірақ бұл әрекеті оның ғылыми мақсатынан емес, Орта Азия халықтарының заң құқық, қоғамдық саяси құрылысын тексеру, сөйтіп, сол өңірді Ресейге бағындыру мақсатынан туған еді [1]. Бұл жұмысқа Гродеков жергілікті халықтың тілін, дәстүрін жетік білген Диваевті қатыстырады. Диваевтің ауыз әдебиетімен айналысуына сәті келген жағдайдың бірі осы болатын.

Кадет корпусында жүргенде Диваев қазақ жастарымен араласып, қазақтың салт сана әдет ғұрпымен жете танысқан. Әсіресе, халық шығармасына ден қойған. Оқуын бітірерде ол қазақ, өзбек, тәжік парсы

тілдерін, профессор М.Е. Массонның айтуына қарағанда , ағылшын тілін де аса жетік білген. Бұл оның фольклормен айналысуына себепші болған екінші жағдай еді.

Гродеков тобына қосылар алдында ол белгілі түрколог В.П.Наливкин, әрі тарихшы , әрі филолог А.Н.Вышнеглядскийлермен жүздесіп, фольклор жинау жұмысының бағдарламасымен танысады, олардың ғылыми зерттеудегі озық әдіс тәсілдерін үйренеді. 1896 жылы Қазан императорлық университетінің қасындағы Археология, тарих және этнография Қоғамы Ә.Диваевқа хат жолдап, оның аталмыш қоғамға толық мүшелікке алынғаны жайлы хабарлайды. Қол қойған Қоғамның хатшысы Н.Катанов. Осы күннен бастап, Диваев пен Катанов хат жазысып, пікірлесіп, ақыр соңында жақсы дос болып кеткен.

Археология, тарих және этнография Қоғамының жарғысында атап көрсетілгендей, қоғам « ... Россия мемлекетіне қарасты жерлердегі орыстардың, сондай-ақ, өзге ұлттардан – бұрынғы Болгар-Хазар, Қазан Астрахань патшалықтары аймақтарының, сонымен бірге, Сібір және Орта Азия тұрғындарының да өткендігісі мен бүгінгісін зерттеуді мақсат тұтқан [2, с. 241].

Қызметкер мүшелердің арасында Г.Н.Потанин, В.П.Наливкин, Н.П.Остроумовтар да болған. Диваев осы қоғамға толық мүшелікке алынып, аттары аталған ғалымдардың тобына қосылған.

Диваев толық мүшелігіне сайланған қоғам бұл кезде Париж, Берлин, Мюнхен, Вена, Прага, Будапешт, Осло, Стамбулмен тығыз байланыста болған. Ал, Ресейдің ішіндегі Петербургте, Мәскеу, Киев, Харьков, Рига, Ташкент, Одесса, Воронеж, Саратов, Тифлис, Симферополь шаһарларында тұратын ірі ғалымдар қоғамға атсалысып, үнемі қызмет етіп отырған. Нақ осы жылдары Ә.Диваев қоғамға мақалаларын, қолжазбалар үлгілерін, түрлі материалдар жіберіп, ғылыми хабарламалар жасап отырған. Мысалы, Ә.Диваев 1895 жылы қарашада Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи ғимаратындағы жазулардың көшірмесін және оған жазған өзінің түсініктемесі мен ғимараттағы дүние мүліктер жайлы деректерді ілгеріде аталған Қоғамға жібереді. Қазан ғалымы П.Н.Ахмеров Диваев жіберген бұл жазбаларға түсініктеме жазып, оның еңбегін жоғары бағалаған.

1895 жылы желтоқсанда Ә.Диваев Қазан шаһарына бір көне мөрдің көшірмесін әкеледі. Мөр жазуларын оқыған П.Н. Ахмеров мынадай түсініктеме береді: мөрдің ортасындағы шеңберді айнала орта Азия ойшылы Қожа Ахмет Яссауидің аты, хижра бойынша жыл санағы , ал

шеткі шеңберде мөрдi жасаған ұстаның есiмi – Қожахан деп жазылған. 9 сантиметрлiк шеңбер 10 радиуска бөлiнген де әрқайсысына Мұхаммед пайғамбардың барлық мұритерiнiң және Ахметтiң өзiнiң есiмi жазылған. Диваев әкелген мөр мен көне қолжазбалар кезiнде Түркістан туралы ғылымға, әсiресе, қазақтану ғылымына қосылған зор үлес болды. Диваевтiң халық ауызекi шығармасын қажымай талмай жинап зерттеген еңбекқорлығы Ресейдiң ортенталист ғалымдарының назарын өзiне аудара бастайды. Түрлi ғылыми қоғамдар оны өзiне мүшелiкке тартуға келiсiмiн сұрап хаттар жазады. Мысалы, 1896 жылы 22 қаңтарда Ә.Диваев ТҚЛА ға толық мүшелiкке сайланады. Бұл үйiрме 1895 жылы 11 желтоқсанда Ташкентте ашылып, 1917 жылға дейiн өмiр сүрген. Үйiрме Орта Азияның өткен дәуiрлерi жайлы көптеген деректер мен жекелеген фактiлердi жинауда аса зор қызмет көрсеткен. Диваевтiң қатысуына байланысты бұл үйiрменiң қызметi ұлғайды да, жандана түстi.

Әйгiлi ғалым түркологтар В.В Радлов, Н.Ф. Катановтар Диваев жинаған материалдардың ерекше құндылығын атап айтып, бұл материалдар ‘...өзiнiң тың және ерекше мазмұндылығы жағынан этнографтардың... ықыласын аударады’ деп жазды [3, с. 540]. Ә.Диваев мұсылман халықтарды озық Еуропа мәдениетiне, көркемөнерiне баулыды. Өз заманының прогресшiл идеяларын насихаттаушы болды. 1904 жылы тiкелей Диваевтың қатысуымен Ташкентте мұсылман интеллигенттерiнiң әуесқой театры ұйымдасты. Сол жылы 4 сәуiрде театр Махаббат машақаты атты тұңғыш спектаклiн көрсеттi. Бұл туралы Переводчик газетi Күнi бүгiнге дейiн театрдың рахатын Батыс Еуропа мен Ресей халықтары ғана көрiп келдi. Ресейдегi миллиондаған мұсылман тұрғындарының ондай ләззатқа қолы жетпедi, олар өз ұлттары түгiлi өзге ұлттардың тұрмысы жайлы театр сахнасынан ана тiлiнде бiрде бiр пьеса көрген емес. Уақыт жылжып өтiп жатыр, халықтың ой санасы да iлгерiлеп барады. Сондықтан да ендi олар рухани нәр iздейдi, iлiм бiлiмге ендi оларды бiр көзге көрiнбес құдiрет жетектеп келедi. Ендi осы қарапайым болғанымен аса маңызды бастама бұл өнердiң жалғасын тауып, дами беретiндiгiнiң куәсi, қараңғы мұсылман бауырларымызды сауаттындыруға, сөйтiп, жүректерiнен орын алған отанымыздың гүлдене беруiне қызмет ететiн болсын деп тiлек айтайық деп жазды.

1906 жылы Ә.Диваев әскери қызметтен босанып, бiрыңғай халық ағарту, ғылыми жұмыстармен айналысады, 1916 жылға дейiн татар мектебiн басқарады. Ресейдiң этнографтары, фольклорист ориенталистерi 1915 жылы Диваевтiң ғылыми қызметiнiң 25 жылдығын кеңiнен атап өттi.

Бұл мерейтойға арнап, Қазақ, Туркестанские ведомости, Живая старина, газеттері мақалалар жариялаған. Той иесіне В.В.Бартольд, В.В. Радлов, А.Н.Самойловичтер құттықтаулар жолдаған.

Ташкент университеті Орта Азияның Кеңестік шығыстану орталығына айналды. Мұнда Түркістан шығыс институты ашылады. Онда көрнекті шығыс зерттеушілері академиктер В.В.Бартольд, С.Е.Малов, Ф.А. Виельструп, И.И. Зарубин, М.С.Андреев, М.Ф. Гаврилов, В.И.Кун, А.А.Семенов бірге шығыс тілдерінің біліктісі, әйгілі фольклорист Диваев та болды. Ол мұнда лекция оқумен қатар фольклорлық мұраларды классификациялап талдап, зерттеумен дәйекті түрде айналысты. Нақ осы жылдары ол Түркістан өлкелік музейінде археология және этнография бөлімінің меңгерушісі міндетін де атқарған, бірақ денсаулығы нашарлау себепті 1923 жылы бұл қызметімен лажсыз қоштасуға мәжбүр болады.

Ол Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, оқу ағарту және ғылыми мекемелерінің мүшесі болады. Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Советінің бұйрығы бойынша істер басқармасының, экономикалық кеңестің ғылыми кеңесшісі, Наркомпрос қырғыз ғылыми комиссиясының мүшесі міндеттерін атқарады. 1923 жылы 21 наурызда шығыстанушы ғалымдар үшін де, Түркістан республикасы үкіметі үшін де есте қалар күн болды. Ә. Диваевтің ғылыми қоғамдық қызметіне 40 жыл толды. Орта Азия Бас Музейі 1923 жылы қазақ этнография бөлімін ашып, оны Әбубәкір Диваев атындағы қазақ этнографиялық бөлімі деп атайды. Мұнда Ә.Диваевтің достары, тәжік тілі мен этнографиясының маманы М.С.Андреев қызмет еткен. Адамтану бөлімін Әбубәкірдің ең жақын досы М.Е. Массон басқарған. Әбубәкірдің осы мерейтойына арнап, почта маркасы да шығарылған.

Науқас әлсіреткен Диваев 1925 жылдың 5 қазанында өз өтініші бойынша, денсаулығының нашарлап, жасының ұлғаюы себепті қызметтен босанады. Орта Азия университеті шығыс факультеті мен пәндік комиссияның жалпы жиналысы қабылдаған Диваев өтінішін қанағаттандыру жөніндегі қаулыда оның кеңестік Шығыстану мектебіне сіңірген еңбегі әділ бағаланған.

Ә.Диваевтің өз аузынан естіген М.Е.Масонның сөзіне қарағанда Әбубәкірдің көзінің тірісінде көлемі 75 баспа табақ еңбегі болған екен. Ал фольклорист Диваев материалдарының мұрагері Х.Т. Зарифовтың жазуынша, ол 100-ден астам ғылыми еңбек қалдырған деп есептейді. Қазақ кітаптарының шежіресі Ә. Жиреншиннің дерегінде Әбубәкір Диваевтің жалпы еңбегін жариялаған кітаптардың саны 115 [5, с. 61] деп



жазылады. Қалай дегенде де, Ә.Диваевтің көлемді де маңызды мұра қалдырғанында ешбір күмән жоқ.

Диваев жинаған мұраның дені және көлемдісі халық поэзиясының үлгілері. Оның аңыз дастандар жөніндегі терең білімдарлығы халық шығармашылдығының даму жолдары мен заңдылықтарының бірнеше нұсқаларын бақылауға мүмкіндік берген. Ә. Диваевтің материалдарының мол бөлігі 1920 жылы ұйымдастырылған. Жетісу, Сырдария экспедицияларының жинап әкелген мұралардан тұрады. Бұлар негізінен жарияланып үлгірмей, қолжазба күйінде қалған.

Экспедиция жазбалары ауыз әдебиеті жанрларының бәрін қамтыған. Онда ертегі аңыз да, жұмбақ тақпақ та, мақал мәтел де, айтыстар мен ұзақ өлеңдер де бар. Және бір ескерілері бұл материалдар әр уезден, әр ауылдан жиналып топтастырылған. Перовск, Қазалы, Шымкент, Әулиеата, уездерінің Жетісу мен Сыр өңірінің шет аймақтарына дейін қамтылған десе боларлық. Диваевтің фольклористік еңбектерінің біразы Ұлы Қазан революциясынан кейін, Кеңестік жаңа дәуірде жазылды. Ауыз әдебиеті материалдарын жүйелеу, қайтадан классификациялау, түсініктер жазу, батырлар жырына алғы сөз жазу, т.б. толып жатқан қызметі кеңестік фольклористикаға қолқабыс етті.

Диваевтің ғылыми ой пікірлерінің даму, қалыптасу, эволюциясын қадағалағанда ең алғаш оның кішігірім түсініктемелерден басталатынын аңғарамыз. Өзі жариялатқан ертегі аңыздарды, мақал мәтелдерді, қисса дастандарды аудару үстінде кейбір сөздерге түсінік беріп отыру арқылы ой түюі оның зерттеуші сыншылық эстетикасының алғашқы кезеңін айқындайды.

Диваевтің ең алғаш қолына қалам алып, фольклорлық мұраны жинауы шағын жанрдан басталған мақал мәтелдер, тұрмыс салт өлеңдері, т.б. үлгілер, оның архивінен мол ұшырасады.

Диваевтың зерттеушілік эстетикасында халық поэзиясы ылғи алдыңғы кезекте тұрады. Ол халық поэзиясын үш топқа жіктеп: эпикалық, лирикалық, драмалық, деп бөледі де, әрқайсысына толық мысал келтіреді. Диваев сол кездің өзінде қазақ халқы поэзиясы материалдарын ғылыми жүйеге салып, салалап зерттемек болған. Ол поэзияның табиғатын дұрыс түсініп, маңызды пайымдаулар жасайды, тіпті оның қазақ поэзиясын парсы поэзиясымен салыстыра отырып күні бүгінде біз үшін мәнін жоғалтпаған тұжырым жасайды. Әбубәкір қазақтың батырлық жырларын орыс, украин, өзбек, т.б. ұлт-дастан жырларымен салыстыра

зерттейді. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетеді.

Сөзімізді қорытындылай келе, қазақтың ауыз әдебиетінде Диваев зерттемеген жанр жоқ деп топшылауымызға болады. Ол тіпті әр сөздің түпкі мағынасын ашып, өз ойын білдірген.

Әбубәкір Диваев өзі жинаған, материалдарын тек зерттеп қана қоймай, оның қағаз бетіне түсірілуіне де аса мән берген және соны армандаған. Оның айтуынша «Ғылым-білім кітапта. Барлық мәдениетті халық ғылымға, көркемөнерге, білімге ұмтылады. Мұның бәрін ондаған, тіпті, одан да көп жылдар бұрын ғылым әлемінің өкілдері әзірлеген кітаптар ғана бере алады» деп есептеген. Бұл ойы оның бүкіл өмір бойына ғалымдық ұстанымын көрсетеді. Диваев топтастырған халық ауыз әдебиеті материалдары, тек фольклористика, лингвистика, этнография үшін ғана емес, сонымен қатар, халық тарихы, ұлт тарихын жазуда да үлкен маңызға ие болды. Сонымен, Әбубәкір Диваев, халық мол мұрасын жинақтаушы, оны өзге тілге аударушы және оны басып шығарып, жариялатушы қызметтерін атқарды. Ол бұл істе халық мұрасына нағыз жанашырлық танытып, халықтық ұстанымын алға тартты. Оның бұл ұстанымы, әсіресе, зерттеушілік ісінен анық көрінді. Ғалымның ғылыми еңбектерінің маңыздылығы жоғары екендігіне өз заманының белді тұлғалары да айтып өткен. Атап өтер болсақ, Диваевтың ең жақын досы Н.Ф.Катанов «Труд А.А.Диваева по новизне и оригинальности содержания вполне заслуживает внимания если не филологов и лингвистов, то по крайней мере этнографов»[4, с. 119-126] деп мойындаған.

Шынында, бұл айтқандары күні бүгінге дейін маңыздылығын жойған емес. Қайта фольклор туралы еңбектері жоғары бағаланып, асыл қазынаға айналды.

#### **Әдебиет:**

1. Гродеков Н. И. Киргизи и каракиргизи Сыр Дарьинский области, том 1 , Ташкент, 1889
2. Известия Общества археологии, истории и этнографии, т. XXIV, вып. VIII, 1908 г., стр. 241
3. «Живая старина», 1894 г., III-IV , стр. 540. Записки Восточного отдела русского археологического общества, 1896 г., т. IX. стр. 297
4. Диваев А.А. Этнографические материалы. Ташкент, 1895, с. 119-126
5. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы. 1971. 61-б.

## ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА ВОЛОСТНЫХ УПРАВИТЕЛЕЙ В СРЕДНЕМ ЖУЗЕ

**Кайруллина А.К.**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
ainur1984\_@mail.ru*

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы становления окружной и волостной системы управления в Среднем жузе после принятия реформ в 20-годы XIX века на примере Баянаульского внешнего округа. Определена роль волостных управителей как ключевых фигур в Степи.

**Ключевые слова:** реформа, округ, волость, указ, Средний жуз, Баянаульский внешний округ, Шон би.

**Аңдатпа.** Мақалада XIX ғасырдың 20-жылдарында қабылданған реформалар нәтижесінде Орта жуз территориясында округтік және болыстық басқару жүйесінің қалыптасуы айқындалады, оның ішінде Баянауыл сыртқы округі қарастырылып отыр. Қазақ даласындағы басты тұлғалар ретінде болыс басқарушыларының рөлі анықталған.

**Кілт сөздер:** реформа, округ, болыс, жарғы, Орта жуз, Баянауыл сыртқы округі, Шоң би.

**Abstract.** The article considers the formation of the district and volost management system in the Middle Zhuz after the adoption of reforms in the 20s of the 19th century on the example of the Bayanaul outer district. The role of volost governors as key figures in the Steppe is determined.

**Key words:** reform, district, volost, decree, Middle zhuz, Bayanaul outer district, Shon bi.

Особое место в описании и анализе исторических процессов в казахских степях XIX века занимает проблема учреждения первых казахских округов и формирование института окружных и волостных управителей. В связи с политико-экономическим продвижением Российской империи вглубь территории Казахстана в 20 годы XIX века начинается новый этап в русско-казахских взаимоотношениях. Основной задачей царского правительства было усовершенствование административной структуры с целью полной интеграции территории казахских земель Средней Орды в Российскую империю.

В начале XIX века российское правительство предпринимает качественно новые шаги на пути достижения желаемых результатов своей политики в казахском регионе. В 1819 году при Министерстве иностранных дел был образован Азиатский департамент, который должен был заниматься делами, касающимися непосредственно казахских земель

и всеми вопросами взаимоотношений России с азиатскими народами. Центральное правительство ставило перед собой задачи — изучить достигнутый уровень отношений с казахами и проанализировать перспективы их развития. Осуществляет эти задачи М. М. Сперанский, назначенный в 1819 г. генерал-губернатором Сибири и проводивший ревизию сибирского управления [1, с. 494].

В отчете тайного советника М. Сперанского об обозрении Сибири в 1819-1820 годах, названных им «Записка о киргиз-кайсаках и других азиатских народах, пребывающих на Сибирских линиях» были определены круг значимых вопросов для империи:

Во первых, это состояние торговых дел России, которые велись через сибирские линии, а также пути их дальнейшего развития, так как через казахские степи Средней орды, прилегающие к сибирским линиям, проходили русские купеческие караваны в Бухару, Ташкент, Кокандские рынки и в китайские города Кульджа и Яркент.

Во вторых, условия развития горнорудной промышленности в районах, выходящих за пределы сибирских линий. На тот момент за пределами сибирских линий — внутри казахских степей были открыты Бухтарминский, Риддерский и Зыряновский рудники, а также началась разработка цветных металлов в районе реки Корган.

В третьих, общая картина социального и политического устройства казахского общества. Российскому правительству необходимо было определить причины политико-правовой неопределенности подданства казахов и возможности других социальных сил, через которые можно было бы добиться определенности этого подданства;

28 июля 1821 года для рассмотрения предложений М.М. Сперанского по поводу организации управления Сибирским краем был учрежден специальный «Сибирский комитет». В итоге деятельности данного комитета в 1822 году Александром I был подписан «Устав о сибирских киргизах». Основной задачей данного законодательства являлось установление территориальной определенности земель Среднего жуза и создание структурного административного аппарата.

Согласно реформе 1822 года земли Среднего жуза вошли в состав Омской области, которая наряду с Тобольской и Томской губерниями вошла в состав Западной-Сибирского генерал-губернаторства с административным центром в Тобольске, центр Восточно-Сибирского генерал-губернаторства был в Иркутске [2, с.59]. Таким образом, казахи

Среднего жуза оказались под властью Омской области и называться сибирскими киргизами.

«Устав о сибирских киргизах» включал в себя десять глав, состоявших из 319 статей. В данном устава освещались вопросы административного разделения. В соответствии с Уставом в Средней орде была внедрена по степени соподчиненности трехзвенная административная система управления: окружное, волостное и аульное управление. Самым крупным административно-территориальной единицей являлся внешний округ.

В уставе отмечалось, что «каждый округ имеет определенные надлежащим разграничением земли, и жители другого округа не переходят на оные без точного позволения местного начальства» [3, с.417-433]. Стоит отметить, что при формировании округов царская власть приняла во внимание родовой принцип расселения казахов и при разделении территории, за основу были взяты зимние кочевья, имевшие четкие территориальные границы. «Округи, преимущественно состояются, - определяет принцип образования административных единиц, из тех волостей, кои считаясь в одном роде или поколении, обвыкли уже быть совокупно, и из волостей им соседственных» [4, с.93].

В каждом округе был организован управленческий орган – окружной приказ, который охранял тишину и порядок в казахских степях, контролировал все гражданские и уголовные дела. Председатель приказа – ага султан, который на самом деле не знает правила, которыми должен сам руководствоваться и не владеет русским языком. Компетенции ага султана приравнивались к компетенции земских чиновников. Все окружные приказы подчинялись Омскому областному начальству. В состав окружного приказа входили два заседателя из русских чиновников, назначаемых Омским областным начальством, ни один из которых не понимает по киргизски и два заседателя от знатных казахов, выбираемых биями и старшинами. Данные заседатели избирались сроком на 2 года, а старший султан – на три. В период работы на государственной службе ага султан имел чин майора и только после трех сроков честной и беспорочной службы имел право получить диплом дворянина Российской империи. Безусловно, окружной приказ это место откуда исходили все повеления, являясь здесь начальником ага султаны не могли руководствоваться самостоятельно, а русские заседатели не могли допустить, чтобы казахский султан мог фактически быть начальником над

ними. Старший султан нужен был в приказе для подписи бумаги и приложения своей тамги.

В следствие чего, в апреле 1824 года началась организация нового административного деления на территории Среднего жуза и были открыты первые Каркаралинский и Кокчетавские округа, затем в 1831 году Аягузский, в 1832 году Акмолинский, в 1833 году Баян-Аульский и Уч-булакский, в 1834 году Кушмурунский и в 1844 году Кокбектинский внешние округа [5, с.310].

Важно отметить, что открытие Баянаульского внешнего округа не предусматривалось властями. Территория Баянаула в составе Тортугальской волости должна была войти в Каркаралинский внешний округ. Однако роды, проживающие на территории Баянаульского региона под руководством авторитетного бия Шона Едигина выступили против вхождения в состав Каркаралинского округа. Основным препятствием к объединению явилась взаимная вражда родов. Племенные объединения, кочующие на соседних территориях, не хотели входить в один округ и требовали раздельного устройства.

28 ноября 1825 года Шон би в своем письме генерал-губернатору просил учредить в его кочевьях самостоятельное управление: «Вступая борьбу с ханской властью Букея Баракханова в 1816 году, мы организовали Туртугальский союз. Ядром его явились потомки четырех сыновей Суйюндука – Кульболды, Жанболды, Орманшы и Каржас. На сегодня в данный союз входят тринадцать родов – Басентин, Бурунайман, часть родов Канжыгалы, Карпык и другие. Представители этих родов 332 бия, входящих в совет союза, единодушно избрали меня главным бием союза. Подведомственный мне народ состоит из 4300 аулов, и я уверен, что количество народа, подвластного представителям чингизидов, потомком ханов Абылая и Букея, по количеству не составит даже половины моего» [6, л.2-3].

В архивных фондах ЦГА Республики Казахстан сохранился рапорт начальника Каркаралинского военного отряда Омскому областному начальнику Броневскому о согласии казахов Тортугальской, Канжыгалинской и Баянаульской волостей на открытие Баян-Аульского окружного приказа.

О необходимости открытия Баян-Аульского окружного приказа говорилось в письме генерал-губернатору Западной Сибири из Омского областного управления (от 19 марта 1826 г.): «Польза открытия округа при Баян ауле такова, что киргизы, на пространстве между двумя внешними

округами и здешнюю линию кочующие, со вступлением в ведение сего нового округа прекратят уже те беспорядки и грабежи, какие от них претерпевали до сего соседственные волости, состоящие под управлением Каркаралинского и Кокчетавского приказов; учредятся сообщения от одного приказа до другого; составится связь и управление между тремя округами, и наконец, все сие совокупно послужит к прочному восстановлению в степи порядка» [7, л.11].

После долгих переговоров 9 марта 1833 года было опубликовано Утвержденное положение сибирского комитета об открытии Баянаульского окружного приказа.

Следует отметить, что по «Уставу о сибирских киргизах» ага султанами должны были избираться представители сословия торе, но в Баянаульском округе на перекор Уставу ага султаном был назначен представитель черной кости – Шон Би Едигеулы.

Разгорелась ожесточенная борьба за пост ага султана. Народ разделился на 2 лагеря: одна поддерживала чингизида Бопы Татенова, а другая бия Чона Едигина. Из письма командира отдельного Сибирского корпуса генерал-губернатору Западной Сибири: «Представляю Вам утвердить в Баянаульском окружном приказе в должности старшего султана бия Чона Идигина, который уже разрешен вами на управлении округом, заседателями от киргиз: бия поручика Боштая Турсунбаева и старшину прапорщика Бердулу Казангапова». Именно благодаря Шон Бию и его огромному влиянию в степи стало возможным организация Баянаульского внешнего округа. В результате проводимой политики в разные годы Баянаульским округом управляли представители «черной кости». Шон би удалось доказать, что казахи могут управлять своей землей сами и изменить положение царского указа.

Таким образом, официальное открытие Баянаульского внешнего округа было 22 августа 1833 года. В состав округа вошли 14 волостей, состоящих из 149 аулов, это примерно 65 тысяч человек [8, л.11].

Более сорока лет в казахском обществе функционировали учреждения, образованные согласно Уставу 1822 года. В частности, Баянаульский внешний округ, образованный в 1833 году, был ликвидирован в связи с принятием административной реформы 1868 года и вошел в состав Павлодарского уезда. В целом, образование Баянаульского округа имело важное историческое значение для дальнейшего развития региона в условиях его вхождения в состав Российской империи.

*Литература:*

1. Материалы по истории Казахской ССР : 1785-1828 гг. – Москва - Ленинград : Изд-во Акад. наук СССР, 1940 - Т.4. – С. 543
2. Горбань Н.В. Обзор фонда Сибирского генерал-губернатора. – Омск, - 1959. – С.59
3. Полное собрание законов Российской империи. – Спб., 1830 – Т. 38. – С. 417-433 [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [https://nlr.ru/e-res/law\\_r/content.html](https://nlr.ru/e-res/law_r/content.html)
4. Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алма-ата, 1960. – Т.1. - С.440
5. Валиханов Ч.Ч. «Собрание сочинений» - Алма-Ата, 1985. – Т.2.- С.310
6. ЦГА РК, ф.338, оп.1, д.690, л.2-3
7. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.720, л.4
8. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.452, л.11

**ROLE AND HISTORICAL SIGNIFICANCE OF POLITICAL  
YOUTH ORGANIZATIONS AT THE BEGINNING OF THE XX<sup>TH</sup>  
CENTURY IN KAZAKHSTAN (1900-1920 YEARS)**

***Sulekeyev D.K. , Kuzembayev N.E.***

*Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar,  
Dauren020880@mail.ru*

**Түйін.** Мақалада 20 ғасырдың басындағы жастардың саяси ұйымдарының қалыптасу тарихы қарастырылып, қоғамдық сананы қалыптастырудағы мақсаттары, міндеттері мен рөлі айқындалған.

**Аннотация.** В статье рассматривается история становление молодежных политических организаций в начале 20-го века, определены цели, задачи и роль в формировании общественного сознания.

**Ключевые слова:** молодежные организации, политика, идеология, общественное сознание, демократия.

**Түйінді сөздер:** жастар ұйымдары, саясат, идеология, қоғамдық сана, демократия.

**Abstract.** The article discusses the history of the formation of youth political organizations at the beginning of the 20th century, defines the goals, objectives and role in the formation of public consciousness.

**Keywords:** youth organizations, politics, ideology, public consciousness, democracy.



About the growth of social activity, the emergence of the possibility of improving the political and ideological state among the Kazakh people, Kazakh and Soviet scientist, statesman, doctor of law, professor Salyk Zimanovich Zimanov says the following: «From the point of view of the external situation at the beginning of the 20th century, in the territories behind Russia, among them in then-Kazakhstan, a very appropriate moment arose for the emergence of national self-consciousness and the development of the national liberation movement» [1, p. 65-67]. Having found its supporters and followers, the ideals of humanism and freedom, the struggle against tyranny and pressure, equality and unity of peoples spread to the outskirts of Russia. The presence of prerequisites for the emergence of a national democratic innovative idea at the beginning of the 20th century is characterized as a historical factor. Their initiators include social activity and political and social views of Kazakh youth, who studied at institutions of higher education in large cities of Russia in the 80s-90s of the 19th century. The Kazakh youth, thinking about freedom and independence, the future of the Kazakh people, since student years, known for their social and political activism, sought to create public organizations that unite young people in their goals and undertakings. The political events that took place in St. Petersburg in the 80s-90s of the 19th century influenced the improvement of the political convictions of Kazakh youth. Barlibek Sirtanov, Muhamedjan Serdalin, Bakhytzhan Karataev, A. Temirov and Baktigerey Kulmanov, who studied before them at the Faculty of Oriental Studies, organized the "Countrymen" circle. In addition to providing financial assistance to students in the circle, they provided medicines in the event of illness, they secretly read and discussed the proclamations of revolutionary content at their meetings, shared their opinions on the struggle against inequality and injustice.

The increased colonial oppression in the Russian empire, the growing liberation struggle against the national oppression of other nations, the domination of great-power Russian nationalism, engendered discontent among the peoples of the Caucasus, Poland, Finland, Central Asia who had entered the Russian empire, led to pressure from the tsarist government. The national bourgeoisie, trying at this time to retain its influence on the course of the national liberation movement in the regions, takes the direction to create national organizations. Proof of this is the creation in Ukraine in 1902 of the "Ukrainian People's Party", in Armenia "Dashnaksutyun", in Georgia "Sakartvelo", in Azerbaijan "Mussabatister" in Tatarstan "Birik" in Finland "Activists", in Poland the party "People's Democrats", the Jews the organization "Bund". During these years, among the Kazakh youth, Haleb Dosmukhamedov, Alikhan Bukeikhanov, Muhamedjan Tynyshpaev, Seitkali

Mendeshev became known for their democratic changes. On March 4, 1906, the tsarist government adopted a temporary rule on registration of public organizations with the Ministry of Justice, which made it possible for the provincial organization to strictly control each public organization [2, p. 105-107].

The democratic revival in the Kazakh steppe and the awakening of the national consciousness at the beginning of the 20th century were influenced by the fact that the national intelligents took the seal into its own hands, which caused the spread of cultural and educational activities among the people, widely covered ideas about uniting the intelligents, Kazakh youth to help students in need. A special role in the formation of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century was played by the city of Omsk. The Kazakh national-democratic youth movements at the beginning of the 20th century before the national liberation movement of 1916 became widespread. Kazakh National Democratic movement of young people in the beginning of xx century before the National youth movement were Mirzagali Esbolov, A. Kisykov, Shafkat Bekmukhamedov, Mukhamedkazi Shotaev, Musa Seydalin, Hasen Beketaev, S. Kozhalamov, A. Kenzhin, B. Suleev, and others. Kazakh young people under the direction of the National intellectuals was able to carry out all the organizational work for workers on the front [3, p. 13-18]. They are expressed their desire to these guys could quickly adapt to the new environment protection on the part of the state, the protection of the public organizations.

Kazakh guys taken on the military work became literate and understanding the youth. Kenes Nurpeisov, a researcher of the history of the Alash movement, wrote in his work: "After the victory of the February revolution, Kazakh youth organizations appeared in 20 cities and towns of Kazakhstan, bringing together students and villages teachers. Many of them were created in the spring and summer of 1917. Among them were the organizations "Unity" and "Democratic Union of Young Students." Established in the city of Omsk "Zhas Kazakh", in Akmola "ZhasZhurek", uniting the Kazakh youth of the Spassky plant, "Revolutionary Union of Kazakh youth" organized by TurarRyskulov In the village of Merke of Aulieata district, etc. "Zhanar" was also established in Semey and "Talap" in Kyzylzhar, he clarifies that these organizations basically at their inception set campaign tasks, distribute newspapers and magazines among Kazakh workers, helped in the educational program among the nations, campaigned for the equality of women. Democratic rebirth has led to the creation of youth organizations in all regions. Thus, during this period, the Kazakh youth, who became the mainstay of the national intelligentsia in the struggle for the independence of their native people, turned into a social and political force. In this

regard, young people participated in activities aimed at creating Kazakh committees in organizing management, introducing the leadership of the Zemstvo, and organizing elections to Kuriltay. The Kazakh national democratic youth movement spread widely in the Kazakh steppe [4, p. 100-104].

In the years 1919-1920, all-union communist congresses of young people began to be established in all regions of Kazakhstan. On July 13, 1921, the First Congress of the Communist Youth Union was opened in Orenburg. The congress called for Komsomol members to become loyal assistants in the revival of the national economy, in educating young people in the spirit of communism. Also then great importance was attached to joining the ranks of the Komsomol of more and more young people. The names of such young people as T. Muratbaev, Abdumanap Orazbaev, S. Esov are known as organizers of the Komsomol movement in Kazakhstan and will forever remain in the memory of the people. Although at the beginning of the 20th century, the national-democratic youth movement was criticized, under Soviet power it found an ideological continuation, the Kazakh youth were against the totalitarian side and they struggled to fight together.

At the present stage, new political youth organizations have been formed in Kazakhstan. For example, the youth movement Kakhar, the Youth League of the Alga Party, the Union of Patriotic Youth of Kazakhstan, the Society of Youth Professionals of Kazakhstan, the Youth Movement Abyroy, the Public Association Civil Defense, the Movement of Communists of Kazakhstan, and the Youth wing of Zhas Otan " under the Nur Otan Democratic Party. The history of our Youth Wing is closely related to the activities of the Nur Otan party. Until 2008, the Youth Wing participated in the implementation of projects under the leadership of the party. By this time, the organization did not have an independent legal entity. On January 17, 2008, an expanded meeting of the Political Council of the Nur Otan Party was held. The first congress "Zhas Otan" was held on May 14 of the same year in Astana. In his speech at the congress, the President set a number of priorities for the organization. The head of state urged to create all the necessary conditions under which every young citizen of Kazakhstan could realize his potential, become a self-sufficient and competitive person. He also defined the role of "Zhas Otan" in the implementation of the state youth policy. Thus, one can see how the Kazakh national-democratic movement of the beginning of the 20th century had its ideological, historical continuation. Kazakh youth because of the power policy of the Soviet government, dissatisfaction to the authorities and were able to show an example of heroism and resolute will [5].

### **Literature:**

1. Бейсембиев К. Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане начало 20 в. - Алма-Ата: Наука, 1965.-192 с.
2. Сулейменов Б.С Революционное движение в Казахстане в 1905-1907 гг. - Алма-Ата: Наука, 1977. - 256с.
3. Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция, рожденная Октябрем. - Алма-Ата, 1960.-142 с.
4. Пахмурный П.М., Григорьев В.К, Большевики Казахстана в революции 1905-1907 гг.- Алма-Ата: Казахстан, 1976.-182 с.
5. Наша история - <http://www.zhasotan.kz/ru/articles/2/nasha-istorija>

## **ТАРИХ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Кульмаганбетова Р. А.**

*№18 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз қ.*

[k.roza.81@mail.ru](mailto:k.roza.81@mail.ru)

**Түйіндеме:** Тарих пәні сабақтарында ұлттық ат спорты ойындарын дамытудың жолдары қарастырылған. Ер – тұрманын жатқа білер, ер тақымын берік етер, атқамінер жеткіншектерімізді рухты азамат етіп тәрбиелеу жолында, қала мектептері оқушыларына арнайы атқа міну бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізудің жолдарын қарастыру. Қала әкімдігімен жүргізілген қолдау хат негізінде, болашақта жылқы жаратып, тай міну үрдісін Екібастұз қаласы ұлттық ат спорты шеберімен біріге отырып дамытудың жолдарын жетілдіру.

**Кілт сөздер:** ұлттық ат спорты, атбегілер әулеті, атқамінер, көкпар, теңге алу, бәйге, аударыспак, ер тұрманы, ер тақымы, ат әбзелдері, үздік шабуылышы, ат спорты шебері.

**Аннотация:** С целью воспитания духовно богатого подрастающего поколения на уроках истории рассмотрены пути развития национальных конных игр и запланированы учебно-тренировочные работы по верховой езде для учащихся школ города. «Умеющий управлять конем, крепко держится в седле». На основе письма поддержки, проведенного акиматом города, в будущем развивать игры в конном спорте совместно с национальным мастером конного спорта города Экибастуза.

**Ключевые слова:** национальный конный спорт, кокпар, тенге алу, аударыспак, конская упряжь, сбруя, лучший нападающий, мастер конного спорта.

**Annotation:** In order to provide spiritual support to the rich population, the lessons examined the development of national territories and the provision of scientific and training work on the upper place of study for students of schools in the city. "I hope it will be a horse,

*it will be hard in the saddle." On the basis of the conclusion conducted by the akimat of the city, it is generally developed in equestrian sports by national equestrian sports. Ekibastuza.*

**Key words:** *national equestrian sport, cock, take tenge, translation pack, horse harness, harness, best striker, master of equestrian sport.*

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша атқа міну мәдениетінің қазақ даласынан басталғанын білеміз. Міне ғылыми мақалада осы құндылықтарды дәріптеу, паш ету, күнделікті өмірде қолдану бағыт да кіріктірілген. Жалпы көкпар қазақ халқының ұлттық ойыны, оған кез келген атты қолдануға болмайды, ал көкпарға салатын аттардың бабы келіскен болу қажет. Қазіргі уақытта осы бағыттағы үрдіс кенжелеп қалған. Осы олқылықтың орнын зерттеу арқылы біршама шешуге тырыстым. Көкпарға пайдаланатын аттардың жасы, оның жүрісіндегі ерекшелігі, қандай азықты корек ету керектігі, қанша уақыт табында, қанша уақыт қолда болу керектігін бірқатар деректер мен физиологиялық заңдылықты негізге алдым.

Көкпарға пайдаланатын аттарды жылқы үйіріне қарап тұрып айыра білетін қазақтың байырғы атбегілік қасиеттерінің ең қажеттісін, қазір қолдануға жарайтынын нақтылады. Сыртынан қарағанда көзге шалынатын жылқы қасиеттерін тізбектеп келтірілген. Ең маңыздысы қазақ әдебиетіндегі көкпар аттарына қатысты қасиеттерді кіріктіре отырып, қазірі кезде қаншалықты қолдануға ыңғайлы деген тұжырымды да талдап көрсетілді. Қазіргі кезде елімізде көкпар аттарын іріктеуге қажетті негізгі ресурстарға шолу жасалды. Мысалы, жер жадысы, ауа-райы, соңғы технологиялар, ветеринарлық бағыты, ат ұстайтын жер, азық-түлік т.б. Қай өлкенің аттарын қалай таңдау керектігіне тоқталдым [1, 114 б.]



**1-сурет** – «Екібастұз қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының м.а Манапов Медығат Жанайдарұлымен өткізілген сұхбат.  
Абылай Айбын 11 “А” сынып және ғылыми жетекшісі  
Кульмаганбетова Р.А. 2022 жыл

Қазақ жылқысының тарихы және ұлттық құндылықтарының бірі – жылқы малы. Қазақ жері мен елі – көне жылқының отаны. Қазіргі зерттеулер осыдан 6 мың жылдар шамасы бұрын Қазақстан территориясында тұрған көшпенді тайпалар әлемде алғаш рет жылқыны қолға үйретіп, мініске, күш-көлікке пайдаланғанын, етін жеп, сүтін сусын еткенін дәлелдеп отыр. Қазақ халқы жылқы түлігін баға да білген, бағалай да білген халық. Ел аузындағы «жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар» – деген нақыл сөз, бұл жылқыны өсіре білгендік пен оны баптап бәйгеге қоса білгендіктің философиялық түйіні. Халқымыз жылқыны құндылығы мен қадір-қасиетіне қарай түрлендіре атағанына қарасақ-жүйрік те, сәйгүлік те, тұлпар да, дүлдүл де, тарлан да, тіптен қазанат та ешқайдан келмеген.

Жаппай көкпар мен спорттық көкпардың айырмашылығы, жаппай көкпар тартыста серкенің салмағы нақты белгіленбейді. Теке тарта ма, тана тарта ма, өздері шешеді. Сосын жүз ат шаба ма, мың ат шаба ма – шектеу қойылмайды. Ал, спорттық көкпар белгілі ережеге сүйенеді.



**2-сурет** – Абылай Айбын көкпаршы. «Ақкөл-Жайылма» көкпар құрама командасының үздік шабуылшысы

Көкпаршыларды ұйымдастырып, Павлодар өңірінде өтіліп жүрген ұлттық ат спорты жарыстарының, өскелең ұрпаққа беретін өнегесі көп. Облыстағы негізінен көкпаршы жігіттеріміз Екібастұздың Ақкөл ауылында, Баянауылда, Май ауданында, Ақсуда тұрады. Екібастұздың Ақкөл ауылының «Пырақ», Жайылма ауылының «Көкбөрі» және Май ауданының «Саты» командалары жұлделі орындардан көрініп келеді. Көкпаршылардың айтуларынша, «Пырақтың» капитаны Дәурен Жандарбеков, Оразалы Шөпшин бастаған Еркебұлан Егінбаев, Мереке Смағұлов, Ерғанат Қадыров, Айбын Уахитов, Нұрбол Жақсыбектер үшін көкпар ойын ғана емес, өмір сүру салтына айналған. Ауылдарда ат баптап, көкпар тартуға құмар жастар көбейіп келе жатқаны, әрине, қуантады. Ал көкпарға құмартқан ұлттық ойынымызға қолдау көрсеткен жастардың бастамасы нұр үстіне нұр. Бүгінде Жайылма ауылы Көкпар құрама командасында жастар белсене қатысуда. Олар: Уахит Балғын, Ерғали Мирас, Құбайдолла Нұрдәулет, Қайыржан Нұрғанат, Егінбаев Абдурахман, Наурызбай Кенесары, Қайратов Олжас, Хасен Хакназар, Абылай Айбын, Айлыбаев Қайырбай, Қайратов Тілеужан [2, 54 б.].

Екібастұз қаласы «Көкпар» ұлттық ат спорты жарыстарында Облыстан 6 дүркін чемпион атанды. 2013 жылы «Жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында Қола жүлде иеленді. Осы команда ішінде «Ел чемпионатында» «Қыз куу», «Аударыспақ» ұлттық ат спорты түрлерінен жеңімпаз болып, Спорт шебері, Спорт шеберіне үміткер атағын алғандар да бар. Уахитов Айбын Алматы «Ересектер арасында» II орын, Петропавл «Жастар арасында» III орын, Жақсыбек Нұрбол Түркістан «Қыз куу» I орын, Мусралинов Қанағат Түркістан «Аударыспақ» қола жүлде иегері. Бүгінгі күні көкпарға арналған ат

дайындау ғылыми негізделген әдістемесіз жүргізіледі және бұл деңгей білімділікпен емес, әуесқойлықпен емес, жаттықтырушылық дәрежесі көзге анықталады [3, 45 б.].



**3-сурет – Ақкөл-Жайылма көкпар командасы**

Екібастұз қаласының намысын қорғайтын «Ақкөл-Жайылма» көкпар командасы ересектер арасында облыстың 6 дүркін чемпионы атанды

Бұл мәселені жақын арада шешу керек екені анық, себебі көкпар жалпы бірқатар елдерде жаппай даму үстінде, ал жарыс кезінде көптеген жылқылар дайын емес, жарақат алып, түрлі дәрежедегі жарақат алады.

Қазақ ұлттық спорт ойындары және олардың жастардың әскери-патриоттық дене тәрбиесіндегі рөлі атам заманда қолға үйретіліп, адамзат баласының қажетіне жаратқан жылқы түлігі көшпенділердің ең қасиетті, ең қадірлі малы. Көшпенділерді жылқы малынсыз елестету мүмкін емес.

**Екібастұз өңіріндегі ұлттық ат спорты шеберімен өткізілген сұхбат**

Айбын Уахитов көкпаршы.  
«Қазақстан Республикасының спорт шебері»

Екібастұз қаласы көкпар құрама командасы  
Облыстық 6 дүркін чемпион атанды

A composite image featuring a photograph of a rider on a horse, a newspaper clipping with a portrait of a man and text, and a trophy. The newspaper clipping mentions 'АЙБЫН УАХИТОВ' and 'Облыстық 6 дүркін чемпион атанды'. The trophy is a gold cup with two handles.

**4-сурет – Екібастұз қаласындағы ұлттық ат спорты шеберімен өткізілген сұхбат**



Сондықтан да көшпенділер мен жылқы түлігі егіз ұғымдай қосарланып айтылған. Тіпті көшпенділер қауымын «аттылар әулеті» деп те бекерден бекер айта салмаса керек. Өйткені, ұланғайыр даланың, ұлан байтақ өлкенің ұлы тұрғындарының тыныс-тіршілігі, өмір-салты, өнер-білімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты, бір сөзбен айтқанда бүкіл мәдениеті жылқы түлігімен тығыз байланысып жатады.

Павлодар облысындағы көкпар аттарының стандартты жағдайын жасау. Қазақстан халқының атжарыстарға деген қызығушылығы ерекше. Алайда дәл осы күнге дейін осы рухани қажеттілікті ұйымдастыру жағы орташа деңгейде. Оның үстіне ат спорты индустриясы деңгейіне жетпеді.

Павлодар өңірінде бірнеше ипподромдар мен жаттығу орталықтары салынуы тиіс. Олар жекешелендірілмеуі тиіс, әйтпесе, спорттық жылқы шаруашылығының басты мәні – ипподромдардың атжарыс ұйымдастырушылары үшін де, қатысушылары, сондай-ақ жанкүйерлер үшін де қолжетімділігі мүмкін болмайды. Ірі өңірлік аудандарда (Ақсу, Екібастұз, Май ауданы, Баянауыл) аясында екі-үш ипподром салуға қаражатты тек мемлекеттің бөлуге шамасы бар [5, 198 б.]. Сондықтан мемлекет салықтық базаны, жұмыс орындарының санын, экономикаға құйылатын инвестицияның артуына мүдделі.

Сүйініштісі сол, елімізде көкпар десе ішкен асын жерге қоятын азаматтар аз емес. Бірінші, халқымыздың көкпар сүйер қауымның 90 пайызы ауылда тұрады. Ауылда көкпар ұлттық ат спорты, бәйге, күрес, жекпе-жектер бар. Ендігі кезекте қала мектептері оқушылары арасында осы ойындарды дамытудың жолдарын жетілдіру. Ол үшін мектептерде арнайы оқу-жаттығу орындарын жетілдіріп, үйірме сабақтарын өткізу. Ұлттық спорт жобасын жетілдіру. Біздің барлық ұлттық ойындарымыз, оның ішінде, көкпар төрт түліктің төресі – жылқы жануарымен байланысты. Сондықтан да, жылқыға деген көзқарасты түбегейлі өзгерту керек. Қазақстанда жылқы шаруашылығын дамытуға арналған арнаулы бағдарлама қабылданғаны жөн. Бұл жерде, ең бастысы, Қазанатты түлету керек. Өйткені, қазанат – қазақтың қазынасы, халқымыздың қорғаны, айбыны, заманында ел қорғаған батырларымыздың сенімді серігі, қолғанаты болған. Біз Қазанатты түлетсек, бүкіл әлемді өзімізге қаратар едік [6, 275 б.].

Қорыта келе мектебімізді алдағы уақытта «Ұлы даланың жеті қыры» Атқа міну мәдениеті жобасы негізінде 5-8 сыныптарға арналған «Жылқытану» факультатив бағдарламасы аясында сабақтар өтіледі. Кездесулер: І. Уахитов Айбын Талғатұлы Екібастұздағы «Қ.Р. Спорт

шебері», бүгінгі ұлттық ат спорты ойындарының жаттықтырушысы. Жоспар негізінде. Жылқы жануарының I. Тарихи, биологиялық, әдеби шығармалардағы, спорттық ойындардағы және рухани мәдениеттегі құндылықтарын зерттеу жұмыстарын жалғастыру барысында кездесулер ұйымдастыру II. Мектеп бағдарламасына арнайы факультатив сабақ енгізу (36 сағаттан құралған, соның ішінде 27 сағат теория, 4 сағат тәжірибе, 5 сағат кездесу).

**Әдебиеттер:**

1. Барминцев Ю. Н. Етті және сүтті жылқы шаруашылығы, – Алматы, 2010. – Б. 114–119.
2. Бозымов Қ. Қ Жылқы және түйе шаруашылығы, Ер қанаты – Алматы: Қайнар, 2011. – Б. 54–65.
3. Әкімбеков Б. Р , Мүслімов Б. М. , Әкімбеков А. Р. Дәленов Ш. Д Жылқы шаруашылығы, Қостанай, 2008. – Б. 45–75.
4. Құрманбаева С. К. Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі, – Алматы, 2009. – 209 б.
5. Несіпбаев Б. К. Ұлт мәдениеті мен өнері, – Білім, 2009. – 198 с.
6. Атабаев А. С. Ұлттық ойындар – халық мұрасы, – Кітап. 2010. – 275 б.

**ИССЛЕДОВАНИЯ САРЫ КЭМЕРОН О ГОЛОДЕ В  
КАЗАХСТАНЕ 1930-1933 ГОДА**

**Сыздыкова А.М., Кусмиденова Б.М.**

*Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан,  
г. Павлодар, e-mail: [kusmidenova94@mail.ru](mailto:kusmidenova94@mail.ru)*

***Аннотация.** Статъя посвящена исследованиям американского ученого Сары Кэмерон. История казахского голода 1930-1933 годов все еще остается малоизученной темой. По мнению исследователя, посвятившей изучению данной темы десять лет, голод стал закономерным следствием политики, сопутствующей созданию советского Казахстана. В статье показаны основные моменты исследования С. Кэмерон, сделан анализ книги «Голодная Степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана».*

***Ключевые слова:** Сара Кэмерон, голод 1930-1933 гг., ашаршылық.*

***Аннотация.** Мақала американдық ғалым Сара Кэмеронның зерттеулеріне бағытталған. 1930-1933 жылдардағы қазақ ашаршылығының тарихы әлі де аз зерттелген тақырып болып қала береді. Он жыл бойы осы тақырыпты зерттеуге арнаған зерттеушінің пікірінше, ашаршылық Кеңестік Қазақстанның құрылуымен қатар жүретін саясаттың табиғи салдары болды. Мақалада С. Кэмеронның*

зерттеуінің негізгі сәттері көрсетілген, "аштық даласы: аштық, зорлық-зомбылық және кеңестік Қазақстанның құрылуы" кітабына талдау жасалған.

**Түйінді сөздер:** Сара Кэмерон, ашаршылық 1930-1933 жж.

**Annotation.** The article is devoted to the research of American scientist Sarah Cameron. The history of the Kazakh famine of 1930-1933 is still a little-studied topic. According to the researcher, who has devoted ten years to studying this topic, the famine was a natural consequence of the policy accompanying the creation of Soviet Kazakhstan. The article shows the main points of S. Cameron's research, analyzes the book "The Hungry Steppe: Hunger, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan".

**Keywords:** Sarah Cameron, famine of 1930-1933, asharshylyk.

Трагедия голода в начале 1930-х годов унесла жизни значительной части казахского населения. В процентном соотношении это были самые большие потери в СССР. Большую роль в этом событии сыграла национальная политика большевиков. К тяжелым последствиям также привели коренные изменения в социальной организации казахского общества. Перелом и уничтожение привычной системы уклада жизни, разрыв от корней самобытной культуры, репрессии передовых умов в лице сподвижников движения Алаш все это – характерные черты насильственной политики того периода, ради установления и упрочнения тоталитарной советской системы.

Во второй половине XX века к данной теме обращались такие казахстанские историки, как А. Турсунбаев, Б. Тулепбаев, Г. Дахшлейгер. Фактический материал, который содержался в их трудах был активно использован западными исследователями. В конце XX века по инициативе академика М.Козыбаева была организована и проведена научная конференция «Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: опыт и проблемы». Были обсуждены вопросы перегибов во время коллективизации, масштабы гибели населения, положено начало объективному изучению «белых пятен» истории 20-30 годов XX века. Трагедия голода в казахской степи в последнее время стала предметом исследования многих ученых республики. Т. Омарбеков изучил и ввел в научный оборот архивные документы по истории коллективизации, некоторые документы отражают деятельность и отношение к проблеме представителей бюрократической системы того времени.

Сара Кэмерон – профессор Университета Штата Мэриленд, Колледж-Парк (США), преподающая советскую историю и историю современной Центральной Азии. Книга Сары Кэмерон «Голодная Степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана» вышла в свет в конце

2018 года. Сама автор в своих рассказах о том, как начала интересоваться темой голода в Казахстане отмечает тот факт, что на Западе исследований по Центральной Азии было мало. А те, что в тот момент имелись, были посвящены Узбекистану. Считалось, что по всему региону Центральной Азии голод носил примерно одинаковый характер. Именно тогда Сара Кэмерон решает заняться исследованием казахского голода. Приехав на лето в Казахстан, автор начинает изучать казахский язык и знакомиться со школьными учебниками по истории. В итоге, Кэмерон посвятила исследованию данной темы десять лет своей жизни и взяла за основу в написании диссертации в Йельском университете.

Из десяти лет автор только два года потратила на изучение источников. В своих исследованиях она опиралась на труды казахстанских историков, на публикации в газетах, журналах и книгах тех лет. Ею была проделана огромная работа по изучению имеющихся материалов в архивах и библиотеках различных городов Казахстана, Москвы, в библиотеке конгресса в Вашингтоне. Где имеется ценнейшая коллекция материалов по Центральной Азии, аналогов которой нет нигде в мире.

В ходе своего исследования ей удалось в общей сложности проанализировать 44 архивных фонда в двух российских архивах (РГАСПИ, РГАЭ) и четыре казахстанских (Центральный государственный архив РК, Архив Президента РК, государственные архивы Алматинской и Восточно-Казахстанской областей). Особенностью исследования Кэмерон является то, что она изучила труды многих казахских историков, посвященные изучению голода 1930-1933-х годов, в оригинале на казахском языке. Что добавляет ценность исследованиям автора, так как те немногочисленные материалы сохранившиеся и дошедшие до наших дней, включают в себя устную историю кочевого народа.

Книга Сары Камерон состоит из введения, шести глав, заключения и эпилога. В ней последовательно рассмотрены социально-экономические преобразования Казахстана в конце XIX — начале XX века. События 1930-1933-х годов Кэмерон рассматривает с двух точек зрения. Первое, как сталинский режим проводил модернизацию кочевого общества, второе, как создавалась советская нация. В своей книге автор раскрывает отношения советской власти к кочевому образу жизни, политику, проводимую властями в голодные годы, кампании по коллективизации и раскулачиванию, а также процессы, связанные с откочевками казахского населения. При этом важный акцент делается на последствиях голода с точки зрения национальной идентичности казахов. Демографические

сокращения казахского народа чуть не привели к гибели культуры, традиций и языка. Политика коллективизации, по мнению ученого, лишила казахов средств к существованию и разрушила старые социальные структуры, тем самым увеличив зависимость от советского государства.

При написании своей книги «Голодная Степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана» автор встречалась и брала интервью у людей переживших голод. Также в книгу вошли истории очевидцев из коллекции «Қызылдар қырғыны» (1933 г.) из библиотеки конгресса. Коллекция включает в себя 250 страниц интервью с очевидцами голода, всего более 60 историй. Мухамет Шаяхметов «Безмолвная степь», мемуары Шафика Чокина, интервью с Нурзией Кажыбаевой «Сталинский Голодомор в Казахстане: воспоминания современников» — труды, к которым обращалась Кэмерон при написании своей книги.

Касательно оценки численности людских потерь, С. Кэмерон в ходе своего исследования, изучив все доступные ей материалы, однозначного ответа не дает. При написании своей книги автор приходит к заключительной мысли, что события 1930-1933-х годов нуждаются в глубинных, в том числе и демографических исследованиях. Многие казахи, убегая от нищеты и голода, были вынуждены откочевать за границу. Назвать точное число жертв голода задача не из простых. Опираясь на исследования различных ученых в своей книге С. Кэмерон озвучивает цифру в полтора миллиона человек.

Еще один немаловажный аспект, который упоминает автор, это уровень развития медицины. Если сравнить ситуацию в Украине, где люди в основном умирали из-за голода, то казахи часто умирали из-за болезней. На фоне массового истощения, бегства населения из нуждающихся районов и связанной с этим антисанитарией, наблюдалась резкая вспышка оспы, тифа, туберкулеза, холеры и других инфекционных заболеваний.

По мнению Сары Кэмерон тема голода 1930-1933-х годов в Казахстане нуждается в дальнейшем более детальном изучении. Касательно полярных взглядов на суть голода, где одни утверждают, что именно казахи были мишенью, а другие говорят, что голод коснулся всей страны, автор придерживается позиции «посередине». Несомненно, голод коснулся всего Советского Союза. Если говорить строго о численности, то среди украинцев смертность была выше. В своей книге автор затрагивает и голод в Украине, и русских крестьян, не утверждая, что явление голода было направлено только против казахов. Но, с одной стороны, как пишет автор, казахи действительно стали мишенью из-за своего кочевого образа

жизни. Седентаризация или переход казахов к оседлости была одной из основных целей преследуемых советской властью.

Исследования Сары Кэмерон являются серьезным подспорьем для дальнейшего изучения темы казахского голода, которому она посвятила десять лет своей жизни. Сама же автор питает надежду на то, что ее книга привлечет внимание к истории восточных частей Советского Союза. Тема еще подлежит глубокому изучению и о ней, как утверждает автор, нужно говорить открыто. Свою книгу Сара Кэмерон начинает с казахской пословицы: «Пока не уважена память умерших, не будет процветания потомкам» (Өлі разы болмай, тірі байымайды). В этом и заключается важность изучения трагических страниц истории, чтобы сохранить память в народе о событиях тех лет, унесших миллионы жизней.

#### *Литература:*

1. С. Кэмерон, «Голод в Казахстане в 1930-33-е гг.: современные исследования и новые направления в изучении вопроса" - Central Asia Analytical Network, (<http://www.caa-network.org>)

2. М. М. Минц, «Кэмерон С. Голодная Степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана» (<https://cyberleninka.ru>)

3. Сара Кэмерон и ее размышления о Голоде в Казахстане «Пока не уважена память умерших...» (<https://rus.azattyq.org>)

4. Сара Кэмерон «Голодная Степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана» ([fem-books.livejournal.com](http://fem-books.livejournal.com))

## **ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ МӘДЕНИ МҰРА**

### ***Бары Ү.Қ.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., e-mail: bariukizhan@gmail.com*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ шежіресі қазақ халқы үшін аса құнды тарихи мұра болып табылатындығы айтылады. Шежіреде ұлтымыздың тарихы, тілі, діні және мәдениеті туралы бағалы ақпараттар беріледі. Бүгінгі таңда шежірені оқып-білу үлкен болсын кіші болсын әрқайсысының бойында ұлттық сананың қалыптасуына жәрдемдесіп, ұлттық кодты сақтауға оң ықпалын тигізеді. Сондықтан шежірені оқу, білу мәселесінің маңызы зор болып келеді.*

***Кілт сөздер:** Шежіре, эпос, жеті ата, ру, қазақ, дерек, халық*

***Аннотация.** В этой статье отмечается, что казахская Хроника является ценным историческим наследием для казахского народа. В летописи представлена ценная информация об истории, языке, религии и культуре нашей нации. Сегодня изучение генеалогии способствует формированию национального сознания у каждого, большого или маленького, и положительно влияет на сохранение национального кода. Поэтому вопрос чтения, знания генеалогии приобретает все большее значение.*

***Ключевые слова:** генеалогия, эпос, семь предков, род, казах, источники, народ.*

***Annotation.** This article notes that the Kazakh Chronicle is a valuable historical heritage for the Kazakh people. The chronicle provides valuable information about the history, language, religion and culture of our nation. Today, the study of genealogy contributes to the formation of national consciousness in everyone, big or small, and has a positive effect on the preservation of the national code. Therefore, the issue of reading, knowledge of genealogy is becoming increasingly important.*

***Keywords:** genealogy, epic, seven ancestors, clan, kazakh, sources, people*

Шежіре деген сөздің түп-төркіні араб сөзі шаджарат, шәджәре оның әуел бастағы мағынасы ағаштың бұтақ-тармақтарын білдіреді. Қазіргі кезде шежіре халықтың тармақталып таратылған шығу тегін, қалыптасу тарихын, құрамын анықтайтын тарихи ғылымның бір саласы болып отыр. Шежіре жинау, оны жинақтап кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру мәдениетті елдердің көпшілігінде болған. Орта Азия мен Қазақстан жеріне Ислам дінін насихаттап, тарату мақсатымен шамамен IX ғасырдан бастап діни елшілер-қожалар көптеп келе бастады. Бұл қожалар діни ағарту жұмыстарын атқарумен қатар жергілікті тұрғындардың шежіресін жинастырды. Ел билеуші хандар мен сұлтандар шежірілік деректерді жинап, тарихи оқиғаларды, сол елден шыққан батырлар, билер туралы аңыз-әңгімелерді білуге мүдделі болған. Үйткені көшпелі ру тайпаларға билік жүргізу үшін сол ру, тайпалардың шежіресін өте жақсы білу керек болды. Атап айтқанда Ибн әл Аср деген араб ғалымы Тұрандағы түрік халықтарының шежіресін, Мысыр билеушісі Бейбарыс сұлтан Ибн Халдунға “Қыпшақ шежіресін” жазғызған. Осы сияқты рашид-ад-Диннің “Түрік-моңғол шежіресі”, Ұлықбектің “Шаджрат әл Атрақ” Қыдырәли Жалаиридін “Жамиғ ат-Таурих”, Хиуа ханы Әбілғазы Баһарүрдің “Түрік шежіресі” тағы басқа ел билеушісі, тарихшы оқымыстылардың шежірелері болған. 1687 жылы Ораз-Мұхаммед сұлтан мен Қыдырәли орыстардың тұтқынында болғанда, қоржындарының ішінен “Жамиғ ат-Таурих” шежіре кітабы мен “Қозы көрпеш-Баян сұлу” эпосының қолжазбасы шығады. Әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов Петербургте болған кезде осы “Жамиғ ат-таурихтың” қазақ тарихына қатысты тарауларын орыс тіліне аударды. [5, 169-172б.]. Қазақ хандығы заманында кеңінен

тараған “Нисабнама Шыңғыс” “Нисабнама қазақ” жәдігерлерінде XIII ғасырдан XVIII ғасырға дейінгі аралықтағы қазақ халқының құрамына кірген рулар туралы баяндалған. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша есім хан мен Өз тәукенің заманындағы шежіре нұсқалары Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың ұрпақтарында сақталып, одан Абылайға, одан оның баласы Уәлиге ауысады. Кейіннен Уәлидің ұрпақтары арқылы Н.И.Гродековтің қолына тиеді. Жалпы қазақ шежірелері қолжазба күйінде Ресейдің архивтерінде сақтаулы көрінеді. Орта жүз қазақтарының, оның ішінде Ертіс-Баянауыл өңірін қоныстанған рулардың шежіресін түгендеуге ықпал жасағандар Бәсентиін руының көсемі Қазанғап Саққұлақ биден шежіре туралы мынадай сұрақ қойып хат жазыпты деген сөз бар:

Орта жүз Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман,  
Төртеуі туған екен Қотан байдан.  
Ошбай, Жаубасарлар кірме болса,  
Керей, Уақ біздің жаққа келді қайдан?  
Адамды адастырмай шындықты айтсаң,  
Біз түгіл ұрпақтарға тиер пайдаң.  
Қаржасты асыранды бала дейді,  
Сағеке бастаңызшы осы жайдан.

Атаң барда ел таны. Әрісі түркілердің, берісі қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ата-салты бойынша әрбір ұлды жастайынан жеті атасын жаттатып өсіретін. Тарихшы Рәшид-ад-дин бұл салт туралы былай дейді: “...моңғол-түркілердің көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән береді. Олар балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ ру туралы аңыз әңгімелерді құлғына құйып отырады. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де ауытқыған емес” [4, 29 б]. Тек қана ата-анасынан жастай айырылған қу жетімдер ғана мұндай тәрбиені көре алмай өседі. Сондықтан ата-тегін таратып бере алмаған адамды “Жеті атасын білмеген-жетімдіктің белгісі” деп мүсіркейтін. Ертедегі қазақ ауылында көнекөз, кәрікұлақ атанған әңгімешіл қарттар жиналған жерге атасы немерсін, әкесі баласын қалдырмай ертіп алып баратын. Сондағы ойы жас ұрпаққа ата-баба шежіресін, ескі аңыз-әңгімелерді естірту.

Атаң барда ел таныперіп жүріп,  
Атың барда жер таны желіп жүріп,-  
Деген ұлағатты нақыл сөз содан қалған.



Өзінді таны. Ғылым-білімнің қандай саласы болса да жаратушы Құдай тағаланы тану арқылы баянды болады. Алланы тану үшін әрбір көңілі таза адамға әуелі өзін тану керек. Бұрынғының үлкендері өз орнын таба алмай жүрген жастарды жақтырмай: “Бұл шіркін, өзін танымайды, басқаны қалай танымақ?” деп наразылығын білдіруші еді. Сондықтан ғылым-білімнің қазығы өзін тану: жеке адам ретінде өзін, ата-тегін, өскен ортасын, өмірдегі мақсат-мүддесін, арманын т.с.с. Әрине, өзін тану процесінің шегі жоқ: басқаларды тану арқылы өзіне де сын көзбен қарап, қараған сайын өз болмыс-бітімін жаңа қырынан таниды. Адам өзін қай деңгейде таныса, сол тұрғыдан құдайға, төлтума мәдениетіне, ата-баба дәстүріне т.б. мұқтаж болады. Өзінді тану, түсіну-рухани азаттық жолына түсудің алғы шарты. Бұл жөнінде Абай кейінгілерді:

...Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан-шын асыл, тастай көрме! -деп ескертеді.

Адамдар қай жүзге, руға жататынына байланысты бөлінбейді, жеке басының қасиеттеріне орай, парасатты-надан, зиялы-тоғышар, көпшіл-өзімшіл, адал-арамза, т.с.с. болып бөлінеді. Адамдарды бұлай бөлудің алғы шартын ұлы Абай жасаған: “Үш ақ түрлі адмның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”. Міне осы қасиеттерді бойына кім неғұрлым көбірек жинаса, сол адам көркем болғаны. Адамды көркейтетін бұл ізгі қасиеттердің бойға даруы туған елінің, жерінің тарихын білуге, ата-бабаларының дәстүрлі өнегесін үйренуге, одан ғибрат алуға байланысты екені белгілі. Сонда мәселе төркіні тағы да шежіреге тіреледі. Ең алдымен қазақ шежіресі ауызша шежіре: әр түрлі тарихи кезеңдерді сипаттауға арналған аңыз әфсаналардың жиынтығы. Оның қағаз бетіне түсуі ХІХ ғ. соңынан бастап қана іске аса бастады. Осы ұланбайтақ шаруаны алғаш атқарған ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіре туралы пікірі біздің айтқанымызды дәлелдейді: Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре болған жоқ. Оқуға сенген, ұмытшақ деп оқуды керек қылмаған. Жазуға сенген жаңылшақ деп жазуды керек қылмаған. Оқумен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі өсиет қалдырған. [2, 189б.]. Шежіре сөзі адамзат баласының, соның ішінде семит және алтай тілдес елдердің тілдік қорына ортақ сөз. Алтай тілдерінде шежіре жадыда сақтау деген мағынаны, ал семит араб тілдерінде ағаштың

бұтағы деген ұғымды білдіреді. Яғни арабтар шежірені ата санаумен тікелей байланыстырса, түркілер көнені еске сақтау тарихты айтумен, тарихпен бір түсінеді. Осыдан шығатын қорытынды: шежіре дегеніміз біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған. [2, 190б.]. Емін-еркін көшу кеңістік пен уақытты тануға мүмкіндік берді, ал оларды тану дүниені, адамның өзін-өзі тануын қамтамасыз етті. Мен бұл дүниеге неге келдім, қайдан келдім деген сұрақтарды алғашқы рет толғанған көшпелілердің ғұламалары болды. Оған тағы бір себеп көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елдердегі уақыттың молдығы, қара жұмыстың аздығы. Міне осы толғаныс Библия-Таурат сияқты адамзат тарихының алғашқысы үлгісін жасаған кітапқа енді. Осы себептен Адам ғалайссаламнан туған ұлдардың ішіндегі құдайға жағы Әбіл-малшы, бақташы. Қазақ шежіресін зерттеймін деген талапкер осы айтылған жағдайды ескермесе болмайды. Орталық Азия көшпелілерінің көне тарихи аңыздары да қазақ шежіресін зерделеу үшін таптырмайтын алғы шарт. [2, 191б.]. Орталық Азияның бертіңгі тарихшыларының көпшілігі Рашид-ад-динге сүйенеді-Әбілғазы, Хафиз Таныш, Қадырғали би т.б. Ең қызығы Рашид-ад-динге айтылған тарихи-мифтік аңыздар сол қылпында қазақ ортасында ХІХғ. соңына дейін сақталды. Мұны біз М.Ж.Көпеев, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев жазбаларын ақтарып отырып аңғарамыз. Ендеше осынша мол байлықтың үстінде отырып неге Қытай, Парсы, Ресей біз туралы не жазды деп жалтақтап отырмыз? Түркі-мұңғылды, одан тараған қазақты шала білетін, кездейсоқ келіп қалған жазғыштардың айтқанына сенуге бола ма? Сіздің үйден бір шәй іштім екен деп мен сіз туралы тиянақты пікір айта аламын ба, адам аласы ішінде деген, елдің де ішкі сыры ішінде емес пе?! Қазақ шежіресі туралы қазіргі түсініктер өте үстірт. Көпшілік, оның ішінде ғалымдар да бар-шежірені ата қуу деп түсінеді, Адам атадан бастап құрт-құмырсқа, бақа-шаян, бәрін түгендеп тұрып жазды. Соңғы кездегі жарияланып жүрген үлкенді-кішілі рулардың шежіресі осы бағытта. Ата қусақ адасамыз, осы жерде тағы да Мәшһүрге сілтеме жасау қажеттілігі болып отыр:

Арғыннан әрі барсаң адасасың,

Ми қатырып көп шежірені не қаласың.

Олкезде мен де жоқпыне, сен де жоқсың,

Былышылдап сонша неге, таласасың.

Қорыта айтқанда, шежіре тарқату-кейбіреулер айтып жүргендей рушылдықты, жікшілдікті қоздыратын құрал емес, жұртымызды бауырмалдыққа, туысқандыққа, ағайын-жекжат арасындағы сыйластыққа

баулитын асыл тәлімдеріміздің бірі.Кез келген екі бейтаныс қазақтың бір-бірінен жөн сұраса қалса көбіне-көп әйтеуір бір ағайындығы немесе құжа-жекжаттығы бар бола шыға келетіндігі де бағыздан жалғасқан дәстүрімізге, “қарға тамыр ел боп кеткен” ардақты салтымызға саяды.[1,9 б.]. Шежіре мәселесін жан-жақты зерттеу қазақ ұлтының ауызша тарихи дәстүрін ғылыми тұрғыда талдауды қажет етеді. Осы жолмен басқа бауыр-лас түрік халықтарының ауызша дәстүрін зерттеу мәселесі түріктану іліміне қосары көп.Шежіре үлгі-өнеге шашады,адамға рухани азық,табаныңа тұғыр жасайды.Кең байтақ сахарда қасиетті,сакральді тұлғалар өмір сүреді,ел тағдырын шешетін ұлы қимылдар жасайды, ұлағатты сөз айтады. Ең бастысы осы.[3,211б.].

*«Шежіре,заманхат,өмірбаян бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер»*

*Ахмет Байтұрсынұлы*

#### **Әдебиет:**

1. Бейсенбайұлы Жарылқап.Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен “Ана тілі” газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған).-Алматы. “Ана тілі” апталығы-“Атамұра”,1994. 160бет.

2. Артықбаев Ж.О.Қазақ тарихы мен этнологиясының мәселелері.І том.-Павлодар: “ЭКО”ҒӨФ,2007.-300б.

3. Алпысбес М.А.Қазақ шежіресі:тарихнамалық-деректанулық зерттеу:монография-Астана: “BG-Print”ЖК,2013.-380 б.

4. Рәшид-ад-дин.Жылнамалар жинағы,І том,М.-Л. 1952, 29-бет.

5. Ш.Уәлиханов.5томдық шығармалар жинағы, I том,1961,169-172-бет.

## **САРЫАРҚАНЫ МЕКЕНДЕГЕН ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГТЕР МЕН КЕНШІЛЕРДІҢ НАНЫМ - СЕНІМДЕРІ (Талдысай кешенінің материалдары бойынша)**

**Әуезов Қ. Ж.**

*«Жезқазған тарихи-археологиялық музейі» КМҚК, Жезқазған қ.  
kabdol.ueezov.78@mail.ru*

*Аннотация: Қазақстанның тау-кен металлургия орталықтарының ішіндегі ең қуаттыларының бірі Жезқазған-Ұлытау болды. Бүкіл археологиялық шағын ауданға өз атын берген Талдысай елді мекені Ұлытау-Жезқазған өңірінде орналасқан. В бұл елді мекенде құрбандықтың бірнеше түрі анықталды.*

**Түйінді сөздер:** Жезқазған-Ұлытау, тау-кен металлургия орталығы, Талдысай қонысы, құрбандықтар.

**Аннотация:** Среди горно-металлургических центрах Казахстана одним из наиболее мощных был Жезказган-Улытауский. Поселение Талдысай, давнее название целому археологическому микрорайону, находится в Улытау-Жезказганском регионе. В этом поселении выявлено несколько разновидностей жертвоприношений.

**Ключевые слова:** Жезказган-Улытауский, горно-металлургических центр, поселение Талдысай, жертвоприношения.

**Abstract:** Zhezkazgan-Ulytau was one of the most powerful mining and metallurgical centers in Kazakhstan. The settlement of Taldysai, which gave the name to the whole archaeological microdistrict, is located in the Ulytau-Zhezkazgan region. Several types of sacrifices have been identified in this settlement.

**Keywords:** Zhezkazgan-Ulytau, mining and metallurgical center Taldysai settlement, sacrifices.

Көне дәуірде адамзат кеннен металды балқытуды және одан құрал жасауды үйренді, нәтижесінде еңбек өнімділігі күрт өсті. Тіпті жұмсақ мыс, тіпті оның әртүрлі қорытпалары тас немесе сүйектен гөрі әртүрлі заттарды жасауға қолайлы екені анық. Шамасы, бұл адамзаттың өркениет сатысында көтерілуінде үлкен рөл атқарды.

Ежелгі уақытта өндірістің дамуы ежелгі металлургтер мен кеншілердің дүниетанымына өте қатты әсер етті. Металдармен байланыста болған адам алғаш рет өзіне белгісіз құпияны ашты. Жансыз табиғат өзінің мәні мен келбетін түбегейлі өзгерте алатындығын түсінді: жасыл немесе көк нәзік тастан от пен үрлеудің әсерінен қызыл түсті ауыр зат (мыс) пайда болды, оның кесектері табиғатта өте сирек кездесетін. Мұның бәрі адамның бақылауынан тыс табиғаттан тыс және құдіретті күштердің болуы туралы идеяны тудырды, олар таусылмайтын, бірақ көзге көрінбейтін жер асты байлығына, сондай-ақ от элементіне бағынады. Тек таңдалған адамдар ғана жұмбақ күштермен байланыста болу және олардың орналасуын пайдалану үшін баға жетпес сыйлыққа ие болды. Металдардың құпиялары қолөнершілердің, сиқыршылардың, бақсылардың оқшауланған тобын бөтен көздерден қатаң қорғады [1, 49-60 б.].

Орталық Қазақстан - ең қызықты аудандардың бірі, ол пайдалы қазбалардың байлығымен ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени мұраның бірегей ескерткіштерімен де танымал [2, 5 б.]. Ежелгі уақытта Орталық Қазақстан көптеген зерттеушілер мен саяхатшыларды тартты. Геологтардың зерттеулерінде көптеген шахталар мен елді мекендер ашылды. Орталық Қазақстанның қолайлы табиғи жағдайлары – кең

жайылымдар, таулы алқаптардың салқын климаты, жақсы су мен кендердің болуы-ежелгі адамдардың қоныстануының негізгі себептері болды. Қазіргі уақытта Орталық Қазақстанда ежелгі металлургия өндірісінің көптеген ескерткіштері зерттелуде.

Қазақстанның тау-кен металлургия орталықтарының ішіндегі ең қуаттыларының бірі Жезқазған-Ұлытау болды. Бұл орталық Жезқазған мыс кен орындарын игеруге негізделген, онда кендердің қоры мен сапасы бойынша ең құнды мыс құмтастары болған. Олардың ішінде Жезқазған ерекше көзге түседі: бұл кен орны кенді горизонттардың саны бойынша және кендердің заттық құрамының көп құрамдылығы бойынша теңдесі жоқ [3, 180-190 б.].

Ұлытау-Жезқазған өңірі негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

Сарыарқа – «Қазақтың ұсақ шоқысы» деп те аталады (Орталық Қазақстан ұсақ шоқысы). Батыстан шығысқа дейін ұзындығы 1200 км, оңтүстіктен солтүстікке дейін 950 км. Батыс жағы біршама тегістеу, [Ұлытаудың](#) таулы жерлері (1133 м) және Көкшетау үстірті (947 м, [Көкше тауы](#)) салыстырмалы биіктігімен ерекшеленеді. Шығыс жағы 1403 метр (Қарқаралы таулары), 1469 метр ([Шыңғыстау жотасы](#)) және 1566 метрге жететін ең биік шоқысына ([Ақсораң тауы](#)) дейін биіктеп отырып, шоқылы жер бедерімен айрықшаланады. Сарыарқа геологиялық жас жағынан тым көне тауға жатады, яғни жылдар бойы мүжіліп бірте-бірте шөгіп бара жатқан кәрі тау. Салыстыру үшін айтқанда еліміздің шығысындағы Алтай тауы жас тауға жатады.

Бүкіл археологиялық шағын ауданға өз атын берген Талдысай елді мекені Ұлытау-Жезқазған өңірінде орналасқан. 1910 жылы Жезқазған кен орындарын зерттеген тау-кен инженері С. Г. Болл Жезқазған алқабының ежелгі кеншілері 1 миллион тонна кен өндіріп, одан 10 мың тонна мыс өндіріп деп жазды [4, 169-173 б.]

Елді мекендегі тұрғын үйлердің орналасуы, олардың ішкі және сыртқы құрылымының архитектурасы халықтың экономикалық дамуының жалпы деңгейіне, сондай-ақ кент тұрғындарының металлургия мен мал шаруашылығындағы мамандануына, сондай-ақ аймақтың табиғи-климаттық жағдайларына байланысты болды. Ең ақпараттысы бір-біріне жақын орналасқан қаңқалы-бағаналы құрылымның (батыс және шығыс

тұрғын үй-өндірістік кешендері) жартылай жерлендіргіштерінде шоғырланған екі тұрғын үй-өндірістік кешен болды. Батыс тұрғын үй-өндірістік кешені жартылай жер типтес тұрғын үйде орналасқан, шамасы, тікбұрышты пішінді (оңтүстік жағы өзенмен қираған). В бұл кешенде құрбандықтың бірнеше түрі анықталды:

1. Металлургиялық жұмыстардың кезекті циклі басталмас бұрын құрбандық шалу металлургиялық шұңқырлар мен ошақтардың жанындағы едендегі кішігірім ойпаттардағы қозының төрт қаңқасын сипаттайды.

2. Тұрғын үй салу алдында немесе кешеннің жұмыс істеу процесінде жасалған және тұрғын үй қабырғасының астындағы екі шаруашылық немесе құрбандық шұңқырларына-шеберханаға орналастырылған жануарлардың сүйектері мен еңбек құралдары түріндегі құрбандықтар.

3. Тұрғын үй-шеберхананы тастап кетудің құрбандары қабырға сатысына және қабырға астына сүйек және тас бұйымдарымен қиылысқан жануарлардың сүйектері мен мыс кенінің үйінділері болды [5, 49-52 б.].



**Сурет № 1.** Талдысай елді мекенінде ірі қара мал сүйектерінің жинақталуы.

By the mid-1750s, Chinese troops stood at the borders of Dzungaria, waiting for orders to invade from the Chinese Emperor. The weakening of Davachi, coupled with the victories of Amursana and his Kazakh allies, hastened the outcome. It should be noted that, seeing the weakness and spinelessness of Davachi, the Kazakhs began to support Amursana, who had rebelled against him, continuing their policy of creating turmoil within Dzungaria to further weaken it and ultimately achieve victory in the protracted Kazakh-Dzungar War. In February 1755, Emperor Qianlong issued an order to advance, stating that "if the troops do not immediately move out on a campaign, the Kazakhs will benefit and achieve their goals." The Chinese ruler feared that

the Kazakh forces under the command of Abylai and the older brother of Amursana, Batma-Tseren, who had defeated Davachi's supporters in the Ili and Borotali regions, would once again interfere with the conquest of Dzungaria. Formally, the pretext for invasion was Amursana's request to the Chinese government for assistance in their internal struggle. In the spring, the Chinese marched into the territory of Dzungaria and defeated Davachi. However, it was clear from the beginning that Amursana's and the Chinese Empire's interests were different. If the former wanted to restore his state, the latter sought to seize and annex it. As a result, another rebellion erupted in Dzungaria, this time against their former allies. This is where the diplomatic genius of Abylai-khan once again came into play. He understood perfectly well the role of Dzungaria as a buffer protecting the Kazakh Khanate from Chinese expansion, and he once again assisted the Dzungars. In a letter to the Chinese Emperor, Amursana reported: "Abylai and others have announced that they will strengthen their alliance with me." It was then rumored that the Kazakhs had sent an 8,000-strong force to assist the Dzungars [2, p.247-248].

The Chinese authorities disliked this and they sent embassies demanding an immediate cessation of support for the rebels. In turn, Abylai consistently assured the envoys of his loyalty to the Qing dynasty but continued to assist the Dzungars. All of this suggests that despite his Chinese citizenship, Abylai-Khan was maximally independent in his decisions regarding foreign policy and based his actions solely on the interests of the Kazakh Khanate. It is no wonder that in 1757, Emperor Qianlong himself personally acknowledged that the Kazakh land was not territory conquered by the Qing and that Abylai-Khan himself was not a subject of the empire [2, p.268].

As a result of prolonged military operations, Dzungaria fell and was finally destroyed, and the Kazakhs, after several clashes with Chinese troops, held talks and acknowledged their defeat, as well as expressed their desire to establish political and economic ties with the Qing Empire. After the Kazakh embassy was sent to Beijing in September 1757, peace was concluded between the two states. Thus, we can confidently state that *de facto* Abylai-Khan "fed Dzungaria to the dragon," skillfully minimizing the threat and turning the enemy into an ally.

However, only a well-thought-out foreign policy could not have brought the long-awaited peace and unity to the Kazakh steppe. Abylai-Khan understood this and did a lot to restore the unity and internal power of the Kazakh Khanate. One of the most important moments in the unification of the Kazakhs under the leadership of Abylai-Khan is his victory over the Dzungar

batyr Sharysh in 1726. Sharysh was the largest and most renowned military commander and batyr, known for his victories in duels with batyrs from many countries and nations, who won major battles during the Dzungar war with the Chinese and Eastern Mongols when Galdan Tseren tried to conquer Mongolia. After the victory over Sharysh and the first major victory of the Kazakhs over the Dzungars, the participants of those events and steppe poets-jyrau praised Abylai. This undoubtedly contributed to the growth of his popularity and gaining trust among the people and batyrs [3, p.91].

The well-known Kazakh poet, philosopher, and historian Shakarim Kudaibergenuly writes more specifically about the influence of Abylai's victory over Sharysh: "After such a brilliant victory, the army gathered on one of the hills. When Khan Abulmambet arrived there, he asked Sabalak, 'Tell me, batyr, who are you and why did you ride shouting 'Abylai, Abylai'?' Sabalak replied that he was the native grandson of Abylai. During the battle, he took the name of his grandfather batyr Abylai as his battle-cry. Then Khan Abulmambet embraced Sabalak in the presence of the whole army, saying to the soldiers: 'He is the descendant of the native brother of Tauke Uali Baky, in whose lineage the only male remains. Now it is established that the batyr standing before you is the great-grandson of Uali Baky. If you all support this with the blessing of respected Zhanibek, we will elect Abilmansur as the Khan of all three juzes under his name" [4, p.210-211].

The unification of the Kazakh Khanate was facilitated by the situation in the steppe, the mood of the people, and the absence of strong centralized power. The most famous batyrs of all three juzes recognized the supremacy of the renowned batyr and descendant of Genghis Khan, Abylai, and began to gather under his banners. The jyraus of that time reported that the first to submit to Abylai was the batyr Kabanbai, the actual leader of the Naiman tribe, who recognized him as the Khan of all three juzes, that is, the Khan of the Kazakh Khanate. The submission of the Naiman tribe with its allies - the Merkits, Uaks, and Konyrats - to Abylai fundamentally changed the political, military, and economic situation in the steppe. Abylai assembled an army of over 50,000 experienced warriors and became the main figure in the steppe, with a real opportunity to unite the Kazakh people under his rule and recreate the Kazakh Khanate. Abylai was able to skillfully use this chance and reached an agreement with Bogenbay-batyr, thereby adding the Argyns and Kypchaks.

After temporarily suspending negotiations with the batyrs of the Middle juze, his foresight led to the recognition of his authority by the batyrs of the Senior and Junior juzes. Following this, successful negotiations were also held

with the respected batyr and tarkhan, Shakshakuly Zhanibek. De facto, he became the ruler of the Kazakh Khanate, and only the legal formalization of his power remained. And here Abylai-khan once again demonstrated his genius. To strengthen the state and raise the national spirit, it was necessary to revive and recall the time when the power of the Kazakhs was indisputable. For the official proclamation of Abylai as the Khan of the Kazakh Khanate, a kurultai was convened on the banks of the Kengir River on the southern slopes of the Ulytau Mountains near the mausoleum of Zhoshy-khan, the eldest son of Genghis Khan, and the father of Khan Batu. Here, in 1745, Abylai was declared the Khan of the united Kazakh Khanate, and it was at this kurultai that the titles of khans and biys in the juzes were abolished, which eliminated bureaucracy in state administration.

Finally, Abylai Khan's hands were untied, and he was able to take real actions and reforms to restore political internal stability of the Kazakh state. He understood well that a successful war against the Dzungars was the first factor on the path to preserving territorial integrity, as land is the foundation of the state. The necessity of creating a powerful army, restoring the economy, and raising the standard of living for the population was evident. And for all of this, a legal basis was needed. Abylai did not return to the past laws of the Kazakh Khanate but went back to the roots of the Kazakh state by introducing the laws of Genghis Khan "Bilik" and "Jasak." If "Bilik" regulated power, then "Jasak" helped create a Mongolian-style army. The Kazakh army during Abylai's reign consisted of squads of ten people, which were grouped into hundreds. Thousands were formed from the hundreds, and large squads of three, five, ten thousand people were formed from the thousands. This type of organization following the example of Genghis Khan's army solved the main problem of the Kazakhs throughout the history of the existence of the people - the problem of unity. The troops were directly connected to each other, allowing them to be conveniently and intelligently led on the battlefield.

Abylai himself participated in the battles and understood the psychology of the enemy and the warrior well. He knew that the Kazakh always lacked a strong shoulder to rely on, and hundreds and thousands of friends and relatives around them fighting in a united impulse allowed him to finally feel the support of his kin and belief in victory over a long period, strengthening his fighting spirit and power, which on the contrary instilled fear in the enemy before an endless and fierce army. The entire army was divided into four parts: the left wing, which included the Naimans, Konyrats, and Merkits, led by Kabanbai; the right wing, which included the Argyns and Kipchaks, led by Bogenbai; the center from the Senior and Junior

juz clans, which were led by Nauryzbay Batyr. A special fourth group was created led by Shakshakuly Zhanibek. Their duties included scouting the battle, ambushes, creating a combat reserve with the khan for unexpected strikes during the battle. This group consisted of kereys and uaks. All this allowed for the creation of an army of 150,000 people.

The tactical genius of Abylai Khan was most evident in the actual military actions. By skillfully organizing the army, he was able to organize the troops on the battlefield. According to the developed strategy, the Kazakh army began to expel the Dzungars from Kazakh lands, attacking them on the entire front and setting the task of cutting off the retreat routes of their Turkestan group of troops. Already in 1745, defeats were inflicted on the Dzungar troops of the garrison service in the Kazakh steppe. The places of mass death of the Dzungars as a result of these battles are called "Kalmaq qyrylgan", which means "the place of death of the Kalmyks". This led to the fact that by 1746, the Dzungars remained only in the areas of the cities of Turkestan and Tashkent, where surviving detachments from battles with Kazakh troops in the summer and fall of 1745 were gathered [5, p.64-65].

After solving the problem with the organization of the army, Abylai started to rebuild the economy of the Kazakh Khanate. Help was needed for the Kazakhs who had lost all their livestock and left their places of permanent residence as a result of the Dzungar invasion. In 1745, he was able to convince the Argyn, Kypshak, Naiman, and Kerey clans to transfer most of their livestock to the residents of the Elder juz, Konyrats, and Merkits, prohibiting their slaughter above the established norm. During 1745-1746, the livestock population of these clans grew, and they were able to sustain themselves independently again.

Based on this article, we can conclude that the reign of Abylai-Khan was a decisive period in the history of the Kazakh people. Abylai not only united the Kazakhs and reformed the Kazakh Khanate, but also took the policy of neutrality to a new level. History knows few cases where a ruler was able to stand on two chairs at the same time, and even less frequently, to make his state strong. Abylai-Khan is one of the few such examples. His far-sighted foreign policy of using the interests of states and wise domestic policy led to the fact that the exhausted Kazakh Khanate, tired of constant internal conflicts, not only managed to maintain its independence, but also regained its status as the third power in the Eurasian steppe.

The Kazakh-Dzungar war, colonization, and the famine of 1932-1933 will long be associated with grief and tragedy, but for our current and future generations, it will serve as a reminder of what can result from the lack of unity and close ties within a nation. Abylai Khan is undoubtedly a national hero whom



we should not forget. After all, it was he who took over the country when the extinction of an entire ethnic group was only a matter of seconds away.

***Literature:***

1. Kazakh Soviet Encyclopedia – 1972 – First volume – USSR: Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – p.35
2. History of Kazakhstan (From ancient times to the present day) – 2000 –Third volume – Almaty: Atamura – p.247-248; 268
3. Five centuries of poetry – 1989 – First volume – Almaty: Jazushy - p.77;91
4. Daniyarov K. K. – History of Kazakh state – 2001 – Almaty:Edelweiss – p.210-211
5. Daniyarov K. K. – History of Abylai-Khan – 1998 – Almaty: JibekJoly - p.64-65.

**БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ТӘРБИЕ  
МЕКТЕБІ**

***Кашкинбай С.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., [sandu.9716@mail.ru](mailto:sandu.9716@mail.ru)*

***Аңдатпа.*** Мақалада Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармаларындағы өскелең ұрпаққа үлгі болар ой-тұжырымдары және соған қатысты зерттеушілер мен қазақ қаламгерлерінің ой-пікірлері жан-жақты қарастырылып, талданады. Аталған тақырып бойынша мәліметтер жүйеленеді.

***Кілт сөздер:*** Бауыржан Момышұлы, үлгі-өнеге, тәрбие, рухани қазына.

***Аннотация.*** В данной статье рассматривается жизнедеятельность Бауыржана Момышұлы, анализируются его изречения, ставшие крылатыми высказывания, имеющие сегодня воспитательное значение для подрастающего поколения. Произведена систематизация сведений по данной теме.

***Ключевые слова:*** Бауыржан Момышұлы, эталон, воспитание, духовное достояние.

***Annotation.*** This article examines the activities of Bauyrzhan Momyshuly, analyzes his sayings, which have become winged statements of educational significance for the younger generation today. The information on this topic is systematized.

***Keywords:*** Bauyrzhan Momyshuly, standard, upbringing, spiritual heritage.

Бүгінгі күні қоғам үшін, оның ішінде, білім беру жүйесі алдында өскелең ұрпақты тәрбиелеуде нақты мақсат-міндеттер айқындалған. Білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленгендей, бүгінде отаншыл азамат тәрбиелеу міндеті ерекше маңызға ие болғандықтан, білім беру мекемелерінде идеологиялық

тәрбиені күшейту қажеттілігі бар. Өйткені бұл тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың негізі болып табылады және адамның қоршаған ортада болып жатқан жағдайларға, мәдени және ғылыми мұраға, тарихи жетістіктерге деген қатынасын қалыптастырып, өзін-өзі тануы мен қоғамда өз орнын табуына жәрдемдеседі [1].

Есте жоқ ескі замандардан бері небір ақын-жазушылар, ғұлама-ғалымдар, ойшыл-философтар уақыт кезеңіне орай өзіндік жеке танымынан, көзқарасынан туған ой-пікірлерін болашақ ұрпақтарға қалдырудың сан түрлі жолдарын іздестіріп келген. Әрі қалдырған ұлағаты жас ұрпақтың жадында қалса, міне әрбір қаламгер үшін сол бақыт болып есептеліп келген. Мәңгілік даңқ тұғырынан орын алған ХХ ғасырдағы қазақтың хас батыры, біртуар ардағы Бауыржан Момышұлы да қолына қалам алып, осынау ұлы жолда ұрпақ тәрбиелеу мәселесінде өзінің ойып тұрып орынын қалдырып кетті. Оның көркем туындыларынан бөлек, айтқан әр сөзі ел аузында аңыз боп таралып, нақылға айналып, талай жазушыға шабыт әкеліп, талай шығармаларға арқау болған «Бауыржан айтты» деген мысалдар қаншама. Ол туралы қазақ жазушыларынан бөлек, шетел жазушылары да жарыса жазды. Шығармалары ағылшын, неміс, чех, француз т.б. тілдерге аударылған. Ел шетіне жау тиіп, ел басына қауіп төнгенде жауынгерлік ұранымен атойлап, елім деп еңіреп, жұртым деп жауға шапқан арыстан жүрек тау тұлғаның айтары, кейінгі ұрпаққа қалдырары аз емес еді. Алысқа бармай-ақ, өзіміз өмір сүріп жатқан ХХІ ғасырда, әсіресе ұрпақ тәрбиесіне тікелей әсері бар біз секілді ұстаздар қауымына Бауыржан ұлағатын іс жүзінде қолдану аса қажет. Олай дейтініміз, жас ұрпақтың бойына патриоттық жалын мен ұлттық рух ұшқынын дарыту үшін халқымыздың Момышұлындай перзентінің мірдің оғындай қанатты сөздері ауадай қажет-ақ. Жауынгер жазушы шығармаларында, әсіресе ұлттық тәрбиеге аса көп көңіл бөлген. Жазушы қаламынан шыққан «Ұшқан ұя» «Жонарқа», «Мәскеу үшін шайқас», «Офицер жазбалары», «Қанмен жазылған кітап», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» секілді шығармалары өзінен кейінгі буынға өнеге ретінде ұсынылатын құнды қазыналар. Бауыржан есімі қалың қауым оқырман үшін әділдіктің, тәрбиеліліктің, намысшылдықтың, ержүректіліктің, шыншылдықтың синонимі іспеттес. Әдеби өнер мен әскери өнерді қатар алып жүрген жазушының қазақ және орыс тілінде жазылған шығармалары бүгінде қалың оқырманның игілігіне айналып үлгерді. Айтары сайып келгенде, Алаш пен ұлттың мүддесі, халық рухының еркіндігіне келіп тіреледі. Отан қорғаған жауынгер ұлдардың бірі, қазақ халқының өр

тұлғаларының жалғасы – Бауыржан Момышұлы туған топырақ Жамбыл облысы, Жуалы ауданының Көлбастау мекені еді. Қазақта «Ақыл жастан, асыл тастан» деген керемет нақыл бар. Қазақылықтың мұңкі аңқып тұрған отбасыда дүниеге келген бала Бауыржанның, келе-келе дана Бауыржан атануы тегінен тегін емес еді. Әкесі Момыш он қолынан өнер тамған ұста, етікшілікпен, зергерлікпен айналысқан көрінеді. Анасы Рәзия дүниеден ерте өткендіктен, Бауыржан үш жасынан бастап әжесі Қызтумастың қолында тәрбиеленеді. Баукеңнің балалық шағының көріністерін «Ұшқан ұя» повесінен анық байқауға болады. Халық арасында теңіз суының дәмін білу үшін, оның бір тамшысы да жеткілікті деген тәмсіл бар. Шағын дәулетті Момыш отбасының суреттері негізінде, сол дәуірдегі бүкіл қазақ отбасының болмысын, салт-сана, әдет-ғұрпын, тыныс-тіршілігін көруге болады. «Ұшқан ұя» - халықтық ұғымға бай повесть. Шығарманы оқи отыра, баланы жас кезінен тәрбиелеуге қажетті мол ақпараттарды аламыз. Өйткені шығармада ұрпақ сабақтастығы айқын байқалады. Повестен аталы сөзге тоқтаған, үлкенді үлгі етіп сыйлап, кішіні кішіпейілдікпен құрметтеген, бетегеден биік, жусаннан аласа қазақ халқының болмысын табасыз. Сонымен қатар, ақ жаулықты аналарымыздың ұрпақты ұлағаттылыққа баулып, дауға-дәру, араздыққа-араша, жауға-қару, өнерге-тұлпар, көкте-сұңқар етіп тәрбиелегенін көреміз. Осы тұста, мұндағы этно педагогикалық тәлім тәрбиенің бұлақ көзі болып табылатын мақал-мәтелдерге де тоқталып өтпеуге болмайды. «Жетіге келгенше бала жерден жеті рет таяқ жейді» деген мәтел сәби жеті жасқа толғанша қалт-құлт етіп, аяғын нық баса алмайды. Ал жеті жастан кейін өзіне сенімді бола бастайды деген мағынада. Жазушы мәтелдің мәнін бұдан гөрі тереңдете түсіп, «азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы да осы жерден басталса керек», дейді. «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек адам» деген ұлағатты ойына мақал-мәтел жас сананың ой-өрісін кеңейтеді, әрі өреге тез әсер ететін ақыл-кеңестің ең өтімді, әрі қысқа-нұсқа түрі дегіміз келеді. Егер бала Бауыржан «Ұшқан ұяда» айтылғандай халықтық өрнек-өнеге дәстүрін көрмей өссе, әйгілі панфиловшы-қолбасшы, мыңдаған жауынгерге «батя» (әке) атанған Момышұлы да болмас еді. Әкенің ақылымен, ананың ақ сүтімен қанға сіңген намысшылдық пен ар тазалығы оның жауынгерлік тұлғасына абырой әкелген еді. Тәрбиелік мәні зор туынды болғандықтан тек бүгінгі ұрпақ үшін ғана емес, келешек ұрпақтардың да қызыға оқитын болашағы мол, жасампаз шығармаға айналып отыр. Бауыржан Момышұлы әділдігі мен шыншылдығынан өзге қаталдығымен танымал. Оның қаталдығының өзі – бір ерекше құбылыс.

Оның қаталдығы мейірбандықпен астасқан қаталдық. Көз көргендердің айтуынша, Баукең - табиғатынан жаны таза, жүрегі жылы адам болған екен. Оның «Тәртіпке бас иген – құл емес» деген сөзі халық арасында кең таралды. Мұндағы мағына, есепке, тәрбиелеуге негізделген қаталдық; соғыста орынсыз адам шығыны болмасын деген қаталдық; әскери жарғының сақталуы аясындағы қаталдық; бір сөзбен айтқанда, оның қаталдығы – тәрбие, жауынгерді азамат етіп қалыптастыруға қызмет жасайтын талапшыл қаталдық. Оның жауынгерлік тұлғасы жайында Мырзатай Жолдасбеков «Бауыржан туралы сөз» мақаласында былай дейді: «Бауыржан Момышұлы жетік стратег, асқан тактик болуымен қоса, сұңғыла психолог та еді. Ол жауынгердің жан дүниесін ұрыс даласының диспозициясынан да гөрі үңіле зерттеді. Сол арқылы өзіне сендірді, өзіне сендіру арқылы халқына сендірді. Көшпелі жұрттың орашолақтығы жайындағы, көшпелі сананың таяздығы мен пәтуасыздығы жайындағы көптен жүрген көлденең ұғымдарды жоққа шығарды. Өз халқынды танудың, мойындатудың бірден бір жолы – оның парасат биігі, сарабал санасын, баянды мақсат-мүддесін айқын да терең білу деп ұқты» [2, 316-б.].

Тахауи Ахтанов бір сөзінде Бауыржан Момышұлы туралы «ноқтаға басы сыймаған адам» деген пікір қалдырыпты. Баукең қайда жүрсе де мейлі майдан шебіндегі жауынгерлігі, мейлі бейбіт өмірдегі жазушылығы болсын ұлттық болашағы, ұлт дәстүрінің, ана тіліміз бен киелі өнеріміздің, салт-дәстүріміздің келешегі қандай болмақ деген сауалдарға толғанғаны шындық. Себеті Бауыржан жүрегі халық жүрегімен бірге соқты. Сондықтан елдің арман мұратын, толғанысын Баукеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Қаламгердің «Қанмен жазылған кітапындағы» айтылған ойлар, өзекті мәселелер бүгінгі күннің өзінде де өз маңызын жоймай келеді. Онымен қоса, алдағы уақытқа да нысана болатындай күшке ие. Белгілі жазушы Хамит Ерғалиев «Баукеңнің телегей-теңіз тағылым – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі» деп пікір білдірген екен. Осы айтылғаннан Бауырдан Момышұлын – жалпы адамзат баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, жүз толғанған парасатты ойшылы екендігіне тағы бір көз жеткіземіз. Енді аз-кем Баукең жүрген жолмен бір танысып шығайық. Оның жазғандары – өмірден түйгендері. Ендеше, оның өмір жолы жайында көз шолып шығайық. 1921 жылы Бауыржан Момышұлы интернатқа оқуға түсіп, кейін 1924 жылдан бастап Шымкент қаласындағы жеті жылдық мектепке ауысады. Ол Құрманбек Сағындықов және Әбділда Тәжібаевпен мектепте қатар оқыған. 1928 жылдан мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы

қазақ педагогикалық институтында білім алуды жалғастырды. Кейін еліне қайтып, бастауыш мектепте мұғалім, аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметтерін атқарған. Бауыржан Момышұлы әскерге 1932 жылы алынып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Ташкентте әскери міндетін өтеп жүргенде, нысанаға дәл тигізу және тез ату жарысында өзгелерден оқ бойы оза шауып командирлердің алғысын алады. Әскери борышын өтегеннен кейін туған ауылына оралып, бір ақ жыл қаржы мекемесінде қызмет жасайды. Баукең 1936 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Онда түрлі бөлімдерде взвод, рота командирі болады. Қиыр шығыста жүргенде командирлер мен жауынгерлерге өзінің атқа міну өнерімен таңдай қақтырады. Ұлы Отан соғысы басталған шақта, Баукең даңқты генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. Онда батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Ал соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны да басқарған екен. Осындай бай тәжірибесі негізінде Бауыржан Момышұлы әскери педагогика мен әскери психология саласына мол мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, көзсіз батырлығы А. Бектің «Волоколам тас жолы» атты кітабында жақсы суреттелген. Баукең 1945 жылы 16 қаңтарда Алматыға келгенде ғалымдар оны әңгіме-лекция өткізуге шақырады. Аталған лекцияның стенограммасы кейінірек «Соғыс психологиясы» деген атаумен кітап болып басылып шығады. Оның айтқан сөздері, шығармалары жас жауынгерлерге рух беруде таптырмас құрал еді. Баукең соғыстан кейінгі жылдарда да өз өмірінен арқау ете отырып, роман, әңгіме, повестер жазады. Бұл шығармалар қалың оқырман іздеп жүріп оқитын шығармаларға айналады. «Мәскеу үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері», «Елбасына күн туса» «Майдан» т.б. шығармалары жас ұрпақты батырлыққа, ержүректілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Одан бөлек, Б.Момышұлы әртүрлі жағдайларға байланысты өз жадынан мақал-мәтелдер шығарып отырған. Халық даналығының қазына байлығы мақал-мәтелдерді кез келген адам құрастыра алмайды-да. Қазақ халқында «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген нақыл бар. Ең алдымен мақал-мәтелдер – өмір тәжірибесі. Баукең де қиын сәтте, болған оқиғаларды жіпке тізіп, қанатты сөзбен өрнектеп, шешен тілмен кестелеген. Олардың түрі сан-салалы. Бірінде өмір туралы өрнектесе, бірінде еңбек жайлы, келесіде ерлік, батырлық мәні ашылады. Баукең бір сұхбатында: - Бірақ, біз майдан шебінде, үгіт-насихат ісінде,

оларды жағдайға байланыстырып, айтқан сөздеріміздің тұжырымды қорытындысы ретінде пайдаландық. Жауынгерлер оған түсініп отырды. Халқымыздың мақал-мәтелдері өзіміздің тәжірибемізден алған қорытындыларымыз найза мен оқ сияқты қолымыздағы жарақ болып, бізді кезінде қаруландырып, көңілімізге әжептәуір тірек болып отырды, - дейді. Ал осыған тұздық ретінде Мырзатай Жолдасбековтың мына бір пікірін және қосуды жөн көрдік. «Халқымыздың бағзыдан ақыны - батыр, батыры – ақын болып келетін дәстүрінің осы ғасырдағы үздік үлгісі – Бауыржан Момышұлы. Баукеңнің көркем туындыларын оқып, мақал-мәтелге айналып кеткен қанатты сөздерін естіген адам оның қан майданда қол бастаған ерлігінің де, бейбіт күнде халқына еркелеп өткен серілігінің де, мынау ноқталы заманда ештеңеге мойын ілдірмей кеткен ерлігінің де бастаубұлағы халықтық тәрбиеде, өзі жасынан жаттап өскен батырлық дастандарда, бабалардан қалған бата-тілектерде жатқандығына көз жеткізе түседі.» деп пікір білдіріпті [2, 317-б.].

Бауыржан Момышұлының батырлық, патриоттық жайында: «Таяқтан тайсалмасаң, семсерден сескенбесең – жеңдім дей бер», «Қой бастаған арыстан тобынан, арыстан бастаған қой тобы артық», «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет»; Адамгершілік қасиеттер жайында: «Жүрегі тазаның өрісі кең», «Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек», «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық», «Жаманға бақыт қонса, қонғанын сезбей, ұшқанда бір-ақ біледі» т.б. мақал-мәтелдері халық арасында кең таралған. Оның ойшылдығы, алыс-жақын шетел халықтары арасындағы беделі жайлы Белгілі ғалым, профессор Садуақас Темірбеков: «Біздің көбімізде ойшылдық оқумен келген. Даналық, данышпандық оқумен келсе, әрине, ол да жақсы. Ал Бауыржан Момышұлының ойшылдығы, даналығы біліммен, оқумен емес, болмыс-табиғатымен келген. Бауыржан – данышпан. Бауыржанның данышпандығы бүкіл денесінде, өн бойында тұнып тұр. Ойшылдығы айналасына сыймай, дүниеге кең жайылған. Сол себепті Бауыржанды білмейтін бір ел жоқ» - дейді. Шын мәнінде Баукеңнің әр ісі, әр сөзі, тіпті жүріс-тұрысына дейін бүгінгі күнге дейін аңыз болып жеткен [3, 135-б.]. Ұлт тарихында алдымен дарынды әскери ойшыл одан кейін тағылымды тәлімгер, қалам қарымы тек шындыққа сүйенген жазушы тұлға ретінде қалыптасқан тұлғалар саны санаулы. Солардың бірі Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег әрі тактик, жазушы һәм батыр, бір сөзбен айтқанда қазақтың қайталанбас тұлғасы - Бауыржан Момышұлы. Оның өмірі - жас ұрпаққа өнеге. Жазған мұралары - өсиет.

Баукең өмір сүрген кезең Ұлы Отан соғысына тап келді. Сөйтті де айқас пен шайқасқа толы дүрбелең кезеңде батыр Бауыржан өз халқының ерлік, адамгершілік, әділдік рухымен өзі де қаруланып, сарбаздарын да сол рухқа шақыра алды. Оның адалдығы азаматтығымен бірге ұштасып жатты. Халқымыздың жауынгерлік өнері, жаужүрек батырлығы мен ерлігі, қаһармандығы, қолбасшылық қабілет-дарыны, әскерлерді ерлік жасауға жұмылдыра білу қасиеті, шешендігі мен әмір ете білу құдіреті Баукеңнің қолбасшылық тұлғасында ерекше толымдылықпен көрініс тапты. Оның ерен еңбегін, жауынгерлік тұлғасын жас ұрпаққа үлгі ету, насихаттау біздің адамдық борышымыз. Баукең қалдырған асыл аманат – ұлттық мақтаныш сезімін үкілеп ұстау, ұлт намысын аяққа басқызбау біздің, яғни ұстаздардың алдында тұрған үлкен міндет.

#### **Әдебиет:**

1. Об утверждении Концепции развития образования Республики Казахстан на 2022-2026 годы [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000941#z87> (дата обращения: 23.04.2023)

2. Оразбаева Т., Смирнова Г., Катимхан М. Легендарный батыр. – Москва: Ленком, 2009. – 416 с.

3. Бауыржан Момышұлы: Қазақ халқының қаһарман перзенті, жазушы Бауыржан Млмышұлына арналады / Құраст. Н.Қ Қосаева. – Алматы, 2011. – 380 б., сур.

## **XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІСТІҢ ПАВЛОДАР ӨҢІРІНДЕ БАЙ-КУЛАКТАРДЫ ТӘРКІЛЕУ ЗАРДАПТАРЫ**

***Құсайн М.С.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., Kussain\_moldir@mail.ru*

***Аңдатпа.*** Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Павлодардың Ертіс өңіріндегі бай-кулактарды тәркілеу саясаты және оның зардаптары талданады. Бүгінде тәркіленгендердің нақты саны белгісіз. Мақалада Ертістің Павлодар өңірі бойынша кәмпескеленген бай-кулактар туралы мәліметтер жүйеленіп, талданады.

***Кілт сөздер:*** тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін, аштық, Павлодар Ертіс өңірі.

***Аннотация.*** В статье проанализирована политика и последствия конфискации бай-кулаков в Павлодарском Прииртышье в 20-30-е годы XX века.

*Необходимо отметить тот факт, что по сей день не утановлено точное количество лиц, подвергшихся конфискации. В статье автором систематизированы и представлены сведения о репрессированных, подвергшихся раскулачиванию и конфискации лиц в Павлодарском Прииртышье.*

**Ключевые слова:** конфискация, коллективизация, репрессии, голод, Павлодарское Прииртышье.

**Annotation.** *The article analyzes the policy and consequences of the confiscation of bai-kulaks in the Pavlodar Priirtyshye in the 20-30 years of the XX century. It should be noted that to this day the exact number of persons subjected to confiscation has not been established. The author systematizes and presents information about the repressed, dispossessed and confiscated individuals in Pavlodar Priirtyshye*

**Key words:** *confiscation, collectivization, repression, famine. the history of the twentieth century, Pavlodar Priirtyshye.*

XX ғасыр ел тарихында бірқатар қасіретке толы кезең болып табылады. Олардың ішінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті, 1918-1920 жылдардағы азамат соғысын, 1928 жылғы байларды тәркілеп, жер аудару саясатын еске түсірсек жеткілікті. Кеңес билігі кезінде орын алған жазалау саясатына қатысты архив құжаттарына қол жеткізу мүмкіндігі еліміздің тәуелсіздік алғыннан кейін мүмкін болды. Дегенмен, әлі де ғылыми айналымға еніп үлгермеген құжаттар баршылық. Солардың бірі – XX ғасырдың 20-30 жылдарында орын алған бай-кулактарды тәркілеу саясатына қатысты деректер.

Тәркілеу саясаты қазақ жеріндегі үлкен қасіреттің бірі болды. Бір деректерге сүйенсек, 1928 жылы күзінде өлкеде 696 ірі бай, ауқатты саналғандардың мал-мүлкін кәмпескелеу іске асырылды [1, 53-б.]. Күштеп ұжымдастыру, қазақтарды отырықшы өмір салтына көшіру 1930 жылдардың басында бұрын-соңды болмаған ашаршылықтың себептерінің бірі болғаны белгілі [2, 108-б.].

1928 жылы 16 мамырда «Правда» газетінде БКП ОК республикалар компартияларының барлық бюроларына «Ауылды социалистік қайта құру» атты үндеу жарияланды және бұл науқанға ресми түрде рұқсат етіліп, бай-кулактар тізімін анықтап, мал-мүліктерін тәркілеу белгіленді. Кеңес үкіметі кулактарды тап ретінде жоюға кірісті. Жерді жалға беру және жұмысқа орналастыру туралы заңдар жойылды. Бай-кулактардың үй-жайы, мал-мүлкі түгелімен тәркіленді [3, 39-б.].

ОГПУ Павлодар облыстық басқармасы жанындағы «Үштік» отырысының 1930 жылғы 2 ақпандағы «Аса құпия» деген тақырыппен көшіруге жоспарланған кулактар мен байлардың тізімдерін қарау туралы хаттамасында төмендегідей жазылды:



«Қаулысы: 1. ОГПУ бастығы Завьяловтың хабарлауынша, округтік тізімнен шығару жоспарланған бай-кулак шаруашылықтарының жалпы саны 1955 адам саны бойынша ең өрескел көрсеткіш деп танылсын. Оның ішінде ОГПУ материалдары бойынша – 473 және Окрфо материалдары бойынша – 1482. Әр аудан бойынша бухгалтерлік есеп мәліметтері шамамен келесідей: Павлодар – 110, Максимо-Горький ауданы – 117, Ертіс – 131, Цюрупинский – 304, Баян-Ауыл – 352, Теренкөл – 186, Қызылағаш – 25, Сейтенов – 182, Павлодар – 238» [3, 40-б.].

Деректерге сәйкес, кулактар үш санатқа бөлінді. Біріншісі – «контрреволюциялық, арам ниетті кулак белсенділер мен ақ гвардияшылар». Оларды лагерьлерге немесе ату жазасына кесіп, отбасы мүшелерін шалғай аудандарға көшіруге жоспарланды. Ал екінші категориядағы кулактар – ең бай жартылай жер иелері мен жартылай феодалдық байлар жатқызылды. Оларды округтен тыс шалғайдағы тақыр жерлерге көшіру керек болды. Үшінші категория – қалған бай-кулактарды ұжымдастыру ауданынан тыс жерлерге көшіру белгіленді [3, 41-б.].

1928 жылғы 27 тамызда Қазақ КСР ОАК мен ХКК «Ірі байлар мен жартылай феодалдардың мүліктерін тәркілеу және жер аудару туралы» декрет жариялап, ондай байлардың шаруашылықтарын тәркілеуге, мүлік иелері мен олардың отбасыларын тұрып жатқан аудандарынан көшіріп жіберуге рұқсат етілді, әйтпесе олар «өздерінің мүліктерімен және қоғамдық әсерлерімен ауылдарды кенестендіруге кедергі келтіреді» делінді. Бастапқыда 1500-дей байдың шаруашылықтарын тәркілеу жоспарланған болса, ақыр соңында 700 санына тоқталды. Декретте көшпелі аудандарда 150-ден аса малы бар байлардың мүліктерін тәркілеу қарастырылды. Ірі байларды тәркілеу науқанының барысы Павлодар облысының Мемлекеттік мұрағатында сақталған Павлодар облыстық атқару комитеті мен Павлодар округтік партия комитетінің құжаттарында көрсетілген [3, 74-75 б.].

Павлодар округтік комиссиясы 1928 жылғы 22 қыркүйектегі хаттамасында бірінші санат бойынша тәркіленуге жататын байлар шаруашылықтарының тізімін бекітті. Баянауыл ауданы бойынша: Жұмашев Молдабек, Жұмашев Жұмабек, Шорманов Жасми, Шорманов Зында, Шорманов Шәріп, Биекенова Ақжүніс, Павлодар ауданы бойынша: Ақылов Рысбек, Тоқтағұлов Баймұрза, Жанболатов Ибрагим, Жанболатов Ысқақ, Уақбаев Әбілғазы, Ыдырысов Әбілғазы, Тоқтағұлов Шәріп; Тереккөл ауданы бойынша: Намыров Бейсен, Шәукенов Уәли, Шәукенов Ғабдолла, Досқұлин Әбу, Өскенбаев Нұрмұхамет, Есімов Шопат, Уахитов

Ғалауитдин, Жанқарин Құсайын; Сейтен ауданы бойынша: Оразалин Ыдырыс, Шокан Сафа Қызылағаш ауданы бойыншы: Қазанғапов Алпан.

Тәркіленген заттарға қатысты толығырақ мәліметтер «Тәркіленген шаруашылықтардың жылжымайтын және үй мүліктерінің, сондай-ақ ауыл шаруашылығы құралдарының тізімі» деп аталатын істердің бірінде беріледі [4, 77-б.]. Павлодар округінде 27 ірі байдың шаруашылықтары анықталды. Олардан 6669 бас мал тәркіленді. Тәркіленген мүліктің бір бөлігі кедей шаруашылықтарға, енді бір бөлігі – құрала бастаған ұжымшарларға берілді [4, 78-б.].

Тәркілеу және жер аудару мәселелері талқыланатын жиналыстарға, ресми деректер бойынша, 400 мыңнан астам адам қатысқан. Науқан кезінде қанша адамның «түбіне жеткенін» дәл есептеп шығару қиын. Бұл орайда сол бір қайырымсыз желдің қаһарына ұшыраған Қабыш Бердалиннің (1867-1935) тағдырын айтуға болады. Ол ауқатты отбасынан шыққан, ақсүйектік және діни білім алған, бірнеше тілді білген, революцияға дейін бірнеше мәрте болыстық би болып сайланған. Ақын ретіндегі беделі зор болған. 1918 жылы Павлодар уездік атқару комитетінің мүшесі ретінде сайланып, «Алаш» партиясының уездік комитетін басқарған. Кеңес өкіметіне өзінің көзқарасымен жақпаған ол тым атақты, тым құрметті тұлға болған еді. Оның қолындағы мал саны 50 бас қана (ірі қала малмен есептегенде), ал мүліктен – соқа, шөп шабатын машина және арба – осының барлығын қоса есептегенде шаруашылық жүргізу үшін декретте қарастырылған мүлік пен мал саны мөлшерінен аспаған. Бірақ, соған қарамастан, Павлодар өлкелік атқару комитетінің төралқасы оның мүлкін тәркілеп, жұбайы Бибі-ханым және төрт баласымен бірге Ақтөбе облысына көшіруді шешеді. Қабыш Бердалин Омбы облысындағы туысқандарының үйін паналауға мәжбүр болады. 1932-1933 жылдары аштық кезінде Қабыш Бердалиннің үлкен қызы қайтыс болып, кіші балалары балалар үйіне тапсырылды. 1934 жылы ОГПУ «үштігі» Қабыш Бердалинді «Алаш» партиясына кіргендігі үшін айыптап, қамауға алады [4, 79-80 б.].

Тәуелсіз кезең тарихшыларының өз зерттеулерінде көтерген мәселелердің бірі – ХХ ғасырдағы ашаршылық пен қуғын-сүргін зардаптары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құру туралы № 456 жарлығына сәйкес өңірлерде жұмыс топтары жасақталып, құрамына сала мамандары біріктірілді. Және іске асырылып жатқан зерттеу жұмыстары нәтижесінде ғылыми

айналымға тың деректер қосылуда. Әрине, қуғын-сүргін құрбандарының нақты санын айту қиын, дегенмен көптеген есімдер анықталуда.

**Әдебиет:**

1. Қозыбаев Манаш. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.
2. История Павлодарского Прииртышья Учебное пособие / Под ред. А.Л. Захаренко. – Павлодар: Государственный университет им С. Торайгырова, 2003. – 133 с.
3. Насильственные политические кампании советской власти в отношении крестьянства в Павлодарском Прииртышье. 1920-1930-е гг. Сборник документов и материалов / Сост. Аманова А.С., Каримова А.Е., Кубик Н.А., Құдайбергелулы Б., Молдақимова А.С., Сыздыкова А.М. – Павлодар, 2022. – 466 с.
4. Шевченко С. Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер. II бөлім. XX ғасыр. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2001. – 240 б., сур.

**ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІНДЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ  
ГРАММАТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕЖЕЛЕРІН ТИІМДІ  
ПАЙДАЛАНУ**

**Садықұлы А.**

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., almasaryn136@gmail.com*

**Түйіндеме.** Мақала бүгінгі таңда қазақстандық қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі – кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу мәселесіне арналған. Мақалада жаңа әліпбиге көшу жағдайында «Қазақ» газеті грамматикасы талданып, оның кейбір ережелерін пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу барысында жүйелеу, салыстырмалы талдау, синтез әдістері қолданылды. Автор бекітілген латын әліпбиінің нұсқасына, соның ішінде «Қазақ» газетінің грамматикасынан алынған кейбір ережелерді негізге алып, өз ұсыныстарын береді.

**Кілтті сөздер:** әліпби, емле, латын қарпі, грамматика, әліпби нұсқалары, фонема, тіл реформасы. «Қазақ» газеті.

**Аннотация.** Статья посвящена одной из актуальных вопросов в современном казахстанском обществе – переходу с кириллицы на латиницу. В статье анализируется грамматика газеты «Казах» в контексте перехода на новый алфавит и рассматриваются возможности использования некоторых ее положений. В статье использованы метод сравнительного анализа, синтеза, систематизации. Автором вносятся предложения по оптимизации утвержденного варианта латинского алфавита, также с учетом положений грамматики газеты «Казах».

**Ключевые слова:** алфавит, орфография, латинская графика, грамматика, варианты алфавита, фонема, языковая реформа, газета «Казак».

**Annotation.** The article is devoted to one of the topical issues - the transition from Cyrillic to the Latin alphabet. The article analyzes the grammar of the newspaper "Kazakh" in the context of the transition to a new alphabet and discusses the possibilities of using some of its provisions. The article uses the method of comparative analysis, synthesis, systematization. The author makes proposals to optimize the approved version of the Latin alphabet, also taking into account the provisions of the grammar of the newspaper "Kazakh".

**Key words:** alphabet, orthography, Latin script, grammar, alphabet variants, phoneme, language reform, «Kazakh» newspaper.

Қазақ халқы және оның арғы аталары болып саналатын сақ, ғұн, түркі тайпалары әр кезеңде әртүрлі жазу графикаларын қолданған еді. VIII ғасырда көне түркі жазуы қолданыла бастаса, X ғасырдан бастап ислам дінінің үстемдігінің арқасында және араб тілінің ислам әлемінде лингва-франка рөлін атқарып, халықаралық тілге айналғандықтан түркітілдес тайпалар арасында араб графикасы басым бола бастады. Тіпті XV ғасырда шағатай тілі немесе түркі деп аталатын Орталық Азиядағы түркі тайпаларына ортақ әліпби және емле енгізілген еді.

Кейін Ахмет Байтұрсынұлы шағатай емлесінің қазақ тіліне фонетикалық және грамматикалық жағынан қайшы екенін дәлелдеп, жуан дауыссыз әріптерді алып тастап, дәйекше жүйесін енгізу арқылы «Жаңа емлені» енгізді. Сол емлені түсіндіру мақсатында 1912 жылы «Оқу құралы» деген мақаласында өзінің жаңадан құрастырған әліпбиін ұсынған болатын. Сол жылы жаңа емлемен таныстыратын «Жазу тәртібі» және келесі жылы «Жазу мәселесі» атты мақалаларын жариялап, көпшілікке таратады.

Осы емле негізінде 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті шығып отырды. 6 жылдың ішінде бұл газеттің 265 басылымы жарық көрген еді. Осы газеттің даму тарихы барысында «Төте жазудың» емлесі мен лексикасы да дамып отырды. 1964-1984 жылдар аралығында пиньинь атты латын қарібін қолданып жүрген Қытайдағы қазақтар 1984 жылы «Төте жазуды» ресми түрде пайдалана бастап, әлі күнге дейін сол жазуды қолданып келеді.

1929 жылы Кеңес одағындағы латындандыру саясатына байланысты қазақ тілі «Жаңа әліпке» көшті. Бұл әліпби КСРО аймағында өмір сүретін барлық түркі-тілдес халықтарға ортақ емле болып бекітілген еді [1, 305-б.]. Алайда 1930-жылдардың соңында бұл жоба қайта қаралып, нәтижесінде КСРО-дағы барлық тілдердің қаріптерін кирилдендіру саясаты жүзеге асырылды. Соған орай 1940 жылы Сәрсен Аманжоловтың

құрастырған қазақ кирилл әліпбиі Қазақ КСР аймағында ресми түрде қабылданған болатын. Бұл графика 1950-жылдары кішігірім өзгерістерге ұшырап, қазіргі уақытқа дейін ең негізгі қаріп ретінде қолданылып жүр [2, 403-404 бб.].

1991 жылы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы ыдыраған кезде жаңадан тәуелсіздік алған 15 республиканың көбісінде кирилл әліпбиінен бас тарту мәселесі көтерілген болатын. Бұл мәселе Қазақстанды да айналып өтпеді. 1990-жылдардан бастап «қазақ тілін қай графикамен жазу керек?» деген сұраққа негізгі 4 жауап берілді:

- Қазақ тілін кирилл әліпбиінде қалдырып, тілге жат ё, һ, ц, ч, щ, ь, ь, э әріптерін әліпбиден алып тастау;
- «Жаңа әліпті» қайта қабылдау немесе түрік әліпбиі негізіндегі латын қарпіне көшу;
- Ахмет Байтұрсынұлының «Төте жазуын» қайта қабылдау;
- Көне түркі жазуын жандандыру.

Ал бұл даудың нүктесі 2007 жылы қойылды [3]. Сол жылы 19 шілдеде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті дайындаған «Қазақ жазуының латын қарпіне көшуі туралы» аналитикалық анықтама жарық көрді. Осылайша Қазақстан Республикасының Үкіметі қазақ тілін латын қарпіне көшіру жайлы нақты шешім қабылдады [4].

Тура он жылдан кейін, дәлірек айтсақ, 2017 жылы 26 қазанда Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасы көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Сол кезден бастап қазақ жазуын латын қарпіне көшіру мәселесі қазақ халқы арасында ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр [5].

2017 жылы 9 қазан күні Қазақстан Республикасының тарихында алғаш рет қазақ латын әліпбиінің мемлекеттік деңгейінде ұсынылған нұсқасы пайда болды. Оның басты қағидасы – латын әліппесінде кездеспейтін қазақша дыбыстарды диграф арқылы білдіру. Соған сәйкес ә дыбысы ae, ғ дыбысы gh, ж дыбысы zh, ң дыбысы ng, ө дыбысы oe, ү дыбысы ue, ч дыбысы ch, ш дыбысы sh болып белгіленді [6]. Қазақ қоғамы бұл нұсқаға бірден негативті жауап қайтарды. Себебі, бұл диграфтар мәтінді оқып жатқан кісіні шатастырады және мәтінді едәуір ұзартып жібереді. Асхана сөзін «ашана», Асхат есімін «ашат» деп оқу секілді проблемалар туындады. Сөйтіп, халықтың көпшілігі бұл нұсқаны қабылдамады.

Сол жылы диграфтардың орнына апострофтар ұсынысқа берілген еді. Яғни ә дыбысы а', ғ дыбысы g', и және й дыбыстары і', ң дыбысы n', ө дыбысы o', у дыбысы y', ү дыбысы u', ч дыбысы с', ш дыбысы s' болып белгіленді [7]. Бұл нұсқаның басты кемшілігі – апострофтар тұтас сөзді бірнеше бөлікке ажыратып, түсініксіз қылады. Нәтижесінде апострофтарға толы мәтінді оқу қиынға соғады. Сондықтан қазақ қоғамы бұл нұсқаны да қабылдамай қойды.

2018 жылы 19 ақпанда апострофтардың кемшілігін жою мақсатымен әліпбидің жаңа нұсқасы ұсынылды. Бұл нұсқаның алдыңғы нұсқадан айырмашылығы апострофтардың орнына акуттар қолданылып, ч, ш дыбыстары сәйкесінше ch, sh болып қайтадан белгіленді. Бұл нұсқа алдыңғы нұсқалардың жақсарған түрі болып табылады. Себебі, жазуға да, оқуға да жеңіл акут белгісі қолданысқа берілді. Ол диграфтар секілді шатастырмайды және апостроф секілді сөздерді ажыратпайды. Бұл нұсқаның проблемасы көбінесе ch және sh диграфтарында болған еді.

Кемшіліктері азырақ болғандықтан бұл нұсқаны талқылау 3 жылға дейін созылды. Тек 2021 жылы ғана бұл нұсқаның орнына басқа әліпби ұсынылды. Жаңа нұсқа түрік латын әліпбиінің негізінде жасалған және кейбір әріптердің жаңа нұсқалары ұсынылды. Яғни ә дыбысы ä, ғ дыбысы ğ, и және й дыбыстары і, ң дыбысы ñ, ө дыбысы ö, ү дыбысы ü, ұ дыбысы ū, ш дыбысы ş, і дыбысы ı болып белгіленді. Бұл нұсқа да кемшіліксіз емес. Оның басты кемшілігі – әріп үстіне қойылатын белгілердің әртүрлі болуы. Бұл мәтінді ұсқынсыз етеді.

2018 жылдың 6 желтоқсанында сол жылы ұсынылған әліпбидің негізінде «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» атты мақала шықты. Кейін бұл мақаладағы ережелер 2021 жылғы әліппенің негізінде өзгертілген болатын. Жаңа емлеге сәйкес қазақша сөздер үш түрге бөлінеді:

- төл сөздер – қазақтың байырғы сөздері;
- кірме сөздер – шет тілдерден қазақ орфоэпиясына сай өзгеріп, енген сөздер;
- шеттілдік сөздер – шет тілдерден ешбір өзгеріссіз немесе кішігірім өзгеріспен енген сөздер.

Жаңадан бекітілген орфографияның кейбір ережелері «Қазақ» газетіндегі грамматикаға сәйкес келеді:

- ц әрпі және сц, цц әріпұяқастары s әрпімен белгіленеді (sirk, desimetr, senari);

- ч және щ әріптері ş әрпімен белгіленеді (dispets̄er, mats̄, ŗempion; uŗiliŗe, praporŗik, borŗ);

- щ әрпі бар үш төл сөз (ащы, тұщы, кеще) екі ŗ-мен белгіленеді (aŗŗy, tuŗŗy, keŗŗe);

- э әрпі е әрпімен белгіленеді (element, elevator, koefisent);

- ь әрпі барлық жерде түсіп қалады (subekt, obekt, adektiv);

- ь әрпі бар буындағы дауысты дыбыс е немесе и болса, онда ь әрпі түсіп қалады (akvarel, artıkl, premer);

- ь әрпі бар буындағы дауысты дыбыс а, о немесе у болса, онда ол әріп сәйкесінше э, ө және ү әрпіне айналып, ь әрпі түсіп қалады (aŗfalt, alkogöl, büldog);

- дж әріпұяқасындағы д әрпі түсіп қалады (kolej, menejer, jentmen; бірақ бұл ереже бағынбайтын екі сөз бар: бүdjet, lodji);

- түбір сөздің соңындағы екі дауыссыз дыбысты әріп бірдей болса, біреуі түсіп қалады (klas, hol, bal);

- түбір сөздің ортасында б, г, д, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф әріптері қосарланған болса, біреуі түсіп қалады (komisar, profesor, gramatika; бұл ереже өлшем бірліктеріне қатысы жоқ: dollar, massa, million);

- түбір сөз ий әріпұяқасымен аяқталса, й әрпі түсіп қалады (kali, alümini, kafeteri);

- а әрпімен аяқталатын шеттілдік сөзде сол әріп түсіп қалады (kordinat, kapsul, orfogram; matematika, pedagogika, statistika сөздері бұл ережеге бағынбайды);

- -ст және -сть әріпұяқастарымен аяқталатын түбір сөздерде т және ь түсіп қалады (ekonomis, komunis, manifes);

- -кт, -ск, -пт, -фт әріпұяқастарымен аяқталатын түбір сөздерге аффикстер тек ы немесе і әріптері арқылы жалғанады (fakt - faktısı, disk - diskısı, aksept - akseptısı, soft - softısı);

- екі немесе одан да көп буынды сөздерде -нг әріпұяқасы «ñ» әрпімен белгіленеді (bouliñ, brifiñ, reitiñ) [8].

2021 жылы бекітілген латын әліпбиінің соңғы қабылданған нұсқасы алғашқы ұсынылған нұсқаларға қарағанда ең ұтымды және көпшілікке ұғынықты болып табылатыны анық. Алайда, бұл әліпби мен емлеге қатысты қоғамда әлі күнге дейін қарама-қайшы пікірлер орын алып жатыр. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев латын әліпбиіне көшу туралы былай деді: «Тағы бір өте маңызды мәселе. Бұл қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуіне қатысты. Бұл мәселе бүкіл қоғамның ықыласын тудырғаны белгілі. Мен бұрын бұл мәселе бойынша

талай рет айттым: біз, ең алдымен, осы сәтті пайдалана отырып, қазақ тіліне реформа жасауымыз керек. Мәселе кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне механикалық түрде көшуде емес. Біз латын әліпбиіне тез арада көшуіміз керек деп, көптеген өрескел қате жібердік. Мысалы, латын қарпімен жазылған билбордтарға қараңыздар! Бұл – қазақ тілі емес, тіліміздің табиғатына жат, бұрмаланған мәтіндер. Сондықтан бұл жұмысты Ғылым академиясының басшылығымен асығыстыққа жол бермей, жан-жақты ойластыра отырып, жалғастыру керек. Тағы да қателесуге құқымыз жоқ. Бір мысал келтірейін. Мен бұл мәселе бойынша Құрылтай отырысында айттым. Кириллицада көптеген сөзде «ы» деген әріп бар. Мысалы, «ырымшыл» деген сөзде үш «ы». Біз оны автоматты түрде «у» деп жазатын болдық. Сонда «ырымшыл» деген сөзді латын әліпбиінде жазатын болсақ, үш игрек болады. Бұл қазақ тілі ме? Оны кім оқи алады? Ақырында, тіліміз кирилл әліпбиімен де, тіпті, латын әліпбиімен де жағымсыз көрінетін болды. Осындай мысалдар аз емес. Сондықтан ғалымдарымыз басқа елдердің озық тәжірибесін мұқият зерттеп, ұтымды тұстарын пайдалануы керек» [9].

ҚР Президенті айтқан осы сөзіне байланысты келесі өзгерістерді енгізу ұсынылады:

- Нүктесіз і әрпі қазіргі барлық түркітілдес әліпбилерде ы дыбысын білдіреді. Бұл фонематикалық жағынан дұрыс, себебі, ы дыбысы секілді басқа да жуан дауысты дыбыстар көбінесе нүктесіз және басқа да белгісіз таңбаланады. Ал жіңішке дауысты дыбыстар қосымша бір белгімен немесе оригиналды латын әліпбиінде жоқ қосымша әріппен таңбаланады. Сондықтан і дыбысы нүктелі і әрпімен таңбаланып, ы дыбысы нүктесіз і дыбысымен таңбаланғаны дұрыс болады;

Тілді білу – оңай шаруа емес. Ешкім тумысынан қостілді болып тумайды. Бұл үрдіс қажеттіліктен туындап отырған заман талабы. Қазіргі кезде әрбір көзі ашық, көкірегі ояу жан көп тілді меңгеру- білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына жол ашатын үлкен мүмкіндік екенін жақсы түсінеді. Тіл үйрену мәселесіне келгенде елтану жұмыстары көп рөл атқарады. Ол сол елдің жағрафиясын, тарихын, өмірін зерттеу негізінде белгілі бір халықтың күнделікті өмірде қолдануға үйреніп қалған заттарына, тіршілік көздеріне байланысты сөздік қорларындағы лингвистикалық сөздік тіркестер(фразеологизмдер), мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, идиомалар тілі арқылы дүнетанымдық көзқарастарының ұқсас екенін білдіреді.Бұл әсіресе, бүгінгі мақалаға арқау болған қазақ, орыс, неміс және ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркестерден (фразеологизм) көрініс табады.

Фразеологизм - семантикалық (ішкі мағыналық) жағынан бір-бірімен байланысқан сөз тіркестерімен сөйлемдердің ортақ атауы. Фразеологизмдердің ішінде халықтың сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени-тұрмыс тарихы қамтылады. Фразеология бір немесе бірнеше сөздерден құралып, мағынасы ауыспалы тұрғыда қолданылады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ертегілер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар негіз болған. Славян және Герман тобына жататын орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі фразеологизмдер де қазақ тіліндегі фразеологизмдер сияқты халық өмірінің барлық аспектілерін сипаттайды: күнделікті тіршіліктің жұмысына, табиғат құбылыстарына, ұлттық ерекшелігіне, адамдардың жеке қасиеттері мен кемшіліктеріне қарай қалыптасты. Фразеология саласын тіл білімінің жеке пәні ретінде

қалыптастыруда маңызды теориялық тұжырымдар жасауда көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Олардың ішінде Копыленко М.М., Кеңесбаев І., Қайдаров А.Т., Сабитова М.Т., Чернышева И.И., Флейшер В. Доравольский Д. Исабеков С.Е., Сатенова С.К., Смағұлова Г.Н. т.б атақты ғалымдардың фразеология саласының дамуына қосқан үлестері орасан зор.

Осы аталған ғалымдар фразеологизмдерді жалпы мағынасына және ұйытқы болатын сөздерге қарай 10-ға жуық тақырыптық топтарға жіктейді. [1]

Соның кейбіріне тоқталып өтелік:

Жалпы қазақ және өзге тілдегі фразеологизмдердің басым бөлігі адамның жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттауға арналған. Мысалы, қазақ тілінде «Айдағаны бес ешкі ысқырығы жер жарады» деген тұрақты сөз тіркесі мақтаншақ адамның жаман қасиетін білдірсе, орыс тіліндегі «Пускать пыль в глаза», ағылшын тілінде «proud as a peacock», ал неміс тілінде «stolz wie ein Pfau» фразеологизмдер соған мағыналас болады. Яғни, өзі туралы өте жоғары пікірге ие болу, өзін-өзі тым қатты бағалау және менменсіну. Бұл теңеу ежелден менмендік пен мақтанышты бейнелейтін тауыс құсын меңзейді. Көп, бос сөйлейтін адамды қазақта «Тіл мен жағына сүйенген», «Тілінің сүйегі жоқ» десе, орыс тілінде «Язык без костей» деп айтады, ағылшын тілінде «tongue's out of control», ал неміс тілінде «sich den Mund fusselig» тіркестері мағыналас келеді. Өзімшіл, тәкаппар адамды қазақтар «Кеудесінде желі бар», «Кеудесіне нан піскен» десе, орыс тілінде «Смотреть с высоко», «Задирать нос», ағылшынша «look down one's nose at», ал неміс тілінде «von oben herab behandeln» дейді. «Өтірікті қардай борату» «Өтірікті судай сапыру», «Врёт, что блины печёт, только шипит», «Врёт, как водой бредёт», «to lie like a gas-meter», «to lie through one's teeth», «lügen wie gedruckt». Бұл тұрақты тіркестері өтірікші адамдарға қатысты айтылады. «Талағының биті бар», «Көзінде оты бар» пысық, еңбекқорлық, еті тірі, мақсатты адамдарға қатысты айтылса, орыс тілінде осы мағыналас «Выбиться в люди», «Огонь в глазах» тіркестері қолданылады. Ағылшынша «Fire in the eye» және неміс тілінде «Ein Mann der Tat» мәні жағынан жақын келеді.

Қай заманда, яки қоғамда болмасын қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты ерекшеліктер орын алған және осыған байланысты туындаған фразеологизмдер бар. Мысалы, «Тең теңімен тезек қабымен», Мағынасы: Табиғаты да, мінезі де, әлеуметтік жағдайы да бөлек адамдарды еш нәрсе біріктіре алмайды дегенді білдіреді. Орыс тіліндегі

баламасы - «Гусь свинье не товарищ», өзге тілдегі осыған мағыналас «Der Esel und die Nachtigall haben beide ungleichen Schall», «oil and water don't mix» деген тіркестер айтылады.

«Әлін білмеген әлек», «Айға шабам деп арыстан мерт болыпты» өз қабілет-күшін білмеген мағынада қолданса, орыс тілінде «Не рассчитавший своих сил попадет впросак», ағылшынша «great boast, small roast», және немісше «Viel Geschrei und wenig Wolle» деп сондай ойда айтылады. «Өз үйім өлең төсегім», «Өз үйім кең сарайдай боз үйім» қазақ ұғымында өз шаңырағынан басқа артық үй жоқ екенін білдіреді, орыс тіліндегі баламасы «Свой дом, своя колыбель», «Каждому свой дом кажется дворцом», « В гостях хорошо, а дома лучше». Ағылшындар «East or West home is best», неміс халқы «Ost und West, daheim das Best» дейді.

Көптеген халықтар тарихында ескі діни наным-сенімі пұтқа, Көк тәңірге табынаушылық болды. Ағылшын, қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі фразеологизмнің аспан денелеріне табынудан пайда болған түрлері кездеседі: «Be born under a lucky star», неміс тілінде «Unter einem glücklichen Stern geboren sein», орыс тіліндегі «Родится под счастливой звездой (в сорочке)» - бақытты жұлдыздың астында туу. Believe in one's star – (бағының ашылып кетуіне кәміл сену). Қазақ тіліндегі аспанға табыну дәстүріне байланысты пайда болып, қалыптасқан фразеологизмдер: көк аспан, көк тәңір, құдай сөздері арқау болған: құдай жарылқады, тәңірі қолдады, жұлдызы оңынан туды, жұлдызы жанды. [2]

Ұлы ақын және драматург Уильям Шекспирдің шығармалары ағылшын фразеологизмдерінің дамуына үлкен үлес қосты. Бір ғана "Гамлеттен" күнделікті ағылшын тіліндегі сөйлеуге көптеген дәйексөздер кірді. Соның бірі "to wear one's heart on one's sleeve" тұрақты сөзтіркесі, қазақша баламасы "Аузын ашса, жүрегі көрінеді" деп, ал орыс тілінде бұл тұрақты сөз тіркесі көбінесе " Душа на распашку" деп аударылады. [3]

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуына әдеби тілмен қатар терминологиялық және кәсіби лексика негіз болған. Мысалы: talk shop – көпшілік жерде жұмыс жайлы сөйлеу мағынасын білдіреді, яғни shop – шеберхана ұғымында қолданылады.

Неміс тілінде де ағылшын секілді фразеологиялық бірліктердің көпшілігі ауызекі және күнделікті сөйлеуден, ортағасырлық замандағы жағдайларға бейімделе шыққан. «Etwas auf die lange Bank schieben» фразеологизмі орыс тіліндегі "откладывать в долгий ящик", ағылшынша «put smth on hold» немесе қазақша «кейінге созу» мағынасына келеді. Ол Регенсбург қаласында Қасиетті Рим империясының Рейхстаг отырыстары

кезінде пайда болды. Auf der Bärenhaut liegen (аюдың терісіне жату) фразеологизмі орыс тілінде "бить баклуши", қазақша «қол қусырып отыру» және ағылшынша «twiddle one's fingers» мағыналас келеді. Ежелгі немістердің өміріне арналған әйгілі жазбасында Рим тарихшысы Тацит кейбір әдет-ғұрыптарды, соның ішінде бұл тайпалардың демалу үшін аю терісін қолданғанын сипаттады. [4]

Ежелгі замандардан бері Жер бетін мекендеп келе жатқан халықтардың көпшілігі жеті санында сиқырлы күш бар деп санаған. Соның бірі – орыс халқы. Жеті санымен байланысты орыс тілінде біршама тұрақты сөздік тіркестер бар: за семью замками (печатями) – үлкен сыр ретінде жасырылған; семи пядей во лбу – өте ақылды; семь верст до небес и все лесом – өте ұзақ әрі мәңгі; семь пятниц на неделе – шешім қабылдауда құбылмалы; быть на седьмом небе – қатты қуану, төбесі көкке жету дегенді білдіреді. [5]

Фразеологизмдер – халықтың ғасырлар бойы көңілге түйіп, сұрыптап жеткізген, образдар дүниесінің тілдік элементтері. Фразеологизм барлық халықтың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығы болып саналады және әр ұлттың тіліне тән сөз орамдары арқылы сол ұлттың рухани, заттық, мәдени өмірінен, дүниетанымынан хабардар беретін құрал екені айқын.

#### ***Әдебиет:***

1. Исабеков С.Е. Картина Мира во фразеологических единицах неродственных языков // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода. – Алматы, 2001.
2. <https://stud.kz/referat/show/50917>
3. <https://moluch.ru/th/6/archive/173/5421/>
4. Лингвистический энциклопедический словарь. 560-б.
5. <https://znanio.ru/media/frazeologizmy-v-russkom-yazyke-2730626>

## «МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ШЕТ ТІЛІН ОҚУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ»

**Сейтказина Д.Б.**

Әлкей Марғұлан атындағы  
Павлодар Педагогикалық Университеті,  
Павлодар қ., [seitkazina0890@gmail.com](mailto:seitkazina0890@gmail.com)

**Түйіндеме.** Мақала шет тілін оқытудағы Мәдениетаралық коммуникацияның рөлін анықтауға арналған. Шет тілін үйренудің ең маңызды аспектісі - зерттелетін тіл елдерінің мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін білу. Шет тілінде сөйлесу және үйрену барысында мәдениетаралық қарым-қатынастың ерекшеліктері.

**Кілтті сөздер.** мәдениет, педагогика, мәдениетаралық коммуникация, шет тілдер, методика.

**Аннотация.** Статья посвящена определению роли межкультурной коммуникации в обучении иностранному языку. Наиболее важным аспектом изучения иностранного языка является знание культурных особенностей и традиций стран изучаемого языка. Особенности межкультурного общения в процессе общения и изучения иностранного языка.

**Ключевые слова.** культура, педагогика, межкультурная коммуникация, иностранные языки, методика.

**Annotation.** The article is devoted to the definition of the role of intercultural communication in teaching a foreign language. The most important aspect of learning a foreign language is knowledge of the cultural characteristics and traditions of the countries of the language being studied. Features of intercultural communication in the process of communication and learning a foreign language.

**Keywords.** culture, pedagogy, intercultural communication, foreign languages, methodology.

Әр мәдениеттің өзіндік тілдік жүйесі бар, сөйлеушілер соның көмегімен бір-бірімен қатынасады. Мұнда тіл адам өмірінің түрлі салаларында-өндірістік, қоғамдық, рухани салаларындағы қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде анықталатын мәдениеттің құрамдас бөлігі. Алайда қатынас құралы ретінде тіл мәдениетпен бір қатарда тұр. Тіл көріністің осы ерекшеліктерін дамыту мен бекітуде үлкен роль атқарады: тіл арқылы қоршаған әлем бағаланып, түсіндіріледі. Шыңдықтың әр түрліше түсіндірілуі тілде көрініс тауып, тілдің көмегімен беріледі. Кез келген халықтың мәдениетінде тілдің мәні өте зор. Тіл-мәдениеттің айнасы, онда адамның жанындағы нақты әлем ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық мінезі, әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі, моралі, нормалар мен құндылықтар жүйесі, әлем суреті көрінеді; Тіл-мәдениеттің

қамбасы, себебі белгілі бір халықтың жинақтаған барлық білім-ғылымы, шеберлігі, материалдық және мәдени құндылықтары оның тілдік жүйесінде - фольклорінде, кітаптарында, ауызша және жазбаша сөздерінде сақталған. Тіл-мәдениетті жеткізуші құрал, себебі ол ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Қорыта айтқанда, белгілі бір қоғамда тілдің, мәдениеттің жиынтығы сол қоғамның одан әрі дамуына, басқа адамдармен қатынас және араласу үшін алғы шарт болады. [1 - 320 б.]

Тіл арқылы өз халқының менталитетін, салт – дәстүрі мен әдет – ғұрпын, сол сияқты әлемнің ерекше мәдени бейнесін қабылдайтын адам тұлғасын қалыптастырушы мәдениет аспабы. Тіл-бұл тарихи қалыптасқан мазмұндық формалар жүйесі, оның көмегімен адамдар өз ойларын белгілі бір қоғамдық доменге, тіпті қоғамның рухани байлығына айналдыра алады. "Қарым-қатынас" ұғымы әлдеқайда кеңірек, тереңірек болуы мүмкін. Өткенге көз жүгіртсек, бұл анық болады. XVI ғасырдан бастап білімді адамдар бүгінгі күні сөйлесуге берілмеген жоғары деңгейде сөйлесті. Тіл қарым - қатынас құралы ретінде қызмет етті, бірақ ол тек білім құралы, нағыз өнер болып саналды. Бүгінгі таңда қарым-қатынас тілі өте төмен, шектеулі деңгейде. [2-13 б.]

Кез келген елдің тілі мен мәдениеті өз деңгейінде күрделі де, сан қырлы сипатта болып келеді және ол әлемнің тілдік бейнесін жасауға негіз болады. Ал әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынас орнатып, бір - бірімен түсінісуі мәдениетаралық коммуникация теориясының пайда болуына негіз болды. Бүгінгі таңда біз өмір сүріп жатқан әлем "жаһандық тұтас бір әлем" болып табылады, онда ешбір ұлт, топ немесе мәдениет жасырын қала алмайды. Жердің бір бұрышында болатын жағдай, оның қалған барлық бөліктеріне әсер етеді. Заманауи технологиялар бізге әлемнің кез келген жерінде адамдармен қарым-қатынас жасауды жеңілдеткенімен, егер біз өзімізден басқа адамдармен және мәдениеттермен қалай әрекет ету керектігін білмесек, бұл жағдайда өзара әрекеттесу қиын болуы мүмкін. Қазіргі таңда мәдениеттердің бірін-бірі өзара дамыту мақсатындағы өзара қарым қатынастары мен өзара тәуелділіктің күшею процесі орнығып отыр.

"Мәдениет" ұғымын шартты түрде екі бөлікке бөлуге болады: объективті және субъективті. Объективті мәдениетке экономикалық жүйе, әлеуметтік әдет-ғұрып, саяси құрылымдар мен процестер, әдебиет, өнер және қолөнер сияқты барлық мүмкін институттар кіреді. Субъективті мәдениет - бұл мәдениеттің психологиялық белгілері, оның ішінде құндылықтар мен ойлау үлгілері (менталитет). Субъективті мәдениет



көптеген зерттеушілердің пікірінше, түсіну үшін үлкен қиындық тудырады. Ал мәдениетаралық қарым-қатынас болса екі құрамдас бөліктен – тіл және мәдениеттен құралады. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі қарым-қатынастың әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Қарым-қатынастың төмендегі түрлерін атап көрсетуге болады: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскен әрбір коммуникант өзін және әңгімелесушісін «өзінікі» және «бөгде» деп қарастырады. Мәдениетаралық коммуникацияда коммуникант өзін еркін сезіну үшін өзімен тілдік қарым-қатынасқа түскен өзге ұлт өкілінің тек тілін ғана емес, сол ұлттың (елдің) мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінез-құлқын білуге міндетті. [3-58 б.]

Мәдениет құндылықтарын, әлеуметтік мәндерді негізгі жеткізуші әрі қуатты тасымалдаушы болғандықтан мәдениет пен қоғамда тілдің орны ерекше, қоғамдық қатынастардың тиімді үйлестірушісі және реттеушісі болып қызмет етеді. Сонымен бірге тіл – елеулі бөлшек қана емес, осы екі ауқымды ұғымның аса маңызды қыры. Мәдени құзыреттілік, яғни басқа елдің конвенцияларын, әдет-ғұрыптарын, нанымдарын және мағыналық жүйелерін білу, сөзсіз, шет тілін үйренудің ажырамас бөлігі болып табылады және көптеген оқытушылар мәдениетті оқытуды шет тіліндегі оқу бағдарламасына енгізуді мақсат деп санайды. Лингвистикалық біліммен қатар, оқушылар мақсатты мәдениетке бейсезімдік тілдесім және мимика сияқты вербалды емес қарым-қатынастың әртүрлі түрлерімен танысуы керек. [4- 155 б.]

Мәдениетаралық коммуникация ұғымын өткен ғасырдың 1950 жылдарында американдық антрополог Э.Т.Холл енгізген. Қазіргі лингвистикада мәдениетаралық коммуникацияның үш түрі бар: ауызша (вербалды), вербалды емес және паравербалды.

Ауызша (вербалды) қарым-қатынас - тілдік қатынасты білдіреді. Ол идеялармен, ойлармен, ақпаратпен, эмоциялармен және тәжірибелермен алмасуда көрінеді.

Вербалды емес қарым-қатынас кезінде алмасу дене қимылдары, бет әлпеті, мәлімдеменің дыбыстық дизайны, сондай-ақ қарым-қатынас кезінде адамды қоршап тұрған материалдық заттарды қолдану арқылы жүреді.

Байланыстың үшінші түрі – паравербалды. Ол қарым – қатынас процесінде қолданылатын паралингвистикалық құралдарға негізделген-интонация, ритақ, тембр. [5- 2 б.]

Қазіргі әлемде әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мәдени айырмашылықтар мен мәдени әртүрлілікті сақтау құралы ретінде әрекет етеді. Біздің әлемдегі мәдениеттердің ешқайсысы өздігінен және оқшауланған түрде өмір сүрмейді. Тарихи даму барысында әртүрлі ұлт өкілдері арасында мәдени жетістіктер үздіксіз алмасып отырды. Бұл тұрғыда белгілі Ресейлік ғалым — Н. В. Кокшарова мәдениетаралық өзара іс-қимыл екіжақты сипатқа ие екенін, яғни бір мәдениеттің жай-күйі, мазмұны мен функциялары екінші мәдениеттің әсерінен өзгертін өзара шартталған екіжақты процесс екенін атап өтті.

Әр елдің мәдениетіндегі амандасу мәдениетіне үлгі келтіре кетсек:

**Жапония.** Жапон халқы сәлемдесу рәсіміне аса мән беретіні айдан анық. Бір-бірін көрген кезде олар міндетті түр иіліп сәлем береді, ал жастар болса өзара бастарын изеп амандасады. [6- 52 б.]

Тіпті қол алысу қабылданған мемлекеттерде де сәлемдесу сөздері мен мәдениеті әртүрлі. **Ағылшындар** бір-бірімен "қалайсыз?" деп амандасады, ал оған жауап бергенде " ал сіз қалайсыз?"- деп айту қажет , сонымен рәсім аяқталды деп саналады. Егер сіз өзіңіздің іс жүзінде қалай екініңізді егжей — тегжейлі айта бастасаңыз, бұл ағылшындардың наразылығын тудырады.

**Американдықтар** да қол алысады, бірақ жас американдық өз досымен оның арқасынан қағып амандасуы мүмкін.

**Германияда** да қол алысу жиі кездеседі. Ерлер де, әйелдер де кездескенде, танысқанда және тіпті қоштасқанда қолдарын алысады. Бұл жағдайда қол алысу үшін қолын беріп, екіншісін қалтаңызда ұстау әдепсіз болып саналады. Бейресми қарым-қатынастағы әйелдер бір-бірімен бетінен сүйіп амандаса алады (дәлірек айтқанда, тек беттерімен бір-біріне жанасу арқылы). Бірақ бұл олар жақсы таныс болса ғана қолданылады.

Сонымен қатар, гүлдер әрқашан адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. Олар ежелгі заманнан бері әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі мағынаға ие сыйлықтар үшін қолданылған. Гүлдер ерекше болуының себебі олар белгілі бір сезімдермен, эмоциялармен және сенімдермен байланысты. Гүлдер адамның ойлары мен терең сезімдерің сөзден гөрі жақсы жеткізе алады. Дегенмен, гүлдерді басқа мәдениеттегі адамға таңдағанда абай болған дұрыс. Мысалы:

Гүлдердің тақ санын беру ережесі бұрынғы КСРО аумағында ғана қолданылады. Еуропада, АҚШ-та, Шығыс елдерінде гүлдердің жұп санын беру бақыт, қуаныш пен сәттіліктің символы болып саналады. Бұл елдердегі гүлдердің тақ саны тек жерлеу үшін қолданылады.

**Жапонияда** сіз 4 гүл бере алмайсыз, өйткені төртеуі өзінің айтылуында "өлім" сөзіне сәйкес келеді және бақытсыз сан болып саналады, ал **Англияда** гүлдердің саны 12-ден аз болмауы қажет.

Ақ гүлдер махаббат метафорасы болып әлемнің көптеген мәдениеттерінде танымал, бірақ **Германияда, Францияда және Канадада** ақ лалагүлдер мен раушандар әдетте жерлеу рәсімдерінде көңіл айту үшін немесе қабірлерді безендіру үшін кеңінен таралған. Сол себепті сүйікті адамыңызға романтикалық сезімдеріңізді көрсету үшін қызыл раушадар немесе қызғалдақтардан жасалаған гүл шоғын таңдау дұрыс.

Гүлдер әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерге негізделген, олар біздің жүрегімізде нәсіліне немесе тұратын жерімізге қарамастан ерекше орын алады. Айналаңыздағы гүлдерге қарап және гүлдердің бүкіл әлемдегі адамдардың өміріндегі рөлін бақылап, адамды қуанышты немесе керісінше мұңға түсіруге болады. Сол себепті жаңа мемлекетке бармастан бұрын, сол елдің өкілдеріне гүл немесе сый бермес бұрын, жаңа мәдениетті мұқият зерттеу қажет.

Тіл - мәдениет құндылықтарын, әлеуметтік мәндердің негізгі жеткізушісі, әрі қуатты тасымалдаушы болғандықтан мәдениет пен қоғамда тілдің орны ерекше. Тіл - қоғамдық қатынастардың тиімді үйлестірушісі және реттеушісі болып қызмет етеді. Тіл мәдени құбылыс ретінде көп қырлы және үйрену үшін қиын зат. Бірақ бұл жұмыста нақтыланғандай, мәдениетаралық қарым-қатынас процесінің тереңдігін түсіну үшін тілдің мәдени аспектілеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Басқа халықтар өкілдерінің белгілі бір әрекеттерінің алғышарттарын көбінесе олар сөйлейтін тілді терең зерттеу арқылы білуге болады. Мәдениетаралық қарым-қатынас-бұл ғылым ғана емес, сонымен қатар меңгеруге болатын және меңгеруге болатын дағдылар жиынтығы. Біріншіден, бұл дағдылар кәсіби қызметі мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесумен байланысты адамдар үшін қажет. Екінші жағынан, ортақ тіл сол тілде сөйлемейтіндерді шеттетеді. Қоғам адамдарды мінез – құлықтың жарасымдысы мен жарасымсызын ажыратуға үйрете отырып, өзінің тыйымдары мен құндылықтарын жасайды. Баршамыз тілмен, сол тілде ата – бабамыздан жеткен мәдениетпен тәрбиелендік. Біз ана тілді де, төл мәдениетті де, туған жеріміз бен уақытымызды да таңдаған емеспі, ол мүмкін де емес.

Бүкіл сыртқы және ішкі әлемді қамтыған баға жеткісіз сыйды алып, басқа адамдармен араласуға ұмтыламыз, өйткені адам тірі жан иесі және адамдардың арасында өмір сүреді.

**Әдебиет:**

1. Тер-Минасова С.Г., «Мәдениетаралық коммуникация», 2000.
2. Верещегин Е.М., Костомаров В.Г., «Язык и культура», 1983.
3. Кунанбаева С. С., «Современное иноязычное образование: методология и теории», Алматы, 2005.
4. Кадирова, Ф. Х. Intercultural communication in foreign languages teaching and learning, Молодой ученый. — 2017.
5. Сокур, Е. А. Межкультурная коммуникация и английский язык [Электронный ресурс] - 2019.
6. Колшанский Г.Н. Лингвокоммуникативные аспекты речевого общения // Иностранные языки в школе. -1985. - № 1.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУДЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫҢ  
ЫНТАНЫ АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ**

***Есенгелді Қ.М.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 4-курс студенті, Павлодар қ.*

[\*karligashesengeldi@gmail.com\*](mailto:karligashesengeldi@gmail.com)

**Түйіндеме.** Мақалада мектепте ағылшын тілін меңгеруде өзіндік жұмыстың ынтаны арттырудағы тиімділігі негізделген. Американдық психологтардың кейбір көзқарастары ұсынылған. Ағылшын тілінен өзіндік жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру кезінде жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың заманауи тиімді 7-тәсілдері бар. Бұл тәсілдерге жекелеп шолу жасап кетуге болады. Оларды ағылшын тілі сабақтарында қолдану барлық жастағы оқушылардың ынтасы мен танымдық белсенділігін арттырады, олардың көкжиегін кеңейтеді.

**Кілт сөздер:** өзіндік жұмыс, оқыту тәсілдері, эксперименттік жұмыс.

**Аннотация.** В статье обоснована эффективность самостоятельной работы по овладению английским языком в школе. А также представлены мнения американских психологов. При осуществлении организации самостоятельной работы по английскому языку существует 7 современных эффективных способов обучения по обновленной образовательной программе. Можно сделать индивидуальный обзор этих подходов. Их использование на уроках английского языка повышает мотивацию и познавательную активность учащихся всех возрастов, расширяя кругозор учащихся.

**Ключевые слова:** самостоятельная работа, способы обучения, экспериментальная работа.

**Annotation.** The article substantiates the effectiveness of independent work on mastering English at school. The opinions of American psychologists are also presented. There are 7 modern effective ways of teaching according to the updated educational program in organising independent work in English. You can make an individual review of these approaches. The use of these approaches in English lesson increases the motivation and cognitive activity of students of all ages, expanding the horizons of students.

**Keywords:** independent work, learning methods, experimental work.

«ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастауыш білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы» бұйрығына [1] сәйкес өзіндік жұмыс білім алушылардың оқу қызметінің бір түрі болып табылады. Мемлекеттік білім беру ұйымының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламасын қалыптастыру кезінде оқытушылар тарапынан оны басқаруды жетілдірумен ұштастыра отырып, білім алушылардың тиімді өзіндік жұмысын қамтамасыз етуге, оны әдістемелік қамтамасыз етумен және оны орындауға жұмсалатын уақыттың негіздемесімен сүйемелдеуге міндетті.

Ағылшын тілі сабағында өзіндік жұмысты ұйымдастыру оқушылардың ағылшын тілін үйренуге ынтасын арттырады.

Өзіндік жұмыс – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс [2, 79б.].

Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен «Өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл, өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру психологиялық тұрғыдан

алғанда, нәтижесінде жана материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет [3, 104б.].

Сабақтарда оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып жеке тұлға ретінде дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

«Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру – белгілі бір іс-әрекетте, ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара ерекшеліктері».

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынадай талаптарды орындау керек:

1) Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек;

2) Өзіндік жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек;

3) Міндетті түрде тексерілуі керек;

4) Жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалады;

5) Өзіндік жұмыстың мақсаты, орындау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс;

6) Өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек;

7) Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс;

8) Өзіндік жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек;

9) Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек [4, 108б.].

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру – күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері:

а) Жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау т.б. тәсілдерге үйрену).

ә) Жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық жұмыстар, оқулықпен жұмыс, жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тексеру, бақылау жұмысы, сынып жұмысы, шығармашылық жұмыс, рефераттар мен баяндамалар, тәжірибелер жасау, тест жұмысын орындау) [5, 107б.].

Өздігінен орындайтын жұмысты ұйымдастыру – сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс.

Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет [6, 101б.].

Өзіндік жұмыстар белгіленеді:

- 1) Үлгі бойынша орындалатын;
- 2) Реконструктивтік – вариативтік;
- 3) Жаңалық ашатын;
- 4) Шығармашылық [7, 77б.].

А.Н. Джуринскийдің [8, 124б.] педагогикалық сөздігі бойынша «өзіндік жұмыс – бұл оқытушының тікелей көмегін жүйелі түрде азайта отырып, оқу тапсырмаларын орындайтын оқушылардың іс-әрекетінің түрі».

Өзіндік жұмыс дербестікті, танымдық дағдылар мен икемдерді саналы және берік қалыптастыруға ықпал етеді.

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің мақсаты – 4-сынып оқушыларының ағылшын тілін үйренуге ынтасын арттыруда өзіндік жұмысты тәжірибе жүзінде ұйымдастыру.

Қалыптастырушы кезеңді жүзеге асыру кезінде біз өзіндік жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін пайдаланған болатынбыз.

Ағылшын тілінен өздік жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру кезінде жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың заманауи тиімді 7-тәсілдері қолданылған болатын. Бұл тәсілдерге жекелеп шолу жасап кетуге болады.

1) Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғы шарттар құруды көздейді.

2) Тұлғалық-бағдарланған тәсіл – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

3) Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

4) Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

5) Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрліп әндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қолжеткізуге мүмкіндік береді.

6) Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

7) Интербелсенді әдіс – білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынаспен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.



Сонымен қатар 4-сынып оқушыларының ағылшын тілін үйренуге ынтасын артыруда арнайы жаттығулар, жоба, шығарма, тест, сөздікпен жұмыс, диалог пен монолог құру, мәтінмен жұмыс сияқты өзіндік жұмыс түрлері ұйымдастырылған болатын. Өзіндік жұмысты орындау кезінде қолданылған технологиялар:

- проблемалық оқыту технологиясы;
- топпен жұмыс;
- сыни тұрғыда ойлау;
- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- модульдік оқыту технологиясы;
- «Ашық микрофон»;
- «Жазбаша кері байланыс»;
- «Пікір алмасу»;
- «Ашық микрофон»;
- пікірталас және т.б..

Жоба, шығарма жазу кезінде оқушыларға қызықты және өзекті тақырыпты таңдау, оқушыларға жобаны іске асыруға қажетті әдістерді өз еркімен пайдалануын жүзеге асыру мүмкіндігі берілген болатын. Оқушылар жұмыс тәсілдері мен түрлері қызықты болған сайын оқу материалын оңай игереді. Теориялық және тәжірибелік мәселелерді талқылау барысында оқушылар арасында қатысушылардың ұстанымдарын нақтылау және талдау, белгілі бір мәселеге жан-жақты көзқарас қалыптастыру және т. б. мәселелер бойынша тәжірибе алмасу үшін оқу пікірталас тәсілін қолданған болатын. Пікірталас тәсілі білімді игеруді жақсартады және бекітеді, жаңа ақпарат көлемін арттырады, дауласу, дәлелдеу, өз пікірін қорғау және басқалардың пікірін тыңдау қабілетін дамытады.

Жалпы орта білім беретін мектепте өзіндік жұмысты ұйымдастыру оқушыларда мына қасиеттерді дамытады деген қорытындыға келдік:

- білім алушылардың алған теориялық білімдері мен практикалық дағдылары жүйеленіп бекітіледі;
- теориялық білімдері тереңдеп кеңейтіледі;
- білім алушылардың танымдық қабілеттері мен белсенділігі артады;
- шығармашылық бастама, тәуелсіздік, жауапкершілік және ұйымшылдық қасиеттері дамиды;
- ойлау тәуелсіздігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттері қалыптасады;

- зерттеу дағдылары дамиды.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда қолданылатын заманауи тәсілдерге оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жол ашады.

#### **Әдебиет:**

1 «ҚР Білім және ғылым министрлігінің бастауыш білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы» бұйрығы

2 Рогова Г.В. Самостоятельная работа учащихся на уроке. М., 2011.- 192 с.

3 Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. М., 2005- 169 с.

4 Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. М., 2010.- 201 с.

5 Панфилова Т.С. Воспитание самостоятельности школьников в учебной работе. М., 2003- 198 с.

6 Фридрих А.В. / Рубрикон / Иллюстрированный энциклопедический словарь. [Электронды ресурс] Ақпарат дереккөзі: <http://www.rubricon.com>

7 Жарова Л.В. Учить самостоятельности. М., 2005.-147 с.

8 Руководство самообразованием школьников / Сост. Б.Ф. Райский, М.Н. Скаткин. М., 2004.- 173 с.

## **ӘН МӘТІНІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ҰСТАРТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

***Ы.Б.Шақаман***

*Филология ғылымының кандидаты, профессор*

*raya-s7@mail.ru*

***А.Телеуберд***

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистранты  
Әлкей Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университеті  
Павлодар қ. Қазақстан, aletgul02@mail.ru*

**Түйіндеме.** Мақалада ән мәтіні немесе мәтін арқылы әуенді үйрету әдісімен тіл оқыту, үйрету, тіл ұстарту мәселесі сөз болады. Ән мәтіні арқылы оқушылардың әдеби тіл ерекшеліктерін жеңіл түсінетіні, тілдік танымдары кеңейіп, ауызша-жазбаша сөйлеу дағдылары тез әрі сауатты қалыптасатыны туралы әдістемелік талдау беріледі. Қазақ тілді ән мәтіндері әуен арқылы тез жатталып, білім алушылардың ойлау өрістерінің қазақилануына негіз болатыны баяндалады. Ән

мәтіндерін, яғни әуені бар өлеңдерді аудармасыз тікелей оқытып, жаттату, әнімен айтқызу әдісінің маңыздылығы түрлі қырынан түсіндіріледі.

**Кілтті сөздер:** ән мәтіні, әуен, мәтін тілі мен әуен байланысы, ән мәтіні әдісі.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы изучения и преподавания казахского языка через изучение текстов песен, мелодий через текст, развитие языка через стихи с мелодией. В статье говорится, что благодаря текстам песен учащиеся легко понимают особенности литературного языка, расширяются языковые знания, быстро и грамотно формируются навыки устной и письменной речи. Тексты на казахском языке быстро запоминаются под музыку и закладывают основу для казахизации областей мышления. В обучении языку объясняется важность метода непосредственного запоминания текстов песен, то есть стихотворений с мелодией, напевом.

**Ключевые слова:** тексты песен, музыка, стихи, связь языка текста и мелодии, метод изучения языка через тексты песен

**Annotation.** The article deals with the issues of studying and teaching the Kazakh language through the study of song lyrics, melodies through text, language development through poems with melody. The article says that thanks to the lyrics of songs, students easily understand the peculiarities of the literary language, language knowledge expands, oral and written skills are formed quickly and competently. Texts in the Kazakh language are quickly remembered to music and lay the foundation for the Kazakhization of areas of thinking. In language teaching, the importance of the method of direct memorization of song lyrics, that is, poems with a melody, a tune, is explained.

**Keywords:** lyrics, music, poems, the connection between the language of the text and the melody, the method of learning the language through the lyrics

Білім алушыларға қазақ тілін оқытуда түрлі әдіс қолданылатыны белгілі. Бұл орайда қандай да бір тіл оқыту әдісін тұрақты деп айту орынсыз. Оқушылардың деңгейлік танымына қарай оларға түрлі әдіспен тілдік білім беріледі, не үйретіледі, не оқытылады.

Тілді оқыту мен үйретуде қызықты әдістің бірі – ән мәтіні арқылы тіл меңгерту әдісі. Ән мәтіні арқылы тіл үйрету мен оқытуда, ең алдымен, мәтіндік жұмыс жүргізу емес, әуен арқылы тіл үйрету мақсаты көзделеді. Ал әндік мәтіннің өзіне талдау жүргізу, басқа да тапсырма түрін орындату біртіндеп, сабақ мазмұнының ыңғайына қарай жүргізіледі. Себебі ән мәтінін әуен арқылы игерту оқушылардың тіл мазмұнын тануға, сөздерді тез және оңай түсінуіне жеңіл болады. Бұл жағдайда оқушыларда алдымен мәтінді жаттау емес, оның әуенін естіп, ән айту мақсаты, ән айту қызығушылықтары алда тұрады. Ал мұғалім не оқытушы олардың осы мақсаттарын пайдаланып, тіл үйрету (оқыту) міндетін іске асыруды көздейді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда психолог, педагог ғалымдар адамның миында сөйлеу мен әуенді қабылдауда түрлі аймақ барын түсіндіреді.

Зерттеушілер сол жақ ми қабаты музыканы қабылдау, оң жақ ми қабаты сөйлеуді, тілдік шығармашылықты іске асыратынын түсіндіреді. Сондықтан мидың екі жарты қабатының қызметін біріктіретін ән арқылы өлеңдік мәтін тез әрі оңай есте сақталады. Тілді дәстүрлі жолмен үйретуден гөрі әнмен оқытып үйрету жеңіл іске асады. Оның ішінде туған тілді әнмен меңгертуде маңыздылық басым көрінеді.

Ән арқылы мәтін жаттату, оқыту жұмысында білім алушылардың мақсаты сабақтың көңілді өтумен байланыстырылса, мұғалім үшін (оқытушы) тіл дамыту, ойлау деңгейлерін тереңдету, ән мазмұны арқылы қазақша дүниетанымдарын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Ән мәтіні арқылы тіл үйретудегі мақсаттың бірі – қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігін жеткізіп, тәрбиелік, оқыту мәселесімен ұштасатындығын аңғарту. Бұл оқушылардың әндік мәтінді игеруінде өзінен өзі жүзеге асып, олардың өздерін ойландыруға итермелейді, өлеңді оқып білгеннен кейін ән мазмұны арқылы сөздердің мәнін түсініп, талдауға бейімделіп отырады.

Сонымен бірге оқушылар ән мәтіні арқылы тіл үйрене отырып, қазақ әндерінің кез келген жанрында өсиет айтылатынын, мейірімділікке, достыққа, татулыққа, бірлікке, жалпы адамгершілікке бағыттап отыратындығын түсінетін болады. Оқушылар ән мәтіні арқылы ел тарихын, өмір сүру салтын, мәдениеті мен өнерін, қазақи қоғамдық көзқарас пен ақыл-ойы танымын алдымен әуен арқылы, содан соң мәтін арқылы түйсіне бастайды. Ол үшін қазақ тілді ән мәтіндері арқылы тіл оқыту жұмысын қарапайым, лирикалық әуенді өлеңді жаттатудан бастау керек. Мәтіндегі сөздердің қиындығы сезілмей, олар бірден есте сақталып, сөздердің қолданылу ретін игеру тіл үйренуші үшін жеңіл қабылданады. Бұл әдіс арқылы оқушының әдеби сөйлеу дағдылары да біртіндеп қалыптасады.

Білім алушыларға ән мәтіні арқылы тіл үйретуде тілді білу деңгейі мен жас ерекшеліктері ескеріледі. Осыған байланысты ән мәтіндерін жаттатып, тіл оқытуда үйретілетін әндерді жіктеп алған дұрыс. Қазақ әндері бірнеше топқа бөлінетіні белгілі:

- Тұрмыс-салт әндері;
- Еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері;
- үйлену әндері;
- ұлыс әндері (жарапазан), діни әдет-ғұрыптан туған әндер;
- жаназалық әндер (естірту, жұбату, көңіл айту);
- нақиялы әндер(алғыс, бата, тілек, жұмбақ әндер);

- киял-ғажайып әндер;
- әзіл-сықақ әндер;
- тарихи әндер;
- әлеуметтік теңсіздік әндер;
- эпикалық шығармалық әндер (терме, толғау);
- айтыс әндері;
- лирикалық әндер;
- патриоттық әндер, т.б.[1,102б.]

Көрсетілген жіктемедегі әндік мәтіндерді сабақ үдерісінде түрлі ретпен қолдануға болады. Мұғалім сынып ерекшелігі мен жас ерекшелігін негізге алып, нақты тақырыпқа қатысты ән мәтіні жанрын таңдай білуі тиіс.

Ел ішінде шыққан кез келген өлең алдымен әуенмен, әнмен туындаған. Осыған байланысты оқушыларға алдымен қазақ халқында ән, сөз өнері ұлттың басты ерекшелігі екені түсіндіріледі. Кезінде әр қазақ адамы өлең шығара білген, тіпті ауызша шығара отырып, бірден әуенге түсіріп отырған немесе ауызша бірден домбырамен әуендеп шығарылған.

Білім алуышарға ән өнері, өлең шығару туралы осындай бастапқы түсініктер берілгенде ғана олардың бұл тақырыптың не үшін қозғалып отырғаны қызықтыра бастайды. Бұл арада қазақ халқының айтысу өнерін де түсіндіріп, оның да әуендеп айтылатыны ескертіледі. Сол үшін де қазақ тіліндегі «Өлең» деген сөздің өзі «әуенді жыр (тақпақ)» дегенді білдіреді. Ауызекі сөйлесуде «өлең айтып жатыр» дегенде алдымен, әнмен айтылып жатқан өлең деп түсіну қалыптасқан. Бұл мәселе жайлы алдыңғы мақалада сөз еткенбіз [2, 963б.].

Сонымен ән мәтіні арқылы тіл оқыту, үйрету – тілдік дағды мен тілдік білім (сауатты сөйлеу, сауатты жазу, сөйлесу, т.б.) негізін қалыптастыратын әдістің бірі. Бұл әдіс арқылы ән мәтіні жаттатылып, әуенімен бірге айтқызылғаннан кейін мәтінге түрлі тілдік талдау жүргізілгені дұрыс. Бірақ, алдымен, ән мәтініне қатысты тыңдалым, айтылым дағдыларын қадағалап, осы бағыттағы тапсырма жүйесіне басымдық беріледі. *Тыңдалым мен айтылым дағдысы* толық қалыптасқаннан кейін ғана *жазылым дағдысы* тексеріледі. Жазылым айтылым мен тыңдалыммен қатар жүрсе де (жазбаша жұмыс үздіксіз жүріп отыруы тиіс ) бұл дағдыны алдыңғы екеуінен кейін ғана тексеру басты міндет болып саналады.

Ал лексикалық, фонетикалық, грамматикалық талдау жұмыстары грамматикалық тақырыпқа байланысты тұрақты әрі сабақ сайын іске

асырылып отырады. Бірақ үш талдауды бірден қатар алып жүру міндет емес, бұл оқушы үшін жаттанды болып, сабақ мәні төмендетіп жібереді. Талдау жұмысында лексикалық, семантикалық талдау түрін жиі қолдану қажет. Қазіргі уақытта оқушылар кітап оқымайтындықтан, олардың тілдік танымы мен сөздік қоры жұтаң, сондықтан олар сөздің мәнін, қолданысын, айтылу ретін дәл және дұрыс түсінуі үшін лексикалық, семантикалық талдау жұмысы жиі орындалатылып, рнайы тапсырма түрлері жинақталғаны сабақтың өнімді өтуіне негіз болады. Сол үшін оқушылардың ән мәтіні, әуен арқылы тіл үйренуінде, тілдік білім алуына мұғалімнің сабақ жүргізудің құрылымдық үлгісі басты орын алады. Бұл әндік мәтіннің, әннің тілді тез, оңай үйренуге қандай септігі болатынын, қалай оқытып, үйретуге болатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Ән айтқызу, сол арқылы өлең жаттату, өлең мәтінін талдауда мәтіндегі сөздер әуен арқылы білім алушыларға мазмұны жағынан да әсер етіп, жаңа сөздер, сирек қолданылатын сөздер, әдебилігі терең сөздер айтылуы, дауыс ырғағы тұрғысындағы ерекшеліктерімен тез қабылданады, есте сақтауды арттырады.

Әндік мәтінді оқып талдату, жаттату, мазмұнын айтқызу жаңа сөздерді іріктеп алу, оларды оқытып, ауызша айтқызу, сөйлем құрату, алфавиттік сөздік баған құрғызып, аударма жасату жұмыстары ән мәтіні (өлең) әуенімен толық үйретіліп, игертілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Әуені бар өлеңді жаттауда оқушылардың сөздік қоры артып, олар мәтіндегі тұрақты сөз тіркестерін, түрлі мәтелдік қолданысты түсінуге, грамматикалық құрылым жүйесін тануға, шешен сөйлеуге бағыт алады. Бірақ тапсырма, жаттығу түрлерін өлеңді толық игертпей орындату оқушылардың ынтасын төмендетуі мүмкін, сондықтан олардың қызығушылықтары тақырып өтудің ән бойында тұрақты сақталуы мұғалім тарапынан қадағаланады.

Ән үйрету арқылы тіл оқыту әдісін бір тақырып деңгейінде не сабақ құрылымының бір бөлігінде, тіпті тұрақты түрде қолдануға болады. Бірақ бұл арада сынып ерекшелігі мен білімдік деңгейі, қабылдауы, танымы назарға алынады.

Әндік мәтін арқылы тіл оқытып, үйретудің сабақ өткізудің құрылымдық ретінде бірнеше амал қолдануға болады, бірақ бұлар бір сабақ үсінде бірден орындалмайды:

- ✓ ұсынылатын әнді тыңдату;
- ✓ әннің мазмұнына байланысты сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу;
- ✓ оқушыларға ән атауына қатысты елестік ойларын айтқызу;

- ✓ ән мәтінін жазбаша тақтада\* көрсету;
- ✓ әнді тыңдау, әуенін түріне қарай түсініп талдау (патриоттық, лирикалық, т.б.);
- ✓ оқушыларға жаңа материалды жақсы меңгеруге көмектесетін әнге арналған тапсырмаларды орындау;
- ✓ ән мәтіндегі бейтаныс сөздер мен құрылымдарды жазғызып, тілдік талдау жүргізу, т.б.;

Ән тыңдау мен оны орындау пәнаралық байланысты іске асырады. Тіл сабағының ән сабағымен байланыстылығы оқушыларға сезіліп, олар екі пәннің өзара ерекшелігін мен маңыздылығына мән бере бастайды. Әннің не үшін қажеттілігі, оның адам танымына әсері мен тілмен байланыстылығы білім алушыларға таныла бастайды, өздерінің ұлттық дүниетанымы кеңейіп жатқанын, тіпті дүниетанымдарын қалыптастыруға ықпалын сезінеді. Пән мұғалімінің көмегімен оқушылар ұлттық білім алған, мәдениет саласында жүрген адамдардың тіл байлығы, сөйлеу мәдениеті едәуір жоғары болатынына көңіл бөле бастайды. Ал жаттанды ән айтумен ғана айналысатын әншілердің тіл байлығы жұтаң болатын өзара талдауда өздері ажырата алатын болады.

Қазақ тілін оқытуда ән арқылы мәтін игерту, тіл үйрету, сөздік қорды байыту, тіл ұстарту жұмысы – кешенді жүргізілетін жұмыс. Бұл әдісті қолдану ауызша/жазбаша түрде сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп, бірнеше құзіреттілікке қол жеткіздіртеді:

- ✓ *тіл білімдік (тіл мазмұнын анықтау) құзіреттілігі;*
- ✓ *қарым-қатынасқа түсе білу құзіреттілігі;*
- ✓ *ақпаратты түсіне білу, қабылдай алу құзіреттілігі,*
- ✓ *сауатты сөйлеу, жазу құзіреттілігі;*
- ✓ *тіл мәдениетін, әдебилігін сақтау құзіреттілігі; т.б.*

Тіл-әдебиет сабағында ән арқылы мәтін меңгерту, әдеби сөйлеуді үйрету, жалпы тіл ұстарту тек тілдік құзіреттілікті қалыптастырып қоймай, ән арқылы ел мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлт ерекшелігін тануға, жалпы білімдік деңгейлерін арттыруға негіз болады. Сонымен бірге ән мәтіні арқылы сабақ жүргізу әдісі кешенді әдіс жүйесін, сабақ технологиясын құруға бағыт беріп, мұғалімнің әдістік шеберлігін арттырады.

### **Әдебиет:**

1. Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ халық әндерінің тәрбиелік мәні// Жинақ: – Алматы, 2000.
2. Шақаман Ы.Б. Тілеуберд Ә. Ән мәтіні және ән мәселесі// халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы: – Павлодар: ППУ, 2022. – 986 б.
3. Жұматаева Е., Арын Е., Қасым Б. Қазақ тілін оқытудың әдістемесі: оқулық – Павлодар, 2005. – 226 б.
4. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы: оқу құралы – Талдықорған, 2006. – 216 б.
5. Жұматаева Е. Музыкалық педагогика: музыка мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы – Алматы: ССК, 2020. – 400 б.

## **«ЕТІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОҚЫТЫЛУ ЖОЛДАРЫ (Ж. Аймауытов шығармашылығы негізінде)»**

**Садыкова А.Е.**

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., adina\_7182@mail.ru*

**Түйіндеме.** Мақалада етіс категориясын оқытудың технологияларын, әдістерін қолдану нұсқалары қарастырылған. Зерттеу барысында ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау әдісі, жалпылау, синтездеу, салыстыру, жіктеу әдістері қолданылды. Оқытудың технологияларының мәнін және олардың заманауи оқыту әдістері жүйесіндегі орнын егжей-тегжейлі қарастырылады. Әр сабақты оқытудың түрлі әдістерімен жүргізуге болатындығына ерекше назар аударылады, олардың таңдауы мұғалімнің оқу процесінің тиімділігін арттыруға, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға деген ұмтылысына байланысты. Күнделікті өмірде оқушылардың етістерді дұрыс қолдануға үйрету үшін берілетін тапсырмалар, атқарылатын жұмыстар сипатталады.

**Кілтті сөздер:** әдіс, дидактика, технология, деңгей, оқушы, тәжірибе.

**Аннотация.** В статье рассмотрены варианты применения технологий, методов обучения категорий залога. В ходе исследования были использованы метод теоретического анализа научной и методической литературы, методы обобщения, синтеза, сравнения, классификации. Подробно рассматривается сущность технологий обучения и их место в системе современных методов обучения. Особое внимание уделяется тому, что каждое занятие может проводиться различными методами обучения, выбор которых зависит от стремления учителя повысить эффективность учебного процесса, сформировать профессиональные компетенции



обучающихся. Описываются задания, выполняемые для обучения учащихся правильному использованию глаголов в повседневной жизни.

**Ключевые слова:** метод, дидактика, технология, уровень, ученик, практика

1. Заголовок - часто состоит из одного предложения, показывает общий смысл рекламного сообщения. По словам маркетологов, он должен быть ярким, интригующим и привлекательным, чтобы сразу заинтересовать потребителя.

2. Основной текст является основной частью рекламного сообщения, что подтверждает смысл темы.

3. Девиз, слоган компании-широкое и запоминающееся сочетание слов для привлечения внимания целевой аудитории.

4. Заключение используется для укрепления в конце идеи продукта или услуги в памяти потребителя [7, с.158].

Самым эффективным связующим звеном этого дизайна является девиз, благодаря своей емкости и простоте он легко фиксируется в памяти и позволяет связать его с конкретным продуктом.

Прецедентные тексты (пословицы, слова, цитаты) могут служить лозунгами. Например, в рекламе шампуня известного бренда "Head&Shoulders" используют фразу "Русские не сдаются" для создания комического эффекта, который вызывает вопросы и волнение среди зрителей, учитывая происхождение и значение этой фразы.

Рекламный текст-это огромное пространство для импровизации и словесной игры, которое позволяет искусственно создавать новые слова и использовать их в рекламной практике: "не тормози-сникерсни!"(реклама шоколадного батончика "Сникерс"). Этот неологизм приравнивается к глаголу "отдыхать", "поеекусить", а название продукта иногда используется как мотивационное слово.

К стилистическим приемам относятся все средства художественной выразительности: гипербола, метафора, олицетворение, эпитеты, сравнения, парафраз и др. Метафора «Обвал цен» в настоящее время пользуется особой популярностью среди магазинов бытовой техники и электроники.

Подводя итоги ко всему вышенаписанному, создатели рекламных текстов используют все возможные лингвистические средства: лексические, фонетические, синтаксические и т.д., чтобы привлечь внимание потенциальных покупателей. Может быть использовано более одного метода в одном рекламном тексте одновременно, но это не должно

мешать потребителю освоить рекламу. Если в тексте вашей рекламы будет обнаружена грубая ошибка, это может нанести ущерб репутации рекламодателя.

Рекламный текст - это особый вид текста, целью которого является не только привлечение внимания потребителей и стимулирование сбыта, но и повышение эффективности речи. Влияние рекламного текста распространяется не только на рыночную сферу, но и на социальную, политическую, экономическую и культурную сферы общества. Поэтому необходимо продолжить изучение лингвистических особенностей рекламного текста, его специфических для общества характеристик и преимуществ.

#### *Литература*

1. Д. Делл, Т. Линда Учебник по рекламе/ пер. с польск. Н. В. Бабиной – Мн.: ИООО «Современное слово», 1996 – 320 с.
2. Зильберт Б.А. Социопсихолингвистическое исследование текстов радио, телевидения, газеты. / Под. ред. акад. В. Г. Костомарова. Саратов, 1986.-218 с.
3. Словарь литературоведческих терминов/ С.П. Белокурова. – Санкт-Петербург: Паритет, 2006. – 314 с
4. Советский энциклопедический словарь. М.: Издательство «Советская энциклопедия», 1981. – 1600 с
5. Кривоносов А. Д. Жанры PR – текста: учебное пособие для студентов отделений связей с общественностью. – СПб., Лаборатория оперативной печати факультета журналистики СПбГУ. 2001. – 135 с.
6. Бернадская Ю.С. Текст в рекламе: учебное пособие для студентов вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008. – 288 с.
7. Фещенко Л.Г. Структура рекламного текста: Учебнопрактическое пособие. – СПб.: Изд-во «Петербургский институт печати», 2003. – 232 с.



**ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ  
БАҒЫТТАРЫ**

**СОВРЕМЕННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ  
НАУКА И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ**

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Зағдатовна А.Н.*

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ., [nurgul0801@mail.ru](mailto:nurgul0801@mail.ru)*

***Түйіндеме.** Мақалада оқыту мен білім берудегі технологияның рөлі баяндалған. Сапалы білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, олардың түрлері мен дамуына талдау жасалған. Дамыта оқытудың ерекше белгілері мен деңгейлері көрсетілген.*

***Кілтті сөздер:** білім беру, технология, әдіс-тәсілдер, дамыту*

***Аннотация.** В статье рассказывается о роли технологий в обучении и образовании. Проведен анализ методов и приемов, используемых в качественном образовании, их видов и развития. Показаны специфические особенности и уровни развивающего обучения.*

***Ключевые слова:** образование, технология, методы, развитие*

***Annotation.** The article describes the role of technology in teaching and education. The analysis of methods and techniques used in quality education, their types and development is carried out. The specific features and levels of developmental learning are shown.*

***Keywords:** education, technology, methods, development*

Бүгінгі күні білім саласына жаңа ұғымдардың келуімен қатар қазақ тілін оқытудағы міндеттердің де өзгеруі көрінеді. Соған байланысты көптеген зерттеушілер жаңа педагогикалық технологияларға назар аударып, білім берудегі бұл технологияларды жаңа талапқа сай және тиімді деп есептейді. Осыдан «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология» ғылым айналасына еніп келе жатқан жаңа ұғымдар пайда болды. Осы ұғымдарға Б.Т.Лихачев, В.П.Беспалько, С.Сполдинг, В.В.Сериков, В.М.Монахов, М.В.Кларин, И.Я.Лернер, П.И.Пидкасистый, В.В.Гузеев, Н.Д.Хмель, Г.Т.Хайруллин және басқа зерттеуші ғалымдар түсініктеме берген. Технология - бұл іс-әрекетті ұйымдастыру және оның жүзеге асыруды құралдарды таңдау ережесі (В.В.Гузеев). В.В.Гузеев қазіргі кезеңдегі технологияның бұрынғыдан айырмашылығын көрсете отырып, осындай тұжырым жасайды: «Бұрын бір құралды құрастырып, оны ұқсас жағдайларда бірнеше жылдар бойы қолдануға болатын. Қазір ұқсас жағдайлардың бар екенінің өзі қарама-қайшы келеді» [2, 163 б.].

Ғылым арнасына «технология» бағыты ХХ ғасырдың 60-жылдары АҚШ пен Англияда қалыптасып, бүгінгі уақытта білім беру саласында жан-жақты дамып, тәжірибе жүзінде барлық дүниежүзі елдері

қолдануда. «Технология» терминіне берілген анықтамалар әлі де болса бір жүйеге келтірілмеген болып табылады. Соған қарамастан ғалымдар технологиямен оқытудың төмендегідей тұжырымдарын ұсынып отырғанын көре аламыз.

- Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;
- Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет [5, 87 б.].

Сапалы білімді қамтамасыз етуде қолданылып жатқан әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар күннен күнге дамып, олардың саны артуда. Оларды қазақ тілін оқытуда, білім беруде ұтымды қолдана білу мұғалімнің тәжірибесіне байланысты болып келеді. Білім беру технологиялары мына негізде ұсынылады:

- Дамыта оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Ірі блогты шоғырландыра оқыту технологиясы;
- Перспективалық-озық оқыту технологиясы;
- Ойындық оқыту технологиясы;
- Оқу материалдарын сызбалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіп, оқыту технологиясы;
- Жекелеген оқытудың технологиясы;
- Сынып ішіндегі саралап оқыту технологиясы [6, 63 б.].

Жоғарыда келтірілген білім беру технологиясы анықтамалары мен ғалымдар зерттеулеріне шолу жасаған едік. Білім беру технологияларын әдіскер-ғалымдардың жіктеуін негізге ала отырып, соның ішінде ерекше тоқталғымыз келіп отырғаны - «дамыта оқыту технологиясы».

Дамыта оқыту технологиясы Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған технологиясы болып табылады. Ғалымдардың бұл бағыттағы зерттеулері оқу әрекеті мен оның субъектісін қалыптастыруға бағытталған. Технологияның авторлары «Дамыта оқыту - оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» айтады [4, 114 б.]. Бұл технологияда оқушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады. Жеке тұлғаның өзін дамытуына, сонымен қатар өзіндік шығармашылық қабілетін арттыруға, дағдылары мен іскерлік бағыттарының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Дамыта оқыту технологиясының басты мақсаты - баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басты назарға алу, ары қарай

тұлғалыққа бағыттау. Шығармашыл, қабілетті адамдарды тәрбиелеу - дамыта оқытудың негізі болып отыр. Дамыта оқыту технологиясында:

- Оқушы-субъекті, яғни ол өзін-өзі дамыта алады, жетілдіреді, тәрбиелей алады;

- Баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды;

- Білім дайын күйінде ұсынылмайды, бала - тыңдаушы, мұғалім - информатор емес, керісінше бала - зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы, мұғалім - оқушы іс-әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші;

- Дамыта оқытудағы басты іс-әрекет – диалог, пікірталас [1, 148 б.].

Дамыта оқытудың ерекше белгілері:

-дамыту индивидтің қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеруі арқылы жүзеге асырылады.

-оқыту индивидке қоғамдық өңделген тәжірибені берудің тәсілдері және оны ұйымдастыру жүйесін құрайды. Оқыту меңгеруді ұйымдастырудың формасы болып табылады.

-меңгеру индивидтің қоршаған шындықтың заттарын қайта құрудың тарихи қалыптасқан тәсілдерін қайта жаңғырту процесі, оларға деген қатынас типтері мен осы қоғамдық қалыптасқан эталондарды «субъективтілік» формасына айналдыру процесі [3, 426 б.].

Дамыта оқыту технологиясын білім беру барысында мұғалімнің тәжірибелігіне қарай кез-келген пәнге қолдануға болады. Соның ішінде қазақ тілі сабағындағы дамыта оқыту технологиясының тиімділігін айтқымыз келеді. Бұл технология қазақ тілі сабағындағы оқушылардың түсініктілік, ғылымдық, жүйелілік, бірізділік, көрнекілік, саналылық пен белсенділік сияқты қабілеттерінің, теорияның практикамен байланысты ұстанымдарын басшылыққа алады. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі бұл технологияны белгілі бір сабағына қолданған кезде, сызбаларды, тілдік анықтамаларды оқушының ұғымына сай, түсінуіне жеңіл дәлдемелер түрінде қатесіз жазбаша түрде ұсынады. Мұнда жаңа сабақты меңгерту мен практикалық сабақ қоса жүреді. Дәстүрлі сабақ жүйесінде ережелерді құрғақ жаттап, мұнан соң жаттығулар орындалса, мұнда түсіндіру де, жаттығу жұмысы да қатар жүргізіледі. Сондықтан оқушыға берілетін білім ұғынықты болады.

Қазақ тілін оқытудағы дамыта оқыту технологиясын келесі деңгейлер арқылы оқыта аламыз :

- Бірінші деңгей. Оқушыға теориялық білім беріледі, талдау машықтығын қалыптастырады, сауатты жазуға, мысалдарды іріктеп алуға,

оның мазмұнын жан-жақты болуына ерекше көңіл бөледі. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды жасауда мұғалімнің көбірек ізденуіне тура келеді.

- Екінші деңгей. Тілдік материалдарды қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдау жүргізіледі. Сатылай кешенді талдау бұл технологияны қолдану кезінде оқушы талдауды ауызша толық баяндап, жазуда талдаудың қысқаша түрін көрсетеді. Дұрыс баяндауға қажетті толық талдау үлгісі бірінші деңгейде көрсетіледі. Бұл деңгейде оқушы кез келген сөзді көрсетілген жүйе бойынша баяндауға машықтанады.

- Үшінші деңгей. Тілдік материалды жазылым бойынша ықшамдау принципiмен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау. Бұл деңгейде де тілдік қатынастың бірінші – айтылым; екінші – жазылым; үшінші – тыңдалым әрекеттері іске асады. Осы деңгейдегі талдау күрделілігімен ерекшеленеді. Мұнда бірнеше сөз немесе сөйлем алынып, әр саты бойынша ұқсас ұғымдар жинақталып, талдау арқылы дәлелдеме жұмысы жүргізіледі. Талдаудың бұл деңгейде жүргізілуі – оқушылардың ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесін байыту.

- Төртінші деңгей. Тілдік бірліктерді жазылым бойынша символдар арқылы ықшамдау принципiмен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық талдау. Бұл деңгейде оқушылардың алдыңғы деңгейлер бойынша алынған білімдері, қалыптасқан дағдылары жинақталып, әңгіме әдісі қолданылады.

- Бесінші деңгей. Диалог арқылы талдау. Бұл деңгейдегі талдау үлгілері ауызша орындалады. Оқушылар бұл талдау арқылы әріптесінің жауабын мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғастырып кетуге машықтанады. Әрі мұндағы іс-әрекет көбінесе ойын түрінде жүргізіледі. Ойын арқылы баланы ой ұшқырлығына, танымдық дүниесін байытуға машықтанады. Қазақтың ұлттық ойындары «орамал тастамақ», «арқан тарту», «жалғастыр» ойындары бұл деңгейді меңгертудің құралы болып табылады.

- Алтыншы деңгей – жат жазу. Бұл деңгейде талдау арқылы меңгерілген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы байқаймыз, қорытынды шығарамыз. Мұндағы мақсат – келесі сабақтарда қате жібермеуге баулу. Осы арқылы мұғалім әр оқушының тілдік материалдарды талдау деңгейін байыптап, олармен жүргізілетін қосымша жұмыстардың бағытын айқындайды.

- Жетінші деңгей - уақытқа талдау. Алдыңғы деңгейлердегі жұмыс тиянақты, ширақ, жігерлі жүргізілетін болса, бұл деңгейдегі талдау өз

нәтижесін береді. Тез әрі қатесіз талдап үйренген бала уақытқа талдау кезін қызыға орындайды. Бұл деңгейге жету үшін мұғалімнен үлкен жауапкершілікті, уақытты тиімді пайдалануды, талдауды жүйелі жүргізіп отыруды талап етеді.

- Сегізінші деңгей - компьютерлік талдау. Бұл деңгейдегі тапсырманы орындау үшін АКТ-ның көмегіне жүгінеміз. Осы деңгейдегі талдау тест жұмысы арқылы жүзеге асып, игерген білімді тексеру мен бағалау компьютер арқылы өткізіледі. Бұндай тапсырмалар - оқушының білімін, біліктері мен дағдыларды тексеріп, бағалауда, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін анықтаудағы ең тиімді әдіс [2, 172 б.].

Қорыта келе, оқыту мен білім беруде технологияның рөлі артып келеді. Соңғы кездегі етек жайып, білім саласының озық оқыту технологиялары қатарында «дамыта оқыту технологиясының» орнын атап көрсеттік. Дамыта оқыту технологиясының негізінде практикалық білімге қарағанда теориялық білімнің басты орында екенін білдік. Неғұрлым мұғалім өзінің міндетін дұрыс орындаса, соғырлым технологиялардың кез келгенін меңгеруге қабілетті екенін айта кеткеніміз дұрыс. Оқытудағы алға қойған мақсаттарды жүйелі түрде орындап, қазіргі заман талабына сай оқудың жаңа үдерістерін қатар алып, білік және іскерлік дағдыларын дұрыс қолдана білсе, бұл технологияның нәтижелі болары анық.

#### *Әдебиет*

1. Жұмабаева Ә.Е, Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2019. – 234 бет.

2. Оразбаева Ф.Ш., Қасым Б.Қ., Балтабаева Ж.Қ., Оразахынова Н.А., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқулық (2-басылым). – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 424 бет.

3. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 бет.

4. Жусанбаева С.Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 210 бет.

5. Қадырқұлов Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 136 бет.

6. Сатыбаева А.Т., Сатыбаева Г.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2008. – 232 бет.

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

*А.Қ. Жаирбаева*

*Павлодар техникалық сервис колледжі» КМК ЖШҚ оқытушысы,  
[aikosik-91@mail.ru](mailto:aikosik-91@mail.ru)*

**Түйіндеме.** Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Тәрбие беру – өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс.

Қазіргі заманда ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат- қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсететін,кішіге қамқор, жан- жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта алдымызда тұрған үлкен міндет ұрпағымызға адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбие беру болып отыр. Балаларды тәрбиелеуде ата-бабамыз аса мән бергені баршамызға аян. Студенттерді жан тазалығына, парасаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу басты назарда болу керек.

**Кілтті сөздер:** Ұлттың болашағы, ұрпақ тәрбиесі, азамат тәрбиелеу, тәрбие беру, тұлға қалыптастыру, адамгершілік құндылықтар

**Аннотация.** Будущее нации в поколении, а воспитание поколения в руках учителя. А идеал учителя - воспитать зрелого, полноценного гражданина. Образование должно отвечать меняющимся требованиям жизни.

В современное время главной целью воспитания поколения является формирование развитой личности, полезной обществу, уважающей старших, заботящейся о младших, поэтому перед нами стоит большая задача воспитать наше поколение через нравственное воспитание. ценности. Всем нам ясно, что наши предки уделяли большое внимание воспитанию детей. Основное внимание следует уделить воспитанию у учащихся чистоты души, здравого смысла и великодушия.

**Ключевые слова:** Будущее нации, воспитание поколений, воспитание гражданина, образование, формирование личности, нравственные ценности.

**Summary.** The future of the nation is in the generation, and the upbringing of the generation is in the hands of the teacher. And the ideal of a teacher is to educate a mature, full-fledged citizen. Education must meet the changing demands of life.

In modern times, the main goal of educating a generation is the formation of a developed personality, useful to society, respecting the elders, caring for the younger ones, therefore we face a big task to educate our generation through moral education. values. It is clear to all of us that our ancestors paid great attention to the upbringing of children. The main attention should be paid to educating students of purity of soul, common sense and generosity.

**Key words:** The future of the nation, education of generations, education of a citizen, education, personality formation, moral values.

Баяндамамды ойшыл Әбу Насыр әл Фарабидің:«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы,ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөзінен бастағым келеді. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз ертеден тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Себебі, ұрпаққа дұрыс тәрбие беру – қоғамның өзін, елдің тірегі,діңгегін қалыптастыру. Қазіргі таңда еліміздің болашағы үшін балаға жүйелі тәртіп пен ұлағатты тәрбие беру– өлшеуі жоқ қазына.

Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Тәрбие беру – өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс [1, 25 б.].

Қазіргі заманда ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат- қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсететін,кішіге қамқор, жан- жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.Сондықтан қазіргі уақытта алдымызда тұрған үлкен міндет ұрпағымызға адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбие беру болып отыр. Балаларды тәрбиелеуде ата-бабамыз аса мән бергені баршамызға аян. Студенттерді жан тазалығына, парасаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу басты назарда болу керек.

**Сондай-ақ, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда мынадай нормативті-құқықты құжаттарды негізге аламыз:**

«Бала құқығы туралы»БҰҰ Конвенциясы

ҚР Конституциясы

«Неке және отбасы туралы заң»

«Білім туралы»Заңы

**Тәрбие қызметінің басым бағыттарына тоқталсам:**

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие.

3. Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Болашақ ұрпақ дамып келе жатқан қоғамымыздың болашағы,ертеңі.

Болашақта ақыл парасаты мол, мәдени- ғылыми өрісі озық тәрбиелеу ел алдындағы парыз болып табылады.Заманауи студенттерге белгілі бір дәрежеде білім беру мен өздігінен ізденіс жұмыстарын жүргізуге деген ынтасын дамытуға бар күшімізді салуымыз қажет [2, 48 б.].



**Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мына нәрселерді ескерген дұрыс:**

Студенттердің қызығушылығына талап-тілегіне сәйкестігі;

Жас ерекшелігі;

Психологиялық дайындығының болуы;

Нақтылығы, жоспарланған жұмыстың реттілігі;

Өткізу, ұйымдастыру түрі, жаңа әдістері;

Педагогтың сөйлеуі, дауыс ырғағы;

Өмірмен тығыз байланысты болуы;

Тәрбиенің барлық салаларын қамтуы қажет;

Тәрбие әдісі дегеніміз – мұғалімдер мен оқушылардың бірге ұйымдастыратын т жеке баланың мақсатты бағытта қалыптасуын қамтамасыз ететін әдіс.

**Тәрбие әдісінің түрлері:**

1. *Сендіру әдісі*–баяндама, әңгіме, диспут,мақала, дәріс ,дебат;

2. *Практикалық әдіс*– баланы бойына жақсы мінез-құлық қалыптастыру.Спортқа,үйірмелерге,іс-шараларға,концерттерге,конкурстарға,экскурсияларға қатыстыруға тапсырмалар беру.

3. *Ынталандыру әдісі*– ынталандыру және жазалау бұл педагогикада көмекші қосымша әдіс

*Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі*– «Бала өзін-өзі жетілдіруге икемделмесе оны жүз мұғалім де тәрбиелей алмайды». «Менің атым – Қожа» шығармасындағы Қожаның айна алдына отырып, өзіне-өзі бұйрық беруі немесе өзінен есеп алуы;

Жұмыс ұйымдастырғанда үнемі бір сарында болмай, әртүрлі бағытта өткізген дұрыс. Мысалы, дебат, сайыс, ойын, саяхат, әңгімелесу, тренинг, қойылым,конференция, ұлы тұлғалармен кездесу,әдеби шығармашылық кеш т.б түрінде өтсе, нәтижелі болатыны сөзсіз. Бұл жұмыстардың өзінде әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолданған жұмыстың сапасын арттырады және баланың қызығушылығын оянып, шығармашылық қабілеті ашылады [3, 55 б.].

Жалпы мен тәрбие сағаттарын өткізгенде, «Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары», «Жемқорлықпен күрес», «Отбасы-тәрбие бастауы» т.б студенттердің сабаққа деген қызығушылықтарын ояту үшін «Ой қозғау», «Миға шабуыл», «Құпия зат», «Ашық және жабық сұрақтар», «Мозайка» т.б. әдістерін қолдана отырып,тәрбие сабақтың тақырыбына

шығамын. Сондай-ақ, оқушыларды топқа бөлу кезінде тақырыпқа сай суреттер, сөздер арқылы т.б. топқа бөлемін.

Бала мектепте үйренгенін түйіндеп, көкейіне түйі үшін үйде өздігімен орындайтын тапсырманың мәні зор. Сондай-ақ, «Тіл-достық құралы», «Денсаулық- салауатты өмір кепілі», «Тәуелсіздік-басты құндылық», «Қарттарым-асыл қазынам» атты тәрбие сағатын сайыс түрінде өткіздім. Бұл сабақтарды өткізгенде «Ыстық орындық», «Тосын сұрақ», «Пікірталас», «Өзара тексеріс» т.б. әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Сабағымдағы мағынаны тану сатысында «СТО» стратегиясын қолдану арқылы мысалға толығымен талдау жұмыстары жүргізіледі. Бұл стратегияның да оқушылардың сабақты қорыту барысында сын тұрғысынан ойлауын дамытады, сөз қорын молайтып, дұрыс сөз саптауына тигізер әсері мол. Қойылған сұрақтарға ойланып жауап беруіне де пайдасын берді.

Сын тұрғысынан ойлану оқушыларды өз даму деңгейіне байланысты ойы шыңдалып, кез келген мәселеге сын көзбен қарай алатынына көзім жетті. Ұлттық мерекелерді, мемлекеттік мерекелерді өткізгенде сын тұрғысынан ойлау әдісін қолданамын. «Салт-дәстүрім», «Бір шаңырақ астында» сынып сағаттарын өткізгенде «Топтастыру», «Рөлге ену», «Ыстық орындық», «Сен маған, мен саған», «Қабырғадағы рөл», «Пікірлер сызығы», «Сана саяжолы», «9 ромб», «5 қадам», «Драма әдісі», «Графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Эмоция кестесі», т.б.» әдістерін қолдана отырып, осы әдістер арқылы берілген тақырыптың идеясын ашып, әр оқушы өз пікірін білдіріп және өзінің ойын еркін жеткізуге қалыптасып қалды.

«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі арқылы ойларын жинақтап, кері байланыс жасауға, олардың сын тұрғысынан ойлауға жетелеуде қарсы пікір айта білуге үйретті. Ойлан, жұптас, бөліс – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі [4, 72 б.].

Студенттің өзіндік пікірі, ішкі уәжі, қателескен кезде қорықпауы, яғни «Оқушы үні» де ескерілді. Тәрбие сабақтарда жаңа тақырыптарды ашу үшін ұтымды әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Әрбір оқушыға жеке үміт-сенім артып, олардың жеткен жетістіктерін айтып, мадақтап, міндетті түрде кері байланыс

жасаймын.Топтағы барлық студенттердің оқу үдерісін бақылай алуды, барлығы оқуда табысты болуына қол жеткізу үшін сабақтарды жүйелі жоспарлау мен бағалауды, оқушылардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік, психологиялық тұрғыда дамытуға тырысамын.

**Әдебиет:**

1. М. Жұмабаев Педагогика-«Рауан» Алматы 1992 ж
2. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев –«Педагогика» Астана 1998 ж.
3. Б.Р.Айтмамбетова, А.А.Бейсенбаева–«Тәрбиенің жалпы әдістері» Алматы.
4. К.Сейталиев –«Тәрбие теориясы» Алматы 1986 ж.
5. Ж.Н.Нұржанова –«Ұстаздың шеберлікке жету жолдары» Алматы 1991ж.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ХИМИЯ – ФАРМАКОЛОГИЯДАҒЫ  
ЖАУАПТЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ПӘН**

<sup>1</sup> А.А. Киргизбаева, <sup>2</sup> С.А. Мусаева, <sup>2</sup> А.Б. Утелбаева,  
<sup>2</sup> Б.Ф. Мамырова

<sup>1</sup> С. Асендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық  
университеті, Алматы

<sup>2</sup> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,  
Шымкент

[mako\\_01-777@mail.ru](mailto:mako_01-777@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «Медициналық химия» пәнін жалпы білім беру стандартына енгізу мәселелері қарастырылған. «Фармацевт» біліктілігін алу үшін жоғары білікті фармацевтерді даярлауда жаңа пәнді, жаңа буынды енгізу, бұл өз кезегінде өзекті және қажет. Осы бағытта мамандарды даярлау, дәрілік заттардың молекулалық дизайны, атап айтқанда, магистратура мен докторантурада, медициналық университеттерде, факультеттерде және жоғары мектептерде оқыту осы саладағы жаңалықтар мен зерттеулермен айналысатын ғылыми-зерттеу зертханаларын ғылыми кадрлармен, сондай-ақ ғылыми кадрлармен қамтамасыз ете алады және осы мамандық бойынша профессор-оқытушылар құрамын жүйелі оқытуды жүргізу қарастырылған.

**Кілт сөздер:** химия, провизор, дәрілік зат, білім беру, жаңа пән

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы о ведении предмета «Медицинская химия» в общеобразовательный стандарт. Введение новой дисциплины, нового поколения в подготовке высококвалифицированных специалистов Фармацевтов по квалификации «Провизор», который в свою очередь является актуальным и необходимым. Подготовка специалистов в данном направлении,

молекулярного дизайна лекарственных веществ, а именно обучением в магистратуре, докторантуре, медицинские вузы, факультеты и высшие школы могут обеспечить научными кадрами исследовательские лаборатории, которые занимаются раскрытием и исследованием в этой области, а также провести планомерную подготовку профессорско-преподавательского состава по этой специальности.

**Ключевые слова:** химия, провизор, лекарственные вещества, образование, новая дисциплина

**Annotation.** This article discusses the issues of the conduct of the subject "Medical Chemistry" in the general education standard. The introduction of a new discipline, a new generation in the training of highly qualified Pharmacists with the qualification of "Pharmacist", which in turn is relevant and necessary. Training of specialists in this field, molecular design of medicinal substances, namely, master's and doctoral studies, medical universities, faculties and higher schools can provide research laboratories that are engaged in disclosure and research in this field with scientific personnel, as well as conduct systematic training of teaching staff in this specialty.

**Keywords:** chemistry, pharmacist, medicinal substances, education, new discipline

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі сапалы білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ.

Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күн талабы. Мұғалімдер мен оқушылардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын жақсарту жолдары бірізділікпен жүйелі жолға қойылып келеді. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің болашағының бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланыстылығы айқын көрінуде. Білім мен ғылымның дамуы – адамзат өркениетінің өлшемі, сапалы білім жарқын болашағымыздың кепілі екендігі айқын.

Осы мәселе бойынша өз жолын таппай келе жатқан негізгі проблемалардың бірі – біраз мамандықтар бойынша жалпы стандартқа жаңа пәндердің енгізілуі. Осы мәселелерді шешу, жоғарғы оқу орындарында білікті кадрларды дайындау, бес жыл бойы қолданылатын Жоғары кәсіптік білімнің білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылатындығымен жүзеге асады. Кейбір пәндер тізбесіне түзетулер енгізу, мамандарды даярлауға арналған оқу жоспарының деңгейінде ғана жүзеге асады. Өз кезегінде, оқу жоспарының бұл бөлігін жоғарғы оқу орны өз бетінше

дайындап әзірлейді және оны университеттер арасында біріктіріп үйлестіру мүмкін емес, бұл студенттермен білім алмасуда және мамандарды дайындауды біріздендіруде қайшылықтар келтіруі мүмкін [1, 2].

Қазіргі таңда дамыған елдерде, Ресейде, Қазақстанда ғылыми зерттеулер деңгейінің жоғарылығы соншалық, ол ең алдымен дәрілік препараттарға жататын қажетті қасиеттері немесе белгілі бір биологиялық белсенділігі бар химиялық заттарды жасауға мүмкіндік береді. Соңғы кездері химиялық қосылыстардың қасиеттерін априорлы бағалауға мүмкіндік беретін әдістерді жасауға, тіпті оларды синтездеу және зертханаларда, яғни *in silico* сынау алдында да құрылымдық формулаға негізделген әдістерді жасауға көп көңіл бөлінуде. Бұл тәсіл белсенді молекуланы іздеуді айтарлықтай кеңейтуге, жаңа препаратты жасауға қажетті уақытты қысқартуға және фармацевтикалық өнімді коммерцияландыру құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні өсімдік объектілері, микробтық метаболиттер, эндогендік нейротрансмиттерлер және гормондар сияқты дәрілік препараттарды өндірудің дәстүрлі көздері көптеген себептерге байланысты өзектілігін жоғалтуда. Олардың негізгілері жеке қосылыстарды алудың қиындығы, еңбекқорлығы, жоғары тазалық дәрежесі бар өнімді әзірлеу мәселелері, ал жоғары өнімді скринингтік және комбинаторлық химия түпнұсқалық препараттарды жасауда күтілетін серпіліске әкелмеді [3].

Қазіргі уақытта осы бағыттарды жүзеге асыру үшін заттардың құрылымы, олардың қасиеттері мен биологиялық белсенділігі арасындағы сандық байланысты зерттеу әдістері:

- QSPR/QSAR әдістері

- Сандық құрылым-қасиеттерінің қатынастары, сонымен қатар ADMET технологиялары - адсорбция, шашырау, таралуы, метаболизмі кеңінен қолданылады. Мұндай әдістер сандық сипаттамалар жиынтығын – дескрипторларды пайдалана отырып, химиялық қосылыс құрылымын сипаттауға және белсенділік қасиетінің шамасы мен дескрипторлардың мәндері арасындағы корреляцияны құруға негізделген.

Дәрілік заттардың қасиеттерінің компьютерлік модельдері құрылымдық формуладан жаңа қосылыстардың қасиеттерін оңай болжауға және құрылымдарды компьютерлік генерациялауға арналған бағдарламалармен үйлесімде берілген қасиеттер жиынтығы бар жаңа қосылыстарды жобалап жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Биологиялық белсенділіктің берілген түрі бар жаңа заттарды құрудың белсенді дамып

келе жатқан тәсілі биологиялық мақсатты модельдеу және молекулалық қондыру әдісін қолдана отырып, олармен оңтайлы байланысатын молекулаларды таңдау болып табылады. Соңғы онжылдықта мұндай тәсілдер дәрілік заттарды жобалау мақсатында барынша кең тарады, бұл дәстүрлі *in vitro* және *in vivo* зерттеу әдістерін компьютерлік әдістеріне – *in silico* әдісін қосуға әкелді.

Сонымен, медициналық химияны пәнаралық ғылым деп айта аламыз, оның пәні биологиялық белсенді заттарды іздеу, олардың әсер ету механизмін молекулалық деңгейде түсіндіру және осы негізде жаңа препараттарды жасау болып табылады. Медициналық химия саласындағы зерттеулер молекулалық деңгейде жаңа биологиялық белсенді қосылыстың, атап айтқанда, бастапқы препараттың әсер ету механизмін әзірлеу, анықтау және түсіндіруді, молекуланы құруды қамтиды. Бұл деңгейдегі мәселелерді белгілі бір кәсіби сапалар мен құзыреттер жиынтығына ие маман шеше алады, оның негізгісі іргелі фармакологиялық және химиялық білімдерді, құзыреттер мен дағдыларды пайдалана білуге байланысты ұтқыр ойлаудың болуы.

Химия ғылымының барлық салаларында және биомедициналық пәндерде заманауи медициналық химияның негізі қаланды. Америка Құрама Штаттарында медициналық химия алғаш рет 1909-1920 жылдар аралығында фармацевтикалық химияның бір саласы ретінде оқытылды. Бірақ біздің елде әлі күнге дейін медициналық химия пәні дербес пән ретінде оқытылу тапшы болып отыр. Фармацевт кәсібінің эволюциясы мен прогресіне шолу жасау оның бірегейлігі бұл мамандардың химиялық қосылыстар болып табылатын дәрілік заттардың химиясы мен фармакологиясы саласындағы синхронды білімдерінде екенін көрсетеді. Фармацевтердің бұл қасиеті оларды физиология және фармакология саласында кең іргелі білімі бар, бірақ дәрі-дәрмек, медициналық химиясы саласында анағұрлым аз хабардар болған медицина мамандары мен фармакологтардан ерекшелендіреді, яғни осы кәсіби кадрларды дайындау ерекшеліктерімен байланысты. Органикалық химиктер көз қарастары мол, дүниетанымы кең білімге ие, бірақ олардың кәсіби дайындығы биохимия, молекулалық және жасушалық биология, фармакология негіздерін білуді білдірмейді, нәтижесінде бұл мамандардың өздері қосылыстардың фармакологиялық әсерлері мен уыттылығын барабар бағалай алмайды. Органикалық химияның құрылымдық тілінде фармакологиялық мәселенің дұрыс тұжырымдалуының пәнаралық байланысы фармация саласындағы мамандарды даярлауда сәтті жүзеге

асырылуда, бұл «Фармация» мамандығы бойынша жоғары білімнің қазіргі мемлекеттік білім беру стандартына байланысты. Міне, осылайша, жоғары білікті фармацевт органикалық және фармацевтикалық химия, сондай-ақ фармакология, биохимия және токсикология саласындағы интеграцияланған білімді біріктіріп оқиды.

Эксклюзивті білім базасын білдіретін медициналық химия сыни ойлауды, дәлелдемелерге негізделген оңтайлы шешім қабылдау қабілетін, проблеманы шешу дағдыларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, бұл фармацевтерге дәрілік заттарды әзірлеу саласындағы жетекші мамандар ретінде мүмкіндік береді, сонымен қатар өзінің әрі қарайғы кәсіби және ғылыми жұмысында қажетті қосымша құзыреттерді ала алады.

Фармацевтер – бұл фармацевтикалық университетті бітіргеннен кейін дәрілік заттардың айналымына қатысты барлық дерлік салаларда табысты жұмыс істейтін білікті мамандар.

Медициналық химия бұл химия пәні бойынша әлемде тез дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Бұл ауруды емдеуге арналған дәрілік заттардың құрылымын, биохимиялық әсерін, нормативті этикалық аспектілерін зерттеу болып табылады.

Медициналық химия қазіргі заманғы фармацевтикалық және медициналық көмектің, сонымен қатар халықты жоғары сапалы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің негізі болып табылатын дәрілік заттардың әрекетінің негізгі принциптерін және оның ағзадағы әсерін толық түсінуді қамтамасыз ететін мамандардың бірі. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, клиникалық фармакологтың лауазымы қарастырылған АҚШ клиникаларында оны жоғары фармацевтикалық біліктілігі бар маман ғана атқара алады, күтпеген жағымсыз реакциялардың, ауыр жағымсыз реакциялардың, соның ішінде өліммен аяқталатын жағдайлардың жиілігі себеп болады.

Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету процесінде дәрі-дәрмектің тұтынушыға дейінгі жолындағы әлсіз буындардың бірі дәл дәрілік молекуланы құру болып табылады. Фармацевтикалық нарыққа инновациялық отандық коммерциялық өнімді, атап айтқанда, дәрілік затты шығару үшін, ең алдымен, осы препараттың белсенді және барынша қауіпсіз молекуласын жасау қажет. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін мұндай құрылымдарды құру міндеттерін тез шеше алатын сауатты, дайындалған мамандар қажет.

Осылайша, «Фармация» мамандығы бойынша кадрларды даярлау үшін жаңа буынның білім стандартына «Медициналық химия» жаңа пәнін енгізу өзекті және қажет, өйткені қазірдің өзінде олармен айналысады. Дәрілік заттардың молекулалық дизайны саласындағы мамандарды және олардың жоғары оқу орнынан кейінгі білімін, атап айтқанда магистратура мен докторантураны, фармацевтикалық университеттер мен факультеттерді мақсатты түрде даярлау осы бағыттағы зерттеулермен айналысатын зертханаларды ғылыми кадрлармен қамтамасыз ете алады, сондай-ақ оқытушыларды жүйелі түрде оқытуды жүргізе алады.

Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

#### ***Әдебиет:***

1. Печинский С.В., Курегян А.Г. Медицинская химия – новая дисциплина в фармацевтическом образовании // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 3.; URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=13045> (дата обращения: 21.04.2023).

2. Миронович Л.М., Мордашко А.А. «Медицинская химия», Издательство: Каравелла, 2008 г. –160 с. <https://www.labyrinth.ru/books/217609/>

3. Медицинская химия: учебник (ВУЗ IV ур. а.) / В.А. Калибабчук, Л.И. Грищенко, В.И. Галинская и др.; под ред. В.А. Калибабчук. - 3-е изд., 2017 г., 400 с.



## К ВОПРОСУ О КОММУНИКАТИВНЫХ СТРАТЕГИЯХ И ТЕХНОЛОГИЯХ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЁННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

<sup>1</sup>*Е.П. Кузнецова*

<sup>2</sup>*Л.М. Мұсатіла*

<sup>1</sup>*Сошг им. Ш.ШӨКИН*

<sup>2</sup>*Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлан*  
[katyusha.kuzneczova.99@mail.ru](mailto:katyusha.kuzneczova.99@mail.ru)

**Аннотация:** Мақала математика сабағында түрлі коммуникативтік стратегиялар мен технологияларды қолдануға арналған. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының математика сабағындағы коммуникацияның басты аспектілері көрініс тапқан.

**Кілтті сөздер:** "коммуникативтік технологиялар", "коммуникативтік дағдылар", "коммуникативтік стратегиялар", "коммуникативтік оқыту".

**Аннотация:** Статья посвящена исследованию применения разного рода коммуникативных стратегий и технологий на уроках математики. В статье отражены главные аспекты коммуникации младших школьников на уроках математики.

**Ключевые слова** как: «коммуникативные технологии», «коммуникативные навыки», «коммуникативные стратегии», «коммуникативное обучение».

**Abstract:** the Article is devoted to the study of the use of various types of communication strategies and technologies in mathematics lessons. The article reflects the main aspects of communication of primary school students in mathematics lessons.

**Keywords:** "communication technologies", "communication skills", "communication strategies", "communicative learning".

В настоящее время перед школой стоит социальный заказ общества, это воспитание грамотной личности, способной взаимодействовать с другими людьми. В условиях обновлённого содержания образования наблюдается постоянно растущая потребность общества в людях коммуникабельных, обладающих разносторонними умениями. Моментом для начала работы по формированию коммуникативных умений является младший школьный возраст. Хотелось бы отметить, что фактически, современная школа достаточно в полной мере способствует формированию коммуникативных навыков младших школьников. Данная проблема остро стоит в то время, когда закладывается фундамент будущих навыков общения учеников в условиях обновленного урока математики.

В обновлённом содержании образования младший школьник обучается в коллективе сверстников, он находится в таких условиях, когда вынужден сотрудничать с одноклассниками, с учителем, работать в паре или в группе, находясь в постоянном взаимодействии [1, с. 56-42].

В этой связи в педагогике разворачиваются исследования различных учёных: И.А. Зимняя, Родионов Б., И.Л. Бим, Д. Белл, О. Тоффлер, А. Турен, Белинская Е.П, И.В. Комакова, Баташев А.В., Леньшина А.А. и многие другие.


Актуальность проблемы применения коммуникативных стратегий и технологий в условиях обновлённого содержания образования на уроках математики при обучении младших школьников, определяется рядом социальных, психологических, педагогических и практических факторов:

- требованием повышения качества подготовки младших школьников в современном социуме;
- необходимостью формирования гармонично развитой личности в рамках образовательного процесса образовательного учреждения;
- необходимостью повышения качества организации учебной деятельности младших школьников, на основе коммуникативного взаимодействия и полноправного сотрудничества участников учебно-воспитательного процесса на уроках математики.

Коммуникативная технология направлена в основном на поиск активных методов и форм организации работы учащихся на уроке, воплощение «обучения в сотрудничестве», в парах и группах, она активно используется сегодня как ведущая во многих современных УМК по начальной школе на уроках математики.

Ведущий метод обучения при использовании коммуникативной технологии – общение, обучение в диалоге. Коммуникативное обучение определяют как «функционально-смысловой подход» или «функциональный подход» к освоению новых знаний и умений [2, с. 78-79].

Уроки с использованием коммуникативных стратегий и технологий позволяют обучать младших школьников математике через математический язык как средство общения, познания мира и себя в нём, средство приобщения, дают возможность развивать в них умение активно, творчески и грамотно владеть всеми видами коммуникативной деятельности.



**Рис.1.** Виды уроков на основе коммуникативных стратегий и технологий

Данные виды уроков основаны на коммуникативной стратегии и технологии, направлены на социальное взаимодействие и сотрудничество учащихся друг с другом. Учитель, готовясь к уроку математики в младших классах, продумывая условия диалогического взаимодействия, может следовать определенной модели процесса, в котором поэтапно разворачивается способ деятельности участников образовательного процесса. Структура этого способа представляет собой четыре технологических этапа:

- разработка структуры коммуникативной ситуации,
- проектная разработка совместных действий учителя и ученика на уроке математики,
- участие в учебном диалоге, совместной групповой либо парной работе,
- рефлексия по итогам взаимодействия учащихся [3, с. 5-7].

Рассмотрим методику организации наиболее интересных видов коммуникативных технологий.

Таблица 1 Виды коммуникативных технологий и стратегий на уроках математики

№	Виды коммуникативных технологий	Содержание видов коммуникативных технологий
1	Техника «аквариума» - разновидность дискуссии, которая усиливает включенность участников в групповое обсуждение проблем, развивает навыки групповой работы, совместного принятия решения.	Её процедура выглядит таким образом:- Постановка проблемы ведущим. - Деление учащихся на подгруппы, расположенные по кругу. - Каждая подгруппа выбирает одного его члена, который будет представлять позицию подгруппы всей аудитории. - Дается общее обсуждение проблемы внутри группы (время фиксированное) для определения общей точки зрения. - Ведущий просит всех представителей группы выйти в центр и отстоять позицию своей группы. - Остальные имеют право задавать провокационные вопросы своим оппонентам. - Если представитель подгруппы затрудняется ответить, можно взять тайм-аут или в письменном виде (записка) подсказать. - Анализ качества аргументации выступающих; подведение итогов; выявление лучших.
2	«Турнир ораторов» - обеспечивает развитие коммуникативных способностей, способствует освоить искусство публичного выступления, которое оценивается по следующим критериям: логика выступления,	Выбираются из аудитории два конкурсанта – оратора, которые заранее готовят свои выступления по обозначенным темам. Остальные – члены жюри, которые должны оценить выступающих. Ораторы поочередно докладывают. Затем предлагается членам жюри методом открытого голосования или при помощи жетонов (опустить в ящик выступающего)

	общение с публикой, выразительность, умение демонстрировать наглядный материал и т.п.	определяется победитель. Дается устный комментарий – оценка нескольких членов жюри
3	«Интеллектуальная дуэль» - форма коммуникативной технологии позволяет активизировать компетентность специалистов по конкретной теме; устроить взаимопроверку.	Приглашаются в центр два дуэлянта, которые задают друг другу вопросы по обозначенной ведущим теме. Остальная аудитория – секунданты, которые оценивают качество вопросов (проблемность, интеграция теории и практики) и ответов (лаконичность, точность, артистичность). Методом голосования определяется победитель.

На уроках математики очень важно применять разного рода коммуникативные стратегии, что мы и делали. Результаты приводим ниже.

На констатирующем этапе исследования мы провели диагностику коммуникативных способностей учащихся 1 «3» класса, на основе методики Н.Е. Вераксы, С.Е. Гаврина.

Приведем пример задания, которые давались учащимся:

**Текст задания:** Сейчас мы будем рассматривать картинки, на которых нарисованы дети и взрослые. Тебе нужно очень внимательно выслушать то, что я буду говорить, выбрать картинку, на которой изображен правильный ответ и поставить крестик в кружочке рядом с ней. Ты должен работать самостоятельно. Вслух ничего говорить не нужно.

**Задание.** На какой картинке изображено, что все дети хотят заниматься? Поставь в кружочке рядом с ней крестик.

Критерии к заданиям:

Оценку 3 балла - получают дети, которые четко распознают различные ситуации взаимодействия, вычленяют задачи и требования, предъявляемые взрослыми в этих ситуациях, и выстраивают свое поведение в соответствии с ними.

Оценку 2 балла - получают дети, которые распознают не все ситуации взаимодействия и, соответственно, вычленяют не все задачи, предъявляемые взрослыми.

Оценку 1 балл - получают дети, которые почти не распознают ситуации взаимодействия и не вычленяют задачи, предъявляемые взрослыми в этих ситуациях.

В связи с этим мы провели исследование на базе 1 «З» класса в двух дежурных группах. Участвовало по 10 учащихся в каждой группе.

Таблица 1 Диагностика коммуникативных способностей младших школьников на уроках математики

1 группа										2 группа									
.А	.Е	.Т	.Е	.А	.С	.Х	.Ф	.Б	.Т	.Д	.С	.К	.А	.С	.И	.А	.А	.А	.Н
н	г	о	г	й	а	а	а	о	а	а	е	р	л	а	н	я	м	д	у
с	о	р	о	з	б	ф	и	г	м	р	р	и	и	ф	ж	и	и	р	р
а	р	р	р	е	и	и	н	д	е	а	и	м	м	н	а	н	а	я	л
р		и	е	е	н	з	а	н	р	ф	а	а	а	а	р	а	а	к	ы
		с								и									бе
										м									к

Соответственно выявлено, что в 1 дежурной группе коммуникативные способности учащихся находятся в основном на среднем и низком уровне.

Во второй дежурной группе ситуация показалась практически такая же, но преобладают учащиеся с коммуникативными способностями на низком уровне.

После выявления уровня коммуникативных навыков и умений учащихся на уроках математики, на формирующем этапе исследования, мы применили ряд коммуникативных стратегий и технологий на базе только 1 дежурной группе, в составе которой было 10 человек.

Приведем пример одного из применённых заданий «строим цифры». Учащиеся свободно двигаются по группе. Учитель: «Я буду считать до десяти, а вы за это время должны выстроить все вместе из самих себя цифру 1 (2, 3, 4...)» [4, с. 102]. Здесь у учащихся была задача, сначала договориться какую цифру они все вместе будут выстраивать, а позже распределиться по ролям и составить цифру.

Чтобы отследить динамику нашей работы, на третьем этапе исследования мы провели диагностику с помощью методики «Диагностирования коммуникативных навыков взаимодействия».

Цель методики: выявление уровня развития коммуникативных способностей (представление ребенка о способах выражения своего отношения к сверстнику).

Отрывок задания: отметь картинку, на которой мальчик ведет себя так, что девочка его поблагодарит.


Критерии к заданиям:

Оценку 3 балла получают дети, имеющие устойчивые представления об общепринятых нормах поведения в ситуации взаимодействия со сверстником, знающие, как оказать помощь, поддержку.

Оценку 2 балла получают дети, имеющие недостаточно четкие представления о социально приемлемых действиях в ситуациях коммуникации с другими детьми.

Оценку 1 балл получают дети, не имеющие четких представлений о социально приемлемых действиях в ситуациях коммуникации.

Полученные нами результаты были занесены в рисунок представленный ниже.



**Рис.2** Результаты итоговой диагностики уровня развитости коммуникативных навыков учеников 1 «3» класса

Таким образом, мы выявили, что в 1 дежурной группе уровень коммуникативных способностей стал выше на 20%, что привело к выводу

о том, что коммуникативные технологии повысили уровень социальных взаимоотношений между учащимися.

